

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

Б. Д. Жұмақаева

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі

Оқулық

«Қыздар университеті» баспасы
Алматы, 2015

УДК
ББК ???. (5 Каз)
Ж ??

*Баспаға Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің
редакциялық баспа кеңісі ұсынған.*

Пікір жазғандар:

А.А.Сатбекова – пед. ғыл. док. профессор,
А.Тамаев – пед. ғыл. кан. доцент.

Жұмақаева Б.Д.

Ж 81. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: Оқулық – Жұмақаева Б.Д.
Алматы, «Қыздар университеті» баспасы, 2015. – 242 бет.

ISBN

Әдебиетті оқыту әдістемесі кенже дамып келе жатқан ғылым саласы. Орта мектептерде әдебиетті оқыту әдістемесіне арналған оқулық, оқу құралдары болғанымен, білім беру жүйесіндегі қарышты даму үдерісіне икемді талпыныс жасау бағытында жаңа талап деңгейіндегі оқулықтар қажеттігі айқын. Жоғары мектепте әдебиетті оқыту саласы бойынша ширек ғасыр еңбек етіп келе жатқан педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор м.а. Б.Д.Жұмақаеваның оқулығы әдебиетті оқыту саласындағы жаңа бағыттар мен оқыту саласындағы заманауи мақсат-мүдделерге негізделген. Оқулықта әдебиет пәнін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері жинақталып, сабақтың практикалық жолдары ұсынылған. Олар педагогика, психология ғылымдарының негізінде талданып, түсіндіріледі.

Оқу құралы мұғалімдерге, филология факультеті студенттеріне арналған.

УДК
ББК ???. (5 Каз)

ISBN ?????????

© Жұмақаева Б.Д., 2015
© «Қыздар университеті» баспасы, 2015

КІРІСПЕ

Қазақстанның Білім беру туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті — ұлттық және жалпы адамзаттық қазыналар, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінен жеке адамды қалыптастыру және дамыту үшін қажетті жағдайлар жасалуы керек», - деп атап көрсеткен. Демек, осы бағыттағы жұмыстарды, яғни білім мен тәрбие берудегі әдіс-тәсілдерді жетілдіру, оларды жүйеге келтіру, оқу үдерісін жаңа технологияға құру, инновациялы оқытуды ұйымдастыру сол арқылы жан-жақты жетілген қоғамның жаңа адамын қалыптастыру – уақыт күттірмейтін өзекті мәселе. Осы айтылғандарды шешуде ұсынылып отырған оқулық қазақ әдебиетін оқыту саласындағы ізденістер, әдебиетті оқытуды педагогика, психология, әдебиеттану жетістіктеріне сүйене жүргізу, сол арқылы білімгерлердің кең дүниетанымын қалыптастыру бағытындағы жұмыстарға зор үлес қосады деген сенімдеміз.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылыми пән ретінде оқу жоспарына ерте ілінгенімен, оқу материалдық базасы жағынан кенжелеп келе жатқандығы жасырын емес. Осы сала бойынша 60-жылдарда жарық көрген Ә.Қоңыратбаев, А.Көшімбаев сынды әдіскер ғалымдар жазған «Әдебиетті оқыту методикасы» оқулықтарын, 1997 жылы жазылған әдіскер Қ.Бітібаеваның «Әдебиетті оқыту әдістемесі» мен 2009 жылы жазылған әдіскер-ғалым Т.Қ.Жұмажанованың «Әдебиетті оқыту әдістемесі» оқулығын атауға болады. Аталған оқулықтар оқу мақсатында уақыт үдесінен шыққандығы даусыз. Бүгінде оқу пәні ретінде әдебиетті оқытудың әдістемелік жүйесі жаңа әдіс-тәсілдермен толығы түсуде. Білім беру жүйесіндегі жаңа ізденістер мен оқытудың технологиялары әдебиетті оқытуға тың серпіліс әкеліп отыр. Ендеше әдебиетті оқытудың жүйесін қалыптасқан дәстүр арнасында кеңейте қолдану, жаңа пайымдаулар мен психопедагогикалық интеграцияда жаңа технологияларға негіздеу қажеттігі айқындала түседі.

Оқулықта әдебиетті оқыту әдістемесінің мақсат, міндеттерінен бастап, әдебиетті оқыту әдістемесінің қалыптасу тарихы, әдістер жіктелімі, сабақ үдерісін жоспарлау, талдау түрлері, әдебиетті жанрлық ерекшелігіне қарай оқыту, басқа да әдебиетті оқыту әдістемесі пәні аясында қарастырылатын мәселелер жаңаша пайымдалып, әдебиетті оқытудың жүйелі ғылыми негізі тұжырымдалды. Барлық әдіс-тәсілдер жүйесі жаңа оқу материалында түсіндірілді. Оқулық құрылымында әр бөлімде қарастырылатын мәселелердің жоспары, оқу материалының соңында өзін-өзі тексеру сұрақтары, әр бөлім бойынша қажетті әдебиеттер ұсынылып отыр.

Оқулық мазмұны жалпы білім беретін оқу орындарының міндетті білім мазмұны минимумы тұжырымдамасына, білім стандарты мен бағдарламасына сәйкес құрылған. Оқулық мазмұнының материалдары ғылым мен техниканың жаңа бағытын қамту деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес келеді деп айта аламыз. Оқулықта Отандық әдебиетті оқыту әдістемесі саласындағы жетістіктері мен жаңалықтары сарапталып, әдебиетті оқыту әдістемесінің тиімділігін арттыру мақсатында жаңа әдіс-тәсілдер кешенімен толықтырыла ұсынылып отыр. Кітапта оқу материалынан кейін берілген сұрақ-тапсырмалар студенттердің оқу материалын қорытуы мен өздігінен ізденуіне көмектеседі деген сенімдеміз.

І БӨЛІМ «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ»

І.І. ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ ПӘНІНІҢ МАЗМҰНЫ, ӘДЕБИ БІЛІМ КЕЗЕҢДЕРІ

- 1.Әдебиетті оқыту әдістемесінің өзіндік ерекшеліктері.
- 2.Әдебиет пәнін оқытуда мұғалімнің міндеттері.
- 3.Әдеби білім кезеңдері.
- 4.Әдеби білім кезеңдеріне сәйкес білім мазмұнының жіктелісі.

Әдебиетті оқыту әдістемесінің өзіндік ерекшеліктері.

Барлық ғылыми пәндер дүние тануға, адамның таным білігін қалыптастырудағы әсер-ықпалымен белгіленеді. Әр ғылым бұл міндетті өзінің материалының көлеміне, зерттеу тәсіліне байланысты шешеді. Ал әдебиеттің әдістемесі үлкен материалмен, яғни адамға қатысты жұмыс істейді. Адамды оқыту және тәрбиелеу - қай ғасырда болсын ең маңызды міндеттің бірі.

Сабақ үдерісі өте күрделі құрылым болып есептеледі. Ол синкретті білім мен еңбекті талап етеді. Педагогика, психология, таным теориясы, педагогикалық шеберлік, коммуникативті құзіреттілік, эмпатиялық қарым-қатынас, жобалау мен жоспарлау құзіреттілігі т.б. көптеген қабілет – қарымды қажет етеді. Мұғалім сабақтың әрбір сәттеріндегі әдіс-тәсілдермен қаруланған, теориялық жағынан терең білімге ие болуы сабақ үдерісінің дұрыс бағытталуына үлкен септігін тигізеді.

Әдебиет мұғалімі жұмысының мазмұны, мақсаты мен міндеттері негізінен әдебиет пәніне арналған бағдарламаларда белгіленген. Әр ұстаз өз пәнінен сабақ беруді бастамас бұрын бағдарламаның түсінік хатын оқып, әдебиетті оқыту міндеттерімен, бағдарламаның құрылысы және негізгі мазмұнымен, кейбір әдістемелік нұсқаулармен, әдебиетке байланысты сыныптан тыс жүргізілетін жұмыс түрлерімен жалпы айтқанда жүргізгелі отырған курстың барлық мақсат, міндеттерімен жете танысып, өз ісіне сауатты дайындықпен келуі тиіс. Алайда әдебиетті оқыту әдістемесінің ішкі мазмұнында қамтылатын негізгі мәселелерді айқын әрі терең ұғыну үшін бағдарлама мазмұны жеткіліксіз болады. Яғни ұстаз әдебиеттің бағдарламасымен үстірт танысып, мойындап қана қоймай, әдістеме мазмұнының талап-тілектеріне сай сын көзімен тексеріп, зерттеп, шығармашылықпен меңгеруге міндетті. Тек сонда ғана ол әрбір сыныпта оқып үйретуге тиісті әдеби материалдардың ауыр, жеңілдігі, берілген сағат мөлшеріне сәйкестігі, оқушыларға берілетін әдеби-теориялық білімнің көлемі мен мазмұны, жүйелілігі, ауызша және жазбаша тіл дамыту жұмыстарының түрлері т.б. көптеген мәселелер туралы ғылыми-әдістемелік қорытындыға келе алады.

Әдебиет пәнін оқытуда мұғалімнің міндеттері. Әдебиет әдістемесінің мазмұнын белгілеудегі басты мәселелердің біріне мұғалімнің әдебиет пәнін оқытуда қолданатын әдіс-амалдары, тәсілдері жатады. Бағдарламадағы материалды өтуде көзделетін қорытынды нәтиже бір болғанымен әрбір мұғалім бұл мақсатқа әртүрлі әдіс-тәсілмен жетеді. Негізгі мақсатқа қызмет

ететін жол мен әдіс-амалды таңдап алу мұғалімнен аса жауапкершілік пен шеберлікті талап етеді. Себебі әдеби материалдың ерекшелігіне қарай әрбір сабақтың өзіне тән тақырыбы, мақсаты, құрал - жабдықтары, әдіс-тәсілдері, құрылысы мен сабақтың жүйесі, мазмұны болады. Сабақ өтілетін материалдың өзгешелігіне қарай, оқушыларға берілетін білім-дағдылардың түрлеріне байланысты, оқушыларға берілетін білім-дағдылардың түрлеріне сай әр алуан құбылып, түрленіп отыратын құбылысқа, күрделі оқу-тәрбиелік үдеріске жатады. Әрбір сабақтың жақсы немесе сәтсіз өткенін дұрыс бағалау үшін, оған ғылыми жолмен талдау жасалады. Талдауда барлық факторлар есепке алынады. Сол факторлардың нәтижесінде ғана әрбір сабақтың сапалы және сапасыз жақтарын ажыратуға мүмкіндік туады. Сөйтіп, әдебиет әдістемесінің негізгі міндеті: *мұғалім жұмысының әдістері мен тәсілдерін ұстанымдық жолмен негіздеп беру*. Бұл әдебиет әдістемесінің ең басты мән-мазмұны болып табылады.

Әдеби білім кезеңдері. Жалпы білім беретін орта мектептердегі әдеби білім бағдарламасы екі кезеңге бағытталған: 5-9 және 10-11 сыныптар. Бұлай бөлінуі психологтардың еңбектеріндегі оқушылардың даму кезеңдерінің сипатына байланысты. Бағдарламада әдеби білім компоненті және орташа білімнің уақытша стандартының мазмұны көрсетіледі. В.В.Давыдовтың «Дамыта оқыту теориясы»¹ еңбегінде «жетекші қызмет» термині қолданылады, ол баланың психикалық даму кезеңінде негізгі өзгерістерді көрсетеді. Соның ішінде қоғамдық мәндегі қабілет балаларда 10-15 жасында қалыптаса бастайды. Оған қоса еңбекқорлық, қоғамдық-ұжымшылдық, спорттық және көркемөнер бағытындағы қызметтерді де жатқызады. Жасөспірімдерде әртүрлі топ мүшесімен қарым-қатынас жасай алуы, өзінің мүмкіншіліктерін бағалай алуы, яғни іс-тәжірибе нәтижесінен туындайтын сана қалыптасатынын атап өтеді. Оқу-кәсіби қызмет жоғарғы сынып оқушыларында 15-тен 17-18 жаста пайда болады. Оларда кәсіби қызығушылықтары, өмірлік жоспарларын құру қабілеті дамиды, тұлғаның адамдық және азаматтық ұстанымдары, дүниетаным туралы негіздері қалыптасады.

Психологияның даму аймағында әртүрлі ғалымдардың пікірлерін келтіре отырып, В.В.Давыдов А.Н.Леонтьева мен Д.Б.Эльконина адамның тұлғалық және психикалық дамуының негізі оның қызметінің дамуында деген ой білдіреді. Соған орай қызметтің сипаты және адамның психикасы тұлға деп түсіндіріледі. А.В.Петровский үшін психика тұлғаның құрамына кіреді, ал оның дамуы адамның қоршаған ортамен арақатынасының өзгеруімен анықталады. Әр түрлі жастағы оқушылардың әдеби дамуы мен оқу қызметі әдістеме ғылымда да зерттелген (Н.Д.Молдавскаяның, Н.И.Кудряшевтың, В.Г.Маранцманның, О. Ю. Богдановтың еңбектері т.б.).

Әдеби білімнің басты мақсаты отандық және әлемдік классикалық әдебиетті, рухани байлықты қабылдау, көркем мәдени түйсік және тәрбие, оның негізінде адамшылық, эстетикалық талғам, сөйлеудің мәдениеті қалыптасады. Әдеби білімнің мазмұнының негізі көркем мәтіндерді әдеби,

¹ Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. М., 1996.

этико-философиялық және тарихи-мәдениетті компоненттер түрінде оқу және зерттеу болып саналады. Қазіргі бағдарламалар әр тақырып бойынша бөлінетін уақыт мөлшері жөніндегі нұсқаулардан ғана тұрмайтыны белгілі. 11 сынып түлектері өз таным-түсінігі мен пайымына қарай шығарманың тақырыбын, жетекші ойын тұжырымдайды және көркем мәтіндердің ішкі құрылымдық жүйесін талдайды.

Әдеби білім кезеңдеріне сәйкес білім мазмұнының жіктелісі. Бастауыш сыныптарда негізінен оқу мәдениетінің бастапқы білімі қалыптасады, мәтінді жүргізіп оқу, мәнерлеп оқудың алғашқы дағды, машығы және көркем шығарманы түсініп оқу, ішінара (элементтік) талдаулар жүргізіледі. Көркем мәтін негізгі білім беру көзі ретінде танылады. Көркем мәтін айналасында көптеген оқу әрекеттері жүзеге асырылады: дүниетанымдық, шығарманы эмоциялық қабылдау, сөйлеу тілі дағдылары – барлығы мәтін оқу әрекеті төңірегінде іске асады.

Мектеп оқушысы мектепке дейінгі тәжірибесіне сүйене отырып көркем шығарманы тұтас құрылым ретінде таниды әрі жеке автордың туындысы ретінде қабылдай бастайды.

Әдеби білім негізі орта буын сыныптарда қаланады. Алғаш көркем шығарма әлемін тануға күш салынады. Әдебиет пәні көркем мәтіндерді негізгі құрал ретінде пайдалана отырып, алғаш өнердің үлкен саласының бірі әдебиеттану сабақтарын бастайды. Әдебиет теориялық білімнің де бастапқы негізі осы орта буын сыныптардан қаланады. Шығарманы мақамына келтіріп оқу дағдылары орта буында толық қалануы тиіс. Шығарма композициясын таныту мақсатындағы мәтінге жасалатын жоспар түрлері, оқушының жазба тілі мен сөйлеу тілін дамыту әрекеттері, сөз образы мен көркем кейіпкер образына талдау жұмыстары, шығарманың тілдік ерекшеліктерін ажыратып тану, шығарманың жанрлық ерекшеліктерін ажырату, шығарманың көтерген басты мәселесі, қосалқы тарырыптар, шығарма өзегіндегі авторлық көзқарас, автор поэтикасы, шығарма идеясын таныту жұмыстары 7-9 сыныптарда белсенді жүргізіледі.

Оқушылардың сөйлеу мәдениеті, ойлау мәдениеті және, авторға, көркем шығарма кейіпкеріне эмпатиялық қарым-қатынас, эмоционалды қайырымдылық, өз басынан кешкендей сезіну қабілеттері де осы орта буын сыныптарда қалыптасады.

5-9 сыныптардағы әдебиет пәні бағдарламалары қазақ әдебиетінің үздік шығармаларын шоғырландыру ұстанымы және хронологиялық жүйе бойынша құрылған. Сонымен қатар әлем әдебиеті үлгілері де ұсынылған. Әдетте орта буын сыныптарда қаламгердің өмірбаяндық деректері беріледі. Орта буын (5-9) сыныптарда қаламгер өмірбаянын дербес сағат көлемінде оқыту жоспарланбаған. Өмірбаяндық деректер оқылатын мәтін мазмұнын ашуға қызмет жасайды. Әдеби-теориялық білім мен әдебиеттің тарихи курсы оқуға даярлық та орта буында жүргізіледі. Ал автор өмірбаянын жеке сағат көлемінде оқыту әдебиеттің тарихи курсы, автор шығармашылығын монографиялы түрде оқитын 10-11 сыныптарға тән.

5-9 сыныптарда әдебиет теориясынан түсініктерді мақсатты түрде игеруге және көркем шығарманың поэтикасын қарастыруға зер салынады. 5-6 сыныптарда оқушылар мәтіндегі көркем сөз айшықтарын (теңеу, метафора, эпитет, метонимия т.б.) тауып қана қоймай, олардың мәнін, көркем мәтіннің табиғи ажарын келтірудегі қызметін ажыратып тануға ден қояды. Әртүрлі суреттерді сөзбен бейнелеуді үйренеді, жанр ұғымын ашады, белгілі бір сөздердің мағынасын, композиция мағынасын және оны құрайтын компоненттерін түсінеді. Осыған әңгімелесудің нәтижесі, мазмұндау, іскерлік ойындар жазбаша шығармашылық жұмыстар арқылы қол жеткізеді.

5-6 сыныптарда ауыз әдебиетін оқып үйрену арқылы оқушылар халықтың ұлттық рухын, дүниетанымын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін мәдени мұра ретінде танып біледі. Халық ауыз әдебиетін оқып-үйрену оқушының рухани жетілген әлеуметтік тұлға ретінде қалыптасуына, халқының өткені мен бүгінін салыстырып, ой елегінен өткізе алуына жәрдемдеседі.

Орта буын сыныптарда әдебиет пәнін оқытуда оқушылардың өзіндік ерекшеліктерін, қызығушылықтарын дамыту, оқушының танымдық ой-өрісін, эстетикалық талғамын қалыптастыру, шығармашылық ойлауын жетілдіру, коммуникативті күзірет жетілдіру басты назарға алынады. Оқушының ізденімпаздығын, белсенділігін, өз бетімен жұмыс істеу қабілетін, шығармашылық ойлауын қалыптастыруда олардың өзіндік ерекшеліктері, қабілет-қарымдары ескеріледі.

10-сыныпқа арналған білім мазмұны XIX ғасыр әдебиетіндегі қазақ елінің болашағын ағартушылық идеясымен байланыстыратын, саяси және рухани тәуелсіздік рухы біріктіретін ақын-жазушылар топтамасынан құрылған. Тәуелсіз елдің өз мұраларын жаңа заман идеяларына сәйкес танып білу мақсатынан әдеби білім мазмұны толығымен түсті. Осыған орай әдебиеттің көрнекті өкілдерінің мұраларын дербес сипатта оқыту жоспарланған. Қазақтың сөз өнері мен музыкалық мұрасының дамуына елеулі үлес қосқан сал, сері, әнші, сазгер ақындар шығармашылығы қамтылған.

Ал 11 сыныпта берілетін білім мазмұны XX ғасырдың басынан бүгінгі күнге дейінгі уақытты қамтиды. Осы орайда Х.Есенжолов, І.Есенберлин, Қ.Аманжолов, Ж.Молдағалиев, Ә.Тәжібаев, Ә.Нұрпейісов, Ө.Бөкей, Ш.Мұртаза, М.Мақатаев, Қ.Мырзалиев, С.Жүнісов, Ә.Кекілбаев, Т.Молдағалиев, С.Мауленов, Т.Ахтанов, М.Шаханов, т.б. қаламгерлердің шығармалары оқытылады. 11 сыныпта XX ғасырдың басынан бүгінгі күнге дейінгі қазақ әдебиеті туралы білім қалыптастыру көзделген.

Бағдарлы сыныптарда тақырыптық жүйеге орай әдебиет теориясы мен әдебиеттану ғылымынан түсініктер беріледі. Орта буында басталған әдеби-теориялық ұғымдар тереңдетіле отырып, әдебиеттің тектері мен жанрлары, авторлық стиль, туындының композициясы, тілдік ерекшелігі, әдеби ағым туралы ұғым тереңдетіледі.

10-11 сыныптарда әдеби мәтінді оқыту әдістемесі орта буын сыныптарға қарағанда өзгеше. Орта буын сыныптарда көлемі шағын әдеби мәтіндер сыныпта не үйде оқытыла отырып, тұтастай талдауға бағытталса, жоғары сыныпта ұсынылатын әдеби шығармалар үзінділер емес, бұл сыныптардағы

акын-жазушылар шығармашылығы монографиялық тұрғыда оқытылады. 10-11 сыныптарда шығарманы мүмкіндігінше тұтастай оқыту көзделген. Әдеби талдау жоғары сыныптарда да жүзеге асырылады. Дегенмен, орта буын сыныптарға қарағанда әлдеқайда күрделі құрылыммен, белгілі бір өзекті мәселеге орайластыра талданады. Қаламгер шығармашылығы монографиялы түрде оқытылуына байланысты қаламгердің белгілі бір әдеби жанрдағы ерекшелігі (егер шағын көлемдегі эпикалық түр болса) бірнеше шығармасымен не осы саладағы өзге қаламгер шығармашылығымен салыстырыла талдануы мүмкін. Сондай-ақ талдауға нысан болатын көлемді туындысы (роман, роман-эпопея т.б.) әр тарапты проблемалық ұстанымда талдануы қажет. Орта буында бір ғана шағын шығарманың ішкі құрылым жүйесі, образдары талданса, жоғары сыныпта талдау нысанына көлемді шығарманың тұтас құрылымы, әлеуметтік, саяси мәселенің көрінісі, образдар галереясы, әдеби үдерістегі орны т.б. ауқымды мәселелері алынады. Көбіне белгілі бір көтеріліп отырған мәселе төңірегінде оқушының өзіндік көзқарастары, дәйектемелері, жеке ұстанымдары есепке алынуы керек. Жасыратыны жоқ көбіне, бүгінгі мектеп практикасында жоғары сынып оқушыларының өзі шығарма төңірегіндегі баяндаумен шектеліп жүр. Оқушы тарапынан оқиға желісін баяндау ағаттық емес, тек бұл тәсіл орта буынның 5-6 алғашқы сыныптарына тән оқу әрекеті. Оқушының сөйлеу тілін дамыту мақсатында жүзеге асырылатын тәсілдің бірі. Ал жоғары сыныпта оқырман ретінде, әдеби мәтінді өнердің бір перзенті ретінде танып, талғаммен қарау, шығармадағы көтерілген мәселеге азаматтық ұстанымын білдіру, шығармадағы кейіпкерлер әлемін тануда типтік бейне, шынайы өмірмен байланыс тұрғысында баға беру басым болғаны абзал. Сол себепті жоғары сынып оқушыларына әдебиеттің сыны, оқулыққа енген шығармалар жайлы әдебиеттанушылардың пікірлері де қоса ұсынылған.

Тәуелсіздік жылдарда жарық көрген қазақ әдебиеті бағдарламасынан бері (1997 жылы 5-9 сыныптарға арналған қазақ әдебиеті бағдарламасының жобасы)¹ орта буын болып етептелетін 5-9 сыныптар екі салаға жіктеліп беріліп жүр. Авторларымыз әдебиеттік оқудың ұстанымдарын 5-7 сыныптарға топтастырып, 8-9 сыныптан бастап ежелгі дәуір әдебиеті, XIX-XX ғасыр әдебиетін ұсынып келеді. Ал 9 сыныптан басталатын әдебиеттің тарихи курсына ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап ежелгі дәуір әдебиеті кезеңіндегі мұралар, хандық дәуір әдебиеті, XIX-XX ғасыр әдебиет өкілдері қайта ұсынылып келеді. Психолог мамандардың оқушы дамуының кезеңдеріне қатысты зерттеулері негізінде қалыптастырылған әдеби білімнің екі кезеңі: 5-9, 10-11 сыныптардағы әдеби білім мазмұны сақталғаны дұрыс деген пікірдеміз. Себебі әдебиеттің тарихи курсын белгілі бір әдеби білім кезеңіне ғана (10-11 сыныптар) топтастырмау салдарынан, оқу материалының қайталануына жол берілген.

¹ Мемлекеттік білім стандарты. – А., 1997.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары мен тапсырмалары:

- 1.Әдебиет әдістемесінің басты мән-мазмұнын түсіндіріңіз.
- 2.Әдеби білім кезеңдері туралы психолог мамандардың пікірін саралаңыз.
- 3.Әдеби білімнің алғашқы кезеңіндегі қалыптастырылатын оқушының білім, білік, дағдылары қандай?
- 4.Әдеби білімнің екінші кезеңіндегі оқушының оқу-танымдық жұмыстары туралы не білесіз?

Әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекеттік білім стандарты. – А., 1998.
2. Қазақ әдебиетін оқыту тұжырымдамасы. – А., 1997.
3. Қазақ әдебиеті пәні бойынша қазақ мектептеріне арналған бағдарлама. V – IX, X – XI сыныптар, - А., 2010.

Қосымша:

- 1.Богданов О.Ю., Леонова С.А., Чертова В.Ф. Методика преподавания литературы. Москва, 1999.
- 2.Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі .-А.,Рауан,1997.

I. 2. ӘДЕБИЕТ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ МАҚСАТ, МІНДЕТТЕРІ

- 1.Әдебиеттің пән ретіндегі өзіндік ерекшеліктері.
- 2.Әдебиет пәнінің танымдық, тәрбиелік, тұлға қалыптастырушылық рөлі.
- 3.Әдебиетті пән ретінде оқытудың мақсат, міндеттері.

Әдебиеттің пән ретіндегі өзіндік ерекшеліктері. Әдебиет пәнінің оқу пәні ретіндегі құрылымы күрделі болып саналады. Себебі оның ішкі мазмұнына көркем әдебиет шығармалары, олардың тарихы мен теориясына қатысты ұғымдар, әдебиеттен ауызша, жазбаша тіл дамыту жұмыстарының жүйесі, оқушының оқырмандық мәдениетін қалыптастыру мәселелері қоса қамтылады. Әдебиетті оқыту оқушының сұранысы мен қабілет, мүмкіндігіне қарай бірте-бірте дамып отырады. Біріншіден, әдебиет оқушының бастауыштан алған біліміне сүйенеді. Шығарманы жүргізіп оқып үйренген оқушы 5-сыныптан бастап мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыра бастайды. Ең бастысы 5-сыныптан бастап сынып жоғарылаған сайын әдебиетті өнердің бір түрі — сөз өнері ретінде тарихи негізін танып, қоғамдық мәні мен адам, жеке тұлға қалыптастыруға тигізетін әсер ықпалын, барлық адамзаттық мәселелерді қамтитын биік болмысын тани бастайды.

«Әдебиет — өнердің бір саласы. Ол – сөз өнері. Белгілі әдіскер Қ.Бітібаева «Әдебиет — адам тану құралы» болса¹, әдебиет пәні — «адам тәрбиелеу құралы» деген пікір айтады. Ал Ленинградтық әдіскер ғалым

¹ Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі.—А., Рауан,1997.

Е.Н.Ильин «Әдебиет – адам қалыптастырушы құрал»¹ деген әдебиет пәнін оқытудың жаңа жүйесін ұсынған. Әдебиет пәні арқылы оқушы адам болмысын тануды үйренеді, сол арқылы өзін-өзі тануға талпыныс жасайды. Қоршаған орта туралы ұғымдарын кеңейтеді, рухани дүниесі байиды, туған тілі мен еліне деген құрмет сезімі қалыптасады. Әдебиет пәні арқылы жас-өспірімдер туған елінің тарихы мен ғасырлар қойнауындағы сөз маржанын оқып, сол арқылы туған елінің арманы мен қиялын, болашақтан күтер үміті мен сенімін көреді.

Әдебиет пәнінің танымдық, тәрбиелік, тұлға қалыптастырушылық ролі. Әдебиет — өнер пәні, адамтану пәні, сонымен қатар, әдебиет — жан-жақты да терең ойлантудың пәні. Оқушы танымы мен логикасын дамытуда әдебиет пәні жаратылыстану пәндерінен кем түспейді. Жаратылыстану пәндері сияқты тұрақты бір формула мен қағидалар, заңдылықтармен шектелмей, әдебиет пәні еркін ойдың, қиялдың дамуына жол басшы бола алады. Әдебиет пәнінде дәлелдеуді қажет ететін тұрақты формула, элементтердің бұлжымас ережелері жоқ. Белгілі бір шығарманы әр қырынан тануға, талдауға болады. Көркем шығарманы қабылдауда әртүрлі болуының бірнеше себебі бар: біріншіден, сол шығарманы қабылдау жолындағы оқушының ой, өресі, дүниетанымы, бұған дейінгі жинақтаған білім қоры, яғни әдебиеттану ғылымынан алған білімі ықпал етеді, екіншіден, әдебиетте сөздің қасиеті ақпарат жеткізуші қызметтен әлдеқайда терең мазмұнда, бірнеше функцияда танылады, сөз адамның сана-сезіміне әсер ете отырып, белгілі көңіл-күй, сезім, сурет, көрініс өмір бейнесін жасап, адамның эмоциялық қабылдауына түрткі болады. Эмоциялық қабылдау да әр адамда әр түрлі. Бір шығармадағы бір көріністің, бір сәттің өзін әр адам әр түрлі сезіммен қабылдайды. Әдебиеттанудан білім дәрежесі бірдей адамның өзінің сезімі мен түйсінуі әртүрлі. Бірнеше адамның оқуындағы бір ғана үзінді әр санада бірнеше сурет құрайды. Бұл адамның ішкі сезім мен сезіне білу мәдениетіне, қасиетіне байланысты. Үшіншіден, санадағы қабылдау мидың тек бір ғана бағыттағы жұмыс әрекеті ғана емес. Санаға берілетін білім тек миға еніп қана қоймай, сол санаға өзіндік сәулесін түсіреді. Көркем дүниенің осы қасиеті психолог, педагогтардың еңбектерінде айтылады. Өнерді биік бағалған Абай:

Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжиды,
Жүрек тербеп, оятар баста миды.
Дүниенің ләззаты бәрі сонда,
Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды – дейді².

Әр заманда адамдардың түсінігі мен көзқарастарына, әлеуметтік ортасы мен сенім, түсініктеріне байланысты да танып, түсіну әралуан болады. Себебі көркем шығармада бір ғана идея, бір ғана қасаң қағида болмайды.

Замана, шаруа, мінез күнде өзгерді,
Оларға кез-кезімен нәби келді.
Қағида (шарт, ереже) шариғаты өзгерсе де,

¹ Педагогикалық ізденіс.—А., Рауан, 1990.

² Абай. Өлеңдер мен аудармалар, қара сөздер 2 том. —А., Жазушы, 1995. —11 б.

Тағриф (түсіну, білу, анықтау) Алла еш жерде өзгермеді,¹ – деп Абайдың айтқан ойын көркем әдебиет мысалында қарастырап болсақ, көркем шығармадағы идеология, көркемдік әдіс әртүрлі болғанымен, адами құндылықты, ақиқатты тануға деген ұмтылыс әр заманда да бірдей. Көркем шығарманы танудағы ғасырлар бойы сақталып, өзгермей келе жатқан рухани өмірдің өзегі — жалпы адамзаттық қағида, адамзаттық мәселе. Ол мәңгі ізденістерді қажет ететін, өзінің өзектілігін жоймайтын, керісінше күн санап ашыла, іргесі кеңі беретін мәңгілік мәселелер. Қазақ әдебиетінде көрнекті тұлғаларымыз Абай, Мұхтар, Мағжан т.б. еңбектері туралы қаншама зерттеулер жарық көрді. Соған қарамастан күнбе-күн жаңа қырынан танылуда. Әлі де жарық көре береді. Таптым, таныдым дегендердің өзі әлі де көптеген зерттеулер мен ізденістерді қажет етеді. Әдеби құндылықтар сарқылмас теңіз сияқты, тереңіне бойлаған сайын жаңа сырлары ашыла түседі. Себебі, әдебиет — өнер туындысы. Ой, ойлау, ойланту көптеген пәндерге тән, табиғи нәрсе. Бірақ әдебиеттің өзіндік ерекшелігі сол, басты назарға алынатыны — өзіндік ойлау, өзіндік пікір.

Жоғары сыныптарда әдеби тұлғаларды оқытуда оқушылар оқулықтағы жазушы пікіріне көбірек жүгінетіні кездеседі. Әдебиеттану ғылымының қол жеткізген жетістіктерін білу, әрине, ағаттық емес. Дегенмен әдеби үдерістегі сол шығармашылық тұлғаның ерекшелігін тану үшін автордың өз шығармаларын оқу, салыстыру, талдап, тану аса маңызды. Кітап оқуға деген белсенділіктің бәсеңдеп тұрған қазіргі кезеңінде оқушыларға автордың төл туындыларын оқыту мұғалім тарапынан аса үлкен жауапкершілік пен ізденісті қажет етеді. Сол себепті әдебиет пәнін оқытуда белгілі бір шығарма бойынша жазылған ғалымдардың не оқулық авторының пікірін айтқызуға, қайталауға, мазмұндауға жол беру оқушыны ізденбеуге әкеп сағады. Оқулық авторларының пікірлері оқушының өз ойы мен көзқарасын дәйектеуге ғана қызмет етуі тиіс. Белгілі бір шығарманы оқушының өзіне оқытып, өз пікірі мен қабылдауына баса назар аударылса, әлдеқайда тиімділігі артады. Әдебиетті оқытудың басқа пәндерден айырмашылығы, күрделілігі де осында. Басқа пәндерге қарағанда сезім, эмоция, әсер, шабыт, қиялдау, армандау, еліктеу – әртүрлі психологиялық күй әдебиет пәнінде ерекше көрінеді. Яғни, әдебиет жеке тұлғаның үйлесімді дамуына қызмет атқаратын негізгі эстетикалық пән.

Жоғарғы сыныпта оқытылатын авторларды айтпағанның өзінде орта буын сыныптардың өзінде өтілетін шығармалар біршама көлемді болып келеді. Сыныптағы сабақ мерзімінде түгел оқып шығу мүмкін емес. Сондықтан көбіне әдеби шығарманы үйде оқушы өздігінен оқып келуге тиісті. Шығарманы үйде оқуды ұйымдастыру мұғалім үшін аса бір қиын да жауапты іс. Оқушының көркем шығармаға қызығушылығын ояту ата-ана мен мұғалім тарапынан үнемі үздіксіз жүргізілетін іс-шара. Бастауыш және орта буын сыныптарда оқылған шығармалармен жүргізілген жұмыстар белгілі бір дәрежеде оқушының келешекте кітапты сүйіп оқуына немесе керісінше,

¹ Абай. Өлеңдер мен аудармалар, қара сөздер 2 том. –А., Жазушы, 1995. –111 б.

мүлде қаламауына әкелетін жол басы деуге болады. Шығарманың үйде оқылатын бөлігінің оқылған-оқылмағанын мұғалімнің үнемі қадағалап отыруы оқушының жауапкершілігін арттыра түседі. Әйтсе де, оқушылардың кейбірі мектеп бағдарламасындағы шығармалар ауқымында қалып, тек мұғалімнің талап еткен шығармаларын ғана оқуды міндет санайды. Ал кей оқушылар сол алғашқы бастау мен баспалдақтан ілгері жылжып, нағыз көркем әлемге ену мүмкіндігіне ие болады. Оқушының көркем әдебиетті оқуға қызықтырудың тәсілдері көп: соның бірі, шығармадан үзінді оқып, үзіндінің қай шығармадан алынғанын тапқызу немесе кейіпкердің сөзін жасыру, сияқты сұрақ-тапсырмалар арқылы оқушының шығарманы оқыған-оқымағанын анықтауға болады әрі оқуға деген ынтасын көтеруге болады. Шығарманы талдау да шығарма мазмұнына бойлауға, оны түсінуге жетелейді. Белгілі бір дәрежеде мазмұны танылған шығарманы тереңдеп талдау оқушыларды көптеген әрекеттерге жетелейді. Оқушының аналитикалық ойын дамытады. Көркем шығармадағы символ, деталь арқылы талдата отырып, болымсыз нәрседен ауқымды ұғымға жетелеу, шығарманың ішкі астарын ашу оқушыны іздендіреді, қызықтырады. Қалай болғанда да мұғалімнің шығарманы оқытуға деген ізденісі мен жүйелі еңбегі жеміс берері анық. Сондықтан әдебиет пәнін оқытуда табанды еңбек пен жүйелі жұмыс нәтижелі болады. Әдебиетті түсініп, түйсінетін ұстаздың оқытуы да сабақтың нәтижелі болуына әсер етеді.

Әдебиетті пән ретінде оқытудың мақсат, міндеттері. Дәрісті өзектілеу мақсатында студенттерге «Әдебиет пәні жалпы білім беретін мектепте оқытудың басты мақсат-міндеттері не деген сауал тастасаңыз, сан алуан пікірлер мен көзқарастарды туғызасыз. Пікірлер бір-бірінен мағыналық жағынан алшақ болмағанымен, бір-бірін қайталамайтындай сан қилы болып келеді: «Әдебиет пәнін оқудағы басты мақсат халқымыздың бай әдеби мұрасын білу», «Әдебиет пәнінің басты мақсаты туған еліңнің тарихын таныту», «Оқушыларды көркем шешен сөйлеуге үйрету», «Әдептілікке, жақсы, жаманды айыра білуге үйретеді», «Салт-дәстүрімізді танытады», «Ел әдебиетін, мәдениетін білгізеді», «Тарихи кезең мен әдеби үдерістен хабар береді», «Ақын-жазушыларымызды насихаттайды», «Ақын-жазушыларымыздың көркем сөз айшықтарын танытады», «Оқушылардың сөздік қорын молайтады», «Әдеби нормада сөйлеуге төселдіреді», «Әлем әдебиет білгізеді», «Әр ғасыр әдебиетімен таныстырады», «Елжандылыққа, Отаншылдыққа тәрбиелейді», «Адамгершілікке тәрбиелейді», «Оқушылардың өзіндік пікірі мен көзқарасын қалыптастырады», «Оқушылардың эстетикалық талғамын тәрбиелейді», «Оқушыларды логикалық ойлауға үйретеді» деген сынды пікірлерді тыңдайсыз. Әрине, барлық пікірмен де келісуге болады. Себебі әр пікір айтушы белгілі нысанға әр қырынан келіп, әркім өз түсінігі мен қабылдауы аясында анықтама беруге талаптануда. Айтылған пікірлердің ішінде әдебиет пәнінен басқа пәндердің құрамына енетін оқу-тәрбие мазмұны бар екендігі де байқалады. Мәселен, туған халқымыздың тарихын тарих пәні арқылы да білуге болады, көркем сөйлеу мен сөз мәдениетіне үйрететін басқа да пәндер бар емес пе?! Ал оқушылардың логикалық ойлауын дамы-

татын математика сияқты жаратылыстану цикліндегі пәндерді айтуға болады. Сонымен әдебиет пәнінің басты мақсат-міндеттерін қандай оқу-тәрбие үдерісі жатады деген сауалды тағы да пысықтау қажет болады. Себебі кез-келген мұғалім өзінің оқытатын пәнінің мақсат-міндеттерін жете түсініп, түйсінгенде ғана нәтижелі еңбекке бағыт алады. Кейбір сабақтарда мұғалімнің өз мақсаты мен міндетін жете түсінбеуі көптеген олқылықтарды туында-тады. Ол мұғалімнің сабақты ұйымдастыруындағы іс-әрекетінен танылып жатады.

«Әдебиетші мұғалім ең алдымен көркем сөз сипатын ашатын заңдылықтарды білуі керек. Сондай-ақ көркем туындыны талдаудың ғылыми әдістемелерін жетік меңгеруі қажет. Әдеби шығармаларды талдауда мұғалім мен оқушы арасында бірлескен еңбек, бірлескен шығармашылық, өнерпаздық орын алуға тиіс»,¹ – дейді белгілі әдіскер мұғалім Қ.Бітібаева.

Бұл пікірге қосарымыз, мұғалім шығарманың көркемдік әлемі мен авторлық ұстанымды, шығармадағы ой қатпарларын терең танып, оқушыны көркем таным сүрлеуіне дұрыс бағыттай білуі керек. Сонымен әдебиет пәнін оқытудың мақсат, міндеттерін топтастыра отырып саралап көрейік. Әдебиет пәнін оқытуда мұғалімге бірнеше міндеттер жүктеледі.

Әдеби білімнің алғашқы сатысы бастауыштан басталады. Бастауыш сыныптарда оқитын ана тілі сабақтары көркем шығарманың танымдық бағытын негізге алады. Жыл мезгілдері, оның қоршаған орта табиғатына, адамдар тіршілігіне әкелетін өзгерістері, туған өлке табиғатының ерекшеліктері, ата-ана, адамдық ізгі қасиеттер т.б. ұғымдарды жас шәкірт санасына сіңіруде ақын, жазушылардың шығармалары оқу материалы ретінде жұмсалады да, әдеби-теориялық ұғымдарды қалыптастыру басты мақсат етілмейді.

Әдебиет жеке пән ретінде 5-сыныптан басталады. Яғни 5-9 сыныптар базалық негізгі білім мазмұнын құрайды. Бастауыш сыныпта оқу дағдысы қалыптасып келген көркем мәтіндерді жүргізіп, мақамдап оқуға дағдыланады.

Алғашқы міндет — көркем шығарманы оқушының оқуы мен эстетикалық тұрғыдан қабылдауын ұйымдастыру. Көркем әдебиет-адамзат қауымы ғасырлар бойы жасаған өнердің бір саласы. Сондықтан әдебиетті оқытудың басты міндетінің бірі – оқушының ой-танымына, сезіміне ықпал ету, сөз өнері туралы ұғымдарын қалыптастыру, өнердің басқа түрлерінің ішіндегі әдебиеттің өзіндік ерекшеліктерін таныту.

Көркем шығарманы оқу мен өзіндік таным-түсінік аясында жеткізуде бірнеше оқу міндеті қойылады: көркем шығарманы мәнерлеп оқу дағдаларын қалыптастыру, бейнелі және зерделі ойлауға, ой-түсінігін жүйелі жеткізуге үйрету, авторлық көзқарас пен танымды терең түсіне білуге үйрету, оқушылардың жан әлемін рухани-адамгершілік құндылықтармен байыту, сөз

¹ Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі.– А., Рауан,1997.

мәдениетін жетілдіруге ұйытқы болу, оқушылардың көркем шығарманы өз бетімен оқуға деген қажеттілігін туғызу.

Осы міндеттерді айқындай отырып, қазақ әдебиетін оқыту өз алдына бірнеше мақсат қояды:

Танымдық мақсат: әдебиет пәні арқылы қоршаған орта сырлары, адамдық құндылықтар, адамгершілік, ізгілік, мінез-құлық, іс-әрекеттерді саралап тану, шығармадағы көтерілген басқы тақырып пен қамтитын жанама тақырыптарын, шығарманың негізгі ой-түйінін, авторлық ұстанымды таныту, көркем шығарма арқылы оқушының дүниетаным белсенділігін арттыру, оқушылардың сезімталдық, байқағыштық, аңғарымпаздық, сөйлеу, ойлау қабілеттерінің дамуына мүмкіндік жасау.

Тәрбиелік мақсаты: әдебиеттің тәрбиелік қызметі аса ауқымды. Әдебиет адамтану құралы ретінде оқушыларды жан-жақты тәрбиелеуге жол ашады. Әдебиет арқылы адамзаттық сананы, ізгілік дүниетанымды, елжандылық пен ұлтжандықты, отандық мәдениет пен имандылық, еңбексүйгіштік қасиеттерге тәрбиелеуге болады. Туған халқының тілі, оның әдебиетіне деген ұлттық сезімдерін тәрбиелеуге, бүкіл адамзат қауымының тілі, әдебиетіне деген қызуғышылығын туғызуға, тіл мәдениетін қалыптастыруға болады. Әдебиет пәні арқылы тәрбие түрлерінің барлығын дерлік қамтуға мүмкіндік мол.

Дамытушылық мақсат: оқушының көркем шығарманы сезімталдықпен қабылдауын, образды ойлау жүйесі мен шығармашылық қиялдауды, логикалық ойлау жүйесін дамыту, оқырмандық мәдениетті қалыптастыра отырып, көркем шығарманы өз бетімен оқуға деген рухани қажеттілік пен сұранысын дамыту, жүйелі ойлау мен сөйлеу дағдыларын дамыта отырып, өзіндік дүниетаным мен көзқарасын қалыптастыру. Эстетикалық талғамын, қазақ әдеби тілін сауатты қолдана алу қабілетін, оқушының шығармашылық қабілетін, тіл мәдениеті мен сөздік қорын дамыту.

Дидактикалық мақсаттар аясында әдебиет пәнін оқытудың міндеттері де саралана түседі. Атап айтқанда:

- Көркем шығарма мазмұны мен құрылысындағы көркем заңдылықтарды терең танып, өмірлік шындық пен көркем шындықтың ара жігін ажырата білуге үйрету;

- Көркем шығарманың тақырыптық-идеялық бірлігін таныту, сюжеттегі, образ жасалуындағы типтік байланысты ұғындыру, әдебиеттану ғылымына кіріспе теориялық білім қалыптастыру;

- Қазақ әдебиетінің ұлттық болмысын жан-жақты ұғынып, түрлі ұлттар әдебиетіндегі ұқсастықтарды ажырата білуге, басқа ел әдебиетінің көрнекі үлгілерімен салыстыра білуге үйрету, өзіндік талғамын қалыптастыру.

- Қазақ әдебиетінің ғылыми негізі жайлы алғашқы түсінігін қалыптастыру; автордың көркем әлемін таныту, шығармашылық бейнелілікті, шығарманың көркем компоненттерін талдап таныту арқылы рухани-эстетикалық талғамын қалыптастыру.

• Әдебиеттің өзіндік табиғатын даралай, саралай отырып, ондағы дәстүр мен жаңашылдық, әдеби кезеңдер, оның адамзат тарихымен тығыз байланысы туралы білімдерін қалыптастыру;

• Ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрді танып, туған әдебиеттің ұлттық ерекшелігі, халықтың әдет-ғұрып, салт-санасының көрінісін, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, көркем туындының идеялық-адамгершілік мәнін түсіндіру, адамзат әдебиеті мен мәдениетіндегі ұлттық әдебиеттің орны туралы ұғымдарын толықтыру, жетілдіру.

• Әдебиеттану ғылымы, сыны, оның мақсаты, міндеті, әдебиеттің – тұлға қалыптастырудағы маңызы туралы білім беру.

Түптеп келгенде қазақ әдебиетін оқытудағы басты мақсат – жан әлемі жетілген, рухани түсінігі мол жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болмақ.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Жалпы білім беретін мектептердегі әдебиет пәні мақсатының танымдық, тәрбиелік, дамытушылық міндеттерін саралаңыз.
2. Әдебиетті оқыту әдістемесін «Көркем тарихы», «Өмір оқулығы» дәрежесінде оқып-үйретудің өзіндік ерекшелігі қандай?
3. Әдебиетті өмірмен байланыстыра оқыту міндеттері туралы ой өрбітіңіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекеттік білім стандарты. – А., 1998.
2. Қазақ әдебиетін оқыту тұжырымдамасы. – А., 1997.
3. Қазақ әдебиеті пәні бойынша қазақ мектептеріне арналған бағдарлама. V – IX, X – XI сыныптар.–А., 2010.
4. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. – А., Мектеп, 1985.

Қосымша:

1. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. – А., Мектеп, 1969.

I. 3. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

1. Әдебиетті оқыту әдістемесі ғылымы, оның сүйенетін негіздері.
2. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәнінің зерттеу нысаны.
3. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәні басқа ғылымдар аясында.
4. Әдебиетті оқыту әдістемесінің басты ұстанымдары.

Әдебиетті оқыту әдістемесі ғылымы, оның сүйенетін негіздері.

Барлық ғылыми пәндер адамның таным, білігін қалыптастырудағы әсер-ықпалымен ерекшеленеді. Әр ғылым саласы бұл міндетті өзінің материалының көлеміне, зерттеу тәсіліне байланысты шешеді. Солай бола тұра, қоғамдағы әр ғылым саласының негізгі бастау көзінде тұтастық байқалады. Білім саласы деген ұғымның өзі алғашқы бастау алатын бұлақ көзі мен сол

бұлақтың әр арнасы, саласы деген ой деп білеміз. Шындығында барлық ғылымның әуел бастағы шығу төркіні бір. Олай болатын себебі ғылымдардың өзі тығыз интеграцияда ғана дами алады.

Ежелгі Греция мен Римде жоғары әулет өкілдері оқитын мектептерді философия, риторика деген пәндер оқылған. Философия пәндерінің аясына бүгінгі біздің заманымыздың бірнеше пәндерінің алғашқы бастамалары тоғыстырылған десе де болады. Бүгінгі жаһандану дәуірінде батыстық стандартқа сай білім алу мен әлемдік өркениетке ұмтылу қажеттілігі туындап отырған тұста Қазақстандағы ғылым салалары да сол талаптар деңгейіне ұмтылуда. Бүгінде ғылыми дәрежелер бұрынғыдай, жеке ғылым салаларының атауымен аталмай, гуманитарлық ғылымдарға философия ғылымдарының магистрі деген дәреже берілуінің өзінде сол бастапқы ғылым салаларының тұтастығы ескерілгендігі көрінеді. Бүгінде жеке ғылым салаларының екінші бір ғылыммен байланысының артқандығын танытады.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің де қалыптасуы мен дамуында бірнеше ғылымның қатар өрілген тығыз интеграциясы бар. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылым ретінде қалыптасуына Қазақстандағы алғашқы оқу орындарының, ондағы филология мамандықтарының ашылуы тікелей ықпал етті. Алғашқы педагог мамандар даярлауда болашақ әдебиет пәні мұғалімдеріне қажетті білім мен іскерлікті қалыптастыру көзделді. Студент жоғары оқу орнында әдебиеттану ғылымының салаларын меңгерумен қатар кәсіптік бағдар алу үшін әдебиет пәні әдістемесінен сапалы білім мен тәжірибе алу қажеттілігі туындады. Сонымен әдебиет әдістемесі пәнінің туып, қалыптасуын тікелей тіл мен әдебиет пәні мұғалімдерін даярлау тарихымен сабақтастыруға болады.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымының тууын Қазақстандағы жоғары оқу орындарының ашылуымен қатысты қарастыра отырып, жоғары оқу орындары XX ғасырдың басында ашылғандығына орай, әдебиетті оқыту да осы кезеңде туды деген жаңсақ ұғым қалыптаспауы керек. Әдебиет, яғни сөз өнерінің тарихын зерттеу үшін зейініміз адамзат қоғамының алғашқы кезеңіне дейін сапарлайтыны анық. Әдебиет халықпен бірге туып, бірге жасасып келе жатқандығы да көпшілікке мәлім. Әсіресе, қазақ халқы сөз өнерінің құдірет, күшін ежелден таныған. Өз ұрпағын салықалы сөздің күшімен оқытып, тәрбиелеп келген. Жастайынан батырлық дастандарды тыңдату арқылы балаларды ерлікке, батырлыққа құлшындырып, айтыс өлеңдерді тыңдату арқылы сөздің әсерін, әдемі сөз өрнектерінің сұлулығын тануға сол арқылы өздерін де поэтикалық тілде әуезді сөйлеуге үйретті. Ал жұмбақтар мен жаңылтпаштар арқылы сөзді дұрыс дыбыстауға, жүйелі ойлауға, ойды түйіндеп айтуға дағдыландырып, тұрмыс-салт жырлары арқылы халық мәдениетін тануға, қадірлеуге үйреткендігі, ертегілер арқылы бала қиялын дамытып келгендігі анық. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің негізінде ғасырлар бойғы халықтың ұлттық тәжірибесі де берік орын алады. Дегенмен, белгілі бір ғылым саласының дамып, өркендеуі тек өткен тәжірибемен ғана шектеле алмайды.

Әдебиетті оқыту әдістемесі — дербес ғылым. Кез келген ғылым саласы басқа ғылымдармен байланысты болғанымен өзінің негізгі табиғатын қарастыратын, зерттейтін, дамытатын өз нысанына қарай өзінің шекарасы, өз аймағы, зерттеу аясы болады. Оны мынадай шарттар белгілейді:

1. Өзі қарастырып, зерттейтін ғылым аясын бірде-бір басқа ғылым зерттей алмайды;
2. Сол ғылымның дамуына қоғамдық тұрғыдан қажеттіліктің болуы;
3. Ғылыми зерттеудің өзіне ғана тән әдіс-тәсілдер жүйесінің болуы.

Кез келген ғылыми пән ретінде әдебиетті оқыту әдістемесінің де өзінің зерттеу нысаны бар. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен әдебиет пәнінің қарастыратын оқу материалы бір көркем шығарма болғандықтан, әдістеме ғылымын көпке дейін әдебиеттану ғылымдарына жақын деген түсінік қалыптасты. Алайда әдебиеттану ғылымы мен әдебиетті оқыту әдістемесі ғылымының зерттеу нысандары бір-бірінен өзгеше.

Әдебиеттану ғылымының зерттеу нысанына көркем әдебиет, әдебиеттің қоғамдық мәні, әдебиеттің тарихы, теориясы, сыны, әдеби процесс жататын болса, әдебиетті оқыту әдістемесінің зерттеу нысанына оқу процесі, оқушы мен мұғалімнің тұтасқан оқу-танымдық әрекеті, көркем шығарманы оқыту барысындағы танымдық, тәрбиелік мән-мазмұнға қол жеткізетін іс-әрекеттер жүйесінің құрылымы қарастырылады.

Әдебиетті оқыту әдістемесі – күрделі ғылым. Оқыту заңдылықтарын қарастыратын дидактикамен, адам әрекетінің психикалық заңдылықтарын қарастыратын психологиямен, көркем әдебиеттің даму заңдылықтарын қарастыратын әдебиеттану ғылымымен әдебиетті оқыту әдістемесі тікелей қатысады, жетістіктеріне сүйенеді, алайда өзіндік міндеттерін көздейді. Әдебиетті оқыту әдістемесі ғылымының қиындығы барлық уақытта да болып келді. Оның себебі әдебиетті оқыту әдістемесі адамға қатысты, жеке тұлға қалыптастыруға қатысты ғылым екендігінде. Ал адамтану, адам қалыптастыру қоғамдағы ең маңызды да күрделі істердің бірі. Әдебиетті оқыту әдістемесінің әдіснамалық негіздеріне педагогика, әдебиеттану ғылымдарынан басқа әлеуметтану, қоғамтану ғылымдары да кіреді.

Педагогика ғылымы мен әдістеме ғылымының ара қатынасы, ықпалы, өзгешелігі. Негізінде әдебиетті оқыту әдістемесінің қалыптасуына негіз болған педагогика ғылымы. Педагогика ғылымының дидактика саласы жекелеген пәндерді оқыту жолдарын қарастырады. Дидактика — гректің «didasko», яғни білім беру мен оқытудың теориясы деген мағынадағы сөзінен шыққан. Дидактика оқытудың мазмұнын, ұйымдастыру түрлерін, оқытудың басты ұстанымдарын және әдіс-амалдарын қарастырады. Жекелеген пәндерді оқыту жолдары дидактикалық негіздер мен ұстанымдарға сүйенеді. Әдістеме ғылымы әртүрлі пәндерді оқыту жолдарын жеке-жеке өз зерттеу аясына қарай қарастыратын болса, дидактика барлық пәндерді оқытудағы негізгі ортақ ұстанымдарды, заңдылықтарды белгілейді.

Педагогикалық ізденістердің әдістемелік теориясында педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық негізін қалыптастыратын педагогикалық философия болады. Яғни, педагогикалық әрекеттердің, ізденістердің теориясы,

логикасы, негізгі мәні жасалады. Осы арқылы педагогика ғылымының әдіснамалық негізінде білім берудің, тәрбиелеу мен дамытудың философиялық мәні ашылып, педагогикалық үдерістер мен құбылыстардың теориясын жасайтын педагогикалық зерттеу әдістері айқындалады. Осыдан келіп білім беру жүйесінің педагогикалық тұжырымдамалары айқындалады. Аталған зерттеу көздері мен білім тұжырымдамасы уақыт өзгерісімен дамып, жетілдіріліп отырады.

Әдебиетті оқыту әдістемесі педагогиканың дидактика саласы аясында, ішкі мазмұнында педагогикалық зерттеулер мен жаңа ізденістер легімен толығып, өсіп, жетіліп отыруы заңды құбылыс.

«Әдебиет әдістемесі – педагогикалық ғылымдардың саласына жататын ғылыми пән. Мұның қамтитын объектісі, қарастыратын мәселелері мектепте әдебиетті оқыту сабақтары кезінде мұғалім мен оқушылардың өзара қарым-қатынасы болып табылады, ол педагогика ғылымы теориясының жалпы қағида ережелеріне сүйенеді. Бірақ әдебиет әдістемесі педагогика сияқты мектеп, оқу-тәрбие мәселелерін тұтас алып қарастырмай, тек көркем әдебиетті оқып үйрену негізінде оқушыларға берілетін білім мен тәрбие мәселелерін ғана өз шеңберінде алып баяндайды», - деген пікір білдіреді әдіскер-ғалым А.Көшімбаев. Әдебиетті оқыту әдістемесі қолданбалы ғылым екендігін және ол жалпы дидактиканы негізге ала отырып, өзіндік арнасында дамитыны туралы Ж.Аймауытұлы маңызды пікір білдіреді.

Әдебиетті оқыту әдістемесінің негізгі нысаны педагогикалық үдеріс бола отырып, педагогика ғылымдарының бір бөлігі ретінде зерттелмей, жеке ғылым саласы ретінде қарастырылады. Себебі педагогика ғылымы әр пәнді оқытуға байланысты ортақ тұжырымдар мен принциптерді белгілеп бергенімен, жеке ғылымдардың ішкі ерекшелігін толық аша бермейді. Педагогика ғылымының ауқымы кең. Мысалы, педагогика ғылымы баланың саяси-әлеуметтік, адамгершілік, эстетикалық, дене тәрбиесін, ақыл-ой тәрбиесін, Отанға, туған елге, адамдарға деген сүйіспеншілікке басқа да тәрбие бағыттарында оқушыға білім беру, жеке тұлға қалыптастыру міндеттерін қамтиды. Педагогика ғылымының түпкі мақсаты жан-жақты жетілген қоғам адамын, жеке тұлғаны қалыптастыру болса, аталған міндетті жеке пәндерді оқыту әдістемесі өзінің қарастыратын материалы негізінде жүзеге асырады. Әдебиетті оқыту әдістемесі көркем шығарма арқылы қоғамды, қоршаған ортаны, адамгершілік ұстанымдарды, сөз өнерінің эстетикалық күшін, адамдар әлемін таныту арқылы, адамды рухани байытуға, өзіндік көзқарастар қалыптастыруға, жан-жақты дамытуға күш салады.

Әдебиетті оқыту әдістемесі мен әдебиеттану ғылымдары. Осыған дейін әдістемені жеке ғылым деп тануға деген көзқарас та жан-жақты болып келді. Әдістемені ғылым деп танудан көрі жеке дарын, өнер деп бағалаушы көзқарас үстемдік етіп келді. Әр пәнді оқытуда жоғары нәтижеге жету сол пәнді оқытушы мұғалімнің жеке дарынына, қабілетіне сол пәнді білу дәрежесі мен түсінуі, түйсінуі, жанымен сүюіне қатысты деп білді. Оқылатын білімнің өзін жете білмей тұрып, сол пәнді оқыту әдістемесімен бар істі тындыруға болмайды деп түсінді.

Бұл көзқарас негізсіз де емес. Себебі оқу процесінде мұғалімнің рөлі үлкен. Солай бола тұра, айтылған пікір бір жақты. Тек педагогикалық талант пен тәжірибе білімнің сапалы болуын қамтамасыз ете алмайды. Бір де бір мамандық тек талантқа ғана сүйеніп дамып, өркен жая алмайды. Бұл туралы әдіскер-ғалым А.С.Макаренко: /«Разве мы можем положиться на случайное распределение талантов? Сколько у нас таких особенно талантливых воспитателей? И почему должен страдать ребенок, который попал к неталантливому педагогу? Нет. Нужно говорить только о мастерстве, то есть о действительном знании воспитательного процесса, о воспитательном умении. Я на опыте пришел к убеждению, что решает вопрос мастерство, особенно на умении, на квалификации»¹- деген ұтымды ой білдіреді.

Бұл тарапты айтылған пікірлердің барлығы әдістеме ғылымының бірнеше негізге сүйенетіндігін анықтай түседі. Солардың бірі әдебиеттану ғылымы. Әдебиетті оқытуда негізгі оқу материалы әдебиеттің өзі. Мектеп оқулығында ұсынылған, сыныпта, сыныптан тыс оқылатын шығармалардың барлығы да «әдебиеттану» деген үлкен ғылымның жемістері.

Әдебиеттану ғылымының проблемалары әдебиеттің тарихилығы, әдеби кезеңдер, оқылатын шығармадағы тарихи кезең немесе, керісінше айтқанда, тарихи кезеңнің әдебиеттегі көрінісі, әлеуметтік көзқарастардың көрінісі, әдеби бағыттар, олардың белсенді кезеңдері, әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық, тарихи-әдеби үрдіс, жазушы стилі, қазақ әдебиетінің ұлттық және әлемдік әдебиеттегі орны туралы кең ой қалыптастыру керек. Әрине, әдебиетті оқыту әдістемесінде әдебиеттану ғылымының негізгі қағидалары мен негізгі бағыттары жетекші рөл атқарып отырады. Әдебиеттану ғылымдарының заңдылықтары мен даму бағытын дұрыс бағдарлау арқылы ғана әдебиетті өз мәнінде оқыту мүмкіндігі туады.

Әдебиеттанудағы мазмұн мен форманың бірлігі мәселесі әдебиет пәнін оқытудың да негізгі арқауы болып отырады. Әдеби шығарманы талдауда да, көркем шығарманың образдар жүйесін талдауда да мазмұн мен форма бірлігі негізгі басты ұстаным болып есептеледі. Мазмұн мен форма тұтастығы көркем шығарманың басты тірегі болуы себепті көркем шығарманы жан-жақты тану, талдау үшін әдебиеттанудың негізгі ұстанымына жүгінуге тура келеді.

Көркем шығармадағы кейіпкерлер, образдар, характерлер, типтер мәселесі де терең тануды, танытуды қажет етеді. Әдебиеттану ғылымдарының түсіндіруі бойынша тип пен типтендіру мәселесі қалай астасып отырады, талдаудағы шығармада алынған тип, характер сол шығарманың өзіндік ерекшелігі ме, жоқ болмаса сол әдеби кезеңге, әдеби үрдіске тән ерекшелік пе мұны да әдебиеттану ғылымы түсіндіріп бере алады. Әдебиет пәні мұғалімі әдебиеттану ғылымдарынан терең білім алу арқылы, сөз өнерін жете түсінуі, жете білуі арқылы өзі де сөз зергері, сөз шебері ретінде көркем шығарманы терең танып, талдай алады, әдеби ұғымдарды, шығармаларды, құбылыстарды, образдарды, детальдарды – жалпы айтқанда көркем шығарманың

¹ Макаренко А. С. Сочинения / Собр. соч.: в 1 т. – М., 1986. 115 с.

барлық компоненттері мен табиғатын салыстырып, саралап, салғастырып оқушысына да мазмұнды білім қалыптастыруға мүмкіндік алады. Көркемсөз шеберінің бұл қасиеті суретшінің сан түрлі түстердің ерекше үйлесімін тауып, әсем өрнек жасағаны сияқты немесе шебер орындаушының домбыра пернелерінде саусақтарын құйқылжытқан қимыл әрекеті сияқты десе де болады. Көркем шығарма тұтастай алғанда антропоцентристік құрылым болып танылады. Әр көркем шығарманың өзегінде тілдік құрылым өрнектелген. Бұл күрделі құрылымның негізінде мәдени құндылықтардың жүйесі, адам мен оның эстетикалық бағдары, адамгершілік тұғыры жатыр. Әдебиетті оқыту әдістемесі осы күрделі құрылымды әрекетке түсіруші, іске қосушы рөл атқарады. Әдебиетті оқыту әдістемесі де — антропоцентристік жүйе. Барлық іс-әрекет пен мақсат адамға бағытталған. Адамның адамгершілік, эстетикалық, танымдық әрекеттерін жүйелі ұйымдастыруға бағытталған.

Әдебиетті оқыту әдістемесінің әлеуметтік мәні, әлеуметтану ғылымдарына қатысы. Жеке тұлғаны, болашақ қоғам адамын қалыптастыру жолында әдебиетті оқыту әдістемесі қоғамнан тыс әрекет жасай алмайды. Әдістеме ғылымы тікелей қоғам өмірі мен оның қажеттілігін, ортаның әлеуметтік мәселелерін қоса қамтиды. Себебі мұғалімдік кәсіп әлеуметтік мамандыққа жатады. Ең әуелі, әдебиетті оқыту әдістемесін ғылым ретінде қабылдай отырып, болашақ ұстаз қоғамға, әлеуметтік ортаға қызмет етеді. Белгілі бір орта мүддесін қарастырады, мүддеге сай әрекет етеді. Сол халықтың өз ұрпағын жаңа мазмұнда халықтың өзіне қайтарады. Ендеше, өскелең ұрпақ та, ұстаз да әлеуметтік топтың мүшесі; екіншіден, әдебиетті оқыту әдістемесі өзінің материалы – көркем шығарманы қарастыру барысында да қоғамның тынысын оқушыға жеткізуші. Әдебиет пәні мұғалімі көркем шығарма негізіне өрілген қоғамдық, әлеуметтік мәселелерді таныта отырып, өмірдің өзін танытады, ортаны танытады. Қоғамның игілігіне әрекет етеді. Осы тұрғыдан келгенде әдебиетті оқыту әдістемесі әлеуметтік ғылым. Соңғы жылдардағы әдістемелік зерттеулердің әдіснамалық негізіне әлеуметтік ғылымдар (социология) ғылымы тірек болуы осыдан. Әлеумет ұғымын –халық деген түсінікпен қабылдаймыз. Социология ғылымының негізінде де «социум» - халық сөзінің мағынасы жатыр. Ал әдебиеттану ғылымы да, әдебиетті оқыту әдістемесі ғылымының өзі де халықтан тыс өмір сүре алмайды.

Психология ғылымына қатысы. Әдебиетті оқыту әдістемесінің әдіснамалық негізінде психология ғылымының рөлі үлкен.

Әдістеменің психологиямен қатысы екі бағытта өрбиді. Біріншіден, бала жасы мен психологиясы ерекшелігіне қарай көркем туындыны қабылдаудағы шығармашылық әрекеті мен шығармашылық қабілеті, көркем қабылдауына қатыстылығы қарастырылады; екіншіден, оқыту психологиясы тұрғысынан, баланың жасына қарай ақыл-ой дәрежесі, адамгершілік дамуы, тәрбиесі мен дағдысы тұрғысынан қарастырылады.

Педагогикалық оқу процесі қоғамдық құбылыс ретінде, оқушылардың меңгеретін білім ауқымы, жалпы және әдеби тұрғыда дамыту мен оқушы қабілетін, дағдысын қалыптастыруды көздейді.

Психологиялық заңдылықтарды әдістемелік заңдылықтармен қабаттастыруға келмейді. Әдістер жүйесін құруда оқушының психикалық ерекшеліктеріне үңілмегенмен, жас ерекшелігі мен психологиялық өзгерістерді есепке алмаса және болмайды.

Психология ғылымдары аясында анықталатын оқушының жас мөлшеріне байланысты дамуы мен өзгерістері оқу процесіне әсер етеді. Мәселен, оқушының әр жастағы психологиялық өзгерістері, оқушы дағдарыстары, содан туындайтын кейбір түсініспеушіліктердің болуы мүмкін жағдай.

Психология ғылымы 5-11-сыныптар аралығында оқитын оқушыларды жас ерекшеліктері мен даму ерекшеліктеріне байланысты бернеше кезеңге жіктейді:

1. 5-8 сынып оқушылар 11-14 жастағы жеткіншектер.
2. 15-17- жастағы жасөспірімдер.

Психологтардың екі кезеңге жіктеген осы жастағы балаларының өзі әр кезеңнің өз ішінде психологиялық өзгерістерде болады. Мысалы: жеткіншек топқа жататын 5-8-сынып аралығындағы балалардың өздерінен үлкендерден де жастарынан да өзгешелігі айқын көрінеді. Бұл ерекшелік жеткіншек кезеңіндегі балалардың үлкендікке деген құлшынысының молдығына байланысты. Жеткіншектердің әлеуметтік бағыты мен жалпы адамгершілік ұстанымдарының қалыптасу негізі осы тұстан басталады. 5-сыныптардағы оқушылар өздерінің сыртқы кейпін түзеуге аса әуес келеді. Сыртқы орта әсеріне берілгіш, еліктегіш болады. Бұл әрекеттер 7-8-сыныптарда күшейе түседі. Өзін-өзі бақылауға алатын тұсы, бір-біріне, өз-өзіне сын көзбен қарап, өзіндік көзқарасының қалыптаса бастайтын тұсы — осы кезең.

Бұл өзгерістердің өзі оқушының дүниетанымы мен қызығушылығын арттырып, болашаққа жоспар құруға жетелейді. Өзін болашаққа даярлау кезеңі психологтардың (Л.С.Выготский, Л.В.Занков, А.Н.Лентьев, Д.Б.Эльконин, Л.Буюева, С.Кучинский) айтуынша 5-6-сыныптардан басталады.

Өзін білім, мінез-құлық сапасы жағынан өзгертуге ұмтылыс дәл осы кезеңде басым болады. Сондықтан оқушының жеткіншек кезеңі көркем әдебиетке деген ұмтылысы мен қызығушылығын тудыратын бірден-бір қажетті де ұрымтал шағы.

Екінші кезең оқушыларының психологиялық ерекшеліктері де оқу процесінде жіті бақыланып, есепке алынады.

Мектепте бағдарлама түзу мен оқу құралдарын даярлауда, оқулыққа материал іріктеуде оқушының психологиялық даму ерекшелігі жіті ескеріліп, есепке алынуы керек. Сонымен қатар, оқушылардың оқу материалын меңгерудегі зейін, ес, қиял, таным әрекетінің қаншалықты екендігі ескерілуі керек.


Баланың кішірек кезінде бәрі бір бағдарламамен оқып, бірге жүргенмен, әр баланың өзіндік бір ерекшеліктері байқала қоймайды. Оның болар-болмас көріне бастауы, азды-көпті бір нәрсеге тұрақты қызығушылық танытуы, не бір пәннен гөрі екінші пәнге құлықты болуы да негізінен осы 7-8-сыныптардан басталатынына көптеген педогогтардың, психологтардың зерттеулерінде көз жеткізілген.

Жалпы оқыту тәрбие берудің қашанда баланы жетілдіру, дамытуға арналғандығы кімге де болса мәлім. Солай бола тұра, әдістемелік тұрғыдан білім беру, дамыту, жетілдіру ерекше тиімді болу үшін осы бағытты ұстанып, оқушыны сенсорлық қабылдау (латынның «Sensus» – деген сөзінен шыққан – сезім, сезіну) туғызатын, қозғалыста болатын, зияткерлік және еркін шынықтыратын, эмоциялық күй туғызып, баланың ыркына әсер етерлік жұмыс түрлерін үнемі қосып отыру қажет.

Дәстүрлі түрде ғылымдар гуманитарлық, жаратылыстану және техникалық болып бөлінеді. Пәндердің цикл-цикл болып топтастырылуы бәрінің қарастыратын нысандарына сәйкес (қоғам, табиғат, еңбек) екендігі белгілі.

Бүгінде әрбір жеке ғылым саласының екінші бір ғылыммен байланыстылығы артып отырған тұста мектепте жүргізілетін әрбір оқу пәнінің мазмұны мен құрылысындағы кірігіп кеткен (интеграциялық) байланыстардың маңызы өте зор. Бүгінде ол ерекше мәнге ие болып отыр. Ғылымның осы бөлінуінің ыңғайы оқу пәндерінің берілуінде ескеріледі.

Әдебиетті оқыту әдістемесі ғылымы бірнеше ғылымдар аясында дамып, өзінің әдіснамалық негізін айқындаған арнайы ғылым саласы болып табылады. Оны төмендегі модельден көреміз:



Сонымен қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің әдіснамалық негіздері осы пәнді оқытудағы басты ұстанымдарды, қағидаларды, көзқарастар жүйесін айқындайды. Жоғары оқу орындарында қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің арнаулы кәсіптік-бағдарлы пән ретіндегі мәні мен маңыздылығын

көрсетеді. Әдебиетті оқыту әдістемесінің ғылым ретіндегі әдіснама-лық негіздері осы пәнді жоғары мектепте оқытудың басты талаптары мен мазмұнының, сондай-ақ мектепте оқылатын әдебиет пәнінің тиімділігі мен маңыздылығын артыру жолдарын, жеке тұлға қалыптастыру бағытындағы әдістер мен технологияларды тиімді пайдалану бағытын да айқындайды. Бүгінгі мектеп пен жоғары мектептер арасында тығыз байланыстың болуы бір жағынан алғанда мамандыққа бейімдеудің бір нышаны, мақсатты үдерісі болып танылса, екінші жағынан алғанда ғылымдардың шеңберлі даму бағыты мен қоғамдағы баланстылықты танытады.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары мен тапсырмалары:

- 1.Әдебиетті оқыту әдістемесі ғылымының өзіне тән зерттеу нысанын анықтаңыз.
- 2.Әдебиетті оқыту әдістемесі пәнінің басқа ғылыми пәндермен арақатынасын танытатын негізгі белгілерін атаңыз.
- 3.Әдебиетті оқыту әдістемесі пәні мен орта мектептегі әдебиет пәнінің арақатынасы қандай?
- 4.Әдебиетті оқыту әдістемесі пәнінің қоғамтану пәндерімен арақатынасы қандай?
- 5.Әдебиетті оқыту әдістемесінің әдіснамалық негізін қалай түсіндіресіз?
- 6.Әдебиетті оқыту әдістемесі пәнінің педагогика мен психология пәндерімен сабақтастығы туралы ойыңыз қандай? Өз пікіріңізді қорғаңыз.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Занков Л. Избранные педагогические труды. М.:Педагогика, 1990. – 424 с.
- 2.Эльконин Л. Детская психология. М.: Прос., 1960. –317 с.
- 3.Леонтьев А. Деятельность. Сознание, личность М.: Политиздат.1975.–304 с.
- 4.Жарыкбаев Қ. Психология. –Алматы: Мектеп, 1982. – 280 б.
- 5.Шериязданова К. Основные направление психолого-педагогической помощи детям с проблемами в поведении и общении.– А.: 2001. – 48 б.
- 6.Щукина Г. Педагогические проблемы формирования познавательных интересов учащихся. -М.: 1988 – 203 б.
- 7.Скаткин -М. Методология и методика педагогических исследований. -М.: 1986 – 150 б.

Қосымша әдебиеттер:

- 1.Рез З.Я. Методика преподавания литературы. М., Просвещение, 1985.
- 2.Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. – А., Мектеп, 1985.
- 3.Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. – А., Мектеп, 1969.
- 4.Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі.– А., Рауан,1997.

I. 4. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

1. XX ғасырдың басындағы алғашқы мектептер, оқу мазмұны.

2. Алғашқы бағдарламаларды құрудағы ізденістер. Алғашқы бағдарламалардың құрылысы мен мазмұны.

3. Қазақ әдебиеті оқулығының қалыптасуы тарихы.

4. Алғашқы әдістемелік ізденістер.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымының қалыптасу жолын қарастырғанда оны төрт арнадан іздеуге болады:

1. Мектепте пән ретінде оқытылу тарихы;

2. Әдебиет пәнін оқытуға арналған оқу құралдарының пайда болуы мен қалыптасу жолы.

3. Әдебиет пәнінің оқу бағдарламаларының түзілуі мен қалыптасу тарихы;

4. Алғашқы әдістемелік ізденістер: мақалалар, әдістемелік пікірлер;

5. Әдебиетті оқыту оқулықтарына нұсқаулар, арнайы әдістемелік еңбектер, ондағы бағыт-бағдар.

Қазақ халқы сөз өнерін қадірлей отырып, өзінің бай әдеби мұрасын ғасырдан ғасырға жеткізді. Оны ұрпақ санасына сіңіріп, халқының бай мұрасын танытып келгендігі даусыз. Дегенмен әдебиеттің арнайы пән ретінде оқытылуын мектеп өмірінен тысқары қарауға болмайды. Сондықтан мектептер әр пәнге деген сұраныста болуы себепті әдебиет пәнінің оқытылуын мектептер өмірімен сабақтастырамыз. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ елі Ресейдің отары болғандықтан, мектеп мәселесі де үстем елдің отарлық саясатының аясында өз мүддесіне қарай шешіліп отырды.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ жеріндегі мектептер екі бағытта болды. Оның бірі — діни оқуға бағытталған ауыл мектептері. Орталық қалаларда ашылған діни оқу орындары, медреселер. Татар ағартушысы И. Гаспиринский негізін салған жадит мектептері. Екіншісі — оқу тек орыс тілінде жүргізілетін училищелер мен семинариялар еді.

1870 жылы Халық ағарту министрлігінің ұлттық мектептеріне арналған Н. И. Ильминскийдің жүйесіне негізделген заң күшіне енді. 1970 жылғы халық ағарту министрлігінің ұлттық мектептері басқа ұлт балаларының орыс тілін меңгеру деңгейіне қарай үш түрлі дәрежеде болған. Олар:

1. Орыс тілін меңгергенге дейінгі алғашқы оқу жылында орыс алфавитімен жазылған оқулықтар бойынша ана тілінде оқуға рұқсат етілген мектептер;

2. Оқу орыс тілінде жүргізілетін, мұғалімдер ұлт өкілдерін тілін білуі, оны сабақты ауызекі түсіндіру үшін ғана пайдалану рұқсат етілген мектептер;

3. Оқу тек орыс тілінде жүргізілетін, ана тілін қолдануға рұқсат етілмейтін мектептер.

Бастапқы топтағы мектептерде орыс тілін меңгергенге дейін орыс әрпімен басылған ана тіліндегі оқулықтар қолданыла бастады. Ағарту саласында Ы. Алтынсарин көш бастады. Ұлы мақсат-мұраты қазақ балаларының

көзі мен көкірегін ашу болған Ы.Алтынсарин өзіне дейінгі оқулық-хрестоматиялардың ізімен «Қазақ хрестоматиясын» дүниеге әкелді. К.Ушинскийдің («Детский мир и хрестоматия», «Радное слова») Л.Н.Толстойдың («Азбука») шығармашылық тәжірибесін басшылыққа алған «Қазақ хрестоматиясы» өзінің құндылықтарымен, ұғым, түсінік, табиғатымен толықтай қазақ болмысына негізделіп жазылған жаңа типті оқулық болып дүниеге келді. Өзінің әдістемелік бастамасымен де кейінгі оқулықтарға көшбасшы болды.

Негізінен орыс-қазақ мектептерінде А.Васильевтің «Букварь для киргиз», А.Е.Алекторовтың «Русско-киргизская азбука» Л.Н.Толстойдың «Азбука» сияқты орыс баспасынан жарық көрген оқулықтары қолданылды. Сабак көбіне діни оқуға бағытталғанымен, жазу, арифметика сияқты пәндерді де қамтыды.

Қазан мұғалімдер семинариясының директоры Н.И.Ильминскийдің бастамасы бойынша 1876 жылы Торғай облысының инспекторы болып Ы.Алтынсарин тағайындалып, бірнеше ауылдық мектептер ашылған.

1920 жылғы 26 тамыздағы Бүкілроссиялық Орталық атқару Комитеті РСФСР Халық Комиссарлары Советінің қаулысы бойынша ҚАССР құру туралы қаулы қабылданып, қазақ жеріндегі Халық ағарту ісі кеңес үкіметінің саясатына бағытталды. 1918 жылға 1 қазаннан бастап барлық бастауыш және жоғарғы бастауыш училищелері, діни мектептер мен медреселер, төменгі және орта дәрежедегі оқу орындары бірыңғай кеңестік еңбек мектебі болып қайта құрылды. Оқу-ағарту ісіндегі қозғалыстың ықпалымен қазақ даласында оқуға тартылғандардың саны ұлғая түсті. Мәселен, 1914-15 оқу жылында мектепке тартылғандар барлық оқу жасындағы балалардың 7,5% болса, 1920-21 оқу жылында 21,7% ға көтерілген. 1-5 сыныптардағы қазақ оқушылары үш есе өскен.

Осы жылдары қазақ өлкесінде бірыңғай екі сатылы еңбек мектептері қалыптасқан. Олар: мектеп-коммуналар; ересек балалар мектебі, бастауыш мектеп коммуналары; Ф.З.О.; шаруа жастар мектебі т.б.

Кеңес мектептерінің көптеп ашылуы, кеңестік идеямен саясатты насихаттау мүддесінен туындады. В.И.Лениннің мектеп саласындағы ірі буржуазияны құлату жолындағы күрес екендігін, саясаттан тыс мектеп болмайды деген ойынан да көрінеді. Мектептегі әдеби білім мазмұны да 1990 жылдарға дейін кеңестік идеологияға қызмет етті.

Алғашқы бағдарламаларды құрудағы ізденістер. Алғашқы бағдарламалардың құрылысы мен мазмұны. 30-жылдарға дейінгі мектептерде әдеби материалдар болғанымен, әдеби ұғым, әдебиеттің пәндік сипатта оқытылуына деген көзқарас болған жоқ-ты. Әдебиет 1932 жылға дейін қоғамтану пәндерінің құрамында жанама, қосымша ұғыммен, пәндерге көмекші түрінде оқытылып келді. М.Әуезов 1930 жылы «Қазақ шаруа жастары мектебіне арналған бағдарлама және түсінік хат» деген бағдарлама жазды (Қызылорда). Мектептерде әдебиет жеке пән ретінде қоғамдық-тарихи жүйемен оқытылу қажеттігі, және әдебиеттің тарихи даму кезеңдерін, қоғамдық мәнін түсініп оқу қажеттігін осы бағдарламада тұңғыш рет қарастырған.

БК(б)П Орталық Комитетінің 1931 жылдың 6 қыркүйегіндегі «Бастауыш және орта мектептер туралы», 1932 жылдың 25 тамызындағы «Бастауыш және орта мектептің программалары мен режимі жайындағы» қаулыларына орай барлық басқа пәндер сияқты әдебиет бағдарламалары қайта қаралды. Қазақстанда да қазақ әдебиеті жеке пән ретінде оқу жоспарына кіргізіліп, 1932 жылы ең бірінші бағдарламасының нұсқасы жасалды¹.

Бағдарлама жасау ісі көптеген ғылым салаларына қатысты жүзеге асады. Сондай-ақ, әдебиет пәнінің бағдарламасын жасау әдебиеттану ғылымының өсу деңгейіне, даму дәрежесіне сай келіп отыратыны мәлім. Қазақ әдебиеті әлі қалыптасу кезеңін басынан өткізіп отырғандықтан алғашқы әдебиет пәнінің бағдарламаларын құру оңай міндет болмады. Оның тағы бір себебі қазақ әдебиеті осы тұстағы «тұрпайы социализм» дәуірін бастан кешіріп отырған болатын.

1932-1933 жылы Қазақ Оқу комиссариаты бекіткен орта мектептің бағдарламасы фабрика, завод және колхоз жастары жеті жылдық мектебіне арналып жазылды.

а) 4-6-сыныптарда ең алдымен кеңес әдебиетінің шығармалары енді.

ә) Қазан төңкерісіне дейінгі әдебиет үлгілері берілді. Бағдарламада көптеген кемшіліктер орын алды. Материалдар көлемі нақты белгіленбеді. Жүйелі білім мен тәрбие беру мәселелері ескерілмеді. Шығармалардың идеялық-көркемдік сапасы төмен болды. Бағдарламаға енген шығармалардың тақырыбы, идеясы, мазмұны, образдар жүйесі көркемдік ерекшеліктері жағынан ашылмай, құрғақ тізім ғана берілді.

б) Саяси мәселелердің ықпалы бағдарламаларда да басым болды.

в) Әдебиет майданы мектепке де зор әсерін тигізді.

г) Ақын-жазушылардың өмірбаянына мүлде көңіл бөлінбеді.

д) әдебиет теориясынан берілуге тиісті білім мен мәліметтер көрсетілмеді.

1934 жылғы бағдарлама алғашқысына қарағанда біраз өңделіп басылды, дегенмен бағдарламаның түзілуінде кемшіліктер баршылық еді. Бұл туралы 1934 жылы «Ауыл мұғалімі» журналында «Орталау және орта мектептеріміз үшін қазақ әдебиеті программасын беретін уақыт жетті» деген тақырыпта мақала жарияланды².

Бұл бағдарламада әдеби шығармалардың қоғамтану негізіне сүйене отырып, қоғамдық саяси тақырыптардың төңірегіне шоғырландырып берді. Аталған бағдарламаның жаңалығы: әдебиетті тарихи-әдебиеттік курс ретімен оқытуға бейімдеп беруінде болды.

5-сынып бағдарламасына енген шығармалар үш тарауға бөлініп берілген. Олар: қазақ кеңес әдебиеті, ескі әдеби мұралар және фольклор. 6-

¹ Орта мектеп программасы /фабрика, завод және колхоз жастары жеті жылдық мектепке арналған/ 1932.

² Мәметова Ә. Балаларымызға көркем әдебиеттің ең жақсы нұсқауларын беретін уақыт жетті. // Ауыл мұғалімі 1936. №9.

сыныптың бағдарламасы қазақ және орыс кеңес әдебиеті, кеңес одағы халықтарының әдебиеті және шетелдің төңкерісшіл әдебиеті деген бөлімдерден құралды. Бұл бағдарламаларда оқушыға берілетін әдеби білім мазмұны, оқушы біліміне қойылатын талап көрсетілмеген, тек шығармалар тізімі ұсынылған.

1938-1939 жылы Қазақ Оқу Комиссариаты бекіткен орта мектеп бағдарламасы шықты¹. 1939-1940 жылы бағдарлама белгілі педагог ғалым Ш.Кәрібаевтың басшылығымен және әдіскер мұғалімдердің қатысуымен жасалды².

1940 жылдары мектептер институты болып ашылып, кейін Ы.Алтынсарин аты берілген ғылыми-зерттеу институтының қазақ мектептері үшін атқарған рөлі үлкен. Қазақ әдебиетін оқыту ісін жандандыру бағытында Ы.Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институтының қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің қызметкерлері маңызды шараларды атқарды. Соның бірі — қазақ тілі мен әдебиеті бағдарламаларын қайтадан қарау, толықтыру мәселесі еді.

1947 жылы қазақ әдебиетінің жаңа бағдарламасы шықты³. Онда білім берумен бірге идеялық-саяси тәрбие беру ісін жандандыру, әрі әдебиет сабағының осы мақсатта тікелей жетекші рөлін көтеру мәселелеріне көп көңіл бөлінді.

Әдіскер-ғалым Ә.Қоңыратбаевтың көрсетуі бойынша: «Революциядан кейінгі әдебиет пен методикасының үш түрлі кезеңі болды:

1.1917-1927 жылдар арасындағы жік қойылмай, «қоғамтану» түріндегі оқу;

2.1928-1938 жылдардағы оқу мектептің типіне негізделмеген тарихи-әдеби курс болып өтті;

3. Бастауыш оқу, әдебиеттік оқу мен тарихи курс программасы.

Сөйтіп I-IV кластарда бастауыш оқу, V-VII кластарда әдебиеттік оқу жүйесі, VIII-X кластардағы әдебиеттің тарихи курсы 1939 жылдан бастап түкпілікті орын алды⁴.

1958-1989 жылдары қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әдістемесінің тарихында жемісті іздену кезеңі болды деу артық емес. Ы.Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институтының басшылығымен мектепке дидактика мен әдебиеттану ғылымындағы тиімді әдіс-тәсілдерді, жаңа ой-пікірлерді енгізу жұмыстары қолға алынды. Әдебиетте білім мазмұны, оның құрылымын қайта қарап, нақтылау, өрістету міндетін қойды. Осындай міндеттерді ала отырып, сол жылдарда әдебиеттің пән болып оқытылуы жөнінде алғаш рет ғылыми тұжырымдама жасалды. Пәннің идеялық-эстетикалық,

¹ Орта мектеп программалары // Қазақ әдебиеті. Алматы: 1939. Б 33-34.

² Орта мектеп программалары. /Y-YII, VIII-X тарихи әдеби курс/. 1939-40.

³ Орта мектеп программалары: Әдебиет. VIII-X кластар. Алматы: 1947. Б 19-20.

⁴ Қоңыратбаев Ә. Әдебиеттік оқу методикасы, очерктері. – Алматы: ҚМӨБ, 1962. - 212 б.

білімділік-тәрбиелік маңызы айқындала түсті. Осындай жұмыстар барысында әдебиет пән ретінде қалыптасып, тұрақтала бастады.

1959 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналында қазақ әдебиеті бағдарламаларының жобасы жарияланды.¹ Бұл жылдары 5,6,7-сыныптар әдебиеттік оқу курсын өтетін орта буын сыныптар қатарында саналып, 8-сынып әдебиеттің тарихи курсын оқитын жоғарғы сынып есебінде болғандықтан аталған бағдарламада әдебиеттану курсының барлық кезеңі бір сыныпқа жинақталып, топталып берілді. Осы 1959 жылғы 8-сынып бағдарламасына XIX ғасыр әдебиетінен С.Көбеев, С.Торайғыров, И.Дәукебаев шығармалары енгізілді.

1961-1970 жылдар аралығында оқу бағдарламаларында осы айтылған жүйеде еш өзгеріссіз беріліп отырған².

1967 жылы республикалық мұғалімдер конференциясы болып өтті. Республикадағы білім беру жүйесі, мектеп мәселелері сөз етілді. Осыдан көп ұзамай мектеп бағдарламаларында өзгерістер енді. Қазақ әдебиеті бағдарламаларында бастауыш сыныптар 1,2,3 болып, орта буын сыныптар 4,5,6,7-сыныптар болып белгіленді.

1971 жылғы 4-7-сыныптарға арналған сегіз жылдық және орта мектеп бағдарламаларын жарық көрді. Қазақ әдебиеті пәнінің бағдарламалары біршама тұрақталып, 1980 жылға дейін осы аталған жүйеде беріліп келді.

1981-1982 оқу жылына арналған сегіз жылдық және орта мектеп бағдарламасында әдебиеттік оқу сыныптарында авторлардың шығармаларын іріктеуде кейбір өзгерістер болды³.

1986, 1987 жылы шыққан бағдарламаларда әдебиет пәнін өзге пәндермен сабақтастыра оқыту көзделген. Тақырыптарға қатысты «Пәнаралық байланыс» ұсынылған. Сондай-ақ 1986 жылғы бағдарламада авторлар құрамы (Т.Ақшолаков, Ә.Дайырова, С.Тілешова, Р.Құтқожина) көрсетілген.

Қазақ ССР Халыққа білім беру Министрлігі бекіткендей 1989-90 оқу жылынан бастап мектептер он бір жылдық болуына сәйкес қазақ әдебиетінің жүйелі курсы 5-сыныптан басталатын болып белгіленді. Осыған сәйкес 1989 жылы аталған бағдарлама өңделіп, толықтырылып, қайта басылды⁴.

Еліміздің егемендігі өмірдің барлық саласына түбірлі өзгерістер әкелді. «Демократиялы қазақ елі» атану үмітінен қуат алған еліміздің жаңа бастамаларына білім беру саласы нысан болды. Ендігі жерде білім беруді жетілдіру мақсатындағы уақытша өтпелі бағдарламалар түзіле бастады.

¹ Қазақ тілі мен әдебиеті. 1959. №8. -7 б.

² Сегіз жылдық және орта мектеп программалары, 1966-1970 оқу жылына арналған. Алматы: Мектеп, 1970.

³ Жолдыбаев М., Қоңыратбайұлы Ә., Қаратайұлы М. XIX және XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің жинағы (7 жылдық үшін). Алматы: Қазақстан баспасы. 1934. Б 132-138.

⁴ Жалпы білім беретін орта мектеп программалары 1989/90 оқу жылына арналған /Қазақ тілі мен әдебиеті V-XI кластар үшін. Алматы: Мектеп, 1989. -213 б.

Алғашқы оқулықтар, ондағы әдеби материалдардың мазмұны.

Алғашқы орыс-қазақ мектептерінде оқу құралдары Ресейлік баспадан шықты, ондағы әдеби материалдар орыс әдебиеті өкілдерінің шығармалары болды. Мысалы, А.Е.Алекторовтың «Русско-киргизская азбука», А.Васильевтің «Букварь для киргиз», К.Ушинскийдің «Детский мир и хрестоматия», «Родное слова» Л.Н.Толстойдың «Азбука» т.б. оқу құралдары жарық көрді.

Сондай-ақ орыс тілінен аударылған әдеби материалдармен қатар қазақ әдеби мұраларының үлгілернен құрастырылған оқулықтар болды. Қазақ әдебиеті үлгілерін ең алғаш оқулыққа енгізіп, мектеп өміріне әкелуші – Ы.Алтынсарин. Оның 1879 жылы Орынборда басылып шыққан оқу құралы «Қырғыз хрестоматиясы» («Қазақ хрестоматиясы») қазақ оқулықтарының алғашқы қарлығашы еді. «Қазақ хрестоматиясының» алғашқы мектептер үшін ғана емес оқулық құруда өзінен кейінгі сан жылдардағы тәжірибеге тигізген ықпалы орасан. «Қазақ хрестоматиясы» 1889, 1896, 1899 жылдары ішкі мазмұнындағы оқу материалдары қысқартылып, араб алфавитімен «Махтуба» деген (Араб тілінде хаттар деген ұғымда) атаумен басылып шыққан. 1906 жылы (А.Васильевтің редакциялауымен толықтырылып, орыс алфавитінде жарық көрген нұсқасы) «Қазақ хрестоматиясы» қайта басылған. Осы басылымында оқу материалдарының берілу тәртібі: 1. Балалар өмірінен алынған әңгімелер. Орыс хрестоматияларынан, атап айтқанда, Л.Н.Толстойдың, И.Паульсонның т.б. хрестоматияларынан алынған;

2. Әртүрлі жинақтардағы адамдар өмірінен алынған әңгімелер;

3. Қазақ ақындарының таңдаулы өлең-жырларынан үзінділер;

4. Қазақтың мақал-мәтелдері.

Ы.Алтынсариннің оқулық жазудағы ұтымдылығы оқу материалдарын дұрыс таңдап ала білуі. Ы.Алтынсарин өз оқулығында әлем әдебиетінен тәлім-тәрбиелік мәні жоғары шығармаларды сұрыптай отырып, оны қазақ балаларын оқытуда ұтымды пайдаланып отырған. Қазақ халқының әдеби мұрасының тәлімдік-тәрбиелік құнын дұрыс түсініп, қазақтың бай әдеби мұрасын оқулық-хрестоматияға молынан енгізді. Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясына» енген халық ауыз әдебиеті үлгілері:

1. Аңыз әңгімелер: «Лұқпан Хәкім», «Таза бұлақ», «Жиренше шешен» т.б.;

2. Ертегілер: «Қара батыр», «Тазша бала», «Алтын айдар» т.б.;

3. Эпостық шығармалар: «Қобыланды батыр», «Қазбек батыр» т.б.,

4. Әр тақырыптағы мақал-мәтелдер;

5. Айтыс үлгілері.

Ы.Алтынсарин мектепте оқылатын оқу материалының танымдық, тәрбиелік міндетінің жоғары болуын мақсат тұтты. Осы мақсатта өз тарапынан бірнеше өнегелі өлеңдер, шағын әңгімелер жазды. «Қазақ хрестоматиясына» енгізілген материалдар оқушы бойында ізгілікті, еңбекті, кішіпейілділікті, қарапайымдылықты қалыптастыруды көздейді.

Ы.Алтынсариннің оқулық құрудағы бастамасы алғашқы мектептерде жандана түсті. Бұл кезеңдерде жазылған оқу құралдары екі бағытта болды:

1. Төтенше оқу мектептеріне арналған имандылық сипаттағы оқулықтар. М.Нұрбайұлы «Қазақша әліппе», «Ғалия медресесі» (1910),

Е.Закариянұлы «Қазақ әліппесі» (1910), М.Малдыбаев «Қазақша ең жаңа әліппе», Қ.Қожықов «Әліппе» (1912);

2.Ы.Алтынсарин үлгісін ұстанған оқулықтар: С.Көбеев «Үлгілі бала», «Үлгілі тәржіме» (1910), О.Алмасов, Т.Меңдешев, К.Бейсембаевтардың ауылдық мектептерге арналған хрестоматиялары, А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы».

1928 жылы қаңтардан латын алфавитінің енуіне байланысты қазақ мектептерінде екі түрлі әліппені оқыта бастады. Сонымен қатар осы жылдардағы колхоздастыру ісіне қатысты сыныптық сабақ жүйесінің бригадалық еңбек топтарына ауысуы мектептерде оқу мен оқыту процесіндегі дамуына елеулі кедергі келтірді. Білім берудегі бұл тоқырау қазақ зиялыларының назарынан тыс қалмады.

Халық Ағарту Комиссары ретінде А.Байтұрсынов бірінші және екінші буын мектептері үшін оқу құралдары мен хрестоматиялар түзу ісін арнайы мәжілісте көтерген. Жаңа оқу құралдарын жазу туралы қаулы қабылданған. Бұл бастамаға қазақ зиялылары: ақын, жазушылар, оқытушылар, білім беру саласының алғашқы қайраткерлері С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, Т.Шонаұлы, М.Жұмабаев, Ғ.Болғанбаев, М.Жолдыбаев, Қ.Жұманов, Қ.Тоқтыбаев, І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Ө.Тұрманжановтар қолдау берілген.

Осы бастама негізінде бірнеше оқу құралдарын жазу қолға алынған. А.Байтұрсыновтың «Әліппе» (1921), М.Дулатов «Қирағат» (1914), «Оқу құралы» (1921), «Әдебиет танытқыш» (1926), «Әліп би», «Жаңа құрал» (1926), Т.Шонаұлымен бірігіп жазған оқу құралы (1927), Т.Шонаұлы «Жаңалық», «Сауаттан», «Жаңа арна» (М.Жолдыбаевпен бірге (1927), «Шала сауатты ересектер үшін» (1926), М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927), М.Жұмабаевтың «Сауатты бол» (1923), «Педагогика», Ж.Аймауытовтың «Жаңа ауыл» (1929), Б.Майлин, С.Мұқановтардың «Колхоз – ауыл» (1930), Ғ.Мүсіреповтің «Жаңа ауыл» (1930), М.Әуезовтің «Жеткіншек» (1930) т.б. оқулық-хрестоматиялары қазақ әдебиетінің мектептерде жеке пән ретінде оқытылуына жетекші рөл атқарды.

Қазақ тіліндегі алғашқы оқулықтар 20-30 жылдардағы қазақ зиялылары тарапынан қолдау тапқан жаппай сауаттандыру ісіне де елеулі ықпал етті.

Қазақ әдебиеті пәнінің мазмұнындағы тарихи кезеңдер алғаш М.Әуезов оқулығында көрініс тапты. М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» оқулығында әдеби материалдар жеті бөлімге жіктеліп ұсынылған:

1. Сыршылдық салт өлеңдер;
2. Батырлар әңгімесі;
3. Ел поэмалары;
4. Тарихи өлеңдер;
5. Ертегілер;
6. Айтыс өлеңдер;
7. XVIII-XIX ғасыр ақындары.

XX ғасырдың басында жарық көрген оқулық-хрестоматиялар қазақ әдебиетін оқытудың барлық мақсат, міндеттерін өтей алмаса да, сол тұстағы

саяси-әлеуметтік жағдай мен заман сұранысын қанағаттандырды. Қазақ әдебиетінің пән ретіндегі жүйесі мен құрылымы, білім мазмұны жылдар бойы қалыптасты. 1930 жылдардағы қазақ әдебиетінің оқу құралдары әрі оқулық, әрі әдеби, ғылыми, зерттеу еңбегінің нәтижесі болып табылды. Алғашқы оқу құралдары жазылған тұста әдебиеттің тарихи курсы толық анықталмаған кез болатын. Оның үстіне әдебиеттің теориясы қалыптаспаған, сыны жоққа тән еді. Аумалы-төкпелі кезеңде әдеби мұраға деген көзқарастың да тұрақтамаған тұсы болды. Қазақ әдебиетінің алғашқы сынында сыңаржақтық басым еді. Әдебиет пәнінің ғылыми негіздерін анықтау да күрделі үдерістен өтті. Сондықтан осы кезеңде жазылған әдебиет майданы мәселелері алғашқы оқу құралдарына енгізіле берді. Сол оқу құралдары өз кезегінде орталау оқу орындарына да қызмет етті.

1930 жылдан оқулыққа қарағанда хрестоматиялық сипаты басым оқу құралдарын шығару тенденциясы орын алды. Осыдан былайғы уақытта І.Жансүгіров, С.Сейфоллаұлы, Ә.Мәметкелінінің «Әдебиет құралы» оқулығы (1932), С.Сейфоллаұлы, Ө.Тұрманжанұлының «Көркем әдебиет» (1934), М.Жолдыбайұлы, Ә.Қоңыратбайұлы, М.Қаратайұлының төрт жылдық мектепке арналған «Әдебиет хрестоматиясы», Е.Исмайлов пен Қ.Бекхожиннің 5-сыныпқа арналған хрестоматиясы, 1937-1938 жылдары М.Әуезовтің 6-сынып үшін, Д.Әбіловтің 7-сыныпқа арналған, С.Мұқанов пен Қ.Бекхожиннің 8-сынып үшін, Е.Исмайлов пен Қ.Бекхожиннің 9-сыныпқа арналған әдебиет хрестоматиялары жарық көрді. Бұл хрестоматиялардың оқушы-шәкірттердің білімін толықтыруға, әдеби-эстетикалық танымын көтеруге зор ықпалы болды.

1940 жылдан бастап әр сыныпқа арналған әдебиет оқулықтары жүйелі шығарылып тұрды. Оқу бағдарламалары мен оқулықтардың жаңартылып, әдістемелік жағынан ізденістің күшейіп, жүйелі шығарылуына себеп болған қыркыншы жалдардағы педагогикалық ғылыми зерттеу институтының құрылуы еді.

Осы жылдары 5-сыныпқа арналған Ш.Кәрібаевтың әдебиет оқулығы жарық көрді.¹ Оқулықта авторлар шығармалары ұсынылып, соңынан шығарма мазмұнына орай сұрау-тапсырмалар берілген. Оқушыларды мәтінмен жұмыс жасауға бағыттаған. Аталған оқулық кейін Ш.Кәрібаев пен С.Тілешованың авторлығымен шыққан². Кейінгі оқулықтарда да сұрақ-тапсырмалар жетілдірілгені байқалады.

Оқулық авторлары оқулықта берілген материалдардың мән-мазмұнын анықтау мен талқылауда кеңес дәуірінің ұсынған саясатына үнемі сәйкес болуды көздеп отырады. Сол себепті әлеуметтік жағдай теңсіздігінің себебін ашып және социалистік өмірдің ерекшелігін октябрь революциясының жемісі ретінде көрсетуге бағыттады.

¹ Кәрібаев Ш. Абай (Өмірбаяны)// Әдебиеттік оқу кітабы: 5 - класқа арналған. Алматы, 1949. Б 44-51.

² Кәрібаев Ш. Абай Құнанбаев // Әдебиеттік оқу кітабы: 5 - класқа арналған. Алматы, 1950. Б 3-4.

Ш.Кәрібаевтың 5-сыныпқа арналған бұл оқулығы 1941-1960 жылдар аралығында қайта бастырылған¹. Тек бағдарламадағы өзгерістерге сәйкес оқулықта кейбір авторлар алынып, кей тұстары толықтырылып отырған.

Ал 1989 жылы оқулық жаңа автордың қосылуымен өңделіп, толықтырылғаны (құрастырушылар: Ш.Кәрібаев, С.Тілешова, К.Назарғалиева)².

1989-90 жылдардағы Қазақ ССР Халыққа білім беру министрлігінің бекітуімен мектептер он бір жылдық болып, орта буын сыныптар 5 - сыныптан басталуына сәйкес, аталған Ш.Кәрібаев, С.Тілешова, К.Назарғалиеваның авторлығындағы оқулық енді 6-сыныптікі делініп қайта бастырылған.

Осы тұста тоқталуға тиісті тағы бір оқулық 4-сыныптікі. 1967 жылғы мұғалімдер конференциясының шешімдеріне сай бастауыш сыныптар 1,2,3 болып, орта буын сыныптар 4,5,6,7 болып белгіленуіне байланысты 1971-1972-оқу жылындағы бағдарламаға орай осы жылы 4-сыныпқа «Әдебиеттік оқу» кітабы Т.Әбдірахманов пен Ә.Дайырованың авторлығымен жарық көрді.

Аталған оқулық 1989 жылға дейін өзгеріссіз он тоғыз рет басылым көрген. 1989-90 оқу жылында орта буынның ендігі жерде 5-сыныптан басталуына қатысты бұрынғы авторлар (Т.Әбдірахманов, Ә.Дайырова) жаңа автормен толықтырылып (Қ.Айтқалиев), оқулық қайта бастырылған³. 5-сыныпқа арналған оқулықтың жаңа нұсқасында негізгі оқу материалы өзгеріссіз басылғанымен әдістемелік құрылымы (методикалық аппарат) бұрынғы оқулықтан жетілдіріле түскені аңғарылады. Атап айтқанда мәтінге қатысты берілген сұрақ-тапсырмалар біршама жетілдірілген. Олардың мазмұны төмендегідей болып келеді: 1) Өлеңнен теңеу және балама мағынасында қолданған сөздерді табындар. 2) Теңеу (салыстыру) ретінде қолданылған сөздерден балама мағынасын беретін сөздердің бір-бірінен қандай айырмашылығы болатынын мұғалімнің көмегімен анықтап беріндер.⁴ т.б. Оқулықта әдебиет теориясынан эпитет туралы ұғым қалыптастыру көзделген. Т.Әбдірахманов, Ә.Дайырова, Қ.Айтқалиевтің авторлығында бұл оқулық 1995 жылға дейін өзгеріссіз беріліп келді.

6-сыныпқа арналған Қ.Бекхожиннің құрастыруындағы әдебиеттік оқу кітабы 1941 жылы жарық көрді⁵. Оқулық — оқушының басты білім алатын құралы. Сондықтан оқулықта оқушы орындайтын тапсырмалардың дұрыс құралуында үлкен мән бар. Сұрау-тапсырмалар арқылы оқушы білімін, білігін, сөйлеу тілін дамытады. Әдебиеттік оқу курсы ретінде орта буында оқушылардың кітаппен тығыз қарым-қатынаста болуы керек-ақ. Оқулықта осы мәселелерді жаттығулар арқылы ұтымды шешуге талаптанған. Кітапта

¹ Кәрібаев Ш. Абай Құнанбаев // Әдебиеттік оқу кітабы: 5 - класқа арналған. Алматы, 1960. Б 3-4.

² Ахметов Ш., Аманов Ш. Әдебиеттік оқу кітабы: 6-класқа арналған. Алматы, 1956. Б 149-152.

³ Ахметов Ш., Аманов Ш. Әдебиеттік оқу кітабы: 6-класқа арналған. Алматы, 1957. Б 150-153.

⁴ Сонда 94-95 б.

⁵ Бекхожин Қ. Әдебиеттік оқу кітабы: 6-класқа арналған. Алматы: 1941. Б 110-111.

сондай-ақ шығармаларда кездесетін мағынасы ауыр сөздерге түсіндірме сөздік берілген.

6-сыныпқа арналған бұл оқулық 1941-1951 жылдары қайталап шығарылып отырған. Бірақ қанша рет қайталанып басылғанымен мәтінмен жұмыс істеуге керекті әдістемелік талаптар жетілдірілмей көбінесе өзгеріссіз қалып отырған. Осыдан кейін 1952 жылдан бері қарай жаңа авторлардың құрастырумен шығарылған (авторлары Ш.Ахметов, Ш.Амановтар) оқулықтың да ілгеріде айтылған оқулықтан ерекше өзгеріп, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік талаптарға сәйкестенгендігі аңғарылмайды.¹ Сұрақтар мен тапсырмалар беруде, мәтінмен жұмыс жүргізуде белгілі бір қалыптасқан сарын сақталған.² Аталған оқулық 1952-1962 жылдары қалыпты шығарылып тұрған /174-183/. Әр өлеңнен кейін қысқаша сөздік келтірілген. 1989 жылы бұл оқулықтың авторлар құрамы (Ш.Ахметов, Р.Құтқожина болып) өзгертіліп, қайта басылып шықты. Орта буын сыныптардың өзгертілуіне байланысты, ендігі жерде 7-сыныпқа ұсынылған.³ Оқулықтың жаңартылып шығуында ілгеріде айтылған олқылықтар сол қалпында берілген. Аталған оқулықта оқу материалы бағдарламаға сәйкес қосылған.

Бұдан кейінгі бір көңіл аударарлық оқулық — 7-сыныптың «Әдебиеттік оқу» кітабы. Бұл кітап Ш.Кәрібаевтың авторлығымен 1940 жылы жарық көрген.⁴ Оқулықтағы сұрау-тапсырмалар оқушыларды ізденіске, шығарманың ішкі өзегін түйсінуге оқушылардың дүниетанымын кеңейтуге, баланың сезім мүшелерінің (көру, есту, иіскеу) қатыстылығын мазмұнды меңгеруге итермелейді. Мұғалімге де біршама әдістемелік бағыт-бағдар береді.

Сонымен қатар сұрақтар мен тапсырмаларда бала қиялын ұштауға арналған жұмыс түрі байқалады. Осы айтылған жұмыстардың негізінде баланы мәнерлеп оқу дағдысына орынды түрде бағыттайды. Кейін де бұл оқулық Ш.Кәрібаев, Н.Ғабдуллиннің авторлығымен шыққан.⁵ 1989-90 оқу жылында орта буын сыныптарының өзгеруіне байланысты осы оқулық өңделіп, толықтырылып 8-сыныптікі делініп ұсынылған.⁶

Енді бір тоқталып айта кететін оқулық — 1993 жылы «Рауан» баспасынан жарық көрген 8-сынып оқулығы. Авторлары: Н.Ғабдуллин, С.Мақпиров, Г.Құрманбаева.⁷ Жаңа әдебиет бағдарламасы негізінде «Жаңа буын» оқулықтары

1 Ахметов Ш., Аманов Ш. Әдебиеттік оқу кітабы: 6-класқа арналған. Алматы: 1952. Б 143-162.

2 Сонда, 147 б.

3 Ахметов Ш., Аманов Ш., Құтқожина Р. Әдебиет оқу кітабы. 7-класқа арналған оқулық-хрестоматия. Алматы: Мектеп, 1989. Б. 26-31

4 Кәрібаев Ш. Әдебиеттік оқу кітабы: 7-класқа арналған. Алматы: 1940.

5 Кәрібаев Ш., Ғабдуллин Н. Әдебиет оқу кітабы. 8-класқа арналған оқулық-хрестоматия. Алматы: Рауан, 1986.

6 Кәрібаев Ш., Ғабдуллин Н. Әдебиет оқу кітабы. 8-класқа арналған оқулық-хрестоматия. Алматы: Рауан, 1991.

7 Кәрібаев Ш., Ғабдуллин Н. Әдебиет оқу кітабы. 8-класқа арналған оқулық-хрестоматия. Алматы: Рауан, 1989.

жазылды. «Атамұра» баспасынан «Жаңа буынның» 5-сыныпқа, 6-сыныпқа арналған оқулықтары жарық көрді. 5-сынып оқулығының авторлары: Ә.Дайырова, Қ.Айтқалиев, Г.Құрманбаева, Ш.Беркімбаева.¹ 6-сынып оқулығының авторлары: К.Ісламжанұлы, С.Тілешова, Б.Әрінова, Р.Баттал.² Әрине, өткен уақыт, бұрынғы талап-сұраныс тұрғысынан қарағанда, бұл бағдарлама мен оқулықтар, бағдарламадағы қалыптасқан жүйе көп игілікті істі тындыруға мұрындық бола алды.

Орта буындағы «Әдебиеттің оқу» оқулықтары

1-кесте.

Арналған сыныптары	Жарық көрген жылдары	Оқулықтың авторлар құрамы	Оқулықтың аты
1	2	3	4
4-сынып	1967	Т.Әбдірахманов, Ә.Дайырова	«Әдебиеттік оқу» кітабы
4-сынып	1971-1972	Т.Абдрахманов, Ә.Дайырова	«Әдебиеттік оқу» кітабы
4-сынып	1973-1989	Т.Абдрахманов, Ә.Дайырова	«Әдебиеттік оқу» кітабы
5-сынып	1989-1995	Т.Абдрахманов, Ә.Дайырова, Қ.Айтқалиев.	«Әдебиеттік оқу» кітабы
6-сынып	1941, 1942, 1947	А.Көшімбаев	«Әдебиеттік оқу» кітабы
5-сынып	1940	Ш.Кәрібаев	«Әдебиеттік оқу» кітабы
5-сынып	1941-1960	Ш.Кәрібаев, С.Тілешова	«Әдебиеттік оқу» кітабы
1	2	3	4
6-сынып	1989-90	Ш.Кәрібаев, С.Тілешова, К.Назарғалиева	“Әдебиеттік оқу” кітабы
6-сынып	1941-1951	Қ.Бекхожин	«Әдебиет»
7-сынып	1989	Ш.Аманов, Ш.Ахметов, Р.Құтқожина.	«Әдебиет»
8-сынып	1989-1991	Ш.Кәрібаев, Н.Ғабдуллин	«Әдебиет»

¹ Әбдірахманов Т., Дайырова Ә., Айтқалиев Қ. Ш.Беркімбаева Әдебиет. 11 ж. казак орта мектебінің 5-касына арналған оқулық-хрестоматия. Алматы: Рауан, 1992.

² Ісламжанұлы К., Тілешова С., Әрінова Б., Баттал Р.Әдебиет. 6-касына арналған оқулық-хрестоматия. Алматы: Рауан, 1992.

Кеңес мектебі мен еліміз егемендік алған алғашқы жылдары қазақ әдебиетін орта буында оқытуға мұрындық болған «Жаңа буын» оқулықтары.

2-кесте.

Арналған сыныптары	Жарық көрген жылдары	Оқулықтың авторлар құрамы	Оқулықтың аты
5-сынып	2001	Ә.Дайырова, Қ.Айтқалиев, Г.Құраманбаева, Ш.Беркімбаева.	«Жаңа буын» оқулығы Әдебиет
6-сынып	2002	К.Ісләмжанұлы, С.Тілешова, Б.Әрінова, Р.Баттал.	«Әдебиет»
7-сынып	1993-2003	Р.Құтқожина, Қ.Бітібаева, Қ.Жаманбаев.	«Әдебиет»
8-сынып	1996-2004	Н.Ғабдуллин, С.Мақыпов, Г.Құрманбаева	«Әдебиет»

Өмір өзгерісі көзқарас, әрекет өзгерісіне ұласатыны белгілі. Ел тәуелсіздігімен қатар оқу-ағарту саласында да бірнеше реформалар орын алды. Бұл өз кезегінде жаңа типті бағдарламалардың жазылуына сұраныс тудырды.

Алғашқы әдістемелік ізденістер. Қазақ әдебиеті жеке пән ретінде отыз екінші жылдан бастап оқылғанымен қазақ әдебиеті әдістемесінің туу тарихы одан ерте басталатынына ұлы ұстаздардың оқыту саласындағы жасаған мұрасы — алғашқы оқу құралдары, әдебиет оқулықтары мысал бола алады. Сол әдебиет оқулықтары әдебиет әдістемесіне алғашқы баспалдақ болып есептеледі. Осы тұрғыда ұлы ұстаздар Ыбырай Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясының, Спандияр Көбеевтің «Үлгілі бала», «Үлгілі тәржімәсі» қазақ әдебиеті әдістемесіндегі алғашқы еңбектер деуге толық негіз бар. Себебі бұл оқулықтардағы оқу материалдары оқушылардың жас ерекшелігіне, таным, түсінік деңгейіне орай сұрыпталып, оқушылардың берілген материалды қабылдау мүмкіндігіне сай келген. Автордың өзі кітап туралы былай деген: «Үлгілі бала» хрестоматиясында Крыловтың өзім аударған мысалдарын кіргіздім, орыс классиктерінің балаларға арнап жазған қысқа әңгімелерін қазақ тұрмысына лайықтап жаздым. Сол сияқты қазақтың бай ауыз әдебиетін сұрыптап пайдаландым. Осымен қатар, бұл кітапқа табиғат туралы оның әр алуан құбылыстары туралы, география, өсімдік, жануарлар туралы мағлұматтар беретін, балалардың ұғымына сиымды және қызықты қысқа-қысқа әңгімелер, мысалдар кіргіздім. Әрбір әңгіменің соңына сұрақтар қойдым». Осының өзінен оқыту әдістемесіне жасалған алғашқы қадамды айқын аңғаруға болады.

Алғашқы оқулықтардың дүниеге келуі әдістеме ғылымының басталар алғашқы қадамы ғана. Жалпы қазақ әдебиеті әдістемесінің тууы қазақ әдебиеті жеке пән ретінде оқылуымен іліктес өрбіп отырған деуге болады.

Қазақ әдебиеті пәнінің дүниеге келуі өзімен қоса шешімі күрделі көптеген мәселелерді туындатты. Сөйтіп отызыншы жылдардан бастап әдебиет әдістемесінің кейбір мәселелерін баяндайтын мақалалар жазыла бастады. Алғашқы мақалаларда көпшілік мұғалімдер қажет етіп отырған мәселелер сөз етілді. «Абай» журналының 1918 жылғы 11 санында жарық көрген М.Әуезовтің «Оқу ісі» мақаласы мектеп ашу мәселесіне арналды.

Осындай өзекті мәселелерді көтерген алғашқы мақалалар авторының бірі — Ә.Мәметова. 1932 жылы жарық көрген «Әдебиет құралы» оқулығына С.Сейфуллин, І.Жансүгіровтермен бірге автор болған әдіскердің 30-40 жылдары жарық көрген мақалалары «Ауыл мұғалімі» кейіндеп «Халық мұғалімі» аталған әдістемелік журналда жарық көріп отырған. Әдіскердің мақаласы көбіне оқу үдерісін ұйымдастыру мәселелеріне, әдебиет пәнінің саяси-әлеуметтік, идеологиялық ықпалын қарастыру мәселелеріне арналады.

Ә. Мәметованың 1927 жылы «Қызыл Қазақстан» «Көркем әдебиет туралы» деген мақаласы, «Халық мұғалімі» журналының 1934 жылғы №8 санындағы «Мектеп балаларын әдебиетпен таныстыру» атты мақаласы, аталған журналдың осы жылғы № 9 санында «Үшінші бөлімде әдебиет шығармасын талқылау түрі» деген мақаласы «Ауыл мұғалімі» журналының 1935 жылғы № 6 санында, «Балаларымызға көркем әдебиеттің ең жақсы нұсқауларын беретін уақыт жетті» деген мақаласы жарық көрген.

Ә.Мәметова: «Шығарманы оқушылармен таныстырмас бұрын әуелі оқытушы өзі жақсы талдап түсініп алуы тиіс. Онан кейін оқушыларға берілетін негізгі мәліметі қайсы, қосымша беретін түсінігі қай дәрежеде, ол алған білімдерін оқушылар қай жолмен нығайтады осылар оқытушыда анық болуы тиіс», - деген пікір айтады.

«Балаларға көркем әдебиеттің ең жақсы нұсқаларын беретін уақыт жетті» деген мақаласында Ә.Мәметова мектепте оқылатын шығармалардың оқушы ұғымына лайықтылығын сөз етеді. 1928 жылдан бергі балалар әдебиетінде 30-40 шамалы ғана кітап бар екенін, оның өзі аударма кітаптар ғана екендігін сөз етеді. Балалар әдебиетінің күрделі екендігін айта келе, сыншылар мен әдебиетшілер тарапынан осы мәселелердің қолға алынуы қажеттігін ескертеді.

30-жылдардағы әдістемелік ой-пікірлердің даму деңгейі, әсіресе, Ә.Үсеновтің «Ауыл мұғалімі» журналында жарияланған «Көркем әдебиет сабағының методы»¹ «Көркем әдебиет сабағының түрлері»² мақалаларынан көрінеді. «Көркем әдебиет сабағының методы» атты мақалада әдебиет пәні сынып өскен сайын күрделеніп, оқушылардың әдебиеттану ғылымының теориялық мәселерімен де таныс болу керектігі айтылады. Автор: «Ү сыныптан бастап-ақ «әдебиет-образ бен шындықты ашық сана арқылы

¹ Үсенов Ә. Көркем әдебиет сабағының методы // «Ауыл мұғалімі журналы» №4, 1934 - 10-15 б.

² Үсенов Ә. Көркем әдебиет сабағының түрлері // «Ауыл мұғалімі журналы» №4, 1936

танытатын және адамға тәрбие беретін құрал деген анықтаманы бірте-бірте шәкірттер санасына ұялату керек. Ал жоғарғы кластарда бұның үстіне көркем әдебиеттің жаратылысы мен өзіне жас ерекшелігі туралы балалардың ұғымын кеңітіп, әрі тереңдету, материалды сын көзімен оқу, анализ жасағанда типтер мен образдарды терең тану, әдебиет стилін білу т.б. керек болады»¹ - деген пікір білдіреді. Ә.Үсенов жаңа сабақты үш топқа бөліп көрсетеді:

1. Оқушыларды тарихи және тарихи-әдеби материалдармен таныстыру;
2. Шығарма тексін оқытып, жақсы таныстыру;
3. Шығарманы талдап, анализ беру.

Мақалада төменгі сыныптар мен жоғары сыныптардағы материалдың көлеміне қарай төменгі сыныптарда сыныптағы талдау жұмыстарына көбірек орын беріліп, көлемі үлкендеу шығармаларды жоғары сыныптарға беруге болатынын айтуы автордың әдіскер ретінде оқушының жас ерекшелігі мен қабілетін дұрыс саралай алғандығын танытады. Сондай-ақ мұғалім сыныпта өз бетімен орындалатын жұмыстарға бағыт беріп, басшылық жасауы керек деген ой арқылы да шығармашылық сабақ мәселесіне жақындай түседі. Автор мәтінді оқыту жолдарын, мазмұндап айту, жас ерекшелігіне қарай талдау жасату, шығармадағы характер, тип, образ, шығарма композициясы, сюжеті, шығарма тілі, көркемдік құны, әдісі, стилі, шығармадағы мазмұн мен форма т.б. ерекшеліктеріне көңіл бөлгізу керектігін айтады. Әдебиеттің пән ретіндегі ерекшелігін басқа пәндермен салыстыра көрсету керек деген де ой айтылған. Жалпы алғанда, бұл мақаланың бағалы жағы — сол тұстағы оқыту дәрежесіне қарағанда алғаш осы күнгі шығарма талдау жолдарын көрсетуінде байқалады. Солай бола тұра, әдістемелік бұл тарапты айтылған автордың ой-пікірлерінің белгілі бір ғылыми-теориялық негіздері жоқтығы байқалады. Мақалада әдіс пен тәсілдің ара жігі айқын емес.

Ә.Үсенов «Көркем әдебиет сабағының түрлері» атты мақаласында: «Сабақ дегеніміз — алдына қойған анық мақсаты бар, оқушыларға білім беріп, оларды әртүрлі жаттығу жұмыстарымен қаруландыратын, оқу процесін ұйымдастырып, оқушыларды үздіксіз тәрбиелеп отыратын жұмыстың түрі» деген нақты анықтама береді².

1936 жылы «Ауыл мұғалімі» журналының №9-санында жарық көрген. А.Көшімбаевтың «Қазақтың орталау мектептеріне арналған әдебиеттік оқу программасының схемасы», «Ауыл мұғалімі» журналының 1938 жылғы №18-санында, М.Жүнісовтің «Абай мектепте» деген мақаласы «Коммунист» газетінің 1940 жылғы 15-қазан айындағы санында, Ә.Қасымбековтің «Абайдың ұстаздық қызметі» атты мақаласы «Жаңа ауыл» басылымының 1940 жылғы 20-қыркүйектегі санында тағы да басқа осы тектес мақалалар жарияланған.

Отызыншы, қыркыншы жылдарда жарық көрген бұл мақалаларда қазақ әдебиетінің жалпы мәселелері, алғашқы оқу құралдарының сапасы, партия

¹ Сонда, 12 б.

² Үсенов Ә. Көркем әдебиет сабағының түрлері // «Ауыл мұғалімі журналы» №4, 1936. - 11 б.

қаулыларының орындалуы, саяси-әлеуметтік мәселердің сол кездегі әдебиет пәніндегі қамтылуы, әдебиет пәнінің идеологиялық ықпалы, оқу бағдарламаларының кемшіл тұстары сөз болады.

Қырқыншы жалдарға дейін қазақ әдебиетінің әдістемесінің қалыптасу кезеңі болды деуге болады. Бұл қалыптасу бірнеше бағыттағы үдерістен көрінеді: осы кезеңде мектептің сабақ жүйесі қалыптасты, яғни жалпыға бірдей орталау және орта білім беру жүйесі құрылды; әдебиет оқулықтарының ғылыми-әдістемелік, материалдық базасы қалыптасу үстінде болды; оқу бағдарламалары мен оқулықтарының әдістемелік құрал ретіндегі рөлі күшейе түсті. Әдебиет оқулықтарының оқушы мен мұғалімнің сүйенетін негізгі құрал ретіндегі рөлінің күшейуі ендігі жерде әдістемелік жүйесін де нығайту талабын туғызды. Ендігі жерде мектеп оқулықтарына әдістемелік нұсқаулардың жазылу қажеттігін туындатты. Сол тұстағы идеологияның әсерінен мектепте оқылатын ақын-жазушыларды іріктеу үлкен жауапкершілікпен жүзеге асырылуы себепті, ендігі жерде жеке ақын-жазушылар өмірі мен шығармашылығын мұғалімдерге түсіндіруге арналған танымдық мазмұндағы кітапшалар пайда болды.

Қ.Жармағамбетовтің «Жамбыл Жабаевтың өмірі мен творчествосы» (1955), С.Сейітовтің «Тайыр Жароков творчествосы» (1955), «Ғабит Мүсірепов творчествосы» (1955), А.Нұрқатовтың «М.Әуезов творчествосы» (1956) деген кітапшалар жарық көрді. Бұл кітапшаларда арнайы әдістемелік нұсқау болмағанымен, әдебиет материалы ретінде шығармаларға түсініктеме жасалған.

1957 жылы С.Тілешованың «V класта көркем шығармаларды оқыту жолдары» атты мұғалімдерге арналған көмекші құралы жарық көрді. Бұл әдістемелік құралда да шығарманың идеялық мәнін ашу туралы сол тұстағы талап пен жетекші бағытқа нұсқау жасалады: «Мұғалім шығарманың идеялық, тақырыптық құндылығына көп көңіл бөлсін, яғни автордың айтпақшы болған шығармадағы негізгі, түйінді пікірді оқушыларға жеткізу басты міндет болып саналсын»¹ -деген пікір жазады. Осының өзінен қазақ әдебиетінде 50 жылдарда да авторитарлық жүйенің басымдығы көрініс береді.

С.Тілешованың аталған әдістемелік құралында бір сыныпқа берілген әдебиет пәні материалы түгел қамтылған. Яғни 5-сынып оқулығына жазылған алғашқы әдістемелік нұсқау болып табылады.

1957 жылы М.Шәріпованың «X класта М.Әуезовтің «Абай», «Абай жолы» романдарының кейіпкерлерін талдау» деп аталған әдістемелік кітапшасы жарық көрді. Кітапшада оқушылардың жан-жақты дайындығына көңіл бөлу, оқушыларды іздендіруге жол ашу, мәтінмен жұмыс жүргізудің кейбір әдістері ұсынылған².

¹Тілешова С. V класта көркем шығармаларды оқыту жолдары. – А., Мектеп, 1957. – 42 б.

²Шәріпова М. X класта М.Әуезовтің «Абай», «Абай жолы» романдарының кейіпкерлерін талдау. –А., Мектеп, 1957.

Оқушыларды іздендіру жолдары, оқушылардың ауызша тілін, жазба тілін дамыту жолдарын ұсынған ғылыми-практикалық жағынан мәнді еңбектің бірі — С.Тілешованың «Әдебиеттік оқу сабақтарындағы жазба жұмыстарының түрлері және жаздыру жолдары» атты әдістемелік мақаласы. Мақалада ауызша және жазбаша тіл дамыту жұмыстары бірін-бірі толықтырып тұратын, бір-бірімен сабақтастықта жүргізілетін әрекет екендігі орынды айтылған, мысалдармен дәйектелген. Сынып бойынша жазбаша және ауызша тіл дамыту жұмыстарын алдын ала жоспарлау үлгісін ұсынады¹.

1946 жылы «Халық мұғалімі» журналында жарияланған Ә.Қоңыратбаевтың «Мектепте Абайдың мысал өлеңдерін оқыту туралы» деген мақаласы — осы тұста жазылған белгілі бір шығарманы жанрлық ерекшелігіне қарай оқыту жолдарын ұсынған алғашқы мақала². Оқушы түсінігіне жеңіл, қызғылықты шығармалар есебінде бағдарламадан мысал өлеңдері де орын алған болатын. Сондықтан бұл мақала өзекті мәселені қозғаған еңбектің бірі деп айтса болғандай. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының 1958 жылғы №3-санында жарық көрген М.Төрежановтың «Мысал өлеңдерді оқыту» атты мақаласы осы тектес шығармаларды оқыту туралы жазылған көлемді мақаланың бірі болып саналады. Мақалада төменгі сыныптарда Абайдан өтілетін мысал өлеңдердің ақынның басқа өлеңдерімен және қара сөздерімен өзектестігі, идеялық мағынасы туралы түсіндіре келіп, Крыловтан аударылған Абайдың үш өлеңі мен Ы.Алтынсарин аударған нұсқасын салыстыра сипаттайды³. Оған қоса автор сабақ барысында, мысал өлеңдер бойынша жұмыс жүргізудің өзіндік жоспарын құрып ұсынады, бірақ оны іске асыруда мұғалім қандай ұтымды әдістер қолданатыны туралы сөз қозғалмайды. Осыдан ары қарай әдебиет пәнінің жүргізілу сапасын арттыру бағытындағы әдістемелік ізденістер бірте-бірте көбейе бастады.

1957 жылы Ә.Дербісалиннің «IX сыныпта Ы.Алтынсарин творчествосын оқып-үйрену» атты әдістемелік құралы жарық көрді⁴.

Осы жылы Алматы қаласында қазақ тілі мен әдебиеті оқытушыларының республикалық кеңесі өткізілді. Кеңесті 1940-57 жылдардағы қазақ тілі мен әдебиетінің мектепте оқытылу жайы қорытындыланды. Жер-жерден келген озат тәжірибелі мұғалімдердің пікірлері ортаға салынды, оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, сыныптан тыс оқуды жетілдіру мәселелері қозғалып, келешекте атқарылатын істер межеленді. Орыс әдіскерлерінің еңбектерін қуаттап, центристік бағыт ұстанып отырған қазақ әдебиеті әдістемесінде әдебиетті оқытудың кейбір жеке-жеке мәселелеріне іргелі зерттеу жұмыстары да жүргізіле бастады. Қазақ әдебиеті әдістемесінің тарихында 1960 жылдардың орны ерекше. 60-жылдардың екінші

¹ Қазақ әдебиеті мұғалімдерінің іс тәжірибесі. А., Мектеп 1972

² Қоңыратбаев Ә. Мектепте Абайдың мысал өлеңдерін оқыту туралы. // Халық мұғалімі. 1946. №9-10. Б 8-13.

³ Төрежанов М. Мысал өлеңдерді оқыту. // Қазақ тілі мен әдебиеті. 1958. №3. Б. 10-18.

⁴ Дербісалин Ә. X класта С.Мұқанов творчествосын оқыту үшін көмекші құрал. Алматы: ОПБ, 1957. — 60 б.

жартысында Ә.Қоңыратбаевтың «Әдебиетті оқыту методикасының очерктері»¹, «Қазақ әдебиетінің методикасы»², А.Көшімбаевтың «Қазақ әдебиетінің методикасы»³, «Орта мектептің қазақ әдебиетін оқыту методикасының мәселелері»⁴ деген еңбектері жарық көрді. Аталған еңбектерді қазақ әдебиеті әдістемесінің іргелі мәселесін көтергендігі жағынан бағалы деп білуге болады. Осы бір кезеңдерде жеке ақын-жазушылар шығармаларын дербес талдау көбірек қолға алынды. Ә.Дербісалиннің «С.Мұқанов творчествосын оқыту үшін көмекші құрал»⁵, Ә.Дайырованың «Орта мектепте І.Жансүгіров творчествосын оқыт»⁶, С.Қалиевтің «Ғ.Мүсірепов шығармаларын қазақ орта мектебінде оқыту»⁷, Қ.Тасболатовтың М.О.Әуезовтің творчествосын орта мектепте оқыту мәселелерін талдаған «Әдебиет сабағында оқушылардың танымдық белсенділігін артыру жолдары» деген мұғалімдерге арналған көмекші құралдар жарық көрді⁸.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары мен тапсырмалары:

1. XX ғасырдың басындағы алғашқы мектептердің ерекшеліктері қандай? Ондағы оқу мазмұнын сипатта.
2. Алғашқы бағдарламаларды құруда қандай ізденістер болды? Алғашқы бағдарламалардың құрылысы мен мазмұны қандай?
3. Алғашқы «Қазақ әдебиеті» оқулықтары. Олардың қалыптасу тарихы
4. Алғашқы әдіскер ғалымдарды ата. Әдістемелік еңбектері қандай?

Әдебиеттер тізімі:

1. Әрінова Б. Қазақ әдебиеті әдістемесінің қалыптасу тарихы. – Алматы: 2003 ж.
2. Жұмажанова Т.Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. (мектеп ұстаздары мен болашақ әдебиетші студентке арналған) -Алматы: Білім, 2009.

Қосымша:

3. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. –Алматы: Рауан, 1997.

¹ Қоңыратбаев Ә. Әдебиеттік оқу методикасы, очерктері. – Алматы: ҚМОПБ, 1962. – 212 б.

² Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің методикасы. –Алматы: Мектеп, 1964. – 280 б.

³ Көшімбаев А. Қазақ әдебиетінің методикасы. Алматы: Мектеп. 1969.– 243 б.

⁴ Көшімбаев А. Орта мектептің қазақ әдебиетін оқыту методикасының мәселелері. – Алматы: Мектеп, 1970. – 250 б.

⁵ Дербісалин Ә. X класта С.Мұқанов творчествосын оқыту үшін көмекші құрал. Алматы: ОПБ, 1957. – 60 б.

⁶ Дайырова Ә. Орта мектепте Ілияс Жансүгіров творчествосын оқыту/ көмекші құрал/ Алматы: Мектеп, 1969. –124 б.

⁷ Қалиевтің С. Мектепте Ғ.Мүсірепов шығармаларын оқыту жолдары. Алматы: Мектеп, 1974. –146 б.

⁸ Тасболатов Қ. Әдебиет сабағында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру жолдары.– Алматы: Мектеп, 1974. –80 б

1. 5. ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚИТУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МАЗМҰНДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1.Тәуелсіздік жылдарындағы оқу бағдарламаларындағы өзгерістер.

2.Тәуелсіздік жылдардағы жалпы білім беретін мектептерге арналған оқу бағдарламаларының құрылысы мен мазмұны.

3.Жалпы білім беретін орта мектептің әдебиет пәні бағдарламаларын жетілдіру жолдары.

Тәуелсіздік жылдарындағы оқу бағдарламаларындағы өзгерістер.

1997 жылы 5-9 сыныптарға арналған қазақ әдебиеті бағдарламасының жобасы жасалды. Ол 1999 жылы Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі мақұлдаған Қазақ әдебиеті пәні бағдарламасы шықты¹. Бағдарламаны түзушілер: С.С.Қирабаев, Ә.М.Дайырова, Г.С.Құрманбаева, С.Мақырұлы, Т.Қ.Жұмажанова, С.Р.Дүйсебаева, Б.Ә.Әрінова, Н.О.Әбдіғаппарова. Бағдарламада бұрынғы оқу материалы қайта сұрыпталды, білім берудің гуманистік, адамгершілік ұстанымына баса назар аударылды. Әдебиеттің эстетикалық бағыты күшейтілді. Ел егемендігімен қуаттанған ұлттық арман, мүдде көрнекті тұлғаларымыздың әдеби мұрасын оқыту барысында жас ұрпақтың дүниетанымы, салт-санасын, тілі мен ділін көркем шығарма өзегінде шыңдау мүмкіндігіне жол ашты. А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердіұлы сынды тұлғаларымыздың шығармалары бағдарламадан орын алды. Басқа да оқу материалдары сұрыпталып, жаңа оқу мазмұнымен толықты.

Қазақ әдебиеті пәнінің бағдарламасы 1932 жылы алғашқы пән ретінде оқытылған кезден бері сан түрленіп, сан түледі. 1960-90 жылдар аралығында қазақ әдебиеті пәнінің бағдарламасы біршама тұрақталып, жүйеленіп, бір ізге түскен болатын. Бағдарламалардың сапалы жасалуында Ш.Кәрібаев, Ә.Қоңыратбаев, Ш.Аманов, С.Тілешова, Ә.Дайырова қатарлы белгілі педагог ғалымдардың сіңірген еңбегі зор. Ол бағдарламалар өткен күннің еншісінде қалып, еліміз тәуелсіздік алғаннан беріде жаңа бағдарламалар дүниеге келді. Бағдарламаларға қосымша салалық бағдарламалар да жазылды. Оларға «Жалпы білім беретін қазақ мектептерінің 7-9 кластарында қазақ тілі мен әдебиетін теориялық әрі практикалық жағынан тереңдете оқыту программасы»², Жалпы білім беретін қазақ мектептерінің 10 сыныбына арналған «Түркі халықтары әдебиеті пәнінің бағдарламасы»³ (Авторлары –Ә.Қанафин, Ө.Тыныбаева), «Абай шығармаларын орта мектепте тереңдете оқыту бағдарламаларын» айтуға болады⁴.

¹ Бағдарлама. Қазақ әдебиеті. V-IX сыныптар. –Алматы: Рауан, 1999. –52 б.

² Қанафин Ә., Жалпы білім беретін қазақ мектептерінің 7-9 кластарында қазақ тілі мен әдебиетін теориялық әрі практикалық жағынан тереңдете оқыту программасы.– Алматы, 1989.

³ Тыныбаева Ө. Жалпы білім беретін қазақ мектептерінің 10 сыныбына арналған «Түркі халықтары әдебиеті пәнінің бағдарламасы» –Алматы, 1992.

⁴ Керімбеков Н. Абай шығармаларын орта мектепте тереңдете оқыту. // Қазақ тілі мен әдебиеті. 2001. № 4. Б. 3-8, № 5. Б. 3-8. №6. Б. 3-6.

Тәуелсіздік жылдарындағы жалпы білім беретін мектептерге арналған оқу бағдарламаларының құрылысы мен мазмұны. Орта мектептің әдебиет пәніне арналған жаңа бағдарламаларда кеңес кезеңіндегі қалыптасқан жүйеден ауытқу немесе үлкен алшақтық байқалмайды. Тәуелсіздік алғаннан бергіде әдебиеттану ғылымының жаңа тынысы ашылып, мектеп бағдарламаларына әдебиетіміздің көрнекті тұлғаларының шығармалары енгізілді. Халқымыздың көркем мұрасын таныту, әдебиеттану ғылымының көркем әлемін ашу әдебиет пәнінің басты мақсатын құрайды. 5-9 сыныптар аралығында алынған оқу материалы, оның 5-7 сыныптағы берілу тәртібі пәннің басты міндеттерін қанағаттандырады. Бағдарламадағы бір жаңалық: орта буын болып етептелетін 5-9 сыныптар екі салаға жіктеліп, алғашқысы әдебиеттік оқу бағытында болса, 8-9 сыныптарға әдебиеттің бастапқы тарихи курсы енгізілді. Ал, әдебиеттің біршама көлемді тарихи курсы 10-11 сыныптарға ұсынылды. Бағдарламадағы бұл өзгерістің сапалы білім қалыптастыруға қаншалықты үлес қосқаны туралы пікір білдіру қиын. Әйтсе де, көзге ерекше көрінетін кейбір олқылықтарға жол берілгендігін айтқан жөн. Мәселен, орта мектеп бағдарламасында бұрыннан әдебиеттің қысқаша тарихи курсы оқытылатын. 9-11 сыныптарға топтастырылған тарихи курс аясында ауыз әдебиеті, кейбір хандық дәуір әдебиетінің өкілдері, XIX ғасыр, Кеңес кезеңіндегі әдебиет, сол кезеңдердегі тарихи, шығармашылық тұлғалар қамтылатын. Жалпы білім беретін мектептер үшін лайықты әдеби білім қоры қалыптастырылатын. Ал жаңа бағдарлама бойынша мектепте оқытылатын тарихи курс екіге жіктеліп барлық тұтас курс 8, 9, 10, 11 сыныптар, жалпы алғанда төрт сынып бойы оқытылады. Былай алып қарағанда университет қабырғасында бір пән бойынша белгілі бір мамандық алуға берілетін бакалаврлық білім мөлшері болып шығады. Егер оқушылар аталған бағдарлама арқылы филологиялық терең білім алып шығар болса, төрт жылдық тарихи курсқа еш уәж болмас еді. Өкініштісі кейінгі жылдары оқушылардың мәтін оқуға қызығушылығының төмендегені туралы жиі сөз қозалады. Бағдарламада, әсіресе 8-сыныпта IV ғасырдағы Орхон-Енисей жазбаларынан бастап XIX-XX ғасырдағы ақын, жазушыларға дейінгі оқу материалы қамтылған. Әрі авторға берілген сағат саны мардымсыз. Бір сынып көлемінде оқу материалын мөлшерден тыс көптігі терең әдеби білім қалыптастыруға елеулі кедергі жасайды. Әр сынып бойынша оқу материалының қайталанып ұсынылатын тұстары да кездеседі. Айталық: аталған сынып М.Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасымен» танысады, 9 сыныпта «Абай жолы» эпопеясы 5 сағат көлемінде оқуға жоспарланған да, 11 сыныпта «Абай жолы» эпопеясы қайта ұсынылған. Осындай қайталауларды басқа авторларға да қатысты айтуға болады.

Жалпы білім беретін орта мектептің әдебиет пәні бағдарламаларын жетілдіру жолдары. Жасыратыны жоқ, әдебиет пәнінің бағдарламасы бойынша көп сыныпта оқу ақпараты мөлшерден тыс көп. Кейінгі кезде «білім» деген түсініктің өзі «ақпарат» деген ұғыммен астастырыла, алмастырыла қолданылып жүр. Сондықтан да болар ҰБТ бойынша ЖОО-на есінде оқу ақпаратын көбірек сақтайтын оқушылар жолдама алып жатады. Психо-

лог мамандардың пікірі бойынша есте сақтау қабілетінің кей балада жоғары, кей балада төмен болуы заңды құбылыс. Ал білімділік баланың есте сақтау қабілетінің жоғары болуына түбегейлі тәуелді емес. Яғни білім меңгерудің түрлі қызметі бары белгілі. Өкініштісі алынған оқу ақпаратын өз қажетіне қолдана алу, өз санасында қорытып, пайымдай білу (интерпретациялау) деген білім, білікке, машыққа көңіл бөліну қажеттігі ескерілмейді. Оқу үдерісін бағдарлау үшін жасалатын бағдарламалар жоқтығы байқалады. Сонда білімнің көрсеткіші «қай жылы», «қашан», «қандай шығармалары бар?» деген жалаң сауалдардың жауабы ғана болып шығады. Себебі ұлттық тесті көбінде осы тектес сауалдардан құралып жүр.

«Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану» атты оқу құралында А.Әлімов бүгінгі ақпарат туралы мынадай мәлімет келтіреді: «Білімнің жылдан жылға дамып, өсіп отырғандығында дау туғызбайтын аксиома. Мәселен, ғалымдар адамзаттық бар білетіні 1800-1900 жылдар аралығында (жүз жылды) екі есе өскен деген есеп келтіреді. Ал білімнің келесі екі есе өсуі енді елу жылда (1901-1950) орын алыпты. Осыдан кейінгі еселену жиырма жылда (1951-1970) содан соң он бес жылда (1971-1985) болған екен. Ал қазіргі кезде білім әр бір төрт жыл сайын екі есе ұлайып отыр дейді ғалымдар. Білім тура осы қарқында үдей беретін болса, аз уақыттан кейін адамзаттың бар білетіні әрбір 76 күнде екі есе өсіп отыратын көрінеді...

Қазіргі заман - ақпарат заманы, ол жан-жақтан әртүрлі формада (кітап, газет-журнал, теледидар, радио, қарым-қатынас, интернет, жарнама т.б.) орасан зор көлемде ағыл-тегіл келіп түсуде. Алайда адам өзінің шектеулі миымен барлық ақпаратты есте сақтап, игере алмайды, оған уақыты, тіпті өмірі жетпейді... Сонымен, білім-ақпарат» формуласы бүгінгі күні ескірген, білім ақпарат емес деп ұйғаруға әбден болады»- деген ойға қонымды пікір білдіреді¹.

Мектеп бағдарламаларына көптеген авторларды, көп оқу материалын енгізу білімді мазмұнды етеді деген жаңсақ пікір. Біздің пікірімізше, көркем ойдың көгіне көтерілген классикалық шығармалар арқылы көрнекті ақын, жазушыларымыздың таңдаулы туындылары арқылы әдеби білім мазмұнын қалыптастыруға күш салынуы қажет. Оның есесіне мейлінше көркем шығарманы талдауға, практикалық сағаттарға, өзіндік білім мен шығармашылыққа көбірек көңіл бөлініп, оқушылардың таным әрекеті мен эстетикалық талғамын, оқырмандық ынтасын көтеруге күш салу, оқушының бағдарламаға енбеген шығарманың өзін, тіпті барлық көркем әдебиетті оқуға деген ықылас-ынтасын арттырған болар еді.

Ал бүгінде сырттай білім алып, мектептерде жұмыс істеп жатқан мұғалімдеріміз жоқ деп есептегеннің өзінде жоғары оқу орнын үздікке бітірген, білікті ұстаздармен әбден қаруланған болуымыз, әр маман академиялық біліммен қаруланған болуы қажет болып шығады. Себебі мардымсыз сағатқа үйіп-төгіп берген оқу материалын оқытуға академиялық білім де

¹ Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. – Алматы, ЖШС «Жедел басу баспаханасы, 2009 –16 б.

жете қоймас. Немесе ауқымды материалды сіңірудің жаңа бір әдіс-тәсілдерін іздестіру керек болар.

2011 жылы шыққан Қоғамдық-гуманитарлық жалпы білім беретін мектептердің «Әдебиет бағдарламасы»¹ бойынша 11 сыныптарда барлық шығармашылық тұлға 1 сағат, нақтырақ айтсақ, 45 минутта оқытылады-мыс. А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Торайғыров, С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Б.Майлин, І.Жансүгіров, Ж.Жабаев, С.Мұқанов, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов сияқты ірі тұлғаларымыздың шығармашылығын 1-сағат көлемінде қалай оқытуға болады?! Сол бір сағат ішінде авторларымыздың әрқайсысының түрлі жанрадағы шығармаларын: поэзиясы, драмасы, шағын, орта, кең көлемді прозасын да қамту көзделген. Шығармаларына шолу жасаудың өзі елеулі уақытты қажет етеді. Белгіленген уақыт көлемінде осынша материалды қамту мүмкіндігі қаншалықты?

Ең таңдаулы сабақ дегеннің өзі интерактивті тақтадан көрсетілетін әртүрлі материалдар мен сызбалар, ұнтаспа т.б. техникалық құралдарға сүйене айтылатын мұғалімнің біршама сәтті дайындалған шолу дәрісі болып шығады.

Осындай оқу бағдарламасы мектептегі әдебиет сабағының мазмұнына елеулі ықпал етіп отыр. Ал әдістемелік тұрғыдан аңғарылатыны мұғалімдердің көбіне хронологиялық кестеге, сол бойынша автордың қысқаша шығармашылық картасына сүйенетіні, анықтамалық сұрақтар мен ақпаратқа басымдық беретіні аңғарылады. Себебі тестің сұранысы да осы ақпараттар. Сондықтан әдебиет сабағы статистикалық ақпаратқа толы жалаң мәліметтер жиынтығы болып шыға келеді.

Оқушылардың мәтін оқудан шеттетілгені соншалықты, тіпті М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын әдіскерлеріміздің мәтін оқудан безінген оқушыларға бейімдеп қысқартып бір кітап етіп жинаған нұсқасы да практикада болды. Төрт кітаптан қысқартылып шағындалып ұсынылған «Абай жолы» шығармасын да оқыту оңайға соқпаған болар. Себебі әдіскерлеріміз сол алғашқы тәжірибесімен шектелді. Кейін басқа авторларымызға мұндай «тәжірибе» жасай қойған жоқ.

Әдебиет сабағы рухани өмір сабағына айналу үшін жалаң ақпаратты сырып қойып, шығарманың өн бойына еркін көсілу керек. Белгілі әдіскер Е.Н.Ильиннің шығарма талқылау арқылы өткізетін тіл өнері сабақтарындағы «өмірге ену», «тіректер іздестіру», «тіл табысу өнері», «қарсы қадам» т.б. ұстанымдары арқылы оқушы санасынан жүрегіне жол салатын әдіс-тәсілдері әдебиет сабағы үшін аса маңызды². Ал тиімді әдіс-тәсілдер мен технологияны пайдалана алатын мүмкіндікті бағдарлама жасаудан бұрын есепке алған орынды. Әдебиет – халықтың теңдессіз мұрасы, рухани қазынасы, рухани құндылық. Басты құндылықты оқушы бойына дарытарлық мүмкіндік

¹ Қазақ әдебиеті оқу бағдарламасы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық ғылым академиясы, Астана, 2011

² Педагогикалық ізденіс. –Алматы, Рауан, 1990. –231б.

жасалмаса, том-том кітаптар жазу мен бағдарламалар түзудің қандай қажеттілігі бар деген заңды сұрақ туындайды.

Бағдардың дұрыс болуы – бастаманың бағы. Бүгінгі ақпарат ағымы мол жүрдек уақыт өзіне барынша мүлтіксіздік пен парасаттылықты талап етеді. Халық қазынасын ұрпақ игілігіне жарату, ұрпақтың дамуы мен кемелденуіне жұмсау үшін әдебиет пәні бағдарламасын жетілдіру әлі де өзекті мәселе болып отыр.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 09.07.2010 жылғы №367 бұйрығымен бекітілген Т.Қ.Жұмажанова, Б.А.Әрінова, Г.С.Құрманбай, А.Т.Мадиевалардың авторлығындағы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жалпы білім беретін мектептің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқу бағдарламасы сондай-ақ аталған бұйрықпен бекітілген С.С.Қирабаев, Т.Қ.Жұмажанова, Б.А.Әрінова, Г.С.Құрманбай, А.Т.Мадиевалардың авторлығындағы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математикалық бағыт пен қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқу бағдарламалары 2010 жылдан бері қазақ мектептерінің бірден-бір басшылыққа алып келе жатқан құжаты болып отыр¹.

Бағдарламаның түсінік хатында жазылғанындай оқу мазмұнын ізгілендіру, адамгершілік-эстетикалық, мәдени-тарихи құндылықтарды, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді таныту, оқушылардың тілдік қорын байыту, әдеби білімнің жүйелігі мен үзіліссіздігі, сабақтастығы, білім мазмұнының тарихилық сипаты және пәнаралық байланыс сияқты ұстанымдар басшылыққа алынған. Аталған бағдарламаның игілікті нәтижесі уақыт кұзырында.

Өзін-өзі тексеру сұрақтар мен тапсырмалары:

1.Тәуелсіздік жылдарындағы оқу бағдарламаларын сараптаңыз. Ондағы оқу мазмұнын сипаттаңыз.

2.Тәуелсіздік жылдардағы жалпы білім беретін мектептерге арналған оқу бағдарламаларының авторлары кімдер? Бағдарламалардың құрылысы мен мазмұны қандай?

3.Жалпы білім беретін орта мектептің әдебиет пәні бағдарламаларын жетілдіру үшін қандай ұсыныс білдіресіз. Пікіріңізді дәйектеңіз.

Әдебиеттер тізімі:

1.Әрінова Б. Қазақ әдебиеті әдістемесінің қалыптасу тарихы.–Алматы, 2003 ж.

2.Жұмажанова Т.Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. (мектеп ұстаздары мен болашақ әдебиетші сту-ке арналған) –А.: Білім, 2009.

Қосымша:

1.Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. –А.: Рауан, 1997.

¹ Қазақ әдебиеті оқу бағдарламасы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық ғылым академиясы, Астана, 2011.

II БӨЛІМ

«ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ» МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫСЫ, ӘДЕБИЕТ САБАҒЫ

II. 1. ӘДЕБИЕТ САБАҒЫН ЖОСПАРЛАУ: ӘДЕБИЕТ ПӘНІНЕН КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР ЖӘНЕ САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫ САБАҚ ЖІКТЕМЕСІ

1. Жоспарлау ұғымы.
2. Сабақ жоспарларының түрлері.
3. Күнтізбелік жоспарды түзудің басты ұстанымдары.
4. Сабақ жіктемесі.
5. Оқытудың жаңа технологияларына негізделген сабақ жобалары.

Жоспарлау ұғымы. Әдебиет сабағы жоспарлау мәселесін қарастырғанда бірнеше сұрақ туындайды. Олар: Жоспарлау дегеніміз не? Жоспарлау сабақ үдерісінің белгілі бір уақыт кезеңіне қатысты оқу әрекеті ме? Әдебиет сабағын жоспарлаудың өзге пәндерге қарағанда қандай да бір өзіндік ерекшелігі бар ма?

Әдетте жоспарлау деген ұғым мақсат-мүдде ұғымдарымен туыстас деген ой туындататыны анық. Мақсат алдағы іс-әрекеттерге меңзейді. Себебі екеуі де алдағы уақыт кеңістігіне тәуелді. Олай болса, сабақты жоспарлаудың өзіндік ерекшеліктері неде? Жоспарлау үшін қандай оқу әрекеттерін үйлестіру қажет деген сұрақ туындайды. Мақсат пен мүдде қол жеткізетін түпкілікті нәтиже ұғымына қатысты көрінсе, жоспарлау сол мақсат жолындағы іс-әрекеттерге саяды.

Ал сабақты жоспарлауда оқу-әрекеттерін ойластыру және қажетке сай үйлестіру, әдістемелік шеберлік қажеттігі байқалады.

Сабақты жоспарлауға түсіндірме сөздіктің беретін анықтамасы мынадай: «Сабақты жоспарлау – нақты оқу уақыты барысында оқытушы мен оқушы әрекеттесулерін құрастыру. Негізі оқытушының оқу-тәрбие іс-әрекетінің және оқушылардың оқу материалының мазмұнын меңгеруі, дамуы және тәрбиеленуі бойынша оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің мақсаттары, міндеттері, ұстанымдары, әдістері және мазмұны болып табылады. Сабақ жоспары конспект түрінде жүзеге асады. Сабақ конспектісінің құрамына тақырыптың аты, сабақтың міндеттері, кезеңдері, құрал-жабдықтар, әрбір кезеңдегі оқушыларға арналған тапсырмалар, тапсырмаларды орындау алгоритмдері, мұғалім сөзінің үзінділері немесе жаңа материалдың толық мәтіні енеді» делінген¹. Жоспар-конспектіге енетіндер ретінде тақырыпты, сабақтың міндеттерін, сабақ кезеңдерін, оқушыларға арналған тапсырмаларды нұсқайды.

Бұл айтылғандардан сабақтың жоспарлы жүйесі оқу әрекетін, оқу материалын және оқу мазмұнын қамтитынын аңғарамыз. Ал жоспарлау

¹ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Астана, 2011 ж.

ұғымы мұнан да кеңірек. Жоспарлаудың өзін кең ұғымда, яғни жалпы білім беретін мектептерде әдебиет пәнін оқытуды жоспарлау ұғымында және белгілі тақырып көлемінде оқыту мақсатында қарастыруға болады. Бұл екі ұғым да бір-бірімен іліктес. Жалпы білім беретін оқу пәндерінің қайсысын болсын жоспарлау ең әуелі Қазақстан Республикасының білім беру реформасы аясында жүзеге асырылады. Мемлекеттік жоспарлау білім тұжырымдамасына, оның негізінде жасалатын «Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына» сәйкес жүзеге асырылады. Жалпыға міндетті білім стандарты негізінде әрбір оқу пәніне бағдарлама түзіледі. Қазақ әдебиеті пәніне арналған бағдарлама әдебиеттің өзіндік ерекшеліктеріне, тақырыптардың мазмұнына сәйкес құрылады.

Сабақ жоспарының түрлері. В.В.Голубков «Методика преподавания литературы» еңбегінде әдебиет сабағы жоспарының төрт формасын атап өтеді.¹ Олар:

1. Жылдық жоспар;
2. Тоқсандық жоспар;
3. Тақырыптық жоспар;
4. Күнтізбелік жоспар.

Бұл жоспарлардың бәрі дерлік оқушылармен оқу-танымдық жұмыстарды ұйымдастыруды бағдарлау үшін жасалады.

Бүгінде мектеп тәжірибесінде қалыптасқан үрдіс бойынша айтар болсақ, күнтізбелік жоспарда жылдық жоспарды тоқсанға жіктей отырып, жеке тақырыптармен белгілейді. Әр тақырыптың қанша сағат көлемінде өткізілетінін жоспарлайды.

«Қазақ әдебиеті» оқу пәнін оқытудың формалары мен әдістерін таңдауда оқушылардың психологиялық-физиологиялық ерекшеліктері, өзіндік ерекшеліктері, қызығушылықтары, дүниетанымына сәйкестік мәселесі ескеріледі. Сол себепті пәнді оқытуда баланың танымдық ой-өрісін, эстетикалық талғамын, шығармашылық ойлауын дамытуға, қатысымдық іскерліктерінің шындалуына оң ықпал ететін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері болуы шарт. Танымдық, креативтік іскерліктерді дамытуға мүмкіндік беретін шығармашылық тапсырмалар таңдап алынады.

Ал белгілі бір тақырып көлемінде сабақ жүйесін жоспарлағанда материалдың логикалық бірізділігі, сол тақырыптың аталған пәндегі орны, тақырып ауқымында қамтылатын ақпараттың көлемінің оқушы танымы мен сол жастағы оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкестігі, жаңа идеялар мен теориялық негізі, интеграциялық байланыс мүмкіндіктері, күтілетін нәтиже мен түпкілікті мақсат қарастырылады. Сонымен қатар жаңа тақырып пен өткен тақырыптарды байланыстыру арқылы берілетін мазмұнды тереңдету мүмкіндіктері, теория мен практиканы ұштастыру жолдары қарастырылады. Түптеп келгенде *әдебиет сабағын жоспарлау – мұғалімнің мақсат-мүддені жүзеге асыруға бағытталған, өлшен-пішілген «қиыннан қиыстырылған» шығармашылық үдерісі болып есептеледі.*

¹ В.В.Голубков. Методика преподавания литературы. М., Просвещение.1962, - 484 с.

Сабақты жоспарлау әдетте мұғалім тарапынан жүзеге асырылады. Солай болғанмен оқытудың жаңа бағыттары жоспарлаудың екі тарапты болуын қамтамасыз ету қажеттігін орынды ескертеді. Себебі оқушының оқу үдерісіне белсенді және саналы қарым-қатынас жасауы болашақ табыстарының да кепілі болып саналады. Әрі сабақ ұжымдық үдеріс болуы себепті қатысушылардың ортақ мүддеге бағытталған іс-әрекеттері мен оқу әрекеттерін қамтиды.

Күнтізбелік жоспарды түзудің басты ұстанымдары. Әр пәннің тақырыптық сабақ жоспары бір оқу жылына арналған күнтізбелік жоспар негізінде жасалатыны белгілі. Күнтізбелік жоспар тікелей пәннің оқу бағдарламасы негізінде жасалады десек те, күнтізбелік жоспарды түзуде мұғалімнің әдістемелік ізденістері мен тақырып аясында қарастырылатын өзіндік пайымдауларына жол беруге мүмкіндігі бар. Айталық оқу бағдарламасындағы автордың тақырыптас шығармаларын жұптай өткізуді жоспарлау, оны күнтізбелік жоспарда өтілу ретіне қарай ұсыну. Мәселен, 5 сынып бағдарламасы бойынша (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 09.07.2010 жылғы №367 бұйрығымен бекітілген оқу қазақ тілінде жүргізілетін жалпы білім беретін мектептердің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқу бағдарламасы) Мағжан Жұмабаевтың «Балалық шақ», «Қысқы жолда», «Сағындым» өлеңдеріне 2 сағат белгіленген. Үш тақырыпты екі сағатқа жоспарлау үшін, қалай болғанда да, бір сағатқа екі тақырыпты жұптап өткізуге тура келеді. Сондай-ақ 6 сыныпта Абайдың «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ», «Құлақтан кіріп бойды алар», «Әсемпаз болма әрнеге», «Отыз бірінші қара сөз» шығармаларына 3 сағат белгіленген. Бағдарламадағы ақынның төрт тақырыптағы шығармасына 3 сағат белгіленуі бағдарламалық ұтқырлық деуге сая қоймайды. Осындай сағат санының тақырып санынан кемдігі төмендегі мысалдардан да көрінеді.

6 сыныпта Мағжан Жұмабаевтың «Мен кім?», «Қазақ тілі» өлеңдеріне 1 сағат; Ілияс Жансүгіровтің «Анам тілі», «Домбыра», «Күйге» өлеңдеріне 1 сағат; Мұқағали Мақатаевтың «Қайырлы түн», «Қара өлен», «Елім барда», «Анау-аспан, мынау-бақ» өлеңдеріне 2 сағат; Жамбыл Жабаевтың «Аттандыру», «Алғадай туралы әрбір ой», «Атаның әлдиі» өлеңдеріне 2 сағат; Сәкен Сейфуллиннің «Тұлпарым», «Қамаудан», «Сыр сандық» өлеңдеріне 2 сағат; Ілияс Жансүгіровтің «Әнші», «Ағынды менің Ақсуым», «Бөбек бөлеу» өлеңдеріне 2 сағат; 8 сыныптағы Махамбет Өтемісұлының «Ереуіл атқа ер салмай», «Мұнар күн», «Мен құстан туған құмаймын», «Жалғыздық» өлеңдеріне 2 сағат; Абай Құнанбаевтың «Адамның кейбір кездері», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Әбдірахман өлгенде», «Әбдірахман өліміне», «Он жетінші қара сөзі» сияқты 5 тақырыпқа 4 сағат; Жамбыл Жабаевтың «Жаныс ақынға», «Патша әмірі тарылды», «Сұраншы батыр» дастанынан үзіндіге 2 сағат белгіленген. Мұндай мысалдарды өзге сыныптарға қатысты да айтуға болады.

Дегенмен мұндайда мұғалім өз тәжірибесіне, жеке пайымына сүйену қажеттігі көрінеді әрі шығармашылық ізденіс керектігі айқындалады. Абайдың табиғат лирикаларын жұптай оқыту, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың

«Шығамын тірі болсам адам болып», «Мен қазақ» сияқты лирикалық қаһарманың ішкі әлемін танытатын шығармаларды біріктіре оқыту немесе тақырып жағынан бірін бірі толықтыратын Шәкәрім Құдайбердіұлының «Адамдық борышың», «Жолама қулар маңайға», Абай Құнанбаевтың Әбдірахман өлгенде», «Әбдірахман өліміне» сияқты шығармаларды біріктіре оқыту қажет. Бағдарлама бойынша кейбір дербес сағат бөлінген тақырыптарды да жұптау, шоғырландырып оқыту мазмұны мен құрылым жүйесі, тілі жағынан күрделі көлемі жағынан ауқымды танылған өзге шығармаларға көбірек уақыт ығыстыруға мүмкіндік туғызады. Сондай-ақ, күнтізбелік жоспарды түзудің басты ұстанымдары ретінде *бағдарламаға енген оқу материалының мазмұнымен толық танысу, шығармалардың идеялық, танымдық, тақырыптық қырларын алдын-ала зерделеуді ерекше атауға болады*. Себебі көбіне сәтсіз күнтізбелік жоспарлардағы кемшіліктер оқу материалын алдын-ала електен өткізбеу салдарынан туындайтыны жасырын емес.

Бағдарламада бірнеше сыныпта оқытылатын классик қаламгерлердің шығармашылығының сыныптар бойынша жіктелісін толық білу де күнтізбелік жоспарды түзу тиімділігіне ықпал етеді.

- Оқу пәнінің апталық жіктелісін анықтау;
- Бағдарлама бойынша жазба жұмыстарына бөлінген сағат мөлшерін анықтау;
- Оқу материалдарын апталық жүктемеге жіктеуде өткен сыныптардағы оқу материалымен бірізділікті сақтау;
- Тақырыптарды белгілеуде жүйелілік ұстанымын сақтау;
- Бағдарламада көрсетілген оқушы біліміне қойылатын талаптар қажеттілігін өтеуді жоспарлау үдерісінде үнемі оқу-жұмыс бағдарында ұстау;
- Белгілі бір автордың тақырыптас шығармаларын жұптай оқыту есебінен күрделі тақырыптарға сағат белгілеу мүмкіндіктерін қарастыру;
- Бірнеше сағат көлемінде оқытылатын күрделі оқу материалдарын сабақ типтеріне қарай жүйелеп көрсету. Мәселен, кіріспе сабақ типіне, жаңа білім қалыптастыратын сабақ типіне, қайталау-пысықтау сабақтарына, қорытынды сабаққа лайықты тақырыптар ұсыну;
- Әр тақырып бойынша қамтылатын әдеби-теориялық мағлұматты ұсынуға жүйелілік пен бірізділікті сақтау, өзге тақырыптар бойынша да үнемі қайталап бекіту мақсатын көздеу;
- Сыныптан тыс оқытуға қатысты оқу-танымдық жұмыстарды ұйымдастыруға сағат бөлу;
- Әр тоқсанда оқушылардың жазба тілін дамытуға арналған жұмыстарды жоспарлау әрі жүйелеу;
- Оқушылармен жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарын жоспарлау т.б.

Күнтізбелік жоспарды түзуде оқу бағдарламасындағы аннотацияны бағдарда ұстаған орынды. Яғни ұсынылған тақырыптар бойынша қандай мәселеге басты назар аударылатыны бағдарламада айқын көрсетілген.

Әр тақырыпты өтер алдындағы дайындық жұмысы белгілі бір оқу-танымдық үдерісті жобалау болып есептеледі. Сабақ үдерісінің өзі үлкен

жобалау жұмысының нәтижесінде жүзеге асырылады. Олай дейтініміз жоба жұмысындағыдай оқу-танымдық ізденіс жасалады. Атап айтқанда:

- Сабақтың мақсат-міндеттері айқындалады;
- Әр сабақ кезеңіндегі оқу-жұмыс қадамы уақыт мөлшеріне бағдарланады;
- Сабақ тақырыбының мақсаты айқындалады;
- Баяндайтын материалды сұрыптап, тиісті қорытындылар жасалады;
- Тақырып мазмұнына қатысты ерекше назар аудартылатын басты оқу материалы белгіленеді;
- Оқу-танымдық үдеріске тиімді әдіс-тәсілдер сұрыпталады;
- Сабақтың толық конспектiсі әзірленеді;
- Сабақтың жүйесі ойластырылады;
- Дидактикалық материалдар дайындалады;
- Сабаққа қолданатын тиісті көрнекіліктер әзірленеді, т.б.

Осы жобалау әрекеттерінің барысында сабақ жоспары түзіледі.

Сабақ жіктемесі жөнінде озат мұғалімдер мен педагог ғалымдардың пікірлері әртүрлі. Педагогикалық және әдістемелік еңбектерде сабақты әртүрлі жүйеленіп жүр. Солардың көбі кеңес мектебінен бері қалыптасқан М.А.Данилов, Б.П.Есипов, Е.Я.Голант, С.В.Иванов, И.Н.Казанцев, Р.Г.Лемберг, Д.О.Лордкипанидзе, Э.И.Моносзон, И.Т.Огородников, М.Н.Скаткин, В.П.Стрезикозин, Г.И.Щукина, В.В.Голубков, Ю.А.Конаржевскийлердің жүйесіне сүйенеді.

Аты аталған ғалымдардың да сабақ құрылымы туралы пікірлері алуан түрлі. Мәселен, И.Н.Казанцев сабақты материалдың мазмұны мен дидактикалық мақсатына, әдістемелік бағытына қарай жүйелесе,¹ М.А. Данилов, Б.П.Есиповтар сабақтың негізін дидактикалық мақсатына қарай құрайды². Ал, С.В. Иванов оқыту үдерісінің ерекшеліктеріне қарай ойластырады³.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Н.Көшербаев өзінің «Оқыту теориясы» деп аталған көп жылғы зерттеу еңбегінде көп елдердің мектептерінде қалыптасқан оқу-ісі тәжірибелерін саралайды. Сонымен қатар ғалымдардың сабақты әр түрлі жіктейтінін көрсетеді⁴.

1 Казанцев, Иван Николаевич. Урок в советской школе: научное издание / И. Н. Казанцев ; ред. Г. Ф. Морозова. - 2-е изд., испр. и доп. - М. : Гос. уч.-пед. изд-во М., Просвещения РСФСР, 1956. - 351 с.

2 Данилов М. А., Есипов Б. П.: Дидактика -Издательство Академии педагогических наук РСФСР, 1957.

3 Иванов, С. И. Типы и структура уроков: методический материал / С. И. Иванов. - М. : Учпедгиз, 1952. - 152 с. - Библиогр.: с. 149-152.

⁴ Көшербаев Н. Оқыту теориясы /мектеп мұғалімдеріне арналған көмекші құрал/ А., Мектеп, 197662 б.

И.Н.Казанцев сабақты онға жіктейді¹:

- 1.Алғашқы сабақ – әр пәннен оқу жылының басында өтетін сабақтар;
- 2.Кіріспе сабақ – бағдарламаның күрделі тараулары мен тақырыптарынан өтетін бірінші сабақ;
- 3.Жаңа білімді меңгеру сабағы – жаңа материалды өтетін сабақ;
- 4.Пысықтау сабағы – өткен материалды пысықтау сабақтары;
- 5.Жаттығу сабағы – оқушылардың білімі мен дағдысын жаттықтыру сабақтары;
- 6.Практикалық сабақ – оқушылардың алған білімін өмірде қолдану жолдары көрсетілетін сабақ;
- 7.Қайталау-қорыту сабағы – өткен күрделі тараулар мен тақырыптарды қайталау, қорыту сабақтары;
- 8.Тексеру сабағы – оқушылардың білімін тексеретін сабақтар;
- 9.Білім саласын бағалау сабағы – оқушылардың алғашқы білімін бағалау сабақтары;
- 10.Қорытынды сабақ – оқу жылының ақырында әр пәннің жылдық курсы қорыту сабағы.

С.В.Ивановтың сабақ жіктемесі²:

- 1.Кіріспе сабақтар;
- 2.Материалмен алғашқы рет танысу сабақтары;
- 3.Жаңа білімді меңгеру сабағы;
- 4.Меңгерген білімді практикада қолдану сабағы;
- 5.Дағдылану сабағы;
- 6.Қайталау, пысықтау және қорыту сабақтары;
- 7.Бақылау сабақтары.

Б.П.Есипов пен М.А.Даниловтың сабақ жіктемесі³:

- 1.Аралас сабақтар;
- 2.Материалмен таныстыру сабағы;
- 3.Пысықтау сабағы;
- 4.Қайталап жинақтау, қорыту сабағы;
- 5.Оқушылардың білім мен дағдысын жаттықтыру сабағы;
- 6.Білім сынау сабағы.

В.В.Голубков пәннің ішкі ерекшелігіне қарай сабақ түрлерін былайша саралайды:

- 2.Кіріспе сабақ;
- 3.Жаңа оқу материалынан білім беру сабағы;
- 4.Бағдарлы әңгіме сабақтары;
- 5.Көркем шығарманы талдау сабақтары;

¹ Казанцев И.Н. Урок в советской школе: научное издание / И. Н. Казанцев ; ред. Г.Ф.Морозова. - 2-е изд., испр. и доп. - М. : Гос. уч.-пед. изд-во М., Просвещения РСФСР, 1956. - 351 с.

² Иванов, С. И. Типы и структура уроков: методический материал / С. И. Иванов. - М. : Учпедгиз, 1952. - 152 с. - Библиогр.: - 145 с.

³ Данилов М. А., Есипов Б. П.: Дидактика -Издательство Академии педагогических наук РСФСР, 1957.

6.Қосымша материалдарды оқып үйрену;

7.Қорытынды сабақтар.

Мәселен педагог-ғалым Н.И.Кудряшев сабақтарды танымдық мақсаттарына қарай саралайды:

1.Көркем шығарманы оқып-үйрену сабақтары:

а) әдеби шығарманы оқып-үйрену сабақтары

ә) мәтінмен тереңдете жұмыс жүргізу

б) көркем шығарманы оқып-үйренуді қорытындылау

2. Әдебиет теориясы мен тарихын оқып үйрену сабақтары

а) ғылыми, әдеби-сын зерттеулерді оқып үйрену

ә) жазушы шығармашылығын оқу сабақтары

б) әдеби-теориялық ұғымдарды қалыптастыру сабақтары

в) қорыту, қайталау сабақтары

3. Тіл дамыту сабақтары:

а) шығармашылық жұмысқа үйрету сабақтары

ә) ауызша жауап беру сабақтары

б) шығарма жазуға үйрету

в) шығарма талдау сабақтары

Яғни, болашақтың маңызды мақсаты — оқытушыда деп білуге болады. Өйткені, өмір мен әдебиеттің жымдаса байланысқан сабақтастығының өзі осы мақсатты айқындай түспек. Әрбір әдебиетші ұстаз — шебер әдіскер, тамаша суреткер, талантты қайраткер, қажырлы еңбекқор, әрі талапты да дарынды болуы зор табыс. Ол үшін оқытушы сабақ берудегі әдістерді де амалдарды да, тәсілдерді де жете меңгеруі тиіс.

Қай пәннен болсын сабақ жоспарының құрылымы сабақ типтері мен формаларына да қатысты жасалады. Бүгінде кеңес мектебінде қалыптасып, қазақ мектептерінде дәстүрге айналған сабақтардың жіктемелері, жалпы типтері мынадай:

1.Кіріспе сабақ;

2.Жаңа білім беретін сабақ (өткен материалмен байланыстылығына қарай көбіне аралас сабақ деп те атайды)

3.Пысықтау, қайталау сабағы;

4.Қорытынды сабақтар;

5.Білім сынау сабақтары.

Ал сабақ формаларын: жаңа білім беретін сабақ, өз бетінше оқылатын сабақ, зертханалық, сарамандық, практикалық сабақтар деп топтасырып жүр.

Әдебиет пәнінің оқу бағдарламалары бойынша жүйелейтін болсақ, **кіріспе сабақтың типіне** көлемді тарауларға кіріспе ретінде ұсынылатын тақырыптарды лайықтауға болады. Мұндай кіріспе сабақ типіне жататын тақырыптар: 5 сынып бойынша әдебиет пәні туралы бастапқы ұғым қалыптастырылатын «Әдебиеттің өнердің бір саласы және оқу пәні ретінде сипаты» деп аталған кіріспеден басталып, «Халық ауыз әдебиеті туралы түсінік», 5 сыныптағы «Ертегілер» (ертегілерді оқытуға ұсынылған 15 сағаттың алғашқы сабағы) тақырыбын жатқызуға болады. Осындай кіріспе сабақ типіне жататын тақырыптарды 6, 7 сыныптардан да атауға болады. Мәселен, «Көркем

әдебиеттің адам өміріне алатын орны» туралы, «Халық ауыз әдебиеті», «Батырлар жыры туралы түсінік» қалыптастырылатын кіріспе тақырыпты, белгілі бір пәнге не бөлімдерге кіріспе тақырыптарды жатқызуға болады. Осы тектес кіріспе тақырыптар өзге сыныптарда да көрсетілген. Жоғары сыныптарда оқылатын белгілі бір дәуірлерге, әдеби үдеріске шолу тақырыптарын да кіріспе сабақ типіне жатқызуға болады.

Әдебиет пәнінің оқу бағдарламасы бойынша *жаңа білім беретін сабақ типтеріне* дербес тақырыптардың барлығын жатқызамыз. Негізінде сыныптық сабақтың барлығында (білім сынау сабақтарынан өзге) белгілі бір дәрежеде жаңа білім қалыптастырылады. Кіріспе сабақта да негізінен жаңа ұғым-түсінік молынан беріледі. Оқу типтерінің бұлай аталуына шартты түрде қараған орынды.

Әдебиет пәнінің оқу бағдарламасы бойынша 5-9 сыныптарда тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаштар, ертегі, аңыздар, діни-мифтік әңгімелер, әдеби дастандар, батырлар жыры, лиро-эпостық жырлар шешендік сөздер, қазақ әдебиетінің әр дәуіріне жататын әдеби тұлғалардың, қаламгерлердің таңдаулы шығармалары енгізілген. Негізінен оқушылардың дүниетанымы мен әдеби танымын, сөз өнеріне деген талғамын қалыптастыра отырып тұлғаны дамыту мақсатында өлең, жырлар, шағын әңгімелер ұсынылған. Бағдарламадағы әдеби мәтіндерді оқытуға белгіленген сағат мөлшері де әр алуан. Кей тақырыптар бір сағат көлемінде оқытылса, кейбір тақырыптар екі не үш, төрт сағатқа белгіленеді. Соған қарай сабақтың типі де анықталады. Мәселен, *қайталау, пысықтау сабақтарын* екі не үш сағатқа жоспарланған тақырыптарға қарай анықтауға болады. Белгілі бір тақырыптарда соңғы сағаттарында қайталау, пысықтау материалдарына көбірек орын беріледі. Осыған қарай бірнеше сағат бойы оқытылатын шығармалардың, не автор шығармашылығының соңғы сағаттарына жоспар түзгенде сабақты қайталау, пысықтау типіне лайықтаған орынды.

Ал *қорытынды сабақ типі* негізінен үлкен тарауларды не бірнеше сағат көлемінде оқытылған көлемді шығармаларды қорытуға байланысты жоспарланады.

Әдебиет пәні бойынша сыныптық сабақта жазылатын мазмұндама, шығарма, тест, бақылау жұмыстарын т.б. білім сынау мақсатын көздейтін сабақтарға жасалатын жоспар түрлерін *білім сынау сабақ типіне* сәйкес құру қажет.

Сабақтың әр типінде сабақ кезеңдері әртүрлі құрылымда қатысады. Сабақ кезеңдерін топтастыруда да педагог ғалымдардың пікірлері әралуан. Дегенмен, кеңес мектебінен бері дәстүрге айналып біршама тұрақтанған сабақтың сегіз кезеңін атауға болады.

Ю.А.Конаржевский «Педагогический анализ учебно-воспитательного процесса и управление школ» атты еңбегінде сабақтың 8 кезеңін саралап көрсетеді¹. Олар:

¹ Конаржевский Ю.А. Педагогический анализ учебно-воспитательного процесса и управление школой. М., Педагогика. 1986. с. 105-108

- 1.Ұйымдастыру кезеңі;
- 2.Үй тапсырмасын сұрау кезеңі;
- 3.Білімді жан-жақты тексеру кезеңі;
- 4.Жаңа оқу материалын белсенді әрі саналы түрде қабылдауға даярлық кезеңі;
- 5.Жаңа білімді меңгеру кезеңі;
- 6.Оқушылардың жаңа білімді түсінуін тексеру кезеңі;
- 7.Жаңа білімді бекіту кезеңі;
8. Оқушыларға үй тапсырмасы жөнінде ақпарат пен орындауға нұсқаулық беру кезеңі.

Сабақтың әртүрлі типіне қарай сабақ кезеңдері әр құрамда болады. Мәселен, кіріспе сабақ типінде «үй тапсырмасын сұрау», «білімді жан-жақты тексеру» кезеңдері қатыспауы заңды. Сол сияқты қайталау, пысықтау немесе қорытынды сабақ типтерінде «жаңа оқу материалын белсенді әрі саналы түрде қабылдауға даярлық кезеңі», «жаңа білімді меңгеру» кезеңдері болмауы тиіс. Ал ұйымдастыру кезеңі сабақтың барлық типіне қатысты әрі сабақтың көп кезеңінде ең басты материалды меңгеретін тұстарда оқушы зейінін немесе оқу әрекетін ұйымдастыруға қатысты белсенді жүргізілуі әбден түсінікті.

Оқу үдерісінде сабақ кезеңдерінің қайсысы белсенді жүргізілуі мұғалімнің оқу-танымдық жұмыстарды ұйымдастыру мақсатына да қатысты екендігі белгілі. Солай бола тұра, шартты түрде сабақтың қай кезеңдерінің сабақ типіне қарай қалай қатысатынын төмендегі кестеден көруге болады.

3- кесте

Сабақ типі Саб. кезеңі	кіріспе сабақ	жаңа білім беретін сабақ	пысықтау, қайталау сабағы	қорытынды сабақтар	білім сынау сабақтары.
Ұйымдастыру кезеңі	+	+	+	+	+
Үй тапсырмасын сұрау кезеңі		+	+	+	
Білімді жан-жақты тексеру кезеңі		+	+	+	
Оқу материалын қабылдауға даярлық кезеңі	+	+	+	+	
Жаңа білімді меңгеру кезеңі	+	+			
Оқушының түсінуін тексеру кезеңі	+	+	+	+	+
Білімді бекіту кезеңі	+	+	+	+	+
Үй тапсырмасын беру кезеңі	+	+	+	+	+

Сабақ жоспарын түзуде сабақ құрылымы мен жүйесін, дидактикалық мақсатын жете зерделеу керектігі, сабақ жүйесі бір біріне сабақтасып жатқан үлкен құрылым екендігі жоғарыда келтірілген жіктемелерден анық байқа-

лады. Әдетте сабақ жоспарының тақырыптан бастап жазылатындары жиі ұшырасады. Ал жоғарыда айтылған жүйемен бірізділікті сақтау үшін сабақ жоспарына ең алдымен сабақ типін анық көрсеткен орынды. Олай дейтініміз, сабақ кезеңдері сабақ типіне қарай анықталады, ал сабақ түрін жазу жоспардың құрылымын айқындауға көмектеседі. Сабақтың дәстүрлі түріне жасалған үлгісін ұсынайық:

Жаңа білім беретін сабақ типіне сабақ жоспары. Қазақ әдебиеті пәні (7- сынып).

Сабақтың түрі: Дәстүрлі сабақ.

Сабақтың типі: Жаңа білім беретін сабақ

Сабақтың тақырыбы: С. Торайғыров «Бір адамға».

Сабақтың мақсаты: Ақынның өмірі мен шығармашылығынан мағлұмат бере отырып, «Бір адамға» өлеңінің идеялық мазмұнын таныту.

Білімділік міндеттері: а) Оқушыларға қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын С. Торайғыровтың өмірі туралы мағлұмат беру.

ә) «Бір адамға» өлеңінің жазылу тарихынан мағлұмат беру.

б) Өлең мәтініндегі «қымбат қып, арзан емес кемге алыпты», «артында қалдырмас па жақсы даңқын», «нақақ көз» т.б. өлең идеясын айқындауға қызмет жасап тұрған сөздердің қолданылу мақсаты мен мәнін ашу. Сол арқылы өлеңнің тақырыптық, идеялық астарына үңілту.

в) Әдебиет теориясынан ирония ұғымын қалыптастыру, өлеңдегі ирониялық ойды таныту.

Дамытушылық міндеті: а) Әр оқушының өзіндік ой-қиялын, сөздік қорын дамыту, сөйлеу тілін дамыту.

ә) Шығармашылықпен жұмыс жасауға жұмылдыру арқылы таным түсініктерін дамыту.

Тәрбиелік міндеттері: а) Ақынның өмір жолы арқылы оқушыларды адамгершілік пен парасаттылыққа баулу;

ә) Оқушыларды елін, Отанын сүюге, патриоттық рухта тәрбелеу.

Сабақтың әдісі: Сұрақ-жауап, әңгімелеу.

Көрнекілік: Ақынның портреті, плакаттар, буклет, ақынның кітаптары, тақта, оқулық, сөзжұмбақ.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі: Сыныппен сабақ үдерісін бастауға даярлық жұмыстары.

2. Үй тапсырмасын тексеру кезеңі: Өткен материал бойынша анықтамалық сұрақтар негізінде оқушы білімін тексеру. Жеке тапсырмалар арқылы өткен материал бойынша оқушы білімін жан-жақты тексеру.

3. Жаңа оқу материалын белсенді әрі саналы түрде қабылдауға даярлық кезеңі: Оқу материалына кіріспе сұрақтар:

С. Торайғыров кім?

Ақынның қандай өлеңдерін білесің?

4. Жаңа сабақты оқып-білу кезеңі

Түсіндіру әдісімен С.Торайғыровтың өмірі мен шығармашылығынан мәлімет беріледі:

С. Торайғыров – қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақыны, ұлы Абай дәстүрін жалғастырушы. Ол өзі өмір сүрген қоғам шындығын, қайшылығын бейнелей білген ақын. Өмір сүрген сол дәуірдің айрықша ірі тұлғасы.

С.Торайғыров 1893 жылдың 29 қазанында қазіргі Көкшетау облысының Қызылту ауданында дүниеге келген. Ол алты жасынан бастап әкесінен хат таниды. Кейін 1902 – 1903 жылдары Әлі деген молдада, 1904 – 1905 жылдары Тортай деген молдада, 1906 – 1907 жылдары Мұқан молдадан, 1908-1910 жылдары Баянауыл қаласында, 1911 жылы Нұрғали деген молдалардан дәріс алады. Сұлтанмахмұт Мұқан молдаға еліктеп он үш жасынан бастап өлең жаза бастайды. Оның ең алғаш жазған өлеңі – «Секілді өмір қысқа жарты тұтам» деп аталады.

1913-1914 жылдары «Айқап» редакциясында жұмыс істейді. 1914-1916 жылдары өз ауылы Баянауылға қайтады. Ондағы мақсаты ел жастарын оятпақ, оқуға, мәдениетке талпындырмақ еді.

С.Торайғыров Шідертіде сырқаттанғаннан үйінде ауырып жатып, 1920 жылдың 21 мамыр күні 27 жасында қайтыс болды.

Ол – әдебиеттің әр жанрында жазатын қабілетті, талантты қаламгер. Білім жолындағы тынымсыз ізденіспен, қиыншылықпен өткізген «жарты тұтам» қысқа өмірінде ол 110-дай өлең, 5-6 поэма, 2 роман, 7-8 мақала, очерк, әңгіме жазды.

«Бір адамға» өлеңін мәнерлеп оқу.

Өлеңнің шығу тарихын туралы мәлімет беру.

Екі оқушыға мәнерлеп оқыту.

5. Жаңа білім және іс-әрекет амалдарын алғашқы тексеру кезеңі:

Мәтінмен жұмыс.

1) Осы өлеңде оқиға бар ма? Ақынның көңіл күйі сезіле ме?

2) Өлеңге қанша кейіпкер қатысып отыр?

3) Өлең қандай адамға, кімге арналған деп ойлайсыңдар?

4) Шал байлығын қалай таныстырады?

5) Осы берілген өлеңде қандай әдеби көркемдеуіш құралдар бар?

Сөздікпен жұмыс:

Оқа - әшекей зат.

Бұлды түйме – бағалы ілгек.

Нақақ – адал, бейкүнә.

Шекпен – түйенің жүнінен тігілген сырт киім.

Алтын аяқ – қымбат ыдыс.

6. Жаңа білімді және іс-әрекет амалдарын бекіту кезеңі:

«Даңқ» деген ұғымды қалай түсінесіңдер? Осы ұғымға кластер түзіндер. Оқушылардың «даңқ» сөзіне жазған түсініктерін тыңдай отырып,

адамға абырой, атақ, даңқ әкелетін игілікті істер мен әрекеттерді саралап сабақты бекіту.

8. *Үй тапсырмасын беру кезеңі.*

Қайталау, пысықтау типіндегі сабақ жоспары. Қазақ әдебиеті пәні
5 - сынып.

Сабақтың түрі: Дәстүрлі сабақ.

Сабақтың типі: Пысықтау сабағы

Сабақтың тақырыбы: «Ақын қонақтар» («Абай жолы» романынан)

Сабақтың мақсаты: Жас Абайдың өздері сияқты жасөспірім болғанына назар аударту. Өнер адамдарының (Барлас, Байкөкше) бойындағы ұлттық құндылықтарды бағалауды үйрету. Сөз өнерінің адам тұлғасын қалыптастыруда ұлы күш екенін байқату.

Міндеттері:

а) Танымдық міндет:

1. М. Әуезовтің «Абай жолы» романынан алынған үзіндісінің мазмұнын талдау.

2. Мәтіндегі күрделі ұғымдар мен сөздерді тану.

3. Көркем сөз айшықтарын тану.

4. Авторлық ойды, идеяны ашу.

ә) Тәрбиелік міндет:

1. Болашақ ұлы ақынның халық өнерін, ауыз әдебиетіне ден қойып, бала кезден кісіге құрметпен қарағанына мән беру.

2. Адамгершілікке, мейірімділікке, сезімталдыққа тәрбиелеу.

б) Дамытушылық міндет:

1. Шығармашылықты дамыту.

2. Тіл байлығын дамыту.

3. Өз ойын анық, жатық жеткізуге, мәтінмен жұмыс жасай білуге дағдыландыру.

4. Өзіндік талдау, жинақтауға бейімдеу, ойын дамыту.

5. Жеке, жұптық, ұжымдық жұмыста шапшаңдық, тапқырлық таныту, ойын әдеби тілмен өрнектей білуге төселдіру.

Сабақтың әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, топпен жұмыс, баяндау, мәтіннен тауып оқыту, шығармашылық, тест.

Пәнаралық байланыс: Тарих, қазақ тілі, ауыз әдебиеті

Сабақтың көрнекілігі: М.Әуезов, А.Құнанбаев портреті, қанатты сөздер, слайдтар, музыкалық әуен, оқулық.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

а) сынып тазалығы

ә) оқушыларды түгелдеу

б) оқу құралдарын тексеру

в) топқа бөлу (3 топ)

II. Үй тапсырмасын сұрау кезеңі:

а) Оқушылардың мәтінмен толықтай таныс екендігін байқау (анықтамалық сұрақтар қою арқылы).

1. Абайдың сырт келбеті қалай суреттеледі?
2. Абай портретін жасауда автор қандай детальдарды қолданған?
3. Басты кейіпкерлерді атаңыз.
4. Абайдың сырқатынан айығуына себепші болған не?
5. Әжесі Зере Абайға қандай әңгімелер айтты?
6. Зере қандай адам болған?
7. Ауылға кімдер қонаққа келеді?
8. Абайдың неге қызығушылығы оянады?

ә) Мәтінмен жұмыс:

Мәтіннен Абайдың портретін тауып оқытқызу;

Мәтіннен Барлас ақынның Абайға берген батасын тауып оқытқызу.

III. білімді жан-жақты тексеру кезеңі:

а) мәтінге жоспар құру (топ бойынша)

ә) тілдік талдау (түсініксіз сөздермен жұмыс)

Мүсін - бет әлпет, келбет, пішін;

Рең – шырай;

Қылаң - ақшыл, бозғыл;

Құлан таза - әбден, мүлде;

Сейілу - айығу, жадырау;

Машық - әдет, дағды;

Пейіл - ниет, ықылас;

Қажау - мазалай беру;

Қан базар - қалың жиын;

Сүле науқас - созылып, айықпаған ұзақ ауру;

Мәтіннен көркемдік құралдарды (теңеу, метафора, эпитет) синонимдік, антонимдік қатарларды табу.

IV. Оқу материалын қабылдауға даярлық кезеңі:

а) Талдау сұрақтарын беру

1. Ауылға келген қандай қонақтар еді? Олар кімдер?

2. Абай Байкөкшені алғаш рет қашан және қайдан көрген?

3. Мәтіннен Абай мен Барластың диалогын тауып бер

4. Абайға домбыраны сыйға тартқан кім?

5. Барлас ақын қандай бата берді? Ол батаның Абай үшін маңызы қандай?

6. Ұлжанның ерекше қасиетін көрсететін сөздерді мәтіннен тауып оқы.

7. Ұлжан ақындарға не үшін ризалығын білдіреді?

8. Ақындармен қоштасардағы Ұлжан әрекетінен оның қандай адам екенін байқауға болады?

9. Ақын қонақтар кеткеннен кейінгі Абайдың әрекетін баянда.

10. Ақындардың Абайға әсері қандай болды?

11. Мәтінге сүйене отырып кейіпкерлерге мінездеме бер (Зере, Ұлжан, Барлас)

VI. Оқушылардың түсінуін тексеру, пысықтау кезеңі:

Мәтіндегі фразеологизмдерді табу, синонимдерін, антонимдерін жазу.

Кестемен жұмыс

Фразеологизм	Мәтіннен үзінді	Мағынасы	Синонимі	Антонимі
Пейілін беру	<i>Сондай шеше әңгімелеріне бар пейілін беріп жүрген күндерде</i>	Көңіл бөлу	Құлақ салу, қызығу	Құлақ аспау, құлағына ілмеу
Ішіне бұғу	<i>Білгенін ішіне бүгіп отыратын үлкендердей емес</i>	Жасыру	Айтпау, бүкпелеу, жария етпеу	Әлемге аян ету, жариялау
Салмақ салу	<i>Осы жолы Абай шешесі арқылы салмақ салып</i>	Сұрау	Бұйымтайы болу, өтіну, айту	Тілге тиек етпеу, көңіл бөлмеу
Пішін білдіру	<i>Ұлжан Барласқа қарап, бір сөз айтатындай пішін білдірді</i>	Белгі беру	Ымдау, ишара білдіру, сыңай таныту	Қасқайып тұру, мұрнына исі бару

VII. Жаңа білімді және іс-әрекеттерді бекіту кезеңі:

Тапсырма: а) Сен Абайға қандай бата берер едің?

ә) Ата-әже, әке-шешелеріңнен қонақты шығарып саларда қандай сый-сияпат көргеніңді жаз.

б) Мәтін мазмұнына сәйкес мақал-мәтел жаз.

Тестпен жұмыс:

1. Ұлжан ақын қонақтарға қандай сый берді?

а) Шапан жапты б) астарына ат мінгізді

2. Абай тапқан бір ермек дос:

а) атқа отырып ел аралау б) әжесі мен шешесі

3. Барлас кім?

а) күй шабандозы б) әңгіме-жырдың дүкені

4. Әңгіме мазмұнына қандай мақал-мәтел сәйкес келеді?

а) баталы ер арымас б) Құтты қонақ келсе, қой егіз табады

5. Әңгімеде қандай мәселе сөз болған?

а) өнер-білім алу б) сөз өнерінің құдіреті

6. Абайды ұлылыққа бастаған бұлақ?

а) сөз өнеріне деген қызығушылықтың оянуы б) әкесі Құнанбай

VIII. Үйге тапсырма:

Әңгімеге жоспар құру, мазмұндау, суретке қарап әңгіме құрастыру.

Қорытынды сабақ типінде сабақ жоспары. (10- сынып).

Сабақ түрі: Дәстүрлі

Сабақтың типі: қорытынды сабақ

Сабақтың тақырыбы: Шортанбай Қанайұлының шығармашылығы

Сабақтың мақсаты: Шортанбай Қанайұлы шығармашылығы бойынша оқушы білімін саралап қорытындылау.

1.Танымдық міндеттері:

Шортанбай Қанайұлы ақын ретінде, өскен ортасы, сол кездегі қоғамдағы оқиғаларға әсерін таныту;

Ақын жеке тұлға ретінде өзіндік пайым, пікірлерінің шығармашылығындағы көрінісін таныту;

Қазақ әдебиеті ғылымында Шортанбайдың алар орнын пайымдау;

«Қазақ» концептісін таныту;

Оқушылар түсінігіндегі «діндар» адамға анықтама беру.

2.Тәрбиелік міндеті:

Ақынның өлеңдерін оқыта отырып, шығармадағы еңбек, білім, адам бойындағы жеке қасиеттерді, яғни отансүйгіштік, ізгілік, адамгершілік қасиеттерді саралап тану. Оқушылар бойындағы еліне, жеріне деген сүйіспеншілікті, ақын өлеңіндегі сүйіспеншілікпен ұштастыруды көздеу. Ақынның елжанды, ұлтжанды көзқарастарын таныта отырып, оқушыларды отаншылдық рухта тәрбиелеу. Саяси идеялық, имандылық тәрбие беру.

3.Дамытушылық міндеті:

Оқушылардың ақын өлеңдерінде қамтылған саяси, қоғамдық өміріндегі өзгерістер жайында өз ойларын еркін жеткізу қабілеттерін дамыту, тіл байлығын дамыту, іштей ой түюге баулу. Шортанбай поэзиясындағы діни сөздерге қатысты түсіндірме сөздікпен жұмыс жасауға дағдыландыру.

Сабақтың әдісі: Баяндау, сұрақ-жауап, талдау.

Пәнаралық байланыс: Қазақстан тарихы, XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиет.

Сабақтың көрнекілігі: Кесте, қанатты сөздер, кітаптар көрмесі, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы:

1.Ұйымдастыру кезеңі:

Оқушылармен оқу үдерісін бастауға даярлық, оқушы зейінін сабаққа аудару.

2.Үй тапсырмасын тексеру кезеңі:

Шортанбай Қанайұлының өмірі мен шығармашылығы бойынша оқушылардың алған білімін тексеру. Ш.Қанайұлының шығармашылығынан берілген тапсырмаларды тексеру. Ш.Қанайұлының заман туралы жазылған өлеңдерінен үзінділерді жатқа сұрау.

"Зар заман", "Бала зары" өлеңдерін жаттау.

3. Білімді жан-жақты тексеру кезеңі: Баяндау әдісімен мынадай мәлімет айтылады:

Сарыарқаның кең жайлауы үйір-үйір жылқы, қоралы қой, қорасы қара малға ғана толы емес еді, соған қоса, жері құнарлы, егіні бітік, шаруалар

өмірі думанды, ел еңсесі көтеріңкі көрінетін. Адамдары шетінен ділмар, сауыққой, әнші, жыршы, өлеңші келетін. Сонау Қаз дауысты Қазыбек бидің ізін басып жалғасып жатқан билер тобының өнерлерінің өзі қандай?! Бұл өлкеде Ақан мен Біржанның, Мәди мен Ыбырайдың әндерін салмайтын қыз бен жігітті кездестіру де қиын. Тәттімбет пен Қазанғаптың күйлері қандай ойлы, сырлы? Жанақ, Шөже, Орынбай, Кемпірбайлардың ақтарылған ақпа жырлары ше? Ғажап дүние! Не деген байлық? Өмірдің қызығы, мән-мағынасы деген осы емес пе!

1. Бұл үзінді нені баяндап тұр?

2.«Діндар», «Ділмар» сөздерінің мағынасын ашу.

Шортанбай шығармаларындағы сарын мен сол заманның әдебиет өкілдері атауындағы байланысты айқындау.

Шортанбай өлеңіндегі «зар заман» ұғымы тұтас бір әдеби дәуірдің атауына айналып кетті. Әдебиетіміздің тарихында Шортанбай бастаған зар заман өкілдері бар.

Шортанбай ақынның заман зарын сипаттайтын басты өлеңдеріне сараптама жасату. Талдауға алынатын өлеңдері:

- «Зар заман»
- «Тар заман»
- «Бар заман»
- «Опасыз жалған»
- «Осынша азды ел неден»
- «Байды құдай атқаны»

Кестемен жұмыс

Бала зары	Мұраттың жалпыға айтқаны
Атамыз–Адам пайғамбар, Топырақтан жаралды, Мұсылман, кәпір-халық боп, Сол адамнан таралды. Бір-біріне беріскен, Дәм мен тұзы халал-ды. Ұрлық пен корлықтан, Өтірік, ғайбат, зорлықтан Бойынды тартып тек жүрсең, Көрмессің деген залалды. Белгісі деген бейіштің Жазғы салқын самалды. Тәркі деген тамұқтың Қысқы суық амал-ды.	Ертеңмен тұрып ақырса, Аллалап азан шақырса, Аузына қарам салмаса, Шипалы жерге бармаса, Ақ кәләмді оқыса, Алланың берген санасын, Кеудесіне тоқыса; Шариғаттың жолы деп, Әдеп бір етсе мұртына, Өсиет етсе жұртына, Ақ кәләмді аударған- Ол пір ұлына жарасар!

Оқушыларға зар заман өкілдеріне қысқаша сипаттама жасату.

Шортанбай ақынның «Бала зары» өлеңімен Мұрат Мөңкеұлының «Мұрттың жалпыға айтқаны» өлеңдерінен үзінді келтіре отырып салыстырту. Қорытынды сабақ болғандықтан, «конференция» түрінде сыныпты екі топқа бөлу.

- Тілшілер (журналистер)
- Мамандар (әдебиет ғылымының).

Тіршілер осы сабақ бойынша мамандарға сұрақтар қояды. Мамандар сұраққа жауап беру керек, жауап болмаған жағдайда сұрақтың жауабын мамандар өздері айтуы шарт. Сұрақтар сапалы болу керектігі ескертіледі. Жұмыстың бұл түрі арқылы Шортанбайдың қазақ әдебиетіндегі өзіндік орны өзіне тән сегіз қасиетімен айқындалады.

1. Діндарлығы және ділмарлығы
2. Шортанбай - әлеуметтік өмірдің шынайы суреткері. Абайға дейінгі ақындардың ішінде әлеуметтік мәселені тұңғыш рет тиісті дәрежеге көтере білуі.
3. Шортанбай айтыскер.
4. Шортанбайдың айтыстары.

Қорытындылау үшін «Шортанбай» ұғымына кластер жасалып, оқушылардың өз пікірімен дәйектеледі.

Үйге тапсырма: Шортанбай шығармашылығы мен өміріне байланысты ойтолғау жазып келу.

Білім беру жүйесіндегі дәстүрлі сабақ құрылымы бүгінде оқытудың жаңа технологияларына негізделген тың ізденістермен толығып келеді. Біз мысалға келтіріліп отырған сабақ жоспарлары дәстүрлі сабақ түрлеріне құрылған. Әдістеме ғылымында отандық әдіскерлердің қалыптастырған жүйесін жете білу жаңа ізденістердің дұрыс бағытта дамуына да өзіндік үлесін қосары анық. Олай дейтініміз жаңа технологияларға негізделген сабақ жоспарларын түзу үшін де сабақтың тұтас құрылымдық жүйесін терең таныған орынды.

Әдетте әдебиет пәні бойынша сабаққа дайындықты оқу материалын талдаудан бастаған орынды. Оқу материалы бойынша сыныпта жүргізетін жұмыс барысы да мұғалімнің мәтін мазмұны бойынша ұйымдастыратын оқу-танымдық жұмыстарының бірізділігі мен жан-жақтылығына қатысты. Оқу материалына кіріспе сұрақтар даярлау, мәтін мазмұнын оқушылардың меңгеру дәрежесін білу мақсатындағы анықтау сұрақтары, мәтін талдауға бағытталған сұрақ-тапсырмалар, мәтіннің идеялық қырларын талқылай отырып, тануға арналған проблемалық сұрақтар, оқу материалына қатысты, сабақты бекіту, пысықтау кезеңдерінде оқушыларға қойылатын сұрақтарды ойластыру – барлығы мұғалімнің сабақ алдындағы даярлық жұмыстарына жатады. Одан өзге сабақты жоспарлау барысында сабаққа қойылатын негізгі талаптарды ескерген орынды. Олар:

1. Сыныпты ұйымдастыра білу.
2. Берілген білімнің оқушыға түсінікті болуы.
3. Мұғалімнің оқушы ұғымына лайықты сөйлеуі.
4. Мұғалімнің сабақта басты мәселеге көңіл аударуы, негізгі мәселені ерекше даралай, көрсете білуі.
5. Сабақта психологиялық хал-ахуал туғызуы (оқу материалын меңгертуде оқушының қиялы, зейіні, таным деңгейі, түйсінуді, терең ойлануы т.б.)

6. Сабақтың темпі мен ырғағы.
7. Сабақ кезеңдерінің өзара байланысы.
8. Сабақтың тәрбиелік салмағы.
9. Мұғалім сауалдарының дидактикалық талапқа сай қойылуы.
10. Сабақтың ғылымилығы, танымдық құндылығы.
11. Сабақтағы пәнаралық байланыстың, интеграциялық байланыстың жүзеге асуы.
12. Сабақта мұғалімнің бақылауды ұйымдастыруы.
13. Оқушылармен жеке дара жұмысы.
14. Сабақ мақсатының дұрыс орындалуы.
15. Мұғалімнің оқушыны үнемі дамытуға талаптануы.
16. Сабақ үдерісінде оқушы мен мұғалімнің ынтымақтастығын орнату.
17. Сабақты пысықтау, оқушы білімін бағалауы, (оқушы білімін сараптай отырып бағалау).
18. Үй тапсырмасының педагогикалық талапқа сай берілуі.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі саласына елеулі үлес қосқан әдіскер-ғалым Қ.Бітібаева «Әдебиетті оқыту әдістемесі»¹ оқулығында сабақтың бірнеше түрін атайды. Сабақтың түрлерін қолданылатын әдіс-тәсілдері мен тақырыптарына қарай саралай отырып, қай сабақ типтерінде белсенді қолданылатынын нұсқайды. Әдіскердің көп жылдық тәжірибесінде қолданған интеграциялы «Қос үштік сабағы», ойын элементтері бар «Сот сабағы», «Жәрмеңке сабағы», «Көкпар, жарыс сабақтарын» қандай тақырыптарда өтуге болатынын атап айтады.

Бүгінгі оқу үдерісінде сабақ форма жағынан да ішкі құрылымы жағынан да өзгеріп, түрленіп отыр. Сабақ түрін анықтауда оқу үдерісінің тұтас құрылымын ескерген орынды. Себебі кейбір сабақ үдерісіндегі шағын ойын элементімен аталатын сабақ түрлері де тәжірибеде кездеседі.

Оқытудың жаңа технологияларына негізделген сабақ жобалары.

Жаңа оқыту технологияларына негізделген сабақ құрылымдары әралуан. Мәселен, «оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» жобасынан жүргізілетін оқу үдерісінде сабақты үш кезеңге бөледі. Олар:

1. Қызығушылықты ояту кезеңі;

2. Мағынаны тану кезеңі;

3. Шығармашылық кезең. Сонымен қатар, ойсергектер мен рефлексияға да ерекше назар аударылады.

Сондай-ақ модульдік оқыту сабақтарында оқу-таным үдерісін іштей үш кезеңге жіктейді. Олар:

1. Кіріспе бөлім;

2. Сөйлесу бөлімі;

3. Қорытынды бөлім.

Сабақтың кіріспе кезеңінде оқу материалы бойынша ақпарат беріледі. Сөйлесу бөлімінде түрлі әдіс-тәсілдер арқылы, рөлдік ойындар, дидакти-

¹ Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. –А., Рауан, 1997. –271 -276 б.

калық ойындар т.б. арқылы оқу мазмұны оқушылардың белсенді әрекетінде игеріледі. Ал қорытынды бөлім шығармашылық жұмыстарға арналады.

Жаңа оқыту технологиялары бойынша сабақ түрі оқушының білімді меңгеру үдерісінің құрылымына қарай ұйымдастырылады¹. Олар:

- 1.Қабылдау
- 2.Мәнін түсіну
- 3.Есте сақтау
- 4.Қолдану
- 5.Қорыту

Әрбір сабақ түрі өзіне тән белгілі логикасына қарай құрылады. Оларды саралар болсақ, **бірінші сабақ түрі:** «Бастапқы жаңа білімді оқып үйрену және есте сақтау іс-әрекеттерінің тәсілдері» делінеді.

Сабақтың мақсаты – оқушылардың қабылдау, мәнін түсіну және бастапқы білімді оқып үйрену, есте сақтау әрекетінің әдіс-тәсілдерін ұйымдастыру.

Сабақтың құрылымы (кезеңдері):

- 1.Мотивация
- 2.Оқушылардың оқу-таным түсініктерін өзектілеу кезеңі
- 3.Оқушы түсінігін алғаш тексеру кезеңі
- 4.Алғашқы қайталауды ұйымдастыру кезеңі
- 5.Талдау кезеңі
- 6.Рефлексия.

Бұл сабақты көбіне дәріс, кино сабақ, саяхат сабақ, әңгімелесу т.б. сабақтары түрінде ұйымдастыруға болады.

Екінші сабақ түрі: «Оқушы білімін және іс-әрекет тәсілдерін жетілдіру» сабақтары.

Сабақтың мақсаты – білімнің беріктігін орнықтыруды қамтамасыз ету және іс-әрекет тәсілдерін жетілдіру.

Сабақ құрылымы (кезеңдері):

- 1.Мотивация.
- 2.Жетекші білімді қалыпты және өзгерген жағдайда өзектілеу, білімді өз бетінше қолдану.
- 3.Бақылау және өзін-өзі бақылау.
- 4.Түзету.
- 5.Рефлексия.

Бұл сабақ практикум, семинар сабақ, «ашық ойлар» сабағы, «Брейн-ринг» ойыны, тренинг-сабақ, өзіндік жұмыс т.б. сабақ түрінде жүзеге асады.

Үшінші сабақ түрі: «Білім және іс-әрекет тәсілдерін кешенді қолдану».

¹ Управление образовательными системами. Шамова Т.И., Давыденко Т.М., Шибанова Г.Н. 4-е изд., стер. - М.: 2007. - 384 с.

Мұндай сабақтардың мақсаты – оқушылардың кешенді білім және іс-әрекет түрлерін өз бетімен қолдану үшін мазмұндық және ұйымдастыру жағдайларын жасау.

Сабақтың құрылымы (кезеңдері):

- 1.Мотивация.
- 2.Кешенді білім мен іс-әрекет әдістерін өзектілеу.
- 3.Ұқсас және жаңа жағдайларда білімді өз бетімен қолдану, бақылау және өзін-өзі бақылау.
- 4.Түзету.
- 5.Рефлексия.

Аталған сабақ типін әңгімелесу және практикалық сабақ, дәріс және тренинг түрінде жүргізу тиімді.

Төртінші сабақ типі: «Білім мен іс-әрекет тәсілдерін жүйелеу және қорытындылау» деп аталады.

Сабақтың мақсаты – оқушылардың білімін және іс-әрекет әдістерін қорытындылау жұмыстарын ұйымдастыру.

Сабақтың құрылымы (кезеңдері):

- 1.Мотивация.
- 2.Оқу материалының мазмұнын талдау.
- 3.Оқу материалындағы басты мәселені ерекшелеу.
- 4.Жүйелеу және қорытындылау.
- 5.Пән аралық және пәнішілік байланыс орнату.
- 6.Рефлексия.

Бірінші және екінші сабақ типтеріндегі сабақ түрлерін белсенді қолдануға болады.

Бесінші сабақ типі: «Білімді және іс-әрекет әдістерін тексеру, бақылау, түзету сабағы» делінеді.

Сабақтың мақсаты – оқушылардың өз білімдерін және іс-әрекет тәсілдерін түзетуді ұйымдастыру.

Сабақтың құрылымы (кезеңдері):

- 1.Мотивация.
- 2.Тапсырманы өз бетімен орындау.
- 3.Өзін-өзі бақылау.
- 4.Бақылау.
- 5.Талдау.
- 6.Бағалау.
- 7.Түзету.
- 8.Рефлексия.

Әдебиет пәні бойынша бұл сабақ типін көбіне бақылау жұмыстарында, мазмұндама, шығарма, кейс-стади, эссе, тестілеу т.б. сабақ түрлерінде қолдануға болады.

Әр сабақ типіндегі сабақ кезеңдері іштей кіріктіріле жүргізіледі. Әр кезең құрылымына қойылатын талаптар, дидактикалық мақсат, міндеттерге сәйкес анықталады.

Жаңа оқыту технологиясымен жүргізілген сабақтың үлгі жоспары.

Қазақ әдебиеті. (7- сынып).

Сабақтың түрі: Бастапқы жаңа білімді оқып үйрену және есте сақтау іс-әрекеттерінің тәсілдері.

Сабақтың түрі: «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» технологиясына негізделген.

Сабақтың тақырыбы: С.Сейфуллиннің «Сыр сандық» өлеңі.

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға ақын шығармасының идеялық, көркемдік қырларын таныту, өлеңнің ерекшелігін, авторлық ұстанымды таныту. Оқушылардың көркем мәтінмен жұмыс барысында мәтіннің ішкі, сыртқы композициялық құрылымдар жүйесін, көркемдік сипатын саралай алу қабілетін, мәтін талдау түрлері мен жолдарына сәйкес сараптамалық жұмыс қабілеттерін шыңдау. Оқушыларды топтық жұмысқа қатыстыру арқылы, шығармашылық ынтымақтастыққа, көшбасшылыққа, түрлі жағдайларға икемді және ұтқыр болуға баулу, сезімталдық пен жаңа идеяларды қабылдауға икемділік қабілетін дамыту, білім, білікті мақсатты пайдалана алу қабілеттерін шыңдау.

Танымдық міндеттері: 1. «Сыр сандық» сөзінің тудыратын ұғымдары, символдық белгілерін тану; 2. Ақынның аллегория арқылы жеткізетін ойын анықтау: амал достықты мысал ете отырып, адамның ішкі сыры, болмысы, жан дүниесінің күрделі қатпарларын түсініп, түйсіну үшін шын ниет, шынайы достық керектігін тану; 3. лирик ақынның адамның ішкі әлемін танытуда қолданған сөз образдарын айқындау; 4. өлеңнің көркем айшықтары мен композициялық құрылымын тану.

1. *Дамытушылық міндеті:* «Сыр сандық» сөзінің көмегімен ой қозғау, оқушылардың образды ойлауын дамыту, саралау, талдау, ойды жинақтай білу қабілеттерін жетілдіру; шығармашылығын дамыту.

2. *Тәрбиелік міндеті:* Лирикалық шығарма арқылы эстетикалық, әлеуметтік тәрбие беру.

Әдістері: ассоциация, кластер, кубизм, елес жетелеу.

Оқу материалы: 7-сынып *Әдебиет оқулығындағы* С.Сейфуллиннің «Сыр сандық» өлеңінің мәтіні.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі: Сабақты ұйымдастыру үшін сыныптың ішкі-сыртқы жағдайын қамтамасыз ету. Студенттерді қарым-қатынасқа психологиялық жағынан дайындау.

Тақырыпқа қызығушылықты ояту кезеңі: Студенттер жыл мезгіліне қатысты төрт топқа бөлінеді. Сұрақ: «Сыр сандық»; «досық»; «тау» «перне», сөздері қандай ассоциация тудырады?

Мағынаны тану: Кластер құру. Идеялық, мағыналық қырларын қарастыру. Көркемдік ерекшеліктерін іздеп, жүйелеу, жинақтау.

Кубизм:

Суреттеңіз – достыққа зәру жанның көңіл-күйі мен мінез-құлқын суреттеңіз.

Салыстырыңыз – Өзіңіздің әртүрлі күйдегі сәтіңізді салыстырыңыз.

Зерттеңіз – (ойыңызбен байланыстырыңыз) – шығарма қандай ойға жетелейді? Шығармадағы көркемдік детальдардың автор ойын ашудағы қызметін пайымдаңыз.

Саралаңыз (талдаңыз) – өлеңдегі автордың ішкі сыр туралы ойын айқындаңыз.

Қолданыңыз –достық шарты туралы автордың көзқарасын пайдалана отырып достық ережесін жазыңыз.

Ұсыныңыз – әркім оң жағындағы сыныптасына бұрын айтылмаған көңіл түкпіріндегі жақсы лебіз, жақсы ниетін арнасын.

Толғаныс деңгейі: Елес жетелеу.

Шығармашылық деңгейі: Әр оқушы 5 минут уақыт көлемінде өз ойларын жазып шығады. Топта талқылау. Көпшілікке оқу.

Рефлексия:

Интервью алу парағы

Оқушының аты-жөні Талданатын мәселелер	Жауабы
- Сабақ ұнады ма? - Өлең мәтініндегі сізге ұнаған идея қайсы? - Сабақ тақырыбының сіз үшін қандай маңызы бар? - Сабақ барысында кімнің пікірі ұнады Неліктен? - Топ жұмысында қандай іс-әрекет ұнады? - Өз тобыңыздың қай мүшесіне жоғары балл қояр едіңіз (аты-жөнін жазыңыз)	

Бағалау. Сабақты бағалау қос тарапта жүргізіледі. Топтағы жұмысты бағалау оқушылар тарапынан да, мұғалім тарапынан да жүзеге асырылады. Топ мүшелерінің топтағы қызмет-әрекеті (тіркеуші, ұйымдастырушы, бағалаушы, атқарушы, спикер) ескеріледі.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Жоспарлау ұғымына түсініктеме жазу.
2. Күнтізбелік жоспар түзудің негізгі ұстанымдарын жазу.
3. Кеңес мектебі іс-тәжірибесінде қалыптасқан сабақ классификациясын саралау.
4. Сабақ типтеріне сәйкес кезеңдерін жіктеу.
5. Инновациялық білім беру жүйсіндегі сабақ үдерісін саралау.
6. Сабақ жоспарын сабақ типтеріне қарай жіктеу.
7. Жаңа технологияға негізделген сабақ құрылымының ерекшеліктеріне сипаттама жазу.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекеттік білім стандарты. – А., 1998.
2. Қазақ әдебиетін оқыту тұжырымдамасы. – А., 1997.
3. Қазақ әдебиеті пәні бойынша қазақ мектептеріне арналған бағдарлама. V – IX, X – XI сыныптар, - А., 2013.

II.2. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ӘДІСТЕР ЖІКТЕМЕСІ

1.Әдіс-тәсілдер, олардың түрлері, қалыптасу жолдары.

2.Отандық әдіскерлердің тиімді әдіс-тәсілдері, әдістерді жіктеудегі көзқарастары.

3.Әдебиет пәнін оқытуда қалыптасқан әдіс-тәсілдер жүйесі.

4.Әдіс-тәсілдердің әдебиет пәнін оқытуда тиімді пайдалану.

Әдіс-тәсілдер, олардың түрлері, қалыптасу жолдары. Оқу үдерісі — өте күрделі құбылыс. Мектепте білім берумен қатар оқыта отырып тәрбиелеу, оқушы санасының күнбе-күн жаңа біліммен жетіліп жаһандану үдерісіне еркін араласатындай дамып отыруына күш салу, оқыта отырып өзіндік көзқарасын қалыптастыру, жан дүниесінің толығып, баюына, адамгершілік қасиеттер мен игі ұстанымдарға жол басшы болатын негіздердің қалыптасуына, сезімі мен мәдениетін көтеріп, адамгершілік ұғымдарын кеңейтуге, бәсекеге қабілетті жан-жақты, толық адам етуге күш салу, сол арқылы жеке тұлға қалыптастыру көзделеді. Кез-келген ортада әртүрлі жағдаяттарда өзінің күзиреттілігін таныта алатын жеке тұлға қалыптастыру, алған білім мен дағды, машықты өмірдің әр кезеңдерінде тиімді қолдана алатын, өзін жан-жақтылыққа бағыттай алатын тұлға тәрбиелеу міндеттері жүктеліп отыр. Осындай мұғалімнің таяу уақыттағы және түбегейлі мақсаты оқу үдерісінде жүзеге асырылады.

Оқу үдерісі тікелей әдістер жүйесінің қатысуымен жүргізіледі. Әдіс (метод) деп грек тілінде адамның практикалық әрекеттерін және өмірді тани білу амалдары мен тәсілдерін атаған. Дүние тануда адам әрекеттерінің түрлеріне қарай әрқайсысының өздеріне тән әдістері болады. Ғылыми-зерттеу жұмысының әдіс болатыны сияқты оқытудың да өздеріне тән әдісі болуы заңды. Оқыту әдісі деп мұғалімдердің оқушыларды біліммен қаруландыру тәсілдерін және оқушылардың материалды қабылдау жолдарын айтады. Әдіс оқытудың мақсаты мен мазмұнына байланысты құрылады. Оның өзгеруіне қарай әдіс те түрленіп отыруы қажет. Оқыту әдісі баланың жас ерекшелігіне қарай құрылуы, төменгі сынып пен жоғары сынып оқушыларына қолданылатын әдістердің елеулі айырмашылығы болатыны белгілі. Әр пәнге қолданылатын әдіс әртүрлі болып келеді. Мәселен қазақ, орыс, шет тілі сабақтарында жаттығу әдісі көбірек қолданылса, химия, физика сияқты пәндерде көбіне лабораториялық әдіс басым келіп отырады.

Оқыту әдісін тәсілмен шатастыруға болмайды. Оқыту тәсілдері оқу әдістерінің кейбір элементтері, нәтижеге жетудің жолдары ғана болып табылады. Мысалы сөздік әдіспен жанама толып жатқан тәсілдер жүзеге асырылады. Әдеби айтыс тудыратын сұрақтар оқушы белсенділігін тудыратын тәсіл түрлеріне жатады.

Адам қоғамының даму тарихында оқу әдістері үнемі өзгеріп, жаңарып, дамып отырған. Орта ғасырдағы мектептерден бері қарай әдіс үнемі жетілу үстінде болды. Орта ғасырдағы мектептерде оқыту догмалық сипатта болды да, негізгі әдіс жаттауға бағытталды.

Я.А.Коменскийдің орта ғасырлық догмалық жаттау әдісіне сын тұрғысынан келіп, оқушылардың материалды саналы түрде түсініп қабылдауын ұсынды. Я.А.Коменскийдің осы педагогикалық талабына сай ХҮІІІ және ХІХ ғасырларда оқытудың көрнекілік әдісі дамыды. Ал бертін келе ғылым мен техниканың дамуына байланысты оқытудың лабораториялық әдісі қолданыла бастады.

Академик Ю.Н.Бабанский «Оқу-тәрбие процестерін оптималдандыру» деген еңбегінде әдісті үшке топтап көрсеткен¹:

- 1.Оқушылардың оқу таным қызметін ұйымдастыру әдістері;
- 2.Оқушылардың оқу-таным қызметін көтермелеу әдістері;
- 3.Оқу-таным қызметінің тиімділігін бақылау әдістері.

Ю.Н.Бабанскийдің көрсетіп отырған әдістер топтамасының ішіне бірнеше әдістерді жинақтауға болады. Мысалы, оқушылардың оқу-таным қызметін ұйымдастыру әдістеріне әңгіме, лекция, пікірлесу т.б. жатқызуға болады. Оқушылардың оқу-таным қызметін көтермелеу әдістеріне көрнекілік әдістерді жатқызуға болады. Оқу-таным қызметінің тиімділігін бақылау әдістеріне практикалық әдістер енеді.

Бүгінгі педагогикада танымал оқыту әдістерін түр жағынан топтастыруға болады. Бүгінгі күнге дейін оқыту әдістерін топтастыруда жан-жақты пікір бар. Дегенмен солардың көбі әдістерді үш топқа жіктеуді ұсынады. Олар:

- 1.Ауызша оқыту әдістері.
- 2.Көрнекі оқыту әдістері.
- 3.Практикалық оқыту әдістері.

Бұлар бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Мысалы, ауызша оқыту әдісі көрнекі оқыту әдісінің элементтерімен өтеді, ал практика оқыту әдісіне ауызша оқыту мен көрнекі оқыту әдістерінің ең негізгі амал-тәсілдері кең түрде пайдаланылады.

Ауызша, көрнекі және практикалық оқыту әдістері мұғалімнің оқыту материалдарын зерттеу тәсіліне қарай бірнеше түрге бөлінеді:

•Ауызша оқыту әдісі әңгіме, түсіндіру, баяндау, лекция, сұрақ-жауап түрінде құрылады.

•Көрнекі оқыту әдісіне демонстрациялау, саяхат және дыбысты көрнекілік жатады.

•Практикалық оқыту әдістері жаттығу, бақылау, лабораториялық және кітаппен жұмыс істеу әдістерінен тұрады.

Оқыту әдістерін «педагогикалық энциклопедияда» түсіндіруі бойынша — оқушының білім, білігін, өмірге деген көзқарасын, қабілетін дамытатын оқушы мен мұғалімнің жұмыс амалы деуге болады. Аталған анықтамадан оқытудың (тәрбиелік оқытудың) ұстанымы, білім мазмұны мен жүйесі, мұғалім мен оқушы қызметі, әсіресе мұғалімнің жетекшілік рөлі айқын аңғарылады.

¹Бабанский Ю.К. Оптимизация процесса обучения : общедидактический аспект / — М., Педагогика, 1977. — 256 с.

Қай сабаққа қандай әдіс–тәсіл жетекшілік ететінін сол сабақтың ішкі мазмұны мен табиғаты ғана айқындай алады. Әдіс-тәсілді сабақтың ішкі мазмұнына лайықты ғана ірктеуге болатынын әдіскер ғалымдардың барлығы дерлік қуаттайды.

Ауызша оқыту әдісінің түрлеріне қысқаша сипаттама жасап көрейік. Әңгіме әдісі сұрақ-жауап түрінде жүргізіледі. Ол жаңа материалды меңгертуде, өткен сабақты қайталау, сыныптан тыс жұмыс түрлерінде кең қолданылады. Әңгіме әдісі сабақта басқа оқыту әдістерімен қатар келіп те отырады. Әңгіме әдісі оқушыларды материалдың мазмұнын нақтылы білуге және тиісті сұрақтарға дәлме-дәл жауап беруге жаттықтырады. Бұл әдіс өте ертеден келе жатқан әдіс болып есептеледі.

XIX ғ. кейбір мектептерде эвристикалық оқыту әдісі қолданыла бастаған. Әдіс Сократтың сөзімен аталғандықтан *эвристикалық, немесе сократтық әдіс* деп те аталған.

Аталған әдісте әңгімелеу арқылы негізгі материал мазмұнын тереңірек ұғуға оқушылардың өздеріне жағдай туғызып отыру көзделеді.

Түсіндіру әдісі. Бұл әдіс ұғымдар мен заңдылықтарды дәлелдейтін, тәжірибелік немесе саралау жұмыстарын жүргізген кезде қолданылады. *Түсіндіру әдісінде дәлелдеу тәсілі* басымырақ болады. Әдебиет теориясынан берілетін түсініктерді, теорияларды тікелей түсіндіру әдісінің көмегімен жүзеге асыруға болады.

Баяндау әдісі. Баяндау әдісін қолданғанда материал *эмоциялық сезіммен* түсіндіріледі. Бұл әдіс барлық сыныптарда да қолданылады, бірақ оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты өзгеріп отырады. Әрбір қаламгердің өмірбаянын түсіндіргенде және олардың шығармашылық мұраларын айтқан кезде баяндау әдісі жетекші рөл атқарады. Бастауыш сыныптарда материалды 10-15 минут баяндауға болады, орта және жоғары сыныптарда 15-25 минуттай баяндау әдісін қолдануға болады.

Оқушылардың жаңа материалды меңгеруге ынтасын арттыру үшін, мұғалім баяндаудың алдында өткен тақырыппен жаңа тақырыптың арасын байланыстыру әрекетін көздейді.

Баяндау әдісін ойдағыдай ұйымдастыру үшін мына жайларға көңіл бөлу қажет:

- 1.Материалдағы әрбір фактілердің тәжірибе елегінен өткен ғылыми дәлелденген болуы әрі оқу бағдарламасына сәйкес алынуы. Бағдарламадан тыс материалдарды үйіп-төгіп беру арқылы баяндау әдісін қиындатып алмау;

- 2.Оқу бағдарламасы бойынша сабақтың әрбір кезеңінде қажетті материалдың дұрыс іріктеліп алынуы. Берілген материалға сәйкес оқушылардың үйде орындайтын тапсырмаларының көлемі өз дәрежесінде болуы;

- 3.Материалда кездесетін жеке мәселелердің нақты айтылуы әрі қажетті көрнекіліктер арқылы фактілердің дәлелді және сенімді болуы;

- 4.Баяндау әдісі дидактиканың белгілі заңдылығына сүйенген логикалық жүйелі бірізді болуы шарт. Ол оқушылардың ойлау қабілетіне әсер етеді;

5. Мұғалімнің баяндауы эмоциялы болуы. Эмоциялық түсіндіру оқушылардың ақыл-ойына әсер етіп қана қоймайды, олардың ішкі психологиялық сезімін қозғайды. Оқушылардың логикалық қиялын өрістетеді;

6. Материалды баяндағанда мұғалімнің сөйлеу тілі ұтымды, пікірі айқын, оқиғалары толық және көркем тілмен түсіндірілуі қажет.

Көрнекі оқыту әдісі. Педагог-психологтардың пікірінше, оқушы қабылдайтын білімнің тиімділігіне көрнекі әдістің тигізетін ықпалы зор. Себебі, қабылдаудың басты жолдарының бірі ретінде көру, тыңдау арқылы қабылдау оқушының материалды меңгеруіне үлкен ықпал етеді. Бүгінде мектеп бағдарламасы бойынша оқытылатын көптеген тұлғаларымыздың өмірі мен шығармашылық жолына байланысты түсірілген документальді фильмдер, көркем фильмдер, қысқа метражды фильмдер жарық көруде. Әрине бұл фильмдердегі идеялық бағыт немесе ақпарат құралымы мектептегі әдебиет сабақтарымен бүтіндей үндесе бермеуі заңды. Әйткенмен қажетті жерін мақсатқа сәйкес пайдалану мүмкіндіктері зор. Арнайы фильмнің үзіндісін қиюға арналған компьютерлік бағдарламалардың көмегімен сабақ мақсатына лайықты қолданған тиімді. Сондай-ақ аудиодискілерді пайдалану да маңызды. Әсіресе жыр жанрын, лирикалық шығармаларды оқытқанда тыңдау әрекетіне басымдық жасаған абзал. Телевизия, радио, ұнтаспа, экскурсиялық оқыту, компьютерлік оқыту, электронды оқыту жүйелері, электронды оқулықтар, онлайн сабақтар т.б. көрнекі құралдарды еркін пайдалану мүмкіндіктері зор.

Практикалық оқыту әдісіне мәтінмен жұмыс, кітаппен жұмыс, ауызша жаттығу жұмыстары, жазбаша жаттығу. Саралау, топтау жинақтау жұмыстары, шығармашылық жазба жұмыстары, аннотация, шығарма, ой толғау, рецензия, баяндама т.б. жұмыстарды жазу жатады. Бүгінде оқушыны өздігінен білім алуға бағыттау үрдісі басымдылық танытып отырған тұста практикалық әдістерді белсенді жүргізу қажеттігі арта түседі.

Бақылау әдісі. Білім мазмұнындағы өзгерістер мен кейбір құбылыстарды бақылату арқылы жүзеге асады. Мәтіннің кейбір ерекшеліктері, шығармадағы адамдар образының жасалу жолдары, шығарма композициясының өзгешеліктері, шығарма тілі, көркем айшығы немесе сыртқы құбылыстар, саяхат сабақтарындағы бақылау тапсырмалары арқылы орындалып отырады.

Лабораториялық оқыту әдісі. Бұл әдебиет пәнінде жиі қолданыла бермейді. Дегенмен ретті тұсында кейбір мәтінмен жұмыс түрлерін осы лабораториялық әдіспен жүргізуге болады.

Отандық әдіскерлердің тиімді әдіс-тәсілдері, әдістерді жіктеудегі көзқарастары. Халқымыздың ағартушы-ғалымдарының бірі Ахмет Байтұрсынов өзінің «Қай әдіс жақсы?» мақаласында мынадай пікір айтады: «Жалғыз әліп-би үйретудің өзінде толып жатқан әдіс бар. Сол әдістерді әр әдісқой өзінше өзгертіп қолданған түрлерін сөз қылса, әдіс түрлерін түгелдей алмас едік. Бүкіл Жауropa әдісқойларының тұтынған әдістерін түгендемек,

жалғыз орыстың ғана әдісқойларын алып сөз қылар болсақ, оның өзі әлденеше журнал бетін аларлық сөз болар еді».¹

Білім алу — әдістемелік деңгейдегі ең маңызды әрі басты мәселенің бірі болып саналатындықтан, оқыту әдістері ғылыми мәселе ретінде еш уақытта да кез-келген ғылымнан кенже болып көрмеген.

Олай болатын себебі, оқыту әдістері болмаса білім беру мәселелерінің жоғарғы сапаға ие болуы, онсыз ғылымды дамыту мүмкін болмаған болар еді. Демек оқыту әдістерінсіз ешбір оқу тәрбие процесі, танымдық, тәрбиелік әрекеттер жүзеге аспайтын да еді. Сондықтан Батыс Европа дидактиктері шығыс ғалымдары, орыс педагогтары мен қазақ әдіскерлерінің жазған еңбектері, әдістемелік тәсілдері қазіргі таңда ұсынылып, қолданылып келе жатқан жаңа әдіс-амалдары оқу-тәрбие ғылымы саласында өз орнын табуда. Айталық, дидактиканың жалпы мәселелеріне байланысты М.А.Данилов, М.Н.Скаткин, М.И.Махмудов, И.А.Ларнер, Б.П.Есипов секілді орыс дидактиктерінің еңбектерінде бұл мәселелер жөнінде жақсы пікірлер айтылса, әдебиет сабақтарының дидактикалық астарлары Н.И.Кудряшев, Л.С.Айзерман, О.Ю.Багданова т.б. еңбектерінде кеңінен талданған.

Оқыту әдістері арқылы мұғалім таным қызметіне басшылық етеді. Бірақ осы уақытқа дейін оқыту әдістерін саралауда бірізділік жоқ екені білгілі. Бұл тұрғысында белгілі педагог-ғалым Т.А.Ильина «Педагогика» оқулығында былай деп тұжырым айтады: «Оқыту әдістерінде жақсы бағдар алу үшін мұғалім оларды белгілі жүйеде түсінуі тиіс. Алайда кеңес әдіскерлерінің арасында осы күнге дейін әдістерді классификациялау тұрғысынан алғанда пікір бірлігі жоқ екенін мойындау қажет болады»²).

Оқу — білім қоғамдық даму сатының маңызды құралы болғандықтан әр ғасырдағы қоғам және мәдениет қайраткерлері, зерттеуші ғалымдары оқыту әдістеріне және оның даму жолдарының қалыптасуына сан қилы анықтама беріп отырған. А.Байтұрсыновтың әдіске берген анықтамасында: «Әдіс — керекшілдіктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орынның керек қылуына қарай. Мәселен, сауаттау әдісін алсақ бір жұрттық сауаттау әдісіне қолайлы болған әдіс екінші жұрттың да сауаттау ісіне қолайлы болуға тиіс деп атауға болмайды. Екеуінің тілінің заңы, емлесінің жүйесі бірдей болса, біріне қолайлы болған әдіс екіншісіне де қолайлы болуы мүмкін емес. Егер де тілінің заңы, емлесінің немесе әрпінің жүйесі басқа болса, онда біріне жақсы болған сауаттау әдісі екіншісіне де жақсы болады деп ешкім айта алмайды».³ Абай Құнанбаев болса өзінің қарасөзінде замана бейіліне қарай оқыту, білім беру қағидаларының да өзгеріске түсіп және оның ғылымдар тарапынан жетілдіріліп отырылуы қажеттігін нақты әрі ұлағатты мысалмен білдіреді: «Пайғамбарымыз саллаллаһу ғалайһи уассәлам «ақырзаман бір жылдық бір күн болар» дегенде сахаба и кәрімлар (ғылым үйренушілер) «бұл бір жылдық күнде намаз нешеу

¹ Тіл тағлымы, – А. «Ана тілі», 1992.

² Ильина Т.А. Педагогика. – А., Мектеп, 1997.

³ Байтұрсынұлы А.Тіл тағлымы.–А., Ана тілі, 1992.

болар» деп сұраған екен. Сонда: Оның пәтуасын сол заманның ғалымдары білер деген сөзінен ғибратланып қарасаң, заман өзгерумен қағидалар өзгергенін білдіргені мағлұм болады» – дейді¹.

Ал XIX ғасырдағы оқу–ағарту саласында да оқытудың тиімді әдістері жайында халқымыздың ағартушы-ұстазы Ыбырай Алтынсарин өзінің досы, түркітанушы ғалым Н.И.Ильминскийге 1864 жылы жазған хатында: «Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай өте қызу кірістім. Бұл балалар да менің айызымды қандырып, небәрі үш айдың ішінде оқи білетін және орысша, татарша жаза білетін болды. Мен әуелі оларға зат есімге ғана жататын заттарын үйретемін. Осылардан кейін зат есімді олардың сыны мен қосып: «ақ адам» деген сияқты сөйлемдерді құрып үйретемін. Осыдан кейін келіп самоучительден сөйлем аудартып үйретемін... Шәкірттерім аздап орысша сөйлей бастаған кезде мен оларды осындағы орыс балаларымен араластырып жіберемін. Кейін паракор болып шықпаулары үшін оларға адамгершілік жағынан әсер етуге де бар күшімді салып отырмын. Күлсеңіз, күле беріңіз, мен кейбір оқытудан бос уақыттарымда оларға ресми түрде молда да болып қоямын. Сөйтіп оларға дін тарихынан білгенімді айтып, оған басқа да пайдалы және түсінікті әңгімелерді де қосып айтамын» — деп ұстаздық әдіс-тәжірибесін баяндайды.²

Ы.Алтынсариннің педагогикалық жүйесі алдыңғы қатарлы елдердің мәдениетінен үйрену, ғылымды халық мүддесіне пайдалану мақсатын көздеген.

Ы.Алтынсарин әдеби оқу жүйесін, әдістемесін қазақ тәжірибесіне тұңғыш рет енгізе отырып, төрт түрлі факторды бірге алып қарастырған. Олар:

- 1.Материал.
- 2.Материалдың берілу тәртібі мен әдістемесі.
- 3.Оқушы.
- 4.Мұғалім.

Материал — балалардың жас ерекшелігіне, педагогиканың халықтың прогресшіл талаптарына лайық сұрыпталып алынған әдеби шығарма үлгілері болуын көздейді. Әдістемені қалыптастыру үшін әуелі бағдарлама құрып, оқытудың мақсат-мазмұнын айқындау қажет болатыны белгілі. Дегенмен Ы.Алтынсарин мектебінің тұсында мұндай жағдай болмағандықтан, ол оқулық-хрестоматия жасауға кіріседі.

Хрестоматия жасай отырып, Ы.Алтынсарин тұңғыш рет әдебиетті пән ретінде таныта білді, яғни қазақ әдістеме ғылымына жол салды. Хрестоматияға халық ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің мазмұнды, мағыналы, ең жақсы үлгілері енді. Мәтіндердің білімдік, тәрбиелік және эстетикалық жағы тұтас көзделді. Бұл оқулық мектепке ұлт тілі мен ұлт әдебиетін енгізудің жақсы бастамасы болды.

¹ Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы 2 том.— А., Жазушы, 1985.

² Алтынсарин Ы. Таңдамалы «Қаз ССР Ғылым академиясы». – А.:—273б.

Мектепте орыс тілін үйренумен байланысты «аударма әдісі» дейтін жүйені енгізді. Бұл пәнді терең меңгеруге негізделген, оқушылардың ынта-сын арттыратын әдіс. Ыбырайдың «аударма әдісінің өзі мәтінді оқуға бағытталғандықтан, онда оқудың толып жатқан элементтері кездеседі (сөз, сөйлем мағынасын екі тілде бірдей ұғыну, орысша да қазақша да ойлай, сөйлей, жаза білу, сөздік жасау, көркем мәтінді оқыту).

Ы.Алтынсариннің бұл әдісі қазіргі бастауыш сыныптарда қолданылып жүрген «түсінгіш оқу» жүйесіне жақындайды. Алтынсарин хрестоматиясы оқушыларға эстетикалық тәрбие, үлкен жүйелі білім, қоғамдық ұғым берді. Жастарды адамгершілікке, ағартушылық идеясына, қоғамдық міндетке баулыды.

«Кел, балалар, оқылық», «Өнер, білім бар жұрттар» деген өлеңдері өнер-білімге шақырса, «Түлкі мен ешкі», «Тәкаппарлық», «Сауысқан мен қарға» сияқты ғибратшыл әңгімелері оқушыны адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелейді. «Қыпшақ Сейтқұл», «Талаптың пайдасы», «Асыл шөп», «Зеректік» әңгімелері талаптылыққа, еңбекке, тәрбиелейді. «Мұңсыз адам», «Ей, жігіттер» сияқты әңгіме, өлеңдері қоғам өміріндегі қайшылықтарды көрсете отырып, жастарды әділдікке шақырады.

Ы.Алтынсарин әңгімелерінде тарихи материалдар мен салыстыру әдісі өте көп. «Қазбек батыр», «Қобыланды», «Алтын айдар» сияқты ауыз әдебиеті үлгілері арқылы оқушыларды туған ел тарихына үңілдіреді¹.

Абай Құнанбев:

«Ақылмен ойлап-білген сөз

Бойға жұқпас, сырғанар.

Ынталы жүрек сезген сөз

Бар тамырды қуалар», – деген ой білдіреді². Бала тәрбиесінің қамқоршысы ретінде Абайдың оқу-тәрбие мәселесінде ойтылған ойлары бағалы. Мәселен, Абай отыз бірінші қара сөзінде адам ойында білімнің берік сақталуының төрт түрлі себебін көрсетеді. Соның ішінде алынатын білімнің тыңдаушысына терең әсер етуі, көңіліне, жүрегіне әсер етуі білімнің де беріктігінің кепілі деген ой айтады: «естігенде я көргенде ғибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек» дей келе, сол білімді ұзақ уақыт есте сақтаудың ішкі, сыртқы факторларын да есепке алу керектігін ескертеді.

В.Г.Белинский де кезінде осы ойды айтқан. Бала тәрбиесі, әуелі сезімнен бастап, сол негізде түйіндеуге келу қажет деп түсінген. Орыстың ресми-сословиялық мектептерінде әдеби мәтін оқымай көбіне оның формасы мен мәні жайында жалпы түсінік-ереже ғана берілетін болған. В.Г.Белинский жас буынға эстетикалық тәрбиенің мәні жайында айтылған жалпы сөзден, әдемі айтылған ережеден көркем шығарманың өзін оқып, содан төтелей әсер алудың өзі көп пайдалы екенін, адамгершілік жайында ғибрат балаға жалпы түсінік қағида түрінде емес, олармен сезім түрінде барып жетуі тиіс екенін көрсеткен.

¹ Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы.

² Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы 1 том. – А., Жазушы, 1985.

Ы.Алтынсарин материалдары оқушының жас ерекшелігіне лайықталып алынған. Осы материалды оқытуда Ы.Алтынсарин әдісін екіге бөлуге болады.

1.Қазақ балаларын орыс тілінде оқыту әдісі;

2.Бастауыш мектептің екінші сатысында ересек балаларға әдеби мәтінді оқыту әдісі.

Бірінші сала әліппеден соңғы кезеңдегі бастауыш оқуға жатады. Екінші сала 4,5 сыныптардың дәрежесіне сай келеді.

Ы.Алтынсариннің әдеби оқу әдістемесіне тән бір жаңалығы — өлең жаттау тәсілі. Ы.Алтынсарин әдістемесінде шығарманың мазмұны мен идеясын танытудың элементі бар. Мысалы: «Өнер, білім бар жұрттар», «Қыпшақ Сейткүл» шығармаларында прогрессивті алға өрістеу идеясы бар. «Ағаш үй мен киіз үй» т.б. шығармаларында осы тақырыпты тереңдете түседі. Ы.Алтынсариннің әдістемелік жүйесі бүгінгі бастауыш мектептерде қолданылып жүрген әдістердің бірі саналады. Бастауыш мектепте мәтінмен жүргізілетін жұмыстарда Ы.Алтынсарин қолданған әдіс тиімділігімен танылып келеді.

Ы.Алтынсарин өзінен бұрынғы педагогикалық озат ой жүйелерді біріктірген, тек қазақ даласы ғана емес, бүкіл Ресей көлемінде көрінген үлкен әдіскер болды. Ресей ғалымдары Ы.Алтынсаринді XIX ғасырдағы бүкіл Ресей педагогикасының да алдыңғы шебінде тұрған педагог-әдіскер деп көрсетеді.

Ы.Алтынсарин әдістемесінде бастауыш оқу мен әдебиетті оқытудың басты элементтері мыналар:

4- кесте.

Бастауыш оқу (1-3 сынып)	Әдеби оқу (4-5 сынып)
3.Түсініп оқу. 4.Сөздік жұмыс. 5.Аударып оқу. 6.Сөйлету (әңгімелеу) 7.Жаздыру. 8.Жаттау. 9.Мазмұндау.	1.Пайымдап оқу. 2.Талдап оқу. 3.Сыныптан тыс оқу. 4.Сөйлету. 5.Жаздыру. 6.Мақамдап оқу (жаттау) 7.Мазмұндау. 8.Мінездеу. 9.Ғибратшылдық оқу (шығарма идеясын түсіну).

Қай уақытта болмасын оқу-ағарту жүйесіндегі оқыту әдістерін қолдануда шеберлік қажет. Бұл мәселе мұғалімге тікелей байланысты. Ендеше ұстаз өз мойнындағы педагогикалық тәжірибесі мен әдістемелік шеберлікті оқытудың сан алуан әдіс-амалдары арқылы жүзеге асыруы тиіс. Осы тұрғыда орыстың педагог-ғалымы Т.А.Ильина «Педагогтік тәжірибелік және педагогтік шеберлік деп аталатындарда, тек мұғалімнің өз пәнін жақсы білуі

ғана емес, сондай-ақ оқытудың әдістері мен методтарын ешбір қысылмастан, сеніммен меңгеруі және бар», - деген тұжырым айтады.¹

Әдіскер-ғалым В.В.Голубков өзінің «Методика преподавания литературы» атты еңбегінде педагогикалық шеберліктің негізгі қайнар көзі — өмірден көрген-түйген, оймен саралаған тұжырымдармен қоса күнделікті сабақты жүргізу екенін айта келіп, осындай тәжірибелік жолда әр оқытушының өзіндік жеке әдісінің пайда болатындығын айқындап береді. «Егер оқытушы ақылды, ойлы, дарынды адам болса, онда оның өз пәнін терең білетіндігін аңғаруға болады. Егер ол балаларды жақсы көрсе және педагогикалық тәжірибесі мол болса, ол оқытушының өз мамандығына шебер болғандығы және оның әрбір сабақтары оқушының жадында терең із қалдырады», - дейді².

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі тарихында өзінің өлшеусіз еңбегімен көзге түсетін ірі тұлға – Ә.Қоңыратбаев. Әдіскер-ғалым қазақ мектептерінің алғашқы оқулықтарын жазудан бастап қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің қалыптасу тарихында үздіксіз еңбек еткен.

Алғашқы мектепке арналған оқулықтар Қазақ әдебиетінің алғашқы оқу құралдары әрі оқулық, әрі әдеби, ғылыми, зерттеу еңбегінің нәтижесі болғаны белгілі. Алғашқы оқу құралдары жазылған тұста әдебиеттің тарихи курсы толық анықталмаған кез болатын. Қазақ әдебиеті оқулықтарының алғашқы қарлығаштары қатарында М.Жолдыбайұлы, Ә.Қоңыратбайұлы, М.Қаратайұлының төрт жылдық мектепке арналған «Әдебиет хрестоматиясы» оқулығы, хрестоматияның оқушы-шәкірттердің білімін толықтыруға, әдеби эстетикалық танымын қалыптастыруға елеулі ықпалы болды³.

Қыркыншы жылдарға дейін қазақ әдебиетінің әдістемесінің қалыптасу кезеңі болды деуге болады. Бұл қалыптасу бірнеше бағыттағы үдерістен көрінеді: осы кезеңде мектептің сабақ жүйесі қалыптасты, яғни жалпыға бірдей орталау және орта білім беру жүйесі құрылды; әдебиет оқулықтарының ғылыми-әдістемелік, материалдық базасы қалыптасу үстінде болды; оқу бағдарламалары мен оқулықтарының әдістемелік құрал ретіндегі рөлі күшейе түсті. Әдебиет оқулықтарының оқушы мен мұғалімнің сүйенетін негізгі құрал ретіндегі рөлінің күшейуі ендігі жерде әдістемелік жүйесін де нығайту талабын туғызды. Ендігі жерде мектеп оқулықтарына әдістемелік нұсқаулардың жазылу қажеттігін туындатты. Сол тұстағы идеологияның әсерінен мектепте оқылатын ақын-жазушыларды іріктеу үлкен жауапкершілікпен жүзеге асырылу себепті, ендігі жерде жеке ақын-жазушылар өмірі мен шығармашылығын мұғалімдерге түсіндіруге арналған танымдық мазмұндағы мақалалар жарияланып, бірлі-жарым әдістемелік кітапшалар пайда болды.

¹Ильина Т.А.Педагогика. –А., Мектеп, 1997.

²Голубков В.В. Методика преподавания литературы.– М., 1962.

³ Әдебиет хрестоматиясы. (төрт жылдық мектепке арналған) М.Жолдыбайұлы, Ә.Қоңыратбайұлы, М.Қаратайұлы. – А., 1934 жыл.

Әдіскер ғалым әдебиетті оқыту әдістерін саралай отырып, өлең табиғатының өзгешелігін орынды ескертеді. Көркем мәтіндердің ішінде өлеңді оқыту әдістері өзгеше құрылымда жүзеге асырылу керектігін атап өтеді. Өлең мәтінінің оқуда шығарманы көркем қабылдау мен терең тану мүмкіндіктерін туғызбай, жалаң насихат пен таңырқау мен тамсанудың орын алуы бүгінгі сабақтарда да жиі ұшырасатыны жасырын емес. Әдіскер-ғалым шығарма табиғатын, жанрлық қырын терең тани отырып, бүгінгі әдебиет пәнін оқытуда өзекті болып отырған біраз жайды сол тұстың өзінде айқын таныған. Соның бірі мәтінге интерпретация жасай оқыту қажеттігі. Автор: «...сабақты жалаң «түйіндеуге» құрсақ, сөзуарлық, жалпылық бел алып, әдебиеттік оқудың басқа міндеттеріне көңіл бөлінбейді. Өлеңнің басты әсері оның эмоциялық-сезімталдық, эстетикалық мәнінде десек, ал идеялық, тәрбиелік мәні тексті тікелей оқып талдаудан, содан нәр алудан келіп тууға тиіс» деген пікірді өлең мәтінін оқытудың нақты жүйесін ұсынумен кеңейте түседі.

Прозалық шығарма мен өлең мәтінін талдауда екі түрлі жүйені ұсынады. Прозалық шығармаға *талдау*→*жинақтау* әдісі ұсынылса, өлеңді оқытуда *жинақтау* →*талдау*→*жинақтау* әдісінің тиімділігін көрсетеді. Автор алғашқы жинақтауға өлеңнің жазылу тарихы мен авторына қатысты әңгімені жатқызады. Лирикалық шығармалардың жанрлық ерекшеліктерін түсіндіре келе, «лирикалық шығарманың эстетикалық әсерін сақтау үшін, поэтикалық мәтінге прозалық түсініктеме жасамаңыз, грамматикалық жаттығу бермеңіз деген кеңес айтамыз» дейді¹. Өлең мәтінін оқытуды мазмұндаудан бастамай, композициялық талдаудан бастау керектігін, өлеңнің әрбір бөлшегінің қызметі мен суреттеу, образдау тәсілдерін анықтау, талдау оның идеясы айқындаудың ретті жолы екендігін ашып көрсетеді. Мектеп бағдарламасында белгілі бір автордың шығармаларын сол тақырыптар бойынша қалыптастырылатын әдеби-теориялық білімге сәйкес жүйелеп беру оқу үдерісінің оңтайландырып, білімді мазмұнды ететіні анық. Автордың әдістемелік жүйесі әдебиетті оқытудың бірден бір тиімді амал-тәсілі ретінде танылып, тұрақтанған. Осылайша әдебиетті оқыту әдістемесінің дәстүрлі жүйесін құруға негіз болғанын атап айту орынды.

Автордың «Әдебиетті оқыту методикасы» атты оқу құралы 1966 жылы жарық көрді. Қазақ мектептерінің 9-10 сынып мұғалімдеріне көмекші құрал ретінде ұсынылған оқу құралының қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің негізгі ұстанымдары мен жүйесін танытуға тигізген ықпалы мол болды. Әдебиеттің қысқаша тарихын оқитын жоғары сыныптар үшін лекциялық әдісті түсіндіре келе, әдебиет пәніне арналған шолу түріндегі лекция, монографиялық лекция, әдеби-теориялық лекциялар, жинақтау лекциялары, талдау формасындағы лекциялардың ерекшеліктерін, мақсат міндеттерін, құрылымы мен өткізілу әдістерін көрсетеді. Оқу құралының әдістемелік

¹ Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасының очерктері.
– А., Мектеп, 1970. -115 б.

бағасы әдебиет сабағында мәтінге жасалатын талдауды кең қамтуымен де айқындалады. «Шығарма және оны талдау» деп аталатын бөлімінде автор талдау сабақтарының формаларын айта келе, жазушы және оның стилі, шығарма образдарына талдау, кейіпкерге мінездеме жасау жолдарын, шығарманың композициясы мен сюжетін талдау, шығарманың тілін талдау жолдарын танытады.

«ҮІІІ-Х кластарда оқушы тексті лекциядан бұрын үйде толық не бөлімі бойынша оқып келуге тиіс. Бұл сабақ міндетін жаңартады. Әдетте методиканың бұл шарты орындалмай жүр. Соның салдарынан ҮІІІ-Х кластарда да текст класта, үйде жеке бөлімдері бойынша оқылып, мазмұндалып, Ү-ҮІІ кластардағыдай әдебиеттік сабақтарына ұқсап жүр. Бұған тағы бір себеп — оқушылардың дайындығының төмендігі. Кейбір мұғалімдер үлкен романдарды да жеке бөлімдері бойынша талдауға, дәлірек айтқанда, мазмұндауға бейімделген. Дұрысында, жоғары кластарда, тарихи курс методикасында қандай үлкен роман болмасын ол әуелі үйде алдын-ала оқылып, лекция бағдарлаушы әңгіме, талдау сол негізде жүргізілуі тиіс. Басқаша айтқанда ҮІІІ-Х кластарда текске тұтас талдау жүргізіледі»,—дейді¹.

Автордың ұсынған әдістемелік жүйесі бүгінгі мектеп практикасында қолданылып жүрген басты әдістемелік бағыт.

Ә.Қоңыратбаев әдістерді төртке жіктеп көрсетеді. Олар:

- 1.Түсіндірме оқу әдісі;
- 2.Баяндау әдісі;
- 3.Эксперимент әдісі;
- 4.Көрнекілік әдісі.

Автор өзіне дейінгі әдіскерлердің (Ц.П.Балтолон, А.Д.Альферов, В.Шереметовский, Д.И.Тихомиров, Ы.Алтынсарин) тәжірибесіндегі түсіндірме оқу әдісі туралы көзқарастарды саралай келіп, аталған әдістің орта буын сыныптар мен жоғары сыныптарда да белсенді жүргізілетінін айтады. Автор оқу кезеңінде әдістің жүргізілу ерекшеліктеріне ерекше мән береді: «Кейбір мұғалімдер әдеби оқу мен тарихи курс методикасындағы оқу, талдау сабақтары тұсында кей айырмашылық пен ұқсастықты жетік түсінбей, әдістерді шатастырып алады. Мысалы, кіріспе сөз (4-7) бен лекция (8-10) арасы қосылып кеткен. Оның үстіне жоғары сыныптарда мәтінді үйде толық күйінде оқып келу ұйымдастырылмағандықтан, көптеген мұғалімдер әдеби оқу методикасын қолданып, 8-10 сыныптарда да мәтінді бөлшек бойынша бірте-бірте сабақ қуып оқытып жүр. Одан қалса, нақты мәтінді оқудан өткізуге мән бермей, кейбір мұғалімдер кіріспе сөз бен лекция тұсында шығарманың мазмұнын өзі айтып беріп, сол тұста оның образдарын да алдын-ала талдап береді. Дұрысында оқу, талдау балалардың өз тәжірибесіне негізделуге тиіс. Әйтпесе бала мәтіннен қол үзеді»,²— деп орынды ескертеді. Жасыратыны жоқ, мектеп практикасында бұл олқылықтар

¹ Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы «Қазақ мектептерінің ІХ-Х класс мұғалімдері үшін көмекші құрал».— А., Мектеп, 1966.

² Қоңыратбаев Ә. Әдебиет пәнін оқыту әдістемесі.— А., 2005.

бүгін де жойылып кете қойған жоқ. Оқушының әдеби мәтіннен алшақтауының бір себебі де осыдан.

Баяндау әдісіне байланысты да әдіскердің ерекше шегелей айтатын ескертпесі осындай: «Бізде өмірбаянға әуестік, мәтінді шығарманың мазмұнын, образдарын балаға оқытпай жатып, күні бұрын айтып беру әдеті бар. Сөзуар мұғалімдер «оқу-талдау-жинақтау» деген үш егіз жұмыс сатысын ақпармен айырбастайды. Бұл оқыту, үйрету әдісіне тиімсіз. Пән оқытудың бастысы баяндау мен бақылау емес, оқу, үйрету, жаттықтыру. Қай сабақ тұсында болса да сөз азайып, жаттығу, балалардың өзін істетіп дағдыландыру көбеюге тиіс. Жаттығу білімді дағдыға айналдырады», – дейді.

А.Көшімбаев «Қазақ әдебиетін оқыту методикасы» оқулығында әдебиетті орта буын 4-7 сыныптарда (сол тұстағы орта буын саналған сыныптар) оқыту әдістемесі мен әдебиеттің қысқаша тарихына жоғары сыныптарда оқыту әдістемесін жүйелеген. Орта буын сыныптарда әдеби шығарманы оқыр алдындағы кіріспе жұмыстарға мұғалімнің кіріспе сөзін, кіріспе әңгімені жатқыза отырып, оларды жүргізу тәсілдерін ұсынады. Ақын, жазушылардың өмірбаянын оқып үйренуде әңгіме әдісінің белсенділігін байқатады. Шығармадағы түсініксіз сөздермен жүргізілетін жұмыс түрлері, шығарманы сыныпта және үйде оқу мәселелерін сараптайды. Әдебиеттік оқу сыныптарында автордың ерекше назар аударатыны – мәтінді үйде және сыныпта оқыту мәселесі. Шығарманы мәнерлеп оқу амалдарын түсіндіре келіп, шығарма талдау әдіс-тәсілдерін ұсынады. Автор көбіне ауызша оқыту әдістеріне басымдық береді. Мәтінге жоспар жасап үйрету, жай, күрделі жоспар түрлерін айқындай отырып, шығарманың сюжеті мен композициялық құрылымын меңгертуді көздейді. Әдіскер көбіне орта және жоғары сыныптарда әдебиетті оқыту әдістемісінің құрылымы мен мақсат-міндеттерін айқындауға күш салады¹.

Ал Қ.Бітібаева «Әдебиетті оқыту әдістемесінің еңбегінде практикалық әдістерге поэтикалық талдау, көркем мәтінмен жұмыстар, репродуктивтік әдіс пен эвристикалық әдістерді жатқызады.

Әдіснама — пәнді оқытуда басшылыққа алынатын қағидалар, ұстанымдар, көзқарастар жүйесі деп тани отырып, жаңа оқыту технологияларына түсініктеме береді.

Технологияның пән бойынша білім мазмұнын сұрыптауды, таңдауды білім берудегі уақыт өлшемдерін, білім беру мөлшерлерін, қажетті құрал-жабдықтарды, оқыту түрлерін, оқу үдерісіне қатысушылардың орнын, әрекеттерін оқытудың мақсат-міндеттерін, күтілетін нәтижелерді, олардың бағалауды т.б. мақсаттан нәтижеге жеткізетін жағдайлар мен оларды ұйымдастыруды қамтитынын атап өтеді.

Т.Қ.Жұмажанова «Әдебиетті оқыту әдістемесі» оқулығында әдістеме ғылымында кеңес кезеңінде қалыптасқан әдістемелік жүйені атай келе, көбірек жаңа технологияларды саралайды. Әдіскер-ғалым дамыта оқыту технологиясы, модульді оқыту технологиясы, деңгейлік оқыту технологиясы,

¹ Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – А., Мектеп 1969.

компьютер арқылы әдеби мәтіндерді меңгерту технологиясының үлгілері, оқытудың жобалау технологияларын сипаттайды. Әдіскердің көбірек сыныптан тыс оқыту мәселесіне ден қояды.¹

Әдебиет пәнін оқытуда қалыптасқан әдіс-тәсілдер жүйесі. Әдебиет пәнін оқытуда алғаш әдіс-тәсілдер жіктелуінің өзгеше құрылымын ұсынған ғалым – Н.Кудряшев.² Ол әдістерді ішінара үйлестіре қолдану арқылы оқу-таным әрекеттерін белсенді етуді көздейді. Әдіскер-ғалым М.Н.Скаткиннің, И.Я.Ларнердің әдістер жүйесіндегі еңбектеріне сүйене отырып, бірнеше әдіс-тәсілдерді жіктейді. Оқытушы мен оқушының оқу әрекетіне қарай:

- 1.Түсіндірмелі-иллюстративті;
- 2.Ақрапатты;
- 3.Репродуктивті;
- 4.Проблемалық баяндау әдісі;
- 5.Эвристикалық әдіс немесе ішінара ізденіс әдісі;
- 6.Зерттеу әдісі.

Көп жылғы әдебиет пәнін оқыту әдістемесінің тәжірибесіне сүйене отырып, әдебиет пәнін оқытуды өзіне тән әдістер жүйесінің қалыптасқанын көруге болады.

Оқыту әдістері туралы В.В.Голубков «Оқыту әдісі жүйелі қолданылатын педагогикалық еңбекке үлкен ықпалы бар оқыту түрі» деген тұжырым білдіреді. Ол әдебиет пәніне тән әдістер жүйесін былайша топтайды:

1.Лекция әдісін кең көлемде қабылданатын негізгі әдістің бірі ретінде жаңа оқу материалын түсіндіруде, мұғалімнің әңгімесі түрінде түсінік бере отырып оқу түрінде қолданылатынын айтады. Оқу материалын мәнерлеп оқи отырып тыңдаушыға жеткізетін, жаңа оқу материалын баяндайтын лекциялық әдіс деп түйеді.

2.Әдеби-сұхбат әдісі.

3.Оқушылардың өздік жұмыс әдісі деп оған шығарма, баяндама, ауызша баяндама, жазба жұмыс түрлерін жатқызады. Яғни, оқушының ауызша, жазбаша баяндамасы және шығармасына бағытталған өздік жұмыс әдісі.

Сонымен қатар В.В.Голубков жұмысты ұйымдастырудың формасы мен тәсілі туралы айта келіп, әдіске қарағанда тәсіл ұғымының ауқымы тарлығын, әдістің құрамды бөлігіне жататынын білдіреді.

Әдебиеттік оқу сыныптарының әдістемелік жүйесін қалыптастырудағы еңбегімен еленетін әдіскер– М.А.Рыбникова. Әдіскер көптеген әдіс-тәсілдердің түрлері мен қолданылу ерекшеліктерін топтастырған. Оның еңбектерінде лекция әдісі, әңгіме әдісі, оқушылардың өзіндік шығармашылық жұмыс тәсілдері, түрлі түсініктемелер, мәнерлеп оқу, әдеби көрме ойындары, сыныпта және сыныптан тыс жұмыстар т.б. көптеген әдістемелік нұсқаулар беріледі.

¹ Жұмажанова Т.Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі.– А., Білім 2009.

² Кудряшев Н.И. Взаимосвязь методов обучения на уроках литературы, -М., 1981.

Ал әдіскер-ғалым Н.И.Кудряшев әдебиет пәнінен оқу-танымдық жұмыстарды ұйымдастырудың тұтас құрылым жүйесін ойластырады. Ғалым бірнеше әдістерді ұсынады. Олар:

- 1.Шығармашылық оқу әдісі;
- 2.Эвристикалық әдіс;
- 3.Зерттеу әдісі;
- 4.Репродуктивті әдіс.

Әдіс–тәсілдерді әдебиет пәнін оқытуда тиімді пайдалану. Әдіскер-ғалымдардың әдебиет пәнін оқытуда қалыптастырған әдістер жүйесін саралай келіп, пәннің ішкі құрылымы мен өзіндік ерекшелігіне сай әдістерді тиімділікпен қолдану мүмкіндіктерін қарастырып көрейік.

Шығармашылық оқу әдісі. Шығармашылық оқу әдісі әдебиет пәнін оқытуға тән негізгі әдістің бірі болып саналады. Бұл әдістің мақсаты мен міндетінің өзі оқушылардың шығарманы көркем қабылдауына жол ашу, шығарманың көркемдік табиғаты мен әсерін сезіну қабілетін туғызу. Сондай-ақ шығарманы көркем қабылдау мен эстетикалық әсер алу әдебиетті ғылыми негізде түсінуге де ең қажетті баспалдақ. Шығарманы қабылдау үдерісінде оның шығармашылық ерекшелігін меңгеру де қатар жүріп жатады. Н.И.Кудряшев бұл әдісті оқушылардың көркем мәтінді алғашқы қабылдауын ұйымдастыру мақсаты мен оны талдаудың алғашқы кезеңдерінде қолдануды көздейді.

Ғылыми еңбек пен публистикалық мәтінді оқудан көркем шығарманы оқу әлдеқайда басқаша. Көркем шығармада әр сөзге, фразаға, ырғаққа мән беру арқылы санада қайта жаңғыртып эмоциялық әсер туғызады. Сөз өнерін оқыту арқылы оқушыларға сөздің мәнін жете тануға, ішкі әсері мен мағынасына үнілуге, мәнерлеп оқып, өздері де көркем сөйлей білуге үйрену көзделеді. Абайдың:

«Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжиды,

Жүрек тербеп оятар баста миды.

Бұл дүниенің ләззаты бары сонда,

Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды», – деп айтқанындай, көркем шығарманың эмоциялық күші мен қуатын пайдалану арқылы оқушының таным қабілетін өсіруге салмақ салынады. «Әдебиет адамдарға өмірді танытып қана қоймайды, олардың сол өмірге көзқарастарын қалыптастырады, мінез-құлқына ықпал етеді, күллі тұрмыс-тіршілігіне әсер етеді» деген З.Қабдоловтың пікіріндей әдебиетті оқытудың мақсат- міндеттері түрлі әдіс-тәсілдердің, амалдардың негізінде жүзеге асады. *Шығармашылық оқу әдісі* «оқу» деген ұғыммен қатысты болғанымен сол оқудың төңірегінде мұғалім мен оқушының түрліше әдіс-тәсілдер мен әрекеттерінің негізінде жүзеге асыралады.

Шығармашылық оқу әдісіне тән тәсілдер мыналар:

- 1.мұғалімнің көркем сөз мәтінін мәнерлеп оқуы;
- 2.көркем сөз шеберлерінің мәнерлеп оқуы;
- 3.сахна шеберлерінің орындауындағы сахналық көріністер (күй-табақ, радио, теледидар хабарлары),

4. оқушыларды мәнерлеп оқуға дағдыландыру;
5. шығарманың эмоциялық әсер күшін терең де мазмұнды сіңіру мақсатындағы мұғалімнің көркем мәтінге түсініктеме бере отырып оқуы;
6. оқылған мәтін бойынша оқушылармен пікірлесу;
7. шығарманың ішкі мазмұнын терең қабылдай отырып шығарма мазмұнынан туындаған көркемдік таным, адамгершілік, саяси-әлеуметтік т.б бағытта проблемалық мәселелер көтеру;
8. оқушылардың өмірден көрген, білгендеріне, түйгендеріне сүйене отырып, шығарма мазмұнынан туындаған мәселелер төңірегінде шығармашылық тапсырмалар беру.

Оқушылардың оқу-әрекеттерінің түрлері:

1. шығарманы сыныпта, үйде оқу;
2. көркем сөз мәтінін сазына келтіріп мәнерлеп оқуға дағдылану;
3. мәтінді жатқа оқу;
4. аудиодан мәнерлеп оқылған мәтінді бірнеше рет қайталап тыңдау;
5. эпизодтарға тақырып қоя отырып, мәтінді тұтас қабылдау мақсатында жоспар құру;
6. мәтінге жақын баяндау;
7. сценарий құру;
8. шығарма оқиғаларына сәйкес суреттермен иллюстрация жасау;
9. оқушының оқылған шығарма (қойылым, спектакль, радио хабарлары, телеқойылым, т.б) бойынша тікелей пікір жазуы;
10. алған әсерлері бойынша шығарма жазу.

Әрбір тәсіл оқушы әрекетіне сай таңдалынады. Мұғалім оқушы әрекетіне басшылық жасай отырып, әдістер жүйесін дұрыс құра білуі керек.

Эвристикалық әдіс. Эвристикалық әдіс ішінара ізденіс әдісі деп те аталады. Мұнда да негізгі оқу материалы — көркем шығарма. Көркем шығарманы оқығандағы алғашқы қабылдауды эвристикалық әдіс арқылы тереңдету көзделеді. Көркем шығарманы талдағанда, әдетте жазушы көтерген адамгершілік, әлеуметтік, қоғамдық, философиялық проблемаларды қозғайды. Оқушыларға жазушы көтерген сол проблемаларды байқап, оларды шешудің жолдарын іздестіріп, шығарманың көп қыры мен құрамының негізгі бірлігін танып, негізгі ойын саралауға, ой түюге, ойын талдап, дәлелмен жеткізуге жолбасшы болу мұғалімнің негізгі міндеті болып табылады. Бұл әдіс көбінесе эвристикалық әңгіме түрінде жүргізіледі. Оқушылар эвристикалық әңгімеден белгілі бір дағды алған кезде оны жеке тапсырмалармен алмастыруға да болады.

Бұл әдіске тән әдістемелік тәсілдер:

1. Логикалық анық сұрақтар жүйесін құру (көркем шығарма мәтінін талдау, сыни мақалалар, теориялық немесе тарихи-әдеби сұрақтар негізінде).
2. Көркем шығарма мәтіні немесе сыни мақала, иллюстративті материалдар арқылы бүкіл топқа немесе сыныпқа тапсырмалар жүйесін құру.
3. Мұғалімнің не оқушының ұсыныстары бойынша шығарма мазмұнына сай проблема қою, сол проблема төңірегінде пікір сайыс ұйымдастыру.

Эвристикалық әдіс оқушыларға көркем шығарманы талдау жолдары мен әдістерін, әдеби процес пен әдебиет теориясы мәселелерін білуге жәрдемдеседі. Бұл әдіс оқушылардың сыни ойлауын дамытады, өздігінен білім алуына көмектеседі.

Эвристикалық әдіс кезіндегі оқушы қызметі:

1. Мұғалім сұрақтары мен тапсырмаларына көркем шығармадан, сыни мақаладан немесе оқулықтан, басқа да кітаптардан материал жинау;

2. Ішінара талдай отырып оқиганы баяндау;

3. Мұғалім тапсырмасы бойынша эпизодқа, сценаға, барлық шығармаға талдау жасау;

4. Шығарманың бөлігіне немесе тұтастай ала отырып талдауға тиімді болу үшін жоспар құру;

5. Шығарманың кейіпкерлер жүйесіне талдау жасау;

6. Кейіпкерлерді, оқиғаларды, пейзажды, тілдік ерекшеліктерін салыстыра отырып талдау;

7. Шығарманы талдау барысын конспектілеуге, шығармаға, баяндамаға, кең түрдегі баяндауға көмектесетін жоспар құру;

8. Көтерілген проблема тек әдебиеттану мәселелерін ғана емес, сондай-ақ барлық өнер түрін қамтитындай болуы керек.

Зерттеу әдісі. Зерттеу әдісінің негізгі мақсаты — оқу материалының сабақта қарастырылмаған кейбір жаңа аспектілерін ашу, шығармаға өз бетінше талдау жасау қабілеттерін жетілдіру, шығарманың идеялық-көркемдік салмағын танып, әдеби талғамын дамыту болып табылады. Оқу тапсырмалары мен қызметі жағынан зерттеу әдісі эвристикалық әдіске жақын келеді. Өзгешелігі мыналар: эвристикалық (ішінара зерттеу) әдісінде мұғалім жекелеген тапсырмалар жүйесін құра отырып, шығарманы талдау жолына оқушыларды бағыттап отырса, зерттеу әдісінде талдау жолдары мен зерттеу әдістерін, талдаудың негізгі бағыттарын, негізгі көзқарастар мен шығарманың идеялық құндылығын тану бағытын білетін оқушы күрделі тапсырмаларды өздігінен шеше отырып, өз дәлелдері мен дәйектемелерін, сын пікірін білдіреді.

Зерттеу әдісін күнделікті сабақта, әсіресе семинар сабақтар жүйесінде, әдеби конференцияларда, оқушылардың өзіндік жұмыстарының қорытындысын бекіту мақсаттарында қолданады.

Зерттеу әдістерінің тәсілдері:

1. Мұғалімнің бүкіл сыныпқа көтерген проблемасы, бұл проблемалардың кейбір аспектілері топтарда немесе жеке топшаларда қарастырылады;

2. Мұғалім семинар сабақтарына жеке тақырыптар дайындайды, ал оқушылар қызықты, қажетті тақырыптарға баяндама жасайды;

3. Мектеп бағдарламасы бойынша өтілмеген, сыныптан тыс шығармалар немесе оқушылардың өздері таңдаған шығармалар бойынша талдау жүргізу;

4. Көтерген тақырыптары немесе қойылған проблемалары ұқсас екі не бірнеше шығарманы қатар ала отырып салыстыра талдау жасау;

5.Көркем шығарманы оның сахналық қойылымымен салыстыру;

6.сахналық қойылымға өзіндік баға беру;

7.Киноқойылымға, көркем өнер, бейнелеу өнері туындысына, радио-қойылымға, өлкелік зерттеу жұмыстарына баға беру;

8.Оқушы пікірлері, көзқарастарының қорытындылары баяндама, шығарма түрінде, сынып сағаттарында, пікір-сайыстарда айтқан ойлары арқылы, мектептің әдеби үйірмелері мен қабырға газеттерінде, әдеби журналдарында жазған мақала түрінде көрінеді.

Аталған әдіс негізінде тек мұғалімнің басшылығымен ғана оқушы нақты әдебиеттану ғылымының негізгі әдістерін жете меңгере алады. Зерттеу әдісінде оқушының шығарманы талдауы жолын меңгеруіне, өз пікірін, көзқарасын нақты дәлелмен жеткізуіне көп көңіл бөлінеді. Бұл әдіс оқушылардың кітапхана қорын, кітаптар тізбегін дұрыс пайдаланып, өзіне қажетті кітапты таба білуге, нақты деректі қолдана алуға, өзін қызықтырған материалды тиімді қолдана алуға, оны конспектілеуге, дәйексөз алу, өз пікірін басқа көзқарастармен дәйектей білуге, өзінің ауызша, жазбаша баяндамасын жоспарлай алуға үйретеді.

Эвристикалық әдіс пен зерттеу әдісін дұрыс пайдаланған жағдайда оның оқушылардың ойлау қабілетін оқу пәні негізінде жұмыс әрекеті мен білім, білігін жетілдіретіні анық. Дегенмен кеңес мектебі тәжірибесінде аталған әдістер өз дәрежесінде соншалықты жиілікпен жүргізіліп, көп нәтиже берді деуге келе бермейді. Өйткені аталған әдістердің өзіндік қиындықтары да жоқ емес. Себебі оқушылардың өзіндік білім алып белгілі бір тақырып төңірегінде ізденуіне көптеген факторлар кері әсер етеді: біріншіден, жалпы білім беретін мектептердің уақыт мөлшері оқушылардың өздігінен ізденуіне мүмкіндік туғызбайды; кейбір тарихи-әдеби деректер ойлану, толғануды қажет ете бермейді, ал энциклопедиялық еңбектер мен терең ғылыми еңбектерге оқушыларды бағыттай беру нақты нәтижеге әкеле бермейді. Мұндай жағдайда ғылыми еңбектерге сүйене отырып дәлелденген мәселелерді оқуды мұғалімнің өзі ұсынуы, оқу құралдарындағы материалдарды меңгеруге жағдай туғызуы керек. Осылайша әдебиетті оқытуда репродуктивті әдісті қолдану қажеттілігі туындайды.

Репродуктивті оқу әдісі. Бұл әдіс бойынша оқушылар білімді мұғалімнің сөзінен, лекциясынан, оқу құралынан, оқулықтан, ғылыми еңбектен, сыни мақаладан дайын күйінде қабылдайды.

Репродуктивті әдісті догма деуге болмайды, себебі дайын күйіндегі беріліп отырған материалдың өзі жаттанды түрде қабылданбай, саналы түрде меңгеріледі. Сонымен қатар білімнің беріктігі жаттап алуға ғана байланысты емес. Оқушылардың ойлау әрекетінің (интенсивтілігіне) ұшқырлығына да байланысты. Репродуктивті әдісте мұғалім көтерілген мәселені әр қырынан түсіндіре отырып, бұны шешудің әртүрлі жолдарын көрсетеді. Сол арқылы оқушы ойын дамытады. Мұғалім нақты деректерді дайын күйінде ғана ұсынбай, сонымен қатар оны талдаудың жолдарын да көрсетеді. Әңгімелеуші мәселені, шағын көлемді шығарманың, өлеңнің не жеке эпизодтың, көркем бейненің талдану үлгісін көрсете отырып, талдау жолдары мен әдістеріне

баса назар аудартуына, сол арқылы жеке тапсырмалар беруіне болады. Сонда репродуктивті әдісте тек ақпарат ғана беріліп қоймайды, өнер мен ғылымның дамуындағы жалпы білім қамтылады.

Репродуктивті әдіске тән тәсілдер:

1. Жазушы өмірі мен шығармашылығы туралы мұғалім әңгімесі.
2. Шолу лекциясы.
3. Техникалық құралдарды қолдану, оқулық пен оқу құралы бойынша тапсырма.

Оқушы әрекеті:

1. Лекцияның жоспары мен конспектісін жазу.
2. Оқулықтан оқыған материал, сыни мақала бойынша конспект, тезист жазу, жоспар құру, синхронды таблица құру, дайын материал бойынша баяндама жасау т.б.

Оқушы берілген материалды саналы түрде қабылдап, әр мәселе төңірегінде ойлана алатын болса, аталған әдіс оқушыны көп білім қорымен қаруландыра алады.

Аталған әдістердің қолдануында берілетін оқу материалының мазмұнын ескеріп, тек тиімдісін ғана қолданған дұрыс.

Лекция әдісі. Лекция әдісі әдебиет пәнін оқытуда жиі қолданылатын әдістің түрі. Әдіскер-ғалым В.В.Голубков әдістердің қалыптасу тарихын зерделей келіп, лекция әдісінің өткен XIX ғ. Ресей гимназияларында, XX ғ. дамытылған мектептерде белсенді қолданылғанын атап өтеді. Лекция жоғары сыныптар мен жоғары мектепте бүгін де белсенді қоланылып жүрген әдістердің бірі. Лекция әдісі мен лекция сабақ бір-біріне өте жақын. Лекция сабақ — лекция әдісін жетекші орынға алу арқылы ұйымдастырылатын сабақ түрі. Лекция сабақтарының уақыт көлемі өтілетін сынып ерекшелігіне байланысты белгіленеді. Жоғары сынып оқушыларына 20-25, 30-35 минут лекция әдісін тиімді пайдалануға болады. Лекция әдісінің өзіндік ерекшеліктері мен тәсілдері болады. Лекция әдісінің өзіндік талаптары бар.

Лекцияның мақсат, міндеттері:

1. Сабақтың идеялық бағытын қамтамасыз ету;
 2. Оқушыларға белгілі бір ғылым саласы бойынша ғылыми ақпаратты жеткізу;
 3. Ғылыми дәйектемелер, негіздемелер арқылы басты ақпаратты ғылыми кең арнада таныту;
 4. Дәрістің эмоциялық қабылдануын қамтамасыз ету;
 5. Ойды ретімен жүйелі түрде ұсыну;
 6. Басты ойлар мен пікірлерді, көзқарастарды ерекшелей көрсету;
 7. Түсінікті тілмен баяндай білу;
 8. Жанадан ұсынылатын терминдер мен атауларды түсіндіру.
- Лекция әдісінің тиімділігі бірнеше факторларға қатысты:
- а) материалдың көлеміне;
 - ә) материалдардың мазмұнына;
 - б) берілетін уақыт көлеміне;
 - в) қойылатын сұрақтарға;

- г) көрнекі құралдарды іріктей білуге;
- д) материалды қызықты етіп айта білуге т.б.

Лекцияда түрлі құбылыстар мен идеялардың салыстырылуы, әртүрлі пікірлер, олардың өзіндік ерекшеліктері немесе тұжырымды қорытындылары мұғалім тарапынан сарапталып салыстырыла айтылуы қалыпты жағдай. Әдетте лекция мұғалімнің баяндауы арқылы жүзеге асырылады. Лекцияның жоспары алдын-ала қарастырылады, мақсаты мен қамтитын мәселелеріне қысқаша шолу жасап, дәріс алдында ұсынылады.

Лекцияның көрнекі құралдары, бейне материалдары слайдка түсіріліп, дәріс барысында оқу мазмұнына ілеспе түрде көрсетіліп отырады. Кейде лекцияның тақырыбына қарай оқу фильмдері, үн-таспа, мұражай материалдары да көрсетілуі мүмкін. Қалай болғанда да оқу материалын мазмұнды етудің барлық жолдарын қарастырған орынды. Лекцияның құрылымына қысқаша шолу жасасақ:

1. Лекция жоспары (мақсаты);
2. Оқу мазмұнын иллюстрациялық материалдардың көмегімен сіңіру;
3. Эпизодтық талқылаулар;
4. Риторикалық сұраулар қою арқылы басты ұғымдарды түсіндіру;
5. Ең басты материалды ерекшеліктерімен көрсете отырып қайталап бекіту;
6. Тақырыптың ғылым кеңістігінде қарастырылу жайынан ақпарат беру;
7. Лекцияның басты материалына түйіндеме жасау;
8. Сыныптан қойылған сұрақтарға жауап беру;
9. Әдебиеттерге қысқаша сараптама жасау;
10. Негізгі әдебиеттерді ұсыну;
11. Қосымша әдебиеттерді айту.

Лекция әдісімен сабақ жүргізген кезде оқушы зейінін аударарлық маңызды материалдарды немесе тұжырымды ойларды дауыс ырғағымен ерекшелеу маңызды. Әдетте мектеп лекциясында әңгімелеу, түсіндіру, баяндау әдістері алмасып келіп, сабақтың кей тұсында сұрақ-жауап, диалогке де жол беріліп отырады. Лекция әдісіне құрылған сабақта оқушылардың мотивациясы жоғары болуы сабақтың да тиімділігін асыра түседі. Оқушы ынта-ықыласын аудару үшін сол білімнің қажеттілігі мен оқушы тарапынан қызығушылығын арттыру бірнеше қосалқы әдіс-тәсілдерді қажет етеді. Сондықтан кей лекциядағыдай оқушы сұрағы лекцияның соңында ғана қойылып, талқылануы керек дейтін талаптың сақтала бермеуі түсінікті жағдай. Оқушы тарапынан жауабы күтілген мәселе, қажеттілігі туындамаған ой-пікір, ақпарат қана оқушы қызығушылығын оятады.

Жалпы білім беретін мектептердегі әдебиет пәнін оқытуда оқу мазмұнының ерекшеліктеріне қарай лекцияның бірнеше түрі қолданылады.

Әдебиет пәнінде жүргізілетін лекцияның түрлері:

1. Шолу тақырыбына арналған лекция;
2. Ақын, жазушылардың өмірбаяндық лекциялары;
3. Көркем шығарманы оқытуға арналған лекция түрлері:

а) жазушы өмірі мен шығармасынан очерктік микромонографиялы лекция;

ә) көлемді шығарманы оқытуға арналаған кіріспе лекция;
б) эпикалық шығарманы талдау үдерісінде қолданылатын лекция;
в) эпикалық шығарманы талдауды қорытындылауда қолданатын лекция;

г) лирикалық шығарманы оқытудағы кіріспе лекция;

ғ) драмалық шығарманы оқытуға кіріспе лекция.

Әдістеме ғылымында лекция әдісінің тиімділігін арттыру мәселесі көптен қарастырылып жүр. Білім берудің басты әдістерінің бірі ретінде лекция әдісі жыл өткен сайын толығып келеді. Мұғалімнің сабақ жүргізу тәсіліне қарай лекцияны бірнеше түрге жіктеуге болады.

Лекция құрылымының түрлері:

1.оқытушының монологінен құрылған лекция;

2.түсініктеме беріле оқылатын лекция;

3.әңгімеге, кеңес түріндегі лекция;

4.ой-саяхат лекциясы;

5.пікір-сайысқа құрылатын лекция.

Лекцияны тиімді құрудың кейбір жолдары:

Оқушы мотивациясының жоғары болуы білім алуға жетекші екендігі белгілі. Мәселен, лекция құрылымы көтерілген мәселеге, қойылған сұраққа нақты дәлел, жауап ретінде айтылса, тыңдаушының зейінін өзіне аударып, тыңдаушысын өзімен бірге ілестіре отырып, бірге түсінуге, түйсінуге, ойлануға, мәселені талдауға бастап отырады.

Сол себепті лекцияға дайындалғанда шешімін іздейтін мәселені көтеру көзделеді. Мысалы, С.Торайғыровтың өмірі мен шығармашылығын оқытуда тек өмірбаяны мен шығармашылығын біркелкі баяндаудан гөрі, қалайша автор аз ғұмырында қазақ әдебиетіне көп мұра қалдырды, оның осындай өнімді жұмыс жасауына маңайындағылардың көмегі болды ма? Немесе С.Сейфуллин шығармашылығы туралы «С.Сейфуллин шығармашылығының маңыздылығы неге байланысты: уақыт үдесінен шығуында ма, ақындық талантына байланысты ма, шығармашылық шеберлігіне қатысты ма?» т.б. деген сияқты әр қырлы көзқарас тұрғысынан сұрақ көтере отырып оқылған лекцияға ізделетін жауап та әрқилы болып келіп, тыңдаушысын қызықтырады.

Лекцияда көтерілетін негізгі ойдың өзегі сол тақырыпқа қатысты дәйексөзден де көрініп тұру керек. Әр лекция тақырыбына сол тақырыптың мазмұнын ашатындай дәйексөз таңдалады. Ол алдын-ала тақтаға жазылып не ілініп қойылады. Мысалы: С.Торайғыровтың шығармашылығына дәйексөз ретінде «Жалындап өткен бір ғұмыр» деуге болады. Сондай-ақ С.Сейфуллиннің шығармашылығына «Сылдырап өңкей келісім» деген сияқты қанатты сөз лайықты. Немесе шығармашылық тұлғаға берілер замандастарының, өнер танушылардың бағалары да тақырыпқа дәйексөз бала алады. Лекцияда қарастырылатын жекелеген мәселелерге қатысты да дәйексөз лайықталып алыну керек.

Лекция оқудың тағы бір тәсілі — сөзбен салынатын сурет. Мәселен, И.Байзақовтың «Алтай аясында» поэмасын Алтай өңірінің сұлу суретін

елестетуден бастаса, акын тамсанған ғажайып көрініс пен сол әсем табиғат аясында болатын оқиға желісі шешіле түседі.

Акынның «Ақбөпе» поэмасын өзінің эпилогіндегі:

Кім көрді көктің жерге құлағанын?

Кім көрді күннің жарық сұрағанын?

Кім көрді Ақбөпедей қыршын жастың

Шомылып қанды азапқа жылағанын?¹ — деген риторикалық сұрағынан бастау тыңдаушысының назарын оқылатын лекция мазмұнын тануға қызықтыра түседі.

Психологтардың айтуынша оқылатын лекциядағы бірінен кейін екіншісі үстемелеп келетін көп мәліметтерді сіңіру мүмкін емес. Қандай да бір тың мәліметтен кейін, ойланып іштей қорытуға мүмкіндік жасалып отыру керек. Білгілі бір ойға жасалатын түйіннен кейін сол түйіннің жеке тармақтары мен қорытылу жолдарын саралаған тиімді.

Әр лекцияның мазмұны құралатын материалына байланысты болғанмен, әр тақырыптың негізгі идеялық өзегі болуы шарт. Оқылатын лекцияға тыңдарманды белсенді (ой белсенділігі туралы) қатыстырудың тәсілдері әралуан: бірде мұғалім лекцияда шығармашылық тұлғаның өз шығармасынан үзінді пайдаланса, бірде мазмұнға қатысты тарихи деректі, документті, тағы бірде тақырыпқа қатысты сұрақты, енді бірде әртүрлі көзқарасты салыстыра айтады. Кейде нысанға әдеттегіден тыс басқа қырынан, басқа ғасыр адамы көзқарасы тұрғысынан, әдеби кейіпкер көзімен, бала көзімен, бала танымымен қараған да тиімді.

Мектеп лекциясынан туындаған әдіс түрі мектептен тыс өмірде де жиі ұшырасатыны белгілі. Лекция білім беру саласы мен өндірісте, қоғам өмірінде де еркін қолданылады. Лекция, жалпы, барлық елде еркін қолданыстағы әдіс. Сондықтан да лекция әдісін жетілдіру, кемелдендіру үздіксіз жүргізілуде. Мәселен, практикада лекцияда қарастырылатын мәселе алдынала талқылауға ұсынылатыны бар. Кейбір түсіндіруді қажет ететін мәселелер лекция алдында сараланып, лекция сол аталған мәселе төңірегінде жүргізіледі. Бұндай лекциялар тыңдарманның ықыласын ерекше аударады. Себебі әркім өзіне аса қажетті мәліметті алуға мүмкіндік туады. Жасыратыны жоқ, лекцияның тиімді болмағы сол ғылым саласындағы маманның рөліне де қатысты болады. Әдебиеттану саласындағы ірі тұлғаларымыздың дәрістері тыңдарманның ерекше ықыласы мен зейініне ие. Себебі сол ғылым аясында тың дерек пен мәліметті, ғылыми тұжырымдарды терең білетін маманның дәрісі шын мәнісінде қызығушылықты тудырады. Лекция оқушы ғалымның тынысы неғұрлым кең болса, тыңдарманның табар олжасы да соғұрлым мол әрі жарқын болады.

Лекция әдісі басқа әдістермен тығыз байланыста жүзеге асады. Түсіндіру, баяндау, сұрақ-жауап, мұғалім мен оқушы сұхбаты, диалог т.б. әрекеттер қатар келіп, лекция әдісінің тиімділігін асыра түседі.

¹ Байзаков И. Құралай сұлу. Поэмалар мен өлеңдер. –А., Жазушы. 1971. –184 б.

Білім беру саласындағы жаңа үрдіс әдіс-тәсілдерді де қайта саралауға мүмкіндік туғызды. Жаңа оқыту технологиялары кейбір әдістерді топтастыра түсті. Лекция әдісінің де жаңа түрлері туындады. Оқытудың жаңа технологияларына орай лекцияның дәстүрден тыс түрлері қалыптасты. Атап айтқанда:

Проблемалық лекция. Өмірдің қарама-қайшылықтарын теориялық тұжырымдамалар негізінде бейнелеу арқылы модельдейді. Мұндай дәріс түрі оқушылардың өз бетімен білім алуын мақсат тұтады;

Визуалдық лекция. Суреттер, сызбалар, графиктер таблицалар түрінде ұсынылады. Дәрістің негізгі мақсаты оқушының өз бетінше ой қорыту мен пайымдау белсенділігін арттыру, сол арқылы белгілі бір жүйенің көмегімен ақпаратты қайта бағдарлау тәсілін табу болып табылады;

Кеңес беру лекциясы: өзінің мақсатын сыныптың сұранысы бойынша анықтайды. Мұндай лекция тыңдарманның ынтасын туғызып, мұғалім мүмкіндігін толықтай пайдалануға мүмкіндік жасайды.

Дүэт лекция: Бір тақырыпта дайындалған екі дәріскер екеу ара және дәрісханамен белгілі мәселелерді шешу жолын қарастырады, талқылайды. Келелі мәселенің форма жағынан да мазмұн жағынан да шешімі табылуы қажет.

Шатастыру (қатені түзету) лекциясы: алдын-ала жоспарланып ұсынылған қателер арқылы берілген ақпаратқа талдау жасайды, бағдарлайды және оны бағалау дағдысын қалыптастырады.

Сұхбат лекция. Сабақ материалы сұрақтарға айналдырылып жауап алу үдерісінде мазмұн ашылады. Осы лекция түріне кері байланыс жасау және кеңес беру лекциясы мазмұн жағынан жақын келеді.

Дидактикалық лекциялар. (ми шабуылы арқылы), ойын түрлері қолданылатын лекция: шешімін іздейтін мәселелерді оқушылар өздері қалыптастырып, оны өздері шешуге талаптанады.

Лекция-конференция. Оқушылар қарастырылмақ мәселеге алдын-ала дайындалып, өздері анықтайтын мәселеге қатысты сұрақтар түзеді. Сұрақтарды алдын ала сараптап, саралау барысында оқушылардың сұрақ қою білігін жетілдіру көзделеді. Сыныпты «мұғалім – оқушы» деген екі тарапқа бөле отырып, оқушыларда туындаған сұрақтарды қанағаттандыру барысында білім қалыптастыру мақсат етіледі.

Пресс-конференция лекциясы. Пресс-конференцияға бірнеше мұғалімдер немесе сол салаға қатысты мамандар қатыстырылады. Олар лекция тақырыбы бойынша сұрақтарға жауап береді. Мұғалім талқылау үдерісін ұйымдастырушы рөлін атқарады. Сабақ соңында мұғалім барлық қатысушылардың пікірлері мен ойларын қорытындылайды.

Сұрақ-жауап әдісі. Ауызша оқыту әдістерінің ішінде белсенді түрде қолданылатын әдістің бірі – сұрақ-жауап. Бұл әдіс бүгінгі білім беру саласында да белсенді әрі ең тиімді әдіс болып саналады. «Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану» атты еңбекте автор¹ білім беру

¹ Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. –А., 2009.– 17 б.

ұғымына қатысты қызықты аңыз түрінде мысал етеді: «...Сократ өз шәкірттерін үйретпеген, оның орнына оларға тек сұрақтар ғана қойып отырған (атақты маевтика тәсілі). Оның сұрақтарына жауап бере отырып, шәкірттері өз бойларында әу бастан қалыптасқан, бірақ ұмыт болып қалған білімді есіне түсіріп, бастарынан «суырып» алғандай болған. Бірде тіпті Сократ сұрақ қою арқылы қол өнер шеберінің сауатсыз, хат танымайтын 12-13 жасар көмекшісінің өздігімен Фалестің теоремасын («теңбүйірлі үшбұрыштың табанының бұрыштары бірдей болады») құрастыруына себепкер болған».

Олай болса, сұрақ қоя білу үлкен ғылымға жолашар, өнер екен. «Сұрақ қоя білу өнері сұрақты емес, сұрақтар жүйесі ретінде өзінді таба білуден басталады. Сұрақ қандай болса, оқушы да сондай. Мұғалім сүреңсіз, нәрсіз сұрағына оқушыдан жауапты «суырып алып» мұны өзімнің дербес жұмысым деп санама, онда ештеңе оңдырмайды. Сыңаржақ сұрақтарға сана мен көңілге ұяламайтын сыңаржақ жауап аламыз», – деген ұтымды ой білдіреді әдіскер-ғалым И.Н.Ильин¹.

Сұрақ-жауап әдісі сабақтың бірнеше кезеңінде қолданылады. Үй тапсырмасын тексеру, жаңа білімді алуға даярлық кезеңі, жаңа білім қалыптастыру кезеңі, алғашқы тексеру кезеңі, сондай-ақ білімді бекіту кезеңінде де сұрақ-жауап әдісін еркін қолдануға болады. Сабақтың қай кезеңінде қолданса да сұрақ-жауап әдісінің тиімділігін арттыратын сұрақтың қаншалықты дидактикалық талаптарға қатысты қойылуында болмақ. Сұрақтар әртүрлі мақсатта қолданылады. Білім ақпаратына дейінгі оқушы таным, түсінігін анықтау мақсатында, алғашқы ұғым, түсініктерін анықтау үшін, оқылған мәтін мазмұнының меңгерілуін т.б. мәселелерге қатысты қолданылып отырады. Сабақтың мақсат, міндеттеріне байланысты сұрақтарды бірнеше түрге бөлуге болады. Олар:

1. анықтамалық сұрақтар;
2. талдау сұрақтары;
3. проблемалық сұрақтар;
4. ашық сұрақтар (ойды еркін айту талабы бар сұрақтар);
5. жабық сұрақтар (ойды өрбіту қажеттігі жоқ, шешіммен келісу талабындағы);
6. риторикалық сұрақтар. т.б.

Анықтау сұрақтары көбіне «қандай?», «кім?», «қашан» «қалай түсінесің?», «неге?» т.б. сұрау есімдіктері мен сұраулық шылаулар арқылы келіп оқу мазмұнын әр қырынан тануға бағытталады.

Ал талдау сұрақтары көбіне «неліктен?», «не себепті», «қалай?» т.б. сұрау есімдіктерімен келіп мәтіннің әр бөлігін, композициялық құрылымын, поэтикалық тіл қуаты мен идеялық мазмұнын талдауға бағытталады.

Ашық сұрақтар мен анықтамалық сұрақтар мазмұндас. Екеуінде де оқушы білімін тексеру, ойын еркін айтқызу талабы болады.

¹ Педагогикалық ізденіс.– А., Рауан. 1990.– 245-290 б.

Риторикалық сұрақтарды да тиімді қолдану мүмкіндіктері мол. Көбіне мұғалім мәтін мазмұнымен қабыстыра қолдануға немесе оқушыны поэтикалық мазмұнды танытуға қолдануына болады.

Проблемалық сұрақтар шығарманың идеялық мазмұнын тереңдету мақсатында қойылады. Проблемалық сұрақ көбіне жағдаятқа қатысты туындайды. Барлық тақырыпта проблемалық сұрақ туғызу мақсат емес. Дегенмен проблемалық сұрақ теориялық материалды оқушының ой елегінде қорытып, өміртанымына қатысты пайымдауына мүмкіндік туғызады. «Проблемалық сұрақтың ерекшелігі – олар бір ғана шектеулі мәселеге құрылмай, көркем туындыны кеңірек, тереңірек қамтитын мазмұнда құрылады. Проблемалық сұрақ қоямын деп «қолдан» проблема жасаудың керегі жоқ. Проблемалық сұрақтар көркем шығарма негізінде жатқан, шешуді талап ететін проблема айналасын қамтиды», – деп түсіндіреді әдіскер Қ.Бітібаева¹. Проблемалық сұрақтың қойылуында сұраулық шылаулар мен есімдіктердің қайсы келсе де, сұрақ ойлануға, оқушының өзіндік көзқарасын білдіруге түрткі болуы шарт. Мәселен С.Торайғыровтың «Кім жазықты?» романының атауының өзі проблемалық сұрақтан басталады. М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасының кейіпкері сезім, сана сарабында «неге?» деген сауалды өзіне он сегіз рет қояды. Ал ол оқушылар үшін де проблемалық сұрақ болып танылады. Мәселен, «неліктен Баян екі жастың өліміне себепкер болды?», «Неліктен ауыр қазадан кейін басын бәйгеге тігіп, жорыққа аттанады?», «Неліктен автор тарихи адам өміріндегі оқиғаны шығармасына арқау еткен?», Неліктен автор поэма басында «Әдемі өткенді ойлап айнымасам, Сұм өмір күшті уын аяды ма?» деп өткен тарихтың қандай болмысы туралы толғанады?», «Автор өткен тарихтың қандай идеяларын әдемі деп есептейді? Нені жоқтайды?», «Осы шығарма оқиғасы мен авторлық толғаныста байланыс қандай?», «Неліктен шығарма кейіпкері өзіне жауабы сан қилы сұрақ қояды?» сол сұрақтарға жауап іздеп көрейік т.б. проблемалық сұрақтарды туындата беруге болады.

Сұрақ-жауап әдісінің тиімділігін арттыратын тағы біртұтас сұрақтың мағыналық жағынан дұрыс қойылуы. Оқушының ойын қозғап, бірнеше сөйлеммен жауап беруін талап ететін дидактикалық мақсаттағы сұрақтар болуы шарт. Жауабын ішіне орап беретін сұрақтар немесе «иә», «жоқ» сияқты қысқа жауапқа қойылған жабық сұрақтардың мазмұнға қосары да аз. Сұрақтар дер уақытында әрі мөлшерден тыс қолданылмауы шарт.

Тұжырымдап айтқанда әдістер — басшылыққа алынған әдіснамалардың, технологияда белгіленген мақсатқа жету барысында жүзеге асырудың тиімді, оңтайлы, ұтымды, өнімді, амал-әрекеттері, тәсілдері екенін есте ұстаған абзал.

¹ Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. –А., Рауан, –67 б.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Қазақ әдебиетін оқыту тарихынан анықталған оқытудың әдіс-тәсілдер жүйесінің жіктелуіне сүйене отырып методологиялық карта түзіңіз.
2. Ресей әдіскер-ғалымдарының әдіс-тәсілдер туралы ойларын саралаңыз.
3. Қазақ зиялыларының әдістемелік ойларын саралаңыз.
4. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі тарихынан белгілі қандай әдіс-тәсілдерді білесіз?
5. Білім беру жүйесінде Ә.Қоңыратбаев, А.Көшімбаев т.б. әдіскерлердің қандай әдістері белсенді қолданылып жүр?

Әдебиеттер тізімі:

1. Голубков В. В. Методика преподавания литературы. – М., 1962. – С. 69.
2. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. – А., Мектеп, 1985.
3. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. – А., Мектеп, 1969.
4. Жұмажанова Т.Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – А., Білім, 2009.
5. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – А., Рауан, 1997.

Қосымша:

1. Роткович Я.А. Вопросы преподавания литературы. – М., Просвещение, 1965.
2. Богданов О.Ю., Леонова С.А., Чертова В.Ф. Методика преподавания литературы. – Москва, 1999.
3. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасының очерктері. —Алматы, 1962.
4. Сембаев Ә. Қазақ совет мектебінің тарихы. – Алматы, 1966.
5. Қыдыршаев А. А. Байтұрсынұлының әдіскер ізбасарлары. Қазақ тілі мен әдебиеті. 1988, № 2.
6. Рез З.Я. Методика преподавания литературы. М., Просвещение, 1985.

II. 3. ӘДЕБИ ШЫҒАРМАНЫ КӨРКЕМ ҚАБЫЛДАУ ЖОЛДАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

1. Оқушылардың көркем шығарманы қабылдау үдерісінде жас ерекшелік мәселесі.
2. Қабылдауда оқушылардың типтік ерекшеліктерін есепке алу.
3. Көркем шығарманы қабылдауды ұйымдастыру жолдары.
4. Көркем шығарманы мәнерлеп оқу – оны қабылдау мен танытудағы алғашқы қадам.
5. Мәнерлеп оқудың негізгі шарттары, әдіс-тәсілдері.
6. Әдебиет сабағында көркем шығарманы қабылдау мен талдаудың байланысы.

Оқушылардың көркем шығарманы қабылдау үдерісінде жас ерекшелік мәселесі. Көркем шығарманы оқушының оқырман ретіндегі қабылдауы – оның өміртанымдық, эмоциялық, эстетикалық тәжірибесіне сүйенетін

күрделі шығармашылық үдеріс. Таным дүниесінде көркем шығарманың алғашқы әсері аса маңызды. Көркем шығарма күрделі танымдық жүйе деп қарастыра болсақ, сол жүйеге дендеп бойлау үшін де алғашқы қабылдау аса маңызды. Оқушының алдағы көзқарасы мен танымына, сезіміне бірден бір ықпал ететін де көркем әлеммен алғашқы қауышу. Егер ол поэзиялық шығарма болса, композициялық құрылым жігін айқындап, логикалық, психологиялық екпіндерін дұрыс түсіре, мәнерлеп оқылған мәтіннің өзі оқушылардың алғашқы қабылдауына ықпал етіп, алдағы түсінік деңгейін жеңілдетеді. Ал прозалық шығарманы оқушының өздігінен оқуына ықпал ету – мұғалімнің аса жауапты ісі.

Р.С. Немов сөзімен айтқанда: «*қабылдау* дегеніміз – адамның сезім мүшелеріне тікелей әсер ету барысында объектінің түрлі жеке-жеке қасиеттерінің жинақталғанын танытатын психикалық процесс»¹ – деген түйіндеме жасайды.

Б.С.Мейлах: «Қабылдау деңгейі әр факторларға: оқырманның мәдениеті мен білімі, эстетикалық-этикалық тәрбиесіне, психо-физиологиялық ерекшеліктеріне, өмір құбылыстарына байланысты, өйткені көркем шығарманы қабылдау – тек шығарманың авторымен араласу емес, жаңа дүниенің, өзінді танудың, ғибрат, ләззат алу мен өзінді тәрбиелеу» дейді².

Психолог О.И.Никифорова көркем шығарманы қабылдауды үш кезеңге бөледі: «1 кезең – елестеу, 2 кезең – идеялық мазмұнын түсіну, 3 кезең – көркем шығарманың оқырманның жеке тұлғасына әсері»³.

Көркем шығарманы қабылдау мен тану үдерісіне бірден-бір ықпал ететін талдау жұмыстары. Көптеген әдіскерлер мен психологтар «өнертану» дегенді талдаудың нәтижесіне балайды. Көркем шығарманы түсініп, түйсіну, қабылдау үдерісі оқырмандықты қалыптастыру міндеттерінен тысқары емес. Оқырмандықты қалыптастыру барысында оқушының дүниетанымы, рухани әлемі, тұлғалық болмысы дамиды.

Көркем шығарманың оқушы танымы мен қабылдауына ықпалы туралы әдебиетші-әдіскерлер де, психологтар да өз зерттеулерінде қарастырған (В.В.Голубков, А.Н.Леонтьев, П.М.Якобсон, Н.И.Кудряшев, О.И.Никифорова, Н.О.Корст, Н.Д.Молдавская, В.Г.Маранцман, О.Ю.Богданова). Оқушының шығармашылық қызығушылығын қалыптастыру мәселелерін қарастырған әдістемелік еңбектер мен бай іс-тәжірибелер де бар. Оқушының көркем шығарманы түсініп, түйсінуі, қабылдауы әртүрлі аспектілерде қарастырылып жүр. Әртүрлі жанрадағы шығармаларды қабылдау кезеңдері мен негізгі ерекшеліктері, оқырмандық қызығушылықты туғызуда оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру, оқушы танымы мен көркем шығарманы талдаудың арақатысы туралы А.А.Леонтьева, З.Я.Рез, В.Г.Маранцмана, С.Тілешова, А.Тамаев еңбектерінде қарастырылған.

¹ Немов Р.С. Учебное пособие «Психология». – М., 1990 – 32 б.

² Мейлах Б.С. Художественное восприятие. – М., 1971. – 19 б.

³ Никифорова О.И. Восприятие художественной литературы школьников. – М., 1969. – 47 с.

Көркем шығарманы қабылдаудың көптеген өзіне тән ерекшелігі бар: тұлғаға тән сыртқы ортаны өзіндік құбылыстары мен болмысына қарай қабылдау бар да, өнер туындысын көркем қабылдау бар. Бұл екеуінің аражігі алшақ болмағанымен, көркем шығарманы қабылдауда тұтастық, белсенділік, шығармашылық қабілет пен әрекеттер тиімділік танытады. Көркем туындыны қабылдауда шығарма тұтастығы мен бөлігі, анализ бен синтез, сезім мен таным, эмоциялық және теориялық байлам, субъективті көзқарас пен объективті таным, репродуктивті баяндау мен өзіндік түсінік сияқты мәселелер маңызды. Қабылдау үдерісі өнердің бір түрі - көркем шығармаға қатысты болғандықтан, қабылдаушының әлемнің тұтас бейнесі туралы, сыртқы болмыс, жазушы пайымы туралы түсінік беретінін ескерген абзал. Сондай-ақ, оқушы шығармадағы адам өмірінің көрінісін, образ болмысын тану арқылы өзін тануға да мүмкіндік алады. Шығарма оқырманның көркем әлемін, дүниетанымын кеңейте отырып өзіндік ой мен пікірге баулиды. Нәтижесінде оқырман көркем шығармадағы образдар жүйесінен өз болмысының бейнесін табады. Кез-келген талдаудың негізіне көркем шығарманы алғашқы қабылдау жолбасшы болады. Егер шығарманы көркем қабылдау болмаса, шығарма адресатсыз болар еді.

Отандық және шетелдік психолог-ғалымдардың пайымынша (Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, О.И.Никифорова, М.Арнаутов, Р.Арнхейм) көркем қабылдау шығарманы санаға қалыпты көшіру немесе қарапайым ақпарат алу ғана емес. Қабылдау – қажеттілік пен қызығушылықтан туындап, әртүрлі түсінік пен қандай да бір әсерге әкелетін сананың белсенді қызметі.

Шығарманы оқушының қабылдауы және мұғалім басшылығымен шығарманы оқуы оқу үдерісі болып есептеледі. Сол себепті оқу мен талдауда шығарманың өзіндік ерекшелігімен қатар оны қабылдаудағы оқушы ерекшелігін ескерген маңызды. Әсіресе орта деңгейдегі немесе төменгі буынды құрайтын оқушылардың өміртанымдық ұғым-түсінігін, олардың жалпы және тікелей сөз өнеріне деген таным-түсінігі мен қарым-қатынасын ескеруді естен шығармаған абзал.

Әр жастағы оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттерін бақылау мен зерттеу нәтижесінде бірнеше тұжырым жасауымызға болады. Мәселен, кішірек жастағы балаларды шығарманың жеке эпизодтары қызықтыруы мүмкін. Олар кейіпкерлерінің іс-әрекеттеріне бір жақты кесімді пікір айтуға жақын болады. Кейде өздерінің сүйікті кейіпкерінің іс-әрекетіне еліктеп, оларды жай-күйін бастан кешіргендей болуға бейім келеді.

Ал, жасөсірімдерді кейіпкерлер бойындағы мінез ерекшеліктері, адам табиғатындағы тұлғалық қасиеттер қызықтыратыны байқалады. Кейіпкер характерінің жасалуына, оның шындық өмірдегі адамдарға ұқсастық жақтарына ден қояды. Шығармадағы кейіпкер тұлғасынан өмірдегі адамдар әлемінің болмысына, шынайы құндылықтарға ойыса бастайды. Кейіпкердің моральдік бейнесінен өмірдегі адамдардың сипатын тануға бейімделе түседі. Кейіпкерлердің қалыптасу жолына, іс-әрекетінің мотивін іздеуге қызығушылықтары артады.

Дегенмен, жасөспірім үнемі кейіпкер болмысын тұтас, жан-жақты саралап, оның іс-әрекетінің әртүрлі жағдаяттық қыры мен мотивін тани бермейді. Оқушының кейіпкерді шынайы түсінікпен, өз санасындағы өлшеммен қабылдауы заңды. Әсіресе, 5-7 сыныптарда ақ пен қара, жақсы–жаман, жағымды-жағымсыз деп тану басымырақ болады. Жеткіншек тек 8-9 сыныптарда автор өрнектеп отырған кейіпкер болмысындағы реалистік мінез, құбылыстарды, оған себепкер жағдай мен мотивтерді бағалай бастайды.

Жоғары сынып оқушылары кейіпкерлердің ішкі күрделі болмысын тануға қызығып, автордың шығармашылық пайымын түсінуге талаптанады. Сондай-ақ, адамның өміртанымдық көзқарасын түсінуге, моральдық қасиетін бағалауға деген талпынысы молаяды. Көп оқушылардың 10-11 сыныптарда өзінің эстетикалық талғамына сай туындының көркемдік маңызын тануға қабілеті артады. Жалпы алғанда жоғары сынып оқушыларының шығарманы тұтас құрылым ретінде қабылдап, одан алған әсерін жүйелеу талабы басым болады.

Қабылдауда оқушылардың типтік ерекшеліктерін есепке алу.

Оқушының көркем шығарманы қабылдауының жас ерекшеліктерінен өзге оқушылардың өзіндік ерекшеліктеріне де қатысты. Бұл көркем шығарманы қабылдауда аса мән беретін тағы бір нысан десе болады.

Әдетте сабақ үдерісінде сынып оқушыларының мінез-құлық, темперамент сияқты ерекшелігін ескере бермейтініміз бар. Көбіне оқу материалын тұтас сыныпқа бағыттап жататынымыз да кездеседі. Алайда сыныптың тұтастықтан гөрі жекелік ерекшелігі басым екенін есте тұтқан абзал. Сыныпты құрайтын оқушылардың әрқайсысы – жеке тұлға. Оның бірі қиялға бейім, қиял әлеміндегі заттар мен белгілерді көбірек есепке алады, бірі керісінше көзбен көріп, қолмен ұстайтын дүниелерді ғана бағалайды. Одан өзге оқушы мінезіндегі өзгешеліктер де маңызды. Оқушылардың бірі пайымды ойға бейім, бірі эмоционалды қабылдауға жақын.

Пайымды саналатын типтегі оқушылар жоспарларды оңай құрастырып, белсенді түрде қорытынды жұмыстарымен айналысады. Бірақ оларға мәтінге байланысты тапсырмалармен жұмыс істеу қиынға түседі әрі көркемдік сөздерге онша мән бере бермейді. Эмоционалдық типті оқушылар мәтінмен қызыға жұмыс жасап, авторға тән көркемдегіш құралдарды тез, жеңіл анықтайды, бірақ оларға жоспарларды құру мен қорытынды жұмыстары қиынырақ түседі.

Көркем шығарманы қабылдау үдерісінде оқушылардың осы ерекшеліктерін ескеріп, әр типтегі оқушының өзіндік ерекшеліктерін дамытуға күш саламыз. Пайымды ойға бейім оқушының ойлау белсенділігін дамыта отырып, эмоциялық қабілетін дамыту маңызды.

Оқытудағы мақсат – оқушыда осы сезімдерді ояту ғана емес, оқушы эмоциясын тәрбиелеу. Л.С.Выготский өзінің “Педагогическая психология” деген еңбегінде: «Почему-то нашем обществе сложился односторонний взгляд на человеческую личность, все понимают одаренность и талантливость только применительно к интеллекту. Но можно не только талантливо мыслить, но и талантливо чувствовать. Эмоциональная сторона личности

имеет не меньше значение, чем другие стороны, и составляет предмет и заботу воспитания в токой же мере, как ум и воля»¹ деп атап көрсетеді. Бала эмоциясын тәрбиелеуде көзделетіні — тұлғаның ақыл-ой дамуымен қатар рухани болмысын да шыңдау, нақты мақсатқа, әрекетке қозғаушы болу. Үлкен үміт арқалайтын келешекте, болашақ қоғамда осындай ізгіліктен туындайтын әрекеттер ғана шешуші роль атқарары сөзсіз.

«Жүректе айна жоқ болса, сөз болмайды өзгесі»²—деп Абай айтқанындай оқуды мазмұнды іске асырудың бір жолы — оқушы эмоциясына әсер ету, игі ықпал жасау. Өлеңді оқығанда, талдағанда сабақты ерекше көңілге, эмоцияға құру, қаламгер шығармасындағы көңіл-күйді сезіндіру арқылы оқушыда күрделі эмоциялық күй қалыптастыруға күш салу. Берілетін білімнің оқушы эмоциясымен астасуы оның ойлау қабілетіне және ми қызметінің қабаттарында терең із қалдыруына көмектеседі. Көркем шығарманың танымдық, дамытушылық маңыздылығымен қоса, эстетикалық, эмоциялық әсері де басым. Осындай ерекшелігіне орай оқытуды эмпатиялық диалогқа (бала эмоциясына бағытталған) құру өте тиімді. Оқушы көркем шығармалардың эстетикалық әсерін, көркем сөз айшығын, сөз қолдану шеберлігін, сипатталып отырған көріністің әсерін сезінеді, сонымен қоса, баяндалып отырған мазмұнға сезіммен араласады. Осы араласу бала жүрегіндегі басқа қасиеттерге түрткі болуы маңызды. Көркем шығармалар оқытқанда аталған әдіс-тәсіл оқушы эмоциясына ықпалдылықты арттырады.

Әр жағдайда жұмыс жасағанда оқушының жұмыстан ләззат ала білу, оқушының білім, білігімен, оның эмоционалдық, өнер туындыларын қабылдаудағы қажеттілігін аңғара білу маңызды.

Көркем шығарманы қабылдауды ұйымдастыру жолдары. Жеке туындыларды қабылдауда оны бүтіннің бөлшегі ретінде ойлап, оқушылардың әдеби білімінің элементі ретінде, олардың ойының дамуына, қоғамдағы қалыптасу мен эмоционалды-эстетикалық әсер алуы жайлы үнемі есте тұтқан жөн.

«Адам баласы... көзбен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп, тыстағы дүниеден хабар алады» — дейді³ Абай. Баланың сыртқы ортаны тануы осындай жекелеген қасиеттерден, жеке бөліктерден тұрғанымен оқушы белгілі бір ұғым, түсінікті тұтастай қабылдайды. Көркем шығарманы оқытқанда қабылдаудың осындай тұтастық заңдылықтары мен даралық ерекшеліктерін дұрыс байланыстырғанда ғана жақсы нәтижеге жетуге болады. Шығармадағы даралық ерекшеліктерді ажыратып тани отырып, оқушы бірінен-бірі ажырамай тұрған тұтас әлемді, шығарма табиғатын таниды. Осы ұғымның оқушы есінде берік орнығуының бір шарты — ассоциациялық байланыстың дұрыс болуы. Іргелестік ассоциациясын шақыра отырып, танымға қызмет етіп тұрған жекелеген сөздер тудырып тұрған ұғымдарды саралау, анализ жасау, сондай-ақ ұқсастық

¹ Выготский Л. Педагогическая психология. М., Педагогика, 1991 -143

² Абай шығармаларының толық жинағы, 1 том.— Алматы: Рауан, 1989.

³ Абай шығармаларының толық жинағы. 2- том.— Алматы: Рауан, 1989

ассоциациясы тудыратын көріністерге сипаттама жасау, қажетті тұсында қарама-қарсылық ассоциациясын да пайдалану қажет. «Чем большим количеством ассоциаций мы располагаем, тем легче устанавливается новая ассоциация и, следовательно, повышается качество нашей специальной памяти»¹ – деп психологтардың атап көрсеткеніндей аталған әдіс-тәсіл ақын шығармасының ішкі астарын айқындап, оқушы есінде берік сақталуын қамтамасыз етеді.

Сондықтан мәтінмен танысар алдында шығарма тақырыбының өзі оқушыларға қандай ассоциация туғызатынын білу маңызды. Мәселен, 5 сыныптағы М.Жұмабаевтың «Қысқы жолда» өлеңіне қатысты «Қысқы жол» сөзін естігенде «қандай ассоциация туындайды?» деген сауал тастауға болады. Жауаптардың әрқилы болуы заңды. Біреуі «қар», «суық», «шана» деп жатса, енді бірі «таза», «аяз», «қырау» т.б. көптеген ұғымдар туындайды. Оқушы ассоциациясындағы ұғымдардың қай-қайсы болмасын мәтінді қабылдауға алғашқы жәрдемші болары сөзсіз. Себебі оқушы жаңа бір ұғым түсінікті өз тәжірибесіне сүйеніп қана қабылдайды. Сабақ барысында шығарма мәтінін көркем қабылдай отырып, оқушы санасы жаңа ұғымдармен толыға түседі.

Әдістеме ғылымы үшін оқушылардың мәтінді көркем қабылдауын зерттеуде маңыздысы – әдеби шығарманы талдауды жетілдіру, тың бағыттары мен жолдарын мейлінше молайту болып есептеледі. Н.О.Корст шығарманы қабылдау мәселесіне мейлінше ден қояды, тіпті оны талдаумен бірдей деңгейге теңестіре қарастыру керектігін айтады. Әдебиетті оқу кезінде «жаңа сәттердің»² көп болу керектігі, сол арқылы эстетикалық сезім мен бірге оқушылардың ойлау белсенділігін дамыту қажеттігін дәлелдейді. Автордың ерекше салмақ түсіре айтатын пікірі шығарманы мәнерлеп оқуға қатысты.

Көркем шығарманы мәнерлеп оқу, оны қабылдау мен танытудағы алғашқы қадам. Көркем шығарманы мәнерлеп оқу қабылдауға жолбасшы болатын ең басты тәсілдің бірі. Мәнерлеп оқылған мәтін оқушыға әр сөздің өзіндік өрнегі мен мәнін ашып, сезінуіне тиімді ықпал етеді. Өз мәнінде мәнерлеп оқылған мәтін тыңдаушысына көркем көріністі де, мәтіндегі автор толғанысын да, поэтикалық образды да т.б. шығарма өзегіндегі қат-қабат ойлардың ағымын да сездіруге дәрменді.

Мәтінді мәнерлеп оқу мәселесін сөз еткенде екі жақты жұмыс түрін анықтаған орынды. Оның бірі, мәтінді оқушының алғаш қабылдауын ұйымдастыру мақсатында мұғалімнің оқуы. Екіншісі, әдебиет пәні аясында оқушылардың мәнерлеп оқу дағды, машығын қалыптастыру. Мұғалімнің мәтінді мәнерлеп оқуы да аса маңызды. Себебі мәтінді қабылдауға, талдауға алғашқы қадам ретінде мұғалімнің мәнерлеп оқуы, мәтін аясында жүргізілетін басқа да оқу-танымдық жұмыстардың тиімді жүргізілуіне ықпал

¹ Выготский Л. Педагогическая психология. М., Педагогика, 1991.–175

² Корст Н.О. Восприятие литературного произведения и его анализ в школе //Вопросы анализа литературных произведений. –М., 1969.

етеді. Мектеп практикасында тек лирикалық шығармалар ғана мәнерлеп оқуға ұсынылады деген бір жақты пікір қалыптасқан. Негізінде прозалық шығарманың үзіндісі де, шығармадағы пейзаж, монолог, кейде диалог, драмалық шығарма бөлігі де мәнерлеп оқылады. Басты мақсат шығарманы мәнерлеп оқуға дағдыландыру болмақ. Мәтінді жатқа оқу мәнерлеп оқудың тиімділігін арттыратын бір амал. Себебі жаттаушы мәтінді өзегінен шығара жатқа айту арқылы авторлық ойға жақындай түседі. Әр сөздің мәнін ашатын дауыс ырғағы мен екпінін түсіруге жақын болады.

Мәнерлеп оқуға оқушыларды төселдіру үлкен дайындықты қажет етеді. Бағдарлама талаптары бойынша мәнерлеп оқуға дағдаландыру 5-7 сыныптарда міндеттеледі әрі ол үздіксіз жүргізілуі тиіс жұмыстың бірі. Аталған сыныптарда кездесетін қиындықтың бірі мәтінді жүргізіп шапшаң оқу дағдыларының әр оқушыда әр дәрежеде болуы. Мәтінді әрі жылдам, әрі дұрыс, әрі мазмұнды түсіне оқи білу – үлкен еңбектің жемісі. Оқу жылдамдығы артқан сайын, есте сақтау қабілеті де, ақыл-ой еңбегіне ынтасы да арта түседі. Мәтінді баяу оқыған бала оның мазмұнын түсінбейді. Кейде шапшаң оқимын деп сөздің кей буындарынан қате жіберіп жатады. Шапшаң оқуға жүйелі түрде күнбе-күн оқыту арқылы ғана дағдыландыруға болады. Мәтінді оқу – бұл графикалық белгілермен берілген басқа біреудің ойын меңгеру. Дұрыс түсініп, жылдам мәнерлеп оқу – бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан оқушыны жаттықтыру үшін де әр сабақта іске асырып отыру қажет. Мәнерлеп оқу екпінді дұрыс қоя білу, оқу мәнерін меңгеру, тыныс белгілерін сақтап, дұрыс кідіріс жасау, дауысты сөйлемдегі ой мазмұнына сай баяу, жігерлі оқу немесе тілек, сұрақ, көңіл-күйді көтеріңкі күйде оқу ескеріледі.

Мектеп тәжірибесінде оқушылардың көбінде өлең шумағын, тармағын бір ырғақта оқу қалыптасқан. Мәнерлеп оқуға төселдіру жұмыстарында мұғалім мәтінді байыппен оқи отырып оқушыларға дауыс қарқыны, ырғағы, логикалық, психологиялық екпіндері, белгілі бір мәндегі сөздерді оқығандағы қысқа және ұзактау кідірістерді байқатуы керек. Мұғалімнің мәнерлеп оқуының өзі оқушылар үшін «дыбыстық көрнекілік» болуы мүмкін. Бірақ бұл үнемі мұғалім өзі оқып, бақылату керек деген ой емес. Мәнерлеп оқу әдіс-амалдарын да түрлендіріп жүргізу керек.

Мәнерлеп оқудың негізгі шарттары, әдіс-тәсілдері.

Енді мәнерлеп оқуға төселдірудің бірнеше шарттарына тоқталайық.

Біріншіден, оқуға байланысты әрекет болғандықтан мәнерлеп оқу үшін оқушының тыныс алу, ауаны жұту және сыртқа шығару, еркін дем алу дағдыларын қадағалағаны жөн. Оқу барысында дем алуын басқара алмаған оқушының мәнерлеп оқу дағдысы оңайлықпен қалыптаспайды. Қалыпты тыныс алу жағдайында адамның дем алуы мен дем шығаруы бірдей. Ал сөйлеу, оқу, ән салу сияқты вербальды әрекеттерде демді алу мен сыртқа шығару ұзақтығындағы тепе-теңдік өзгереді. Демді ішке алу жиілейді, не демді іште ұстау уақыты ұзарады. Осы әрекеттерді оқушылардың білгені және жаттыққаны мәтінді мәнерлеп оқуда өз әсерін тигізеді.

Екіншіден, мәтін графикалық белгілерден құралғандықтан орфографиялық заңдылықтармен таңбаланады. Ал мәтінді оқу орфоэпиялық қалыптарға сәйкестендірілуі керек. Осы заңдылықтар жете меңгерілмеуі көбіне мәнерлеп оқуда нұқсан келтіреді. Қазақ тілінде орфоэпиялық заңдылықтар сингармонизм, ассимиляцияға сүйенеді.

Сөйлеу үдерісінде бір сөз екінші сөзбен немесе бір буын екінші буынмен өзінің екпіні, буыны жақтарынан қиюласып, үндесіп тұрады. Осы үндесулер дауыстыларда сингармонизм заңдылықтарына бағынса, дауыссыз дыбыстарда ассимиляцияға негізделеді. Бір дыбыс екінші дыбысқа ықпал етіп, дәл өзіндей өзгеріске жуықтатады. Сондықтан сөздерді оқығанда жазылу қалпымен емес, айтылу ережелерін сақтау қажет. Мысалы: шаш+са// шашша; көз сал//көс сал; торы ала ат//торалат; ақ ешкі//ағешкі; қара қой //қара ғой; ала көйлек //ала гөйлек; «сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап» // «сембе жұртқа тұрса да ғанша мақтап»; «жаннан қымбат оларға ар»// «жаннан ғымбат оларғар» т.б.

Мысалда көрсетілгендей ассимиляцияның прогрессивті (алғашқы дыбыстың кейінгі дыбысқа ықпал етуі), регрессивті (кейінгі дыбыстың алғашқы дыбысқа артикуляция жағынан өзіне ұқсата ықпал етуі) түрлері мәнерлеп оқу үдерісінде сақталуы маңызды. Дыбыстардың сөз ішінде де өзіндік әсер, ықпалы болады. Дыбыстың буын басында, ортасында, соңында айтылуының өзінде өзге дыбыстардың аздаған өзгерісі байқалады. Мысалы, *бақыт*, *абай бол* үш сөздегі «б» дыбысының айтылуы үш түрлі. Бірінші сөзде ұяң «б» дыбысы анық айтылады, ал екінші сөзде «б+в» дыбысына жуық, үшінші сөзде алғашқыдан сәл ұяңдау естіледі. Мұның бәрі дыбыстардың өзіндік әсерінен туындайды.

Мәтінді мәнерлеп оқу орфоэпиялық заңдылыққа негізделетінін оқушылардың түсінуінің өзі жұмысты біршама жеңілдетеді. Сөйлеу дағдысы ана тілінде қалыптасқан балалардың дыбыстарды айтуында айтарлықтай қиындықтар туындай бермейді. Алайда кейбір өлкелік айырмашылықтар да кездеседі. Шығыс аймақтардың кейбір оқушыларының «ң» дыбысының орнына «н» дыбысын айту мүкісі орын алған. Оңтүстік шығыс аймақтарда «ш» дыбысын қатқыл айту ерекшеліктері байқалады. Ал оңтүстік облыстарда сөздерді қалыпты дыбыстаудан тезірек айту басым.

Мәнерлеп оқуда орфоэпиялық нормалардың сақталмауы сөйлеу дағдысы орыс тілінде қалыптасқан оқушыларда көбірек кездеседі. Қазақ тілінің төл дыбыстарын қалыпты дыбыстай алмауынан өзге «е» дыбысын айтқызу, ассимиляциялық заңдылықтарды меңгерту қиынға түседі. Оқушыларға орфоэпиялық заңдылықтарды меңгерту аса маңызды. Жаттығу мақсатында орфоэпиялық сөздікпен жұмыс жүргізу, оқитын мәтіндегі орфографиялық таңбаларды орфоэпиялық сөздікпен қайта жаздыру, оны жаттыққанша оқыту жұмыстары нәтиже берері анық.

Үшіншіден, сөзге дұрыс екпін түсіре білуге дағдыландыру керек. Мәтіндегі әр сөздің өзіндік логикалық, грамматикалық синтаксистік, дискурстық қызметі, мағыналық салмағы болады. Сөздердің қызметі автордың

идеялық мақсатына тәуелді. Мәтіндегі авторлық ойды түсіну, сөздің қызметін тану оқушының мәтін оқудағы екпінді дұрыс түсіруіне көп көмектеседі.

Төртіншіден, мәнерлеп оқу машығын қалыптастыруда әр жанрдағы мәтіндер қолданылады. Мәнерлеп оқуға төселдіру үшін поэзия жанрындағы шығармалар тұтас күйінде, ал проза мен драмалық шығармалардан үзінділер пайдаланылады. Әр жанрлық өзіндік ерекшелігіне сәйкес лайықты дауыс сазын алдын-ала белгілеу мәтін оқу жұмысын жүйелей түседі. Лирикалық өлеңдерде лирикалық кейіпкердің не автордың түрлі көңіл-күйі мәтінді соған сәйкес сазбен оқу қажеттігін аңғартады. Кейбір мысал өлеңдер мен драмалық шығармалардың диалогқа құрылуы мәтінді бірнеше рет құбылта оқу талабын байқатады. Шығарманың жанрлық ерекшеліктері мәтін оқудың өзіне тән дыбыстық ерекшеліктерін толықтай анықтап бере алмайды. Дегенмен, шығарманың жанрлық қырларын мәтін оқуда ескере отырып, автордың шығарма өзегіне өрген идеялық мазмұнына сәйкес дауыс сазын келістіре оқуға бағыттайды. Мәтін оқуда шығарманың жанрлық ерекшеліктерін де ескеруге дағдыландыру керектігін нұсқайды.

Бесіншіден, мәнерлеп оқу машығын қалыптастыру үшін шығарма композициясы, ойдың мағыналық жіктері ескерілуі керек. Мәтіндегі ойдың мағыналық бөліктері дауыс кідірістерімен беріледі. Ол үшін дауыс кідірістерінің өзін мақсатына қарай ажырата білген орынды. Дауыс логикалық кідірістер, грамматикалық кідірістер, психологиялық кідірістерге ажыратылады.

Логикалық кідіріс кезінде сөздің мағыналық салмағы рөл атқарады. Оқылатын мәтіндегі сөздің мағыналық жүгі өзгелерге қарағанда салмақты болған жағдайда, оған екпін түсіре оқу қажет болады. «Теңіз құшағына тез кіруге асыққан Ақжайық // төтелеу жерден жол салам деп // жарын талай сабалапты да, // шалқайып кейін бұрылыпты...»¹ Бұл мысалда қос сызықпен таңбаланған логикалық екпіннің ұзақтығы әртүрлі. Логикалық екпін сөйлем ішіндегі сөздердің мағыналық бунағын ерекшелеуге де қызмет етіп тұр.

Грамматикалық кідірістер көбіне тыныс белгілермен беріледі. Тыныс белгілер грамматикалық кідірістердің дұрыс қойылуына жәрдемдеседі. Грамматикалық кідірістер де әртүрлі реңкте болады. Мәселен, қос нүктеден кейінгі кідіріс пен сөздердің біріңғай мүшелерінен кейінгі кідірістер бірдей емес. Кейде тыныс белгілерге қатысты грамматикалық кідірістердің сақталмайтын тұстары да болады. Оның бәрі мәтіннің идеялық мазмұнына қатысты болып келеді.

Психологиялық кідіріс мәтіндегі көңіл-күй өзгерістеріне қатысты болады. Мәтіндерде алуан түрлі көңіл-күй болуы заңды: сүйсіну, қуану, шаттану, ашулану, сыздану, тістену, ызалану, ызғарлану, күйіну, таңырқау, таңдану, кекесін, жағыну, жарамсақтану, мысқыл, ажуалау, сенімсіздік, өксік үні, түңілу, дандайсу, самарқаулық, т.б. Осы көңіл-күйді беруде дауыс реңкін дөп келтіру, мәтіннің эмоциялық жақтарын түсініп оқу, ой сезімін білдіре оқу маңызды. Осы кідіріс түрлерін мәтіннің композициялық

¹ Әдебиет. 5 сынып (Ғ.Мүсірепов. «Жаңа жостар»).– А., Атамұра.– 172 б.

бөліктеріне қатысты оқу мәтінді оқушының тұтас, түсініп қабылдауына игі ықпалын тигізеді.

Алтыншыдан, мәтіндегі дауыс толқынының дұрыс қойылуы мәтінді тыңдап қабылдауда үлкен рөл атқарады. Егер мәтін бірсыдырғы оқылса, тыңдаушыны тез жалықтырады. Дауыс ырғағын, сазын, дыбыс толқынын өзгертіп отыру тыңдаушыға жағымды әсер етеді. Дауыс толқыны дегенде көбіне сөздердің арасындағы ырғақтық өзгерістер деп қабылдау басым. Негізінде дауыс толқындары сөздің буын ішінде де құбылып қолданылады. Мысалы,

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы...» деген тармақтарда «сөздің» деген екі буынның ортасындағы толқын өлеңнің басқа емес дәл осы сөздің патшасы екендігін нақтылай, естірте айтылуына көмектеседі. Келтіріп отырған екі тармақтағы дәл осылай ырғақ түсіріле оқылатын сөздерге «сөз сарасы» дегендегі «сөз», «қиыстырар» деген дауыс толқынында құбыла оқылатын сөздерді келтіруге болады.

Мәселен, М.Жұмабаевтың 6 сыныптағы «Мен кім?» өлеңінің бір шумағын интерактивті тақтадан көрсетейік. Бұл мәтін тыңдаушылардың алдына таратылған. Алғашқы тапсырма мәтінді оқу барысында дауыс кідірістерін ажыратып белгілеу.

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?

Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?

Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген,

Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар?¹

Осы бір шумақ өлеңнің өзінде дауыс екпіні мен кідірістері көп. Дауыс екпіні әр сөздің айтылу мақсаты мен ішкі мәніне байланысты өзгеріп отырады. Ақынның бұл өлеңі жеке кейіпкердің өзі туралы ойы ғана десек қателесер едік. Ақын даралық және жалпылық мағынаны қатар қолданады. Лирикалық кейіпкер үнінде қайсар рухты, өр мінезді халықтың өкілі ретінде дара тіл қату да бар, сол халықтың өзі атынан жалпы тіл қату да байқалады. Сондықтан алғашқы «арыстанмын» сөзіне екпін түседі әрі қазақ тіліндегі екпін ерекшелігі сәл құбылып, сөздің үшінші буынына түседі. Келесі «айбатыма» сөзіндегі екпін соңғы буынға түседі де сәл соғыла оқылады. Келесі бунақтағы сұрау есімдігі көтеріңкі айтылады. Әдетте сұраулы сөйлемдерде дауыс екпіні соңғы сөзге түсіп, көтеріле айтылады дейтін қағида мәнерлеп оқу барысында әр мақсатқа қарай өзгеруі мүмкін. Мына жағдайда дауыс екпінін арқалап тұрған соңғы «шыдар» сөзі емес, сұраулы мәндегі «кім» сөзі. Ал келесі тармақтағы бірінші «Жолбарыспын» сөзіндегі екпін соңғы буынға түседі. Бұлай дауысты құбылту тыңдарманға әр сөзді жақын таныту, естірте оқу мақсатынан туындайды. Дәл осы сияқты шумақ соңындағы буында екпін сұраулық есімдікке емес соңғы сөзге түседі. Тыңдаушы осы ерекшеліктерді ажырата білуі керек.

¹ Әдебиет. Жалпы білім беретін мектептердің 6 сыныбына арналған оқулық. А., Атамұра, 2013.- 91 б.

Келесі кезекте осы кідірістердің ұзақты-қысқалы мөлшерін айқындау тапсырылды. Қысқа кідірістер бір таяқша, ұзақ кідірістер екі таяқша қою арқылы белгіленеді.

Ендігі кезекте мән берілетіні – екпін. Екпін түскен сөздерді белгілеу тапсырылады. Екпін түскен сөзді бағыттаушы белгімен көрсету керек. Екпінде дауыстың көтерілуі мен бәсеңдеуіне байланысты бағыттаушы таяқшаны төмен қаратып немесе жоғары қарата бағыттауға болады. Ал логикалық кідіріс жасалған сөздің асты сызылады.

Арыстанмын, //↑ айбатыма /↓кім шыдар?

Жолбарыспын, /↑ маған қарсы кім тұрар?

Көкте – бұлт, // жерде – желмін гулеген,

Жер еркесі/ - желдің жөнін кім сұрар? ↑

Мәнерлеп оқуда ескеретін бір мәселе мәтіндегі кідірістер мен екпін оқушы адамның мақсатына қарай өзгеріп отыруы да мүмкін. Мысалы Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңін алайық:

Арыстандай айбатты,

Жолбарыстай қайратты,

Қырандай /күшті қанатты //—

Мен жастарға //сенемін!

Көздерінде/ от ойнар,

Сөздерінде /жалын бар.

Жаннан қымбат /оларға ар,

Мен //жастарға сенемін!

Жас қырандар/ — балапан,

Жайып қанат, ұмтылған./

Көздегені /көк аспан./

Мен жастарға //сенемін!

Өлеңдегі әр шумақта қайталанып тұрған «Мен жастарға сенемін» деген үш сөз үш шумақта әрқилы оқылуы мүмкін. Сөзге екпін түсіру сол сөзді айшықтап көрсетуді білдіреді. Ал осы үш сөзге де өзгесінен дербес жеке екпін түсіру арқылы мәнін ерекшелеуге болады. «Мен жастарға сенемін» бірінші шумақта акынның жастарға сенімі туралы баса айтылса, келесі шумақта «Мен жастарға сенемін» сөзіне екпін түсіру арқылы жеке сенімділігін нықтай түседі. Ал үшінші шумақта «Мен жастарға сенемін» сенімді шегелей айту басым.

Мысалға алып отырған екі өлеңде де акынның отаншылдық сезімі мен асқақ рухы сезіледі.

Көркем шығарма табиғаты әралуан. Шығарманың тақырыбы мен идеялық қабатында өмірдегі әртүрлі ұғым-түсінік, көрініс, көңіл-күй, сезім болуы заңды. Мәнерлеп оқудағы мақсат — шығарманың осындай дара ерекшелігін тыңдарманға жеткізу, терең таныту. Шығармадағы әр сөз таным дүниесінде жеке таңба. Ол сол таңбалардың тағылымдық мәнін жарқырата көрсету үшін шебер оқуды қажет етеді.

Мәнерлеп оқу шығармадағы сөздердің мән-мағынасын айқындаумен қатар, тұтас шығарманың композициялық құрылымын тануға да ықпал етеді. Абайдың «Жаздыкүн шілде болғанда» өлеңін оқу барысында композициялық бөліктерін дауыс ырғағымен ерекшелей оқып көреміз.

Жаздыкүн шілде болғанда, Көкорай шалғын, бәйшешек Ұзарып өсіп толғанда;	} бәйшешек образы
Күркіреп жатқан өзенге Көшіп ауыл қонғанда:	} көшкен ауыл образы
Шұрқырап жатқан жылқының Шалғыннан жоны қылтылдап, Ат, айғырлар, биелер Бүйірі шығып, ыңкылдап, Суда тұрып шыбындап, Құйрығымен шылпылдап, Арасында құлын-тай Айнала шауып бұлтылдап,	} ауыл малының бейнесі
Жоғары-төмен үйрек, қаз Ұшып тұрса сымпылдап.	} құстар
Қыз-келіншек үй тігер, Бұрала басып былқылдап, Ақ білегін сыбанып, Әзілдесіп сыңкылдап.	} қыз-келіншек образы
Мал ішінен айналып, Көңілі жақсы жайланып, Бай да келер ауылға, Аяңшылы жылпылдап.	} бай образы
Сабадан қымыз құйдырып, Ортасына қойдырып Жасы үлкендер бір бөлек Әзілдесіп сылқылдап.	} ауыл ақсақалдары
Жалшы алдаған жас бала Жағалайды шешесін: Ет әпер деп қыңкылдап....	} қазан-ошақ басындағы көрініс

Бай байғұсым десін деп,
Шақырып қымыз берсін деп,
Жарамсақсып, жалпылдап.

} жалшы образы

Шапандарын белденген,
Асау мініп теңселген,
Жылқышылар кеп тұрса,
Таңертеңмен салпылдап.

} жылқышылар образы

Мылтық атқан, құс салған.
Жас бозбала бір бөлек
Су жағалап кутыңдап.
Қайырып салған көк құсы,
Көтеріле бергенде,
Қаз сыпырса жарқылдап.

} аңшылық еткен бозбала

Өткен күннің бәрі ұмыт,
Қолдан келер қайрат жоқ,
Бағанағы байғұс шал
Ауылда тұрып күледі,
Қошемет қылып қарқылдап.

} шалдың образы

Көшпелі ел өмірінің жазғы пейзажын бейнелейтін өлең мәтінінде суреттеп айту ырғағы басым. Өлеңді оқығанда логикалық ой кідірістері мен дауыс құбылыстары өлеңнің біз көрсетіп отырған композициялық бірліктеріне байланысты өзгеріп отыруы маңызды.

Мәнерлеп оқуға үйреткенде мысал өлеңдермен жүргізілетін жұмыстың тиімділігі жоғары. Себебі онда оқиға, кейіпкерлердің әртүрлі көңіл-күйі беріледі. Кейде мысқыл, келемеж, күлкі, өсиет-өнеге болады. Оларды дауыс ырғағы арқылы келтіру үйренушіге үлкен сабақ.

Әдебиет сабағында көркем шығарманы қабылдау мен талдаудың байланысы. Мәнерлеп оқу мәтінді талдауға алғашқы баспалдақ болатын оқу әрекеті. Мәнерлеп оқу барысында талдауға қажетті оқу-әрекеттерінің біразын жүзеге асыруға болады. Мәнерлеп оқу міндетті түрде талдау жұмыстарына ұласуы керек. Көркем шығармаларды талдау барысында көркем шығарма мәтінін қабылдау мен оны талдаудың байланысатын нысандарына тоқталу аса маңызды. Мәтінді талдау кезінде әдістemeniң көпфункционалдылығы іске асырылып, сонымен қатар ол көптеген тізбекті тапсырмаларды шешуге бағытталады.

Көркем шығармаларды талдау мәселесін қарастырғанда ең маңыздысы, керекті нысандарға тоқталып, әдеби мәтінді қабылдау үдерісін талдау жұмысына ұластыру. В.Я.Стоюниннің айтуы бойынша талдаудың басты мақсаты шығарманың форма мен мазмұн бірлігін сақтай отырып, идеялық өзегін талдаудың өн бойында жүргізу.¹ Талдау үдерісінде шығарманың

¹ Стоюнин В.Я. преподавании русской литературы. –СПб., 1868

эстетикалық қыры аса маңызды. Бірақ ол шығарманың форма мен мазмұнының ажырамас бірлігін, жеке бірліктердің бүтінмен байланысынан тысқары жүргізілсе көп нәтиже бермейді. Мектеп практикасында көркем мәтіннің эстетикалық бірліктерін (троп пен фигураның түрлерін) атаумен шектелетін сәттер жиі ұшырасады. Мақсат көркемдік құралдардың бар екенін білуде ғана емес, сол құралдар мәтінге қандай эстетикалық реңк дарытқанын ажыратып тануда ғой.

Талдаудың міндеті оқырманды өзіндік образ қалыптастыруға баулу, сонда ғана көркем өнерді толыққанды қабылдауға үйренеді. Өткен ғасырдың екінші жартысында әдебиет арқылы этико-эстетикалық тәрбиені жүзеге асыру туралы пікір білдірген әдіскердің бірі – В.П.Острогорский. Ол оқушының санасы мен жадын дамытуды ғана мақсат ету жетімсіз екендігін ескерте келіп, эстетикалық талғамды, мейірімділік сезімі мен қиялды дамыту маңызды екенін айтады. Острогорский әдістеме ғылымында әдістердің жіктемесін жасаған әдіскердің ең алғашқысы. Ол әдістің екі түрін көрсетеді: қысқарған (диалогтарда кездесетін түрі), академиялық (мұғалімнің түсіндіруімен лекция түрінде өтетін түрі). Ол оқушылардың әдеби оқырмандыққа баулу, олардың сөйлеу мәнерін кемелдендіру, мәнерлеп оқу дағдыларын жетілдіру, сыныптан тыс оқуды жақсарту туралы ой-пікірлері әдіскерлер үшін маңызды болып есептеледі. Оның шығарма жазуға арналған ұсыныстары, оқушылар бойында адамгершілік қасиеттерді дамыту туралы пікірлері әдістеме ғылымында қалыптасқан дәстүрді тануға, түсінуге мүмкіндік береді.

Көркем шығарманы қабылдау мен талдау үдерісін тиімді ету үшін бізге дейінгі әдіскерлердің озық идеяларына сүйенетініміз белгілі. Әдіскер ғалым М.А.Рыбникованың теориялық ойлары мен нақты әдістемелік нұсқаулары әдістеме ғылымының одан ары қалыптасуына үлкен үлес қосты. Әдебиетті оқыту әдістемесі ғылымының XX ғасырда дамуына қатысты аты ерекше аталатын әдіскер – В.В.Голубков. В.В.Голубков шындықты танудағы ең қуатты қару - әдебиет деп бағалаған.

Көркем шығарманы қабылдау мен тану үдерісіне бірден-бір ықпал ететін талдау жұмыстары. Көптеген әдіскерлер мен психологтар «өнертану» дегенді талдаудың нәтижесіне балайды. Көркем шығарманы түсініп, түйсіну, қабылдау үдерісі оқырмандықты қалыптастыру міндеттерінен тысқары емес. Оқырмандықты қалыптастыру барысында оқушының дүниетанымын, рухани әлемін, тұлғалық болмысын қалыптастыру көзделеді. Жас деңгейі шамалас бір сыныптың оқушыларының өзі шығарманы әртүрлі оқып, әртүрлі қабылдайды. Шығарманы үйде оқып қабылдау бар да, сыныпта оқу немесе тыңдау арқылы (аудиалды) қабылдау көздері бар. Шығарманы оқу, қабылдау үдерісін үнемі дамытып отыру, оқушының осы оқу әрететін үнемі бақылау мен есепке алу нәтижесінде ғана жүзеге асатыны белгілі.

Әдістемелік тәжірибеде оқушының қабылдауын ұйымдастыру мен анықтаудың бірнеше әдіс-тәсілдері белгілі:

– шығармадағы кейбір сөздер мен ұғымдардан туындайтын ассоциацияны анықтау;

- көркем шығарманы оқығаннан кейінгі әсері туралы әңгіме жүргізу;
- көркем шығармадан алған алғашқы әсер мен талдау барысында қалыптасқан ой- пікірлерін салыстыру;
- көркемдік құралдарды ауыстыра қолдану;
- шығарма мәтінін композициялық бөліктерге бөлу;
- мәтіндегі логикалық, психологиялық екпін түскен сөздерді белгілеу;
- мәтіндегі дауыс ырғағы мен көңіл-күй реңкін айқындау;
- көркем шығармадан туындаған әсері туралы әңгіме, эссе жазу т.б.

Мәтінді қабылдау үдерісін жетілдіру мақсатындағы жұмыстар мен әдіс-тәсілдерді жүйелеп көрейік:

Бірінші, кезектегі тікелей қабылдау ерекшеліктерімен байланысты әдістер. Бұл әдіс көбінесе мәтінді танудың бастапқы кезеңінде қолданылады, сынып оқушыларының мәтінді жүргізіп оқуы төмен болған жағдайда керекті әдістер. Мәтінді шапшаң оқуға төселдіру әдістері, мәтінді тыңдау, дауыстап оқу, буын мен бунаққа бөлу, екпін мен кідірістерді анықтау т.б әдіс-тәсілдерді жатқызуға болады. Шығарманы асығыс оқыту, ұзу, алдын-ала шешім қабылдауға ұмтылу қауіпті. Әсіресе күнделікті сабақта әдіс-тәсіл бағытын оқушылардың ынта-ықыласына қарай құру маңызды.

Екінші, мектеп оқушыларының белгілі бір дәрежедегі оқу қабілеттеріне сүйене отырып, талдау жұмыстарын кеңейте жүргізу әдістері. Бұған мәтінді мәнерлеп оқу, жатқа айту, екпін мен кідірістерді қолдана отырып мәтін оқу. Прозалық мәтін болса, синтаксистік құрылымды бунаққа бөлу, өлең мәтіні болса құрылысын анықтау, дауыс ырғағымен композициялық құрылымын анықтай оқу. Мәтіндегі идеялық салмақ түсіп тұрған сөздерді белгілей отырып оқу т.б. Бұл кезеңде оқушылардың шығарма композициясын анықтауы, көркем образды сөздерді, негізгі ойға тірек сөздерді табуы т.б. жұмыстарында мұғалім авторлық идеяның астарын ашуға, ой-пікірдің тереңіне бойлатуға бағыттап отыруы керек.

Үшінші, оқушылардың талдау қабілетін дамытуда мақсатында қолданылатын, оқушының әдебиетті өнер сабағымен ұштастыра меңгеруін көздейтін әдістер. Бұл әдістерде көркем оқу сабақтары жолға қойылады. Көркем мәтіндерден құралатын композициялық қойылымдармен қорытындыланады. Үшінші кезеңнің нәтижесі оқушылардың мәнерлеп оқу дағыларының қалыптасуымен есепке алынады.

Психологтардың пікірінше адамның есту мүшеліріндегі нерв талшықтарының сезімталдығы мен нәзіктігі басқа қабылдау мүшерінен әлдеқайда әлсіз келеді екен. Адамның шудан тез шаршайтыны да сондықтан. Мәтінді аудиалды қабылдаудың тиімділігі мәтіннің дұрыс оқылуына, мәнерлеп оқу шарттарының өз дәрежесінде болуына тікелей қатысты. Оқушылардың мәнерлеп оқу машығының нәтижелі болуы әдеби мәтіннің өз дәрежесінде талдануына, танылуына да тікелей ықпал етеді. Шығарманы көркем қабылдау үдерісін бірнеше қыранан түсінуге болады.

Тұжырымдай айтқанды, мәтінде оқу, қабылдау күрделі оқу үдерісі. Оқушының оқырмандық қызығушылығына, эстетикалық талғам, танымына, эмоциялық дамуына, ой-қиял, шығармашылық дамуының бастау көзіне ық-

пал ететін оқу-таным үдерісі. Шығарманың жекелеген із жолдарын талдау да қабылдаудан басталады. Шығарманы қабылдау үдерісін дұрыс ұйымдастыру, оқушының оқырмандық тәжірибесінің алғашқы «жемістерін» орынды есепке алу алдағы талдау жұмыстарының нәтижелі болуының да шарты. Түтпеп келгенде, шығарманы оқу, қабылдау жұмыстарының барлығы оқушыны дамытуға бағытталады.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Көркем шығарманы қабылдаудың негізгі ерекшеліктерін атаңыз?
2. Көркем шығарманы қабылдау мен талдаудың арақатысы қандай?
3. Көркем мәтінде қабылдауда оқушылардың жас ерекшеліктерін ескерудің маңызы қандай?
4. Әдеби мәтіннің тектері мен түрлеріне, жанрларына қатысты мәнерлеп оқытудың өзгешеліктерін сипаттаңыз.
5. Бір көркем мәтінді мәнерлеп оқытудың әдіс-тәсілдерін жүйелеңіз, оның тиімділігін түсіндіріңіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Голубков В. В. Методика преподавания литературы. – М., 1962. – С. 69).
2. Корст Н.О. Восприятие литературного произведения и его анализ в школе //Вопросы анализа литературных произведений. –М., 1969
3. Маранцман В.Г. Анализ литературного произведения и читательское восприятие школьников. –Л.,1974
4. Никифорова О.И. Психология восприятия художественной литературы. – М., 1972.
5. Қожахметова Х. Мәнерлеп оқу. –А., 1992.– 67 б.
6. Желдербаева С. Мәнерлеп оқу. - Алматы, Қазақ университеті. 1992.

Қосымша:

1. Тілешова С. Әдебиет сабағында жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының жүйесі /5-6 кл./ пед.ғыл.канд.ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. –А., 1969.
2. Якобсон П.М. Психология художественного восприятия.–М., 1964.

II. 4. КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ТАЛДАУ — ОҚУШЫНЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘРЕКЕТІ

- 1.Талдауға жататын құрамды элементтер.
- 2.Талдаудың әдіс-амалдары.
- 3.Әдебиеттану саласындағы талдау түрлерін мектепте қолдану мүмкіндіктері.
- 4.Талдаудың интербелсенді әдістері.

Көркем шығарманы талдау күрделі үдеріс. Өзінің күрделілігі жағынан оқушының көркем шығарманы оқуы мен талдау әрекеті суретшінің күрделі шығармашылық үдерісімен пара-пар. Мұғалім көркем шығарманы оқу мен талдаудың ғылыми заңдылығымен қатар шығармашылық қиялмен әрекет еткенде ғана жақсы нәтижеге қол жеткізе алады. Мұғалімнің шығарманы оқытудағы мақсаты мен міндеті көркем шығарманы оқушының өздігінен оқып тануға деген талпынысы мен әрекетін оятуға бағытталуы керек. Егер оқушы шығарманы өздігінен оқып, көркем шығармадан тікелей әсер алмайынша, барлық талдауға деген барлық іс-әрекет нәтиже бермейді.

Көркем шығарманы талдау әдебиеттік оқу сыныптары мен шығармалары монографиялы оқытылатын сыныптарда түрліше талаппен жүргізілуі тиіс. Ә.Қоңыратбаев: «VIII-X кластарда оқушы тексті лекциядан бұрын үйде толық не бөлімі бойынша оқып келуге тиіс. Бұл сабақ міндетін жанартады. Әдетте методиканың бұл шарты орындалмай жүр. Соның салдарынан VIII-X кластарда да текст класта, үйде жеке бөлімдері бойынша оқылып, мазмұндалып, V-VII кластардағыдай әдебиет сабақтарына ұқсап жүр. Бұған тағы бір себеп — оқушылардың дайындығының төмендігі. Кейбір мұғалімдер үлкен романдарды да жеке бөлімдері бойынша талдауға, дәлірек айтқанда, мазмұндауға бейімделген. Дұрысында, жоғары кластарда, тарихи курс методикасында қандай үлкен роман болмасын ол әуелі үйде алдын-ала оқылып, лекция бағдарлаушы әңгіме, талдау сол негізде жүргізілуі тиіс. Басқаша айтқанда VIII-X кластарда текске тұтас талдау жүргізіледі»¹ деп жазады.

Мектепте шығарманы талдап тану оқушы мен оқытушының ынтымақтастығымен жүзеге асырылатын шығармашылық жұмыс болып есептеледі. Мектепте әдеби мәтінді талдау тікелей әдеби білім мазмұнына сәйкес жүргізілетіні белгілі. Мұғалім тарапынан оқушылардың жас ерекшелігі мен сол сыныпқа сай берілетін білім мазмұны, қалыптастырылатын әдеби-теориялық ұғым назарға алынады.

Көркем шығарма табиғаты күрделі. Көркем шығарманың басты мақсаты — табиғат бейнесін, өмір құбылыстары мен заңдылықтарын көркемдік заңымен бейнелеу арқылы оны қабылдаушының танымы мен түйсігіне көркемдік жолмен ұсыну, әсер ету. Бұл мақсат адамзат мәдениетінің әр кезеңінде өз уақытына сай әр деңгейде жүзеге асырылып келе жатқандығы мәлім. Біздің көңіл аударып отырғанымыз көркем дүние мен оны қабылдау-

¹Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. (9-10 сынып мұғалімдеріне арналған көмекші құрал). –А., Мектеп. –1966 ж.

шының ара қатынасы туралы. «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел, сендерге де келейін енді аяндап» дегендей көркем шығарманы қабылдаушы оқырманға бүгінде көркем дүниені танудың, танытудың да өз ережелері мен заңдылықтары, қарапайым түрде айтқанда, «алтын сандықтың кілттері» бар.

Мектепте әдебиеттен көркем шығарманы талдау – аса маңызды үдеріс болып саналады. Көркем шығарманың көркем әлемін тану оны оқудан басталады. Көркем дүниенің бейнесін көзбен көріп, ой түйсігінен өткізу, адам миының терең «айнасында» оның көрінісін жасау маңызды үдеріс екендігіне дау жоқ. Көркем шығарманы оқуға қатысты туындап отырған кейбір қиындықтар көптеген шешімін іздейтін мәселелерді туындатуда. Көркем мәтінді оқуға деген ынтаның жыл санап бәсеңдеуі қоғамдық-экономикалық өзгерістердің, ғылыми-техникалық жаңалықтардың адамзатқа тигізіп отырған әсерінің бір қыры деуге болады. Уақыт, заман өзгерісінің ғаламдық бейнесін аңғартады. Құндылықтарымыздың бірі саналатын кітаптың техникалық дамудың басқа «перзенттерімен» бәсекелестіктегі салмағын танытады. Осы уақыт сынында көркем шығарманың басымдық қырын танытатын көп жетістігі барына талас жоқ. Ол танымдық, тағылымдық, эстетикалық, тәрбие-лік құндылығымен айқындалады. Сондықтан да көркем мәтінді оқу, қай заман болсын, ең маңызды мәселе болып қалары даусыз.

Қаламгердің дүниетанымы мен көзқарастары, ұстанымдары мен түйсігінен жинақталып шыққан тұтас дүниені тану, жекелеген із жолдарын саралау тек талдау арқылы жүзеге асады. Талдау — талдап алу, тарату, тарамдау деген ұғымға саяды, оның терминдік мағынасы – «зат пен құбылысты танып, білу» екендігі белгілі. Көркем шығарманы талдау арқылы саралай тану, кейбір ерекшеліктері мен қырларын даралай қарастыру, сараптау, қолданылу мақсаты мен міндеттерін айқындау көзделеді. Талдау да әр тарапты болуы мүмкін. Ол шығарманы танытудағы мақсат, мүддемен сабақтасып жатады. Талдаудың көптеген бағыттары осы мақсаттан туындайды. Көркем шығармаға әдеби талдау жасау қандай бағыттарда жүзеге асуы мүмкін?

Өткен ғасырдың 60 жылдарында әдіскер-ғалым В.В.Голубков талдаудың құрамды элементтері ретінде бірнеше мәселені атап көрсетеді. Олар: шығарманың тарихилық жағы; жазушының өзіндік көзқарасы мен ұстанымдары; шығарманың тақырыбы мен идеялық бағыты; шығарманың басты кейіпкерлері, олардың өмірдегі типтік бейне ретіндегі сипаты; шығармадағы қосалқы кейіпкерлер; шығарма сюжеті; шығарманың диалог, портрет, пейзаж, кіріспе эпизодтары, авторлық шегіністер, кейіпкердің өзіне тән тілдік ерекшеліктері; жазушының тілдік ерекшелігі; шығарма жанры; жазушының дәстүр мен жаңашылдыққа қатысы; жазушының өмір сүрген кезеңі мен кейінгі әдебиеттегі маңызы¹.

Автордың мәтін талдауда негізгі нысан болатын мәселелерді саралай отырып, талдау жұмыстарының бағыт-бағдарына, әдіс-тәсілдеріне тоқталады.

¹ Голубков В.В. Методика преподавание литературы М., Учпедгиз, 1962.-107 с.

Әдіскер мәтін талдау бағытындағы сұрақтарды алдын-ала даярлап, үйге тапсыруды ұсынады. Сұрақтардың өзін үш топқа жіктейді:

- жалпы бағдар түріндегі сұрақтар;
- аналитикалық сұрақтар;
- жинақтаушы, нақтылаушы немесе жалпылау сұрақтары.

Әдіскердің шығарма талдауда қолданатын белсенді әдістерінің бірі - *әңгіме әдісі*. Әдіскер әңгіме әдісін екі жұмыс бағытында жүргізуді ұсынады. Біріншісі - алғаш шығарманы үйде оқып сыныпта дайындалған сұрақтар бағытында талдау жүргізу. Екіншісі - *еркін әңгіме әдісі*. Еркін әңгіме әдісінде жалпы сыныпқа не сыныпты топтарға бөле отырып өзіндік тапсырма түрінде еркін әңгіме жүргізуді ұсынады. Сабақ соңында талдаудың қорытындысын шығару керектігін айтады. Алайда, әдіскер сынып оқушыларын еркін әңгімені ұйымдастыру амалдарын, бағытын, жұмыс түрлерін ашып көрсетпеген. Тек оқушылардың шағын тобында немесе оқушылардың сынып ішілік тәртіпті жақсы сақтаған жағдайында осы әдіспен өту тиімді екендігін айтады. Әдіскер талдауға баяндама мен диспутты жатқызады.

Ал әдіскер В.Г.Маранцман талдаудың екі түріне мән береді.¹ Оның бірі - автор ізімен талдау, екіншісі - проблемалық талдау. Талдаудың «Автор ізімен» деген түрін ең алғаш М.А.Рыбникова атап, өз тәжірибесінде қолданған болатын. Автор ізімен талдау түрі әдебиеттік оқу сыныптарының алғашқы кезеңіне тиімділігімен ерекшеленеді. Мәтінді оқи отырып, жекелеген бөліктеріне тоқталу, авторлық баяндау, суреттеулерді жүйесін сақтай отырып талдау, шығармаға бірте-бірте бойлатуға мүмкіндік береді. Дегенмен, автор баяндауындағы оқиға ізімен ілесе талдау кейде түсіндірмелі оқуға ұласып, мотивтік белгілердің қалтарыста қалатын немесе шығарманың идеялық мәнін танытатын тұстардың еленбей қалатын кездері де болады. Сондықтан автор ізімен талдағанда шығарманың идеялық, тақырыптық, танымдық, тәрбиелік бірлігін сақтау маңызды. Автор мұнан өзге мәтін талдаудың үш түрін атайды. Әдіскер Қ.Бітібаева В.Г.Маранцман атаған әдістерді «Жан-жақты, толық талдау, сұрыптап талдау, шолу бағытындағы талдау» дей отырып, мынадай түсінік береді: «Жан-жақты толық талдау көркем туындыны тұтастай қарастырып талдайды. Жан-жақты талдау уақытты көп алады, дегенмен, оның тиімділігі көркем туындыны жанды бір организмдей тұтас қарастырады. Шолу бағытындағы талдауда мұғалім көркем туындыны жалпылама, шолу бағытында қарастырады. Көркем шығарма сюжеті, композициясы, тілі көтерген тақырыбы тұтастай қамтылады. Сұрыптап талдауда талдау көбіне проблемалық сұрақтар, проблеманы шешу айналасында ұйымдастырылады»².

Әрине, талдау түрлерін бұлай атауда шарттылық басым. Себебі талдау түрлері шығармамен жүргізілетін жұмыстың ауқымына немесе шығарманың қамтылу аясына қатысты атау талдаудың негізгі әдіс-тәсілдерін айқындамайды.

¹ Методика преподавания литературы. Под ред.З.Я.Рез. –М., Просвещение, 1985.-119 с.

² Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. –А., Рауан 1997. –47 б.

Ә.Қоңыратбаев талдауға жататын құрамды элементтер ретінде бірнеше шығарма бірліктерін атайды:

- тақырыбы мен идеясы;
- басты образдары, характер композициясы, олардың типтілігі, мүддесі арқылы көрінетін немесе шешілуге тиіс болған проблемалар;
- шығармадағы ұсақ образдар табиғаты, олардың бас кейіпкерлермен қарым-қатынасы;
- ұнамсыз образдар, солар арқылы көрінетін қайшылықтар;
- композициялық құрылыс, олардың формалары, қызметі(пролог, эпилог, баяндау, шегініс, пейзаж, портрет, диалог, монолог т.б.);
- шығарманың сюжеті;
- шығарма тілі (баяндау, афоризм, мақал-мәтелдер); ондағы кейіпкер тілі (диалог, монолог);
- шығарманың жанрлары, олардың табиғаты мен анықтамалары, эпос, поэзия, драма бөлімдері, бұл жанрлардың тарихи процесте көрінетін орны;
- жазушының өзіндік стилі, әдісі, көзқарасы;
- дәстүр мен новаторлық тұрғысынан автордың ашқан жаңалығы.

А.Көшімбаев талдауға жататын құрамды элементтерді (*тақырыбы, идеялық мазмұны, кейіпкерлері, сюжеті мен композициясы, тіл ерекшеліктері, табиғат, зат, жағдай, тұрмыс-салт бейнелері т.б.*) саралай келіп, меңгерту жолдарын әдіс-тәсілдерін көрсетеді.¹ Әдебиетті оқыту әдістемесінде қалыптасқан әңгіме әдісінің жүргізу тәсілдеріне тоқталған әдіскер шығарманы оқи отырып талдау жасауды ұсынады. Көлемі жағынан шағын шығармаларды мұғалімнің өзі түсіндіріп, тиісті жерінде мәтіннен мысал оқи отырып талдайтынын айтады. Әрине, өткен уақыт үдесіне жараған бұл әдістер бүгінгі талап деңгейінде оқушыны дамыту өрісінің шектеулі, оқушының белсенді ойлауына ықпал етпейтінін байқатады.

Шығарманың идеялық бағыты мен образдарын талдауда А.Көшімбаев дара, салыстырмалы және кейіпкерлерді топтау түрінде мінездеме беру тәсілінің тиімділігін айтады. Әдіскер образдық талдауда бірнеше элементтің маңыздылығына тоқтала отырып, өзіндік белгілерін саралайды:

Бірінші белгісі - кейіпкердің әлеуметтік тегі, қоғамдық ортасындағы орны.

Екінші белгісі - қоғамдық, үй-ішілік тұрмысы, дүниеге көзқарасы, әдет-ғұрпы.

Үшінші қосымша белгісі ретінде - кейіпкердің келбеті, тұлға-тұрпаты, мүсіні, сөз сөйлесі, іс-әрекетіне байланысты берілген табиғат суреттері, тілшілік жағдайлары.

Төртінші белгісі - кейіпкердің өмір шындығынан жинақтап, түйіндеп көрсеткен бейнесі, жазушының идеялық көзқарасы.

Бесіншіден, мінездеме мен сипаттаулардың өзара байланыстылығы деп көрсетіледі. М.Әуезовтің «Бүркітші» әңгімесіндегі Бекболға берілген мінездемеде әдіскер кейіпкердің бірнеше ерекшелігін санамалап көрсетеді.

¹ Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. А., Мектеп, 1969. -96 б.

Олар: пішіні, киімі, тұлғасы, кәсібі, қырағылығы, мінезі, зеректігі, сақтығы, байқағыштығы, тапқырлығы, жүректілігі, айлакерлігі, сабырлылығы, ұстамдылығы, қайсарлығы, тұрмыс қалпы, патриоттығы, сауаттылығы, саяси білімі.

Әдіскердің талдау бағытында жазушы қолданған образ сомдаудың көркемдік тәсілдері араласып кеткен. Әдіскер атап отырған кейіпкердің тұлғалық қасиеттерінің дені (қырағылығы, мінезі, зеректігі, сақтығы, байқағыштығы, тапқырлығы, жүректілігі, айлакерлігі, сабырлылығы, ұстамдылығы, қайсарлығы, патриоттығы, сауаттылығы, саяси білімі) жазушының мінездеу тәсілі арқылы беріледі. Кейіпкердің іс-әрекеті мен портреті арқылы анықталатын белгілері де бар. Талдау бағытындағы жазушының образ сомдаудағы әдіс-тәсілдерін бағдарға алмау, оқушыны жалпылама баяндауға, мәтін оқиғасын түсіндіріп айтып шығуға соқтыратыны тәжірибеден байқалып жүр. Әрі бұл жалпылама сипаттау бағыты мәтін талдауда жүйесіздікке алып келеді.

Әдіскер шығармадағы пейзаждың қызметінің әралуандығын, шығарманың сюжеттік, композициялық талдауларының маңыздылығын айта отырып, композициялық талдаудың үлгі жоспарын ұсынады. Әдіскер мектепте шығарманың композициялық тұтастығын таныту, жекелеген бірліктерін таныту мектеп практикасына еркін енгізілмей келе жатқандығын орынды ескертеді. Шығарманың сюжеттік, композициялық талдаулары жоспар құру арқылы шығарма жеке бөліктерге бөлумен шектеліп келе жатқандығы рас. Бұл бағытта әдіскердің шығарма композициясын талдауға ұсынған үлгі жоспары қуаттарлық. Шығарманың тілдік ерекшеліктерін танытуда әдіскер шығарма тілінің образ жасаушылық және түйіндеп көрсетушілік, кейіп жасаушылық, идеялық, эмоциялық қуатын ерекшелейді. Әдіскер шығарма тілін талдау бағытында сөздерге түсініктеме беру, мазмұндау, мәнерлеп оқу жұмыстарын атайды. Бұл аталған жұмыс түрлері мәтіннің тілдік ерекшеліктерін еркін аша алмайтыны белгілі.

Әдебиеттік оқудағы талдау жұмысы жеке шығарманың мазмұнын тануға бағытталады. Ал тарихи курста автор мен жанр, тарихи жеті т.б мәселелерге қатысты жүргізіледі. Негізінен талдауға нысан болатын шығарманың ішкі-сыртқы етекшеліктері:

1. Тақырыбы мен идеясы.

2. Басты образдары, характер, тип, оларды сомдаудағы композициялық құрылым.

3. Шығармадағы ұқсас образдар табиғаты, олардың бас кейіпкермен қарым-қатынасы.

4. Образдар жүйесі арқылы шығармадағы тартыстың көрінуі, айқындалуы.

5. Шығарманың композициялық құрылымы, олардың формалары, қызметі (пролог, эпилог, баяндау, шегініс, пейзаж, портрет, диалог, монолог т.б.).

6. Шығарманың сюжеті.

7. Шығарма тілі (баяндау, афоризм, мақал-мәтелдер).

8. Шығармадағы кейіпкер тілі (диалог, монолог, полилог).

9. Шығарма жанрлары.

10. Жазушының стилі, көзқарасы.

11. Дәстүр мен жаңашыл көзқарастары мен идеялар.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі саласында әдіскер-ғалымдардың көркем шығарманы мектепте талдай отырып оқыту мәселелерін арнайы сөз еткен Т.Ақшолақовтың «Көркем шығармаға талдау жасау» (1983), «Шығарманың көркем айшықтарын таныту» (1998), Қ.Бітібаеваның «Әдебиеттегі оқытудың тиімді жолдары» (1990), Қ.Алпысбаевтың «Көркем шығарманы талдау» (1995) атты т.б. оқу-әдістемелік құралдары, Б.Смановтың «Мектепте көркем шығарманы талдаудың ғылыми-әдістемелік негіздері» (2010) атты ғылыми-әдістемелік еңбегі жарияланған. Дегенмен, шығарманы мектепте сыныптар бойынша талдау жұмысын жетілдіре түсу қажеттігі танылуда.

Әдебиетті оқыту әдістемесі тәжірибесінде көркем шығарманы талдауға нысан болып жүрген бірліктерді жинақтап айтайық. Кеңес мектебі тәжірибесі мен отандық әдіскерлердің әдістемелік оқулықтарын шолу барысында көркем шығарманың әр тарапты талданып жүргенін байқауға болады. Олар: образдар жүйесіне қарай талдау, сюжеті мен композициялық құрылымына қарай талдау, көтерген басты проблемасына қарай, қамтыған жанама мәселелеріне қарай талдау, шығармадағы көтерілген басты тақырыпты, шығармадағы көтерілген өзекті ойды айқындау, сол ойды ашудағы қаламгер тәсілдерін саралау, көркемдік ерекшеліктеріне қарай, шығармадағы көркем компоненттерге қарай талдау, тіл ерекшеліктеріне қарай талдау т.т.

Көркем мәтінді қай тұрғыда талдау керектігі көбіне мұғалімнің көздеген мақсатынан туындап жатады. Тек ескеретін бір мәселе талдаудың бағыты мен бағдары шығарманың өзіндік ерекшелігінен туындайтындығында. Кез келген шығарманы композициялық құрылымына қарай талдауға болғанымен, сюжеттік талдау тек эпикалық шығармаларға ғана жүргізіледі. Ал тақырыптарына қарай талдау көлемді шығармалармен ғана жүзеге асады.

Ал әдебиеттану саласында талдаудың мұнан өзге түрлері де еркін қолданылып жүр. Олар:

- әлеуметтік талдау;
- проблемалық талдау;
- теориялық талдау;
- герменевтикалық талдау;
- көркем деталь арқылы талдап тану;
- символ арқылы талдап тану;
- дискурстық талдау;
- поэтикалық талдау;
- стильдік талдау т.б.

Әдебиеттану саласында қолданылып жүрген бұл талдау түрлерінің кейбірін әдебиетті оқытуда қолданудың да мүмкіндігі мен тиімділігі мол. Солардың бірер түріне тоқталайық.

Мектепте *әдебиет теориясынан талдау* жұмыстары арнайы жүргізілмейді. Көбіне мектеп бағдарламасында ұсынылған ұғымдар ғана әдеби шығарманың ығында қоса меңгерілуі міндеттеледі. Алайда әдебиет теориясымен қаруланбайынша, көркем әдебиетті жете түсіну қиын әрі мәтінді сауатты талдау да мүмкін емес. Мектеп тәжірибесінен байқалатыны оқушыларымыз мәтін талдауда теориялық білімнің төмендігінен шығарманың көркем компоненттерін тауып, жүйелеуге, көркемдік тәсілдерді саралауға шорқақ. Көбіне мәтінді баяндауға бейім келеді. Шығарманың көркем компоненттерін талдау бағытында әдістемелік еңбек жазған әдіскер Т.Ақшолоақов та мәтіндегі көркем компоненттерді терең тану үшін сыныптық сағаттардың жетімсіздігін орынды ескертеді.¹ Сабақ барысында әдеби-теориялық ұғымдардың анықтамасын айтқанымен, сол айтылған көркемдік тәсілдерді мәтіннен табу, сол көркемдік құралдың қызметін тану машығы қалыптаспай келеді. Сондықтан әдеби жанрлардың ерекшелігін, образ, образдылық т.б теориялық ұғымдарды тануда, әдеби мәтінді талдауға қажетті әдебиет-теориялық құралдар туралы арнаулы сағаттарда теориялық талдау сабақтарын ұйымдастыру қажеттігі байқалады. Белгілі бір шығармалар шоғырын немесе монографиялы оқылатын шығармашылық тұлғаларымызды оқытқаннан кейін теориялық талдау сабақтарын қоюға болады. Теориялық талдау сабақтарын сыныптан тыс ұйымдастыруға, оқушының өздік жұмыстары мен әдеби жобаларына нысан ету де оқушының әдебиеттану ғылымына ынтасын көтеретін амал деп танимыз.

Ал *стильдік талдауды* әдебиет сабағында жүргізудің мүмкіндігі мол. Стильдік талдау әдебиет пәні мен қазақ тілі пәніне ортақ нысан болып есептеледі. Стильдің пәнаралық байланыстылығы бұл бағыттағы жұмысты жан-жақты жүргізуге жағдай туғызады. Қазақ тілі сабағында стильдік түрлерін жақсы таныған оқушы әдеби стиль ерекшеліктерін саралауда қиналмаса керек. Қаламгердің стилін таныту монографиялы оқуда оңтайлы. Бұл бағыттағы сыныптық, сыныптан тыс немесе оқушының жеке бағытындағы талдау жұмыстары олардың ізденімпаздық әлеуетін, тілдік қорын, сөйлеу мәдениетін көтеруге септігін тигізеді.

Көркем деталь арқылы талдау қаламгердің өзекті ойын айқындау, ұстанымын тану әр текті шығармалармен жүзеге асырылады. Көркем шығарманы талдауда детальдің маңыздылығына ерекше тоқталған әдіскер Е.Н.Ильин. «Достоевскийдің раскольникові болса кемпірді өлтіргеннен кейін түк қалдырмай: балтаны да, қолының да, пальтоның да қанын жуды... Әйтсе де оның бойында қан қалып қойды. Суреткер кемеңгерлігі қайда қалдыруды біледі – қан етіктің тесігінен шығып тұрған кір шұлыққа тамды... Құдай-ау! Соншама «түкке тұрмайтын нәрсемен» қаншама жайт айтылып тұр»². Осы аталған заттық ұғымдар – деталь. Бірақ ол сол шығарманың барлық әлеуметтік, психологиялық, философиялық, адамгершілік мәселелерін

¹ Ақшолоақов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту /әдістемелік нұсқаулық/ А., Рауан, 1998.

² Педагогикалық ізденіс. –Алматы, Рауан, 1990. Б. 215-290.

көтеруге таптырмайтын түрткі. Е.Н.Ильин. «Бәлкім «деталь» дегеніміз жалын лаулайтын ұшқын шығар. Ірі, ұлы атаулының қайнарлары кіші нәрселерден басталатындығына өнер талай рет дәлел болды. Дүние кішкентай түйіршіктерден тұрады. Бір ғажабы, шынайы өнер өз табиғатында мылқау келеді. Міне осы сөзге сараң «мылқау» құралдарды ол әдебиет сабағына детальға зер салу арқылы тарту етеді. Текстін титтей торынан тұтас қалпына дейін талдаудың өзіндік әдісіне итермелейді. Сонда деталь текстін үлкенді-кішілі құрылымдарын талдаудың конструкциялық элементтеріне, кітапқа қарай тартымды бір қадамға айналады» деп жазады¹.

М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы Құнанбайға берілетін портретке зер салып көрейік: «Әкесінің ат жақты келген, ұзын сопақ басының құлақтан жоғарғы жері қаз жұмыртқасындай көрінеді. Онсыз да ұзын, үлкен бетіне, ұп-ұзын боп дөңгелей біткен сақалы қосылғанда, басы мен беті бір өңірдей. Сонда, Құнанбайдың жалғыз сау көзі, оның көтеріңкі жал-тұмсығының сол иығына шығып алып, қалғымай сақшыдай бағып, осы өңірді қалт етпей күзетіп тұрған сияқтанады. Қоя беріп, салғырттығы жоқ сергек қатал күзетші»². Осы портреттік тәсілде ерекшеленетін детальдар: бір өңірдей бас, сол бастағы жалғыз көз. Кейіпкердің образын беруде портреттің өзіндік қызметі бары белгілі. Дегенмен, бұл деталь бір ғана образды беруден өзге көп жайлардан хабар білдіреді. Біріншіден, Құнанбайдың жеке бас ерекшелігі ретінде тануға болады, кейіпкердің болмыс, бітіміндегі ерекшелік; екіншіден кейіпкердің ішкі болмысынан хабар береді, үшіншіден, сол қоғамдағы қызметін, феодалдық топтың «сергек қатал күзетшісі» ретіндегі рөлін байқатады. Осылайша бір ғана деталь романның тақырыптық, идеялық мәнін талдауға ықпал ете алады. Әрине шығармадағы детальдың барлығы терең талдауға апара бермесе де, шығарманың ауқымды алаңына шығаратын «титтей торын» дөп басып таба білу, ойды өрбіте білу детальдық талдаудың ең басты шарты. Детальдық талдауға оқушылардың шығарманы жете меңгеруі, өз ойын дәйектей алу қабілеттері, шығарманы тұтас және жан-жақты сараптай алу қабілеттері де үлкен рөл атқарады.

Символ арқылы талдау көбіне лирикалық, эпикалық шығармаларға ыңғайлы. Көркем шығармада символдың өзіндік рөлі бар. Символ – суреткер сомдаған кермек туындының түп негізін танытатын аса мәнді бірлігінен, ұқсастығынан туындайтын деректі бейне. Символдың табиғаты мағынасын ашып, түсінуді қажет етеді. Символ астарлы мағынаға бай болғандықтан әр оқушы өзінің ұғым-түсінігінің дәрежесіне сай тереңдеп түсініп, өз мүмкіндігіне лайық қажетті мәнді табуға талаптанады. Әуелде символ әлемді бейнелеп, тану үшін қолданылған. Көркем шығармада символдың мәні ерекше. Мәселен. С.Сейфуллиннің «Сыр сандығы», Абайдың «Жартасы», Мағжанның «Толқыны» т.б. символдық талдау барысында ғана терең астарымен танылып, мағыналық мәнін кеңейте, айқындала түседі.

¹ Педагогикалық ізденіс. –Алматы, Рауан, 1990. Б 219-220.

² Әуезов М. Абай жолы. Шығармаларының толық жинағы 3 том. –Алматы, Жазушы, 1986 –15 б.

Шығарма табиғатын еркін ашып, терең үңілуге мүмкіндік беретін талдаудың бір түрі — *герменевтикалық талдау*. Көркем шығармаға герменевтикалық талдау оқырманды таным түсінік жағынан байытатын талдау түрі десе болады. «Герменевтика — (от греч. hermeneutikos — разъясняющий, растолковывающий) — направление в философии, основной проблемой которого является проблема понимания. В педагогике герменевтика начинает использоваться как принцип научного исследования, требующий более осмысленного и глубокого понимания сущности воспитательного взаимодействия и разработки технологий обучения. В образовании одним из основных способов постижения истины является обучение пониманию»¹ Бұл берілген анықтамадан көрінетіндей герменевтика педагогикалық процесте кеңінен қолданылатын бір әдіс деп танысақ, оны әдістемелік максатта да еркін қолдануға мүмкіндік мол екен. Герменевтикалық талдауда көркем шығарманы тудырған дәуірді терең түсінуге, көркем дүниені тудырған тұлғаның болмысын тануға, шығармадағы ойдың терең астарына бойлауға, тереңнен қазып әр құбылыстың ерекшелігін тануға, әр қолданыстағы сөздің астарына үңілуге мүмкіндік туады. Герменевтикалық талдау жүргізуге ауыз әдебиеті үлгілерін, ежелгі дәуір әдебиеті өкілдерінің шығармаларын, хандық дәуір әдебиетінен жыраулар толғауларын, жекелеген ақын-жазушылардың шығармаларын нысан қылып алуға болады.

Мысалы, Қазтуған жыраудың «Мадақ жырында» метафоралық қолданыста келген күрделі ұғымдар көп.

«...Ұстаса қашағанның ұзын құрығы,
Қалайылаған қасты орданың сырығы...
Буыршынның бұта шайнар азуы,

Бидайықтың көл жайқаған жалғызы...». «Қашағанның ұзын құрығы» деген қолданысқа қарағанда қашаған жылқыны ұстайтын құрықтың ұзын болатыны бір аңғарылса, сол қашаған құрыққа балап тұрған тұлғаның «қашағанды», яғни, ел ішіндегі бас бұзарларды немесе жауды тырп еткізбес бір қыры танылады. «Қалайылаған қасты орданың сырығы» деген ұғымнан орданың қандай екенін танытатын маңдайына қағылған белгі сияқты елдің бет-бейнесін танытарлық бір қыры, елге тіреу, таяныш болар тұлғалық сыны ашылады. «Батырын көріп, елін таны» деген ұғымға саяды.

Буыршын — еркек түйенің жасы, жас бура. Оның мұқалмаған тісі бұта шайнауға қаншалықты жарамды болса, сипатталып отырған тұлғаның да неге салсаң тартынбайтын дер шағынан көрініс береді.

Бидайық — торғай, үйрек сияқты көл құстарына түсетін жыртқыш құс. Толғауда «бидайықтың көл жайқаған жалғызы» деп беріледі. Жыртқыш құстардың екі балапанының ең мықтысы ғана аман қалатыны, өз ұяласын әлдісі жойып, ата-анасы тасыған жемді үлессіз жеп жетілетіні болады. Ендеше, «жалғызы» қолданысы да белгілі бір семантикада берілген. Ал «көл

¹ Коджаспирова М.Г., Коджаспирова А.Ю. Педагогический словарь М., Академа, 2005.

жайқаған» тіркесі, көбіне, «шайқаған», яғни, қозғаған мағынасымен алмастырылып та ұғынылуы мүмкін. Бұл екі сөз екі мағынада қолданылады. «Көл жайқау» көлді аласапыран, астан-кестен ету, бұл әрекет құс қимылын, әрекеті мен мінезін білдіреді, сол арқылы сипатталып отырған тұлға Қазтуғанның бір қырын танытады.

Доспамбет жыраудың «Алғаным Әли ағаның қызы еді» деп басталатын толғауында «мандайы күнге тимеген», «желге шашын өрмеген», «серпіліп адам бетін көрмеген» «Қосақай, Қосай, Ер Досай» сынды балаларының ардақты анасы, сүйген жарының «қалай белін шешкені» де түсіндіруді қажет етеді. «Ер Төстік» ертегісінде Кенжекейдің сүйген жарын алыс та қауіпті сапарға шығарып салып тұрып, белін таңатыны, ол белдікті «Ер Төстік не өлгенде шешіл, не аман-есен келгенде шешіл» деп серт қылатыны бар. Яғни, жарын соғысқа аттандырған сүйген жар «жанын шүберекке түюге», тілек тілеп, амандыққа бел бууға серт қылғандығын айқындайды. Бұл да адалдық пен амандықтың тілекшісі сипатты бір дәстүр болуы мүмкін. Біздің заманымызға жетпеген бұл дәстүрдің бір белгісі тілімізде көрініс береді. Өзі қан майданда жүрген жауынгер жырау Доспамбет «жағдайсыз жаман қалып бара жатқандағы» жағдайын айта отырып, үйдегі жарының мұңын сезінеді, «қалай да белін шешті екен!..» деп уайым жейді. Жыраулар поэзиясы үшін мұндай нәзік көрініс пен сезімдерді жеткізу — сирек құбылыс. Осы күнгі тілімізде қолданылып жүрген бір іске бет бұру, орындауға, атқаруға шешім қабылдау ұғымдарында қолданылып жүрген «бел буу» тұрақты тіркесі біз түсіндіріп отырған дәстүр мен салттан туындауы да әбден мүмкін.

Шалкиіз «Би Темірге бірінші толғауында»:

Аспанды бұлт құрсайды —
Күн жауарға ұқсайды,
Көлдегі қулар шулайды —
Көкшіліден ол айуан
Соққы жегенге ұқсайды,
Көп ішінде бір жалғыз
Көп мұңайып жылайды —
Күйбендескен көп жаман

Сөзі тигенге ұқсайды..., - деп толғайды. Параллелизм тәсілімен беріліп отырған жалғыздық сарыны. Көп ішінде жалғыздыққа қамап отырған күйбендескен көп жаманның сөзі. Толғаудағы күйбең сөзінің мағынасы да әдеттегіден өзгеше. Күйбеңдеу, күйбең тірлік ұсақтықты білдіреді. «Күйбендескен көп жаманның» әрекеті де сондай ұсақ.

Туырлықсыз қара үйге
Ту байламақ не керек!
Туғаны жоқ жалғызға
Көп ішінде суырылып,
Жауға шаппақ не керек!

Бұл толғауда да «туырлықсыз қара үй» тіркесі өзекті ойға қызмет етіп тұр. Керегенің сыртынан жабылатын киіз, туырлық болмаса үйдің жылу

сақтамас, аңғал-саңғал болғаны. Оның үстіне қара үй болса, тіпті де кішкентай, жұпыны болғаны. Қазақта үйдің кереге-қанатына байланысты шаруашылыққа тігілетін көлемі шағын қара үйден бастап, он екі, он сегіз қанат ақ ордаға дейінгі атаулары кездеседі. Қара үй тіркесі осы ерекшеліктерге қатысты қолданыс тапқан. Ту байлау тіркесі де мағыналық жағынан кең түсіндіруді керек етеді. Осы айтылғандар сияқты сөздің мағынасын тану арқылы автордың ойын айқындау, толғаудың философиялық мәнін ашу қажеттігі туындайды. Сөздер мен сөз тіркестерінің әлеуметтік астары, терең мағыналары, философиялық қабаттары бар. Бұл тек тілдік талдаудың, герменевтикалық талдаудың нәтижесінде жүзеге асады. Шығармалардағы таңбаларды, құпиялы сөздерді түсіндіру тәсілі ретінде герменевтикалық талдау оқушылардың таным белсенділігін арттырады.

Әдебиетті оқытуда көптен қолданылып жүрген талдаудың бір түрі – *проблемалық талдау*. К.К.Ахметов: «*проблемалық талдау* - оқушының танымдық-шығармашылық қабілетін, ойлау белсенділігін дамытатын, өз жоба-жорамалын ұсыну, салыстыру негізінде дұрыс шешім табуға жетелейтін әдістің бірі» -деп атап көрсетеді. Алайда әдебиетті оқыту әдістемесінде проблемалық талдаудың бір жақты түсіну басым. Проблемалық талдауда ең маңыздысы проблемалық сұрақ пен проблемалық жағдаят туғыза білу. Әдістемелік мақалалар мен әдістемелік құралдарда проблемалық талдаудың басты тетігі саналатын проблемалық сұрақты жете түсінбеу байқалады. Әсіресе оқушыны ойландыратын сұрақтардың барлығын проблемалыққа жатқызу бар. Кей әдіскерлер бірнеше жауабы бар сұрақты проблемалық деген ой білдіреді. Мысалы, неліктен Көксерек ауыл жағдайына көндіге алмады? Бұл сұраққа бірнеше жауап алуға болады. Оқушылардың бірі ауыл иттерін кінәласа, бірі ас-судың өзгешелігін айтуы мүмкін. Енді бірі бөлтіріктің табиғи ерекшелігін айтар. Бірақ бұл сұрақтар проблемалық жағдаят туғызбайды. Проблемалық жағдайды қолдан жасау да мүмкін емес. Әдістемелік құралдарды проблемалық жағдаят туғызуға итермелейтін сұрақ түрі ретінде «дұрыс па?» деген жадағай сұрақты қою кездеседі. Мәселен, Қ.Бітібаева проблемалық талдау жолдарын айта келіп, жай сұрақ түрлері мен проблемалық сипаттағы сұрақ түрлерін ұсынады¹:

«Жай сұрақтар: Бақтығұл қандай кейіпкер? Ол неге Жарасбайды барып паналайды? Осы іс-әрекеті дұрыс па? Бақтығұл Жарасбайды неге өлтірді? Ұрлық жасауы, кісі өлтіруі дұрыс па?»

«Проблемалық сипаттағы сұрақтар: Қалай ойлайсындар Бақтығұл кім? Ол Сәлмен мен Жарасбайдың «құрбаны» ма, әлде кек алушы күрескер ме? Немесе қорғансыз сорлы ма? Бақтығұлдың Жарасбайды өлтіруінде қылмыстық іс-әрекет бар ма?»

Әдіскер мұнан өзге де осы тектес сұрақтарды берген. Байқап отырғанымыздай «жай сұрақтар» деп берілген анықтамалық мақсаттағы сұрақтарда да, «проблемалық сипаттағы» делінген сұрақтарда да оқушының шығармаға тереңдеуден гөрі өз ойымен шектелуіне әкеп соқтыратын «дұрыс

¹ Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. –А., Рауан, 1997.– 68 б.

па» деген сұрақ қойылған. «Ол Сәлмен мен Жарасбайдың «кұрбаны» ма, әлде кек алушы күрескер ме?» деген жауабы дайын сұрақ та оқушының өзіндік пікірін қозғамайды.

Көркем шығарманы талдауда оқушының өзіндік ойы мен пікірі, жеке көзқарасын дәйектей жеткізуі маңызды. Дегенмен, «дұрыс па», «бұрыс па» немесе «Бактығұлдың Жарасбайды өлтіруінде қылмыстық іс-әрекет бар ма?» деген дидактикалық талапты қанағаттандырмайтын сұрақтар оқушы танымына кең өріс бермесі анық.

Мектеп тәжірибесінде байқалған тағы бір жағдайды мысалға келтірейік: Мұғалім М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы бойынша дебат сабақ ұйымдастыра отырып, ортаға «шығармадағы Баянның ісі дұрыс па?» деген сауалды талқылатуға көшті. Сұрағына қарай жауабы дегендей, жауаптар да әрқилы берілді. Оқушылардың бірі - «Жоқ, дұрыс емес, Ноянға ағасы батасын беріп жіберуі керек еді» десе, енді бірі қалмақ қызына үйлену керек еді» деген ой білдірді. Ал шығарманың идеялық бағыты да, тереңдігі де, көп қырлылығы да ұлттық, азаматтық ұстанымның беріктігінде еді ғой. Алайда сабақ кейіпкерлердің іс-әрекетін баяндаған жадағай ойдың айналасынан шыға алмады. Тіпті қазақ әдебиетіндегі үздік жазылған көркем туынды өзінің идеялық көркемдігінен алыстап кетті.

Проблемалық талдаудың қиындығы шығарманың тереңіне бойлай алмаудан туындайды. «Батыр Баян» поэмасында проблемалық сұрақ та, проблемалық жағдаят та туғызатын мәселелер мол. Поэманың басында «Әдемі өткенді ойлап айнимасам, Сұм өмір ащы уын аяды ма?» деген авторлық толғанысы бар. Автор «Әдемі өткен деу арқылы нені меңзейді?» «Осы шығармадағы басты идея не?» Шығарма кейіпкерін қиын қадамға баруға итермелеген не? деген сияқты анықтамалық сұрақтардың барысында проблемаға жақындауға болады. Кейде қалыпты сұрақтың проблема тудыратын жағдайлары болады. Проблемалық сұрақтың әр түрлі шешімі болуы керек, жауаптар да әртүрлі болуы заңды. Кейде бір мәселенің алуан қыры болады. Мысалы Ноянның қазасына өзін жазғырған Баянның ойы да әртарапқа шашырайды. Сондықтан шығармада бас кейіпкер өзіне «неге» деген сұрақты сан мәрте қояды. Баян бірде махаббат қызғанышынан, бірде сатқындыққа деген қайрылмас беріктігінен, бірде «Алты алаштың кегін сақтауымнан» деген ой туындатады.

Белгілі бір мәселенің бірнеше себебі мен салдарын іздеу немесе шешудің бірнеше бағытына жүгіну оқушылардың *дивергентті ойлау* қабілетін дамытады. Талдаудағы мақсаттың өзі осы. Оқушылардың таным белсенділігін, ой белсенділігін арттыру. Ал оқушылар Баянның жасаған таңдауының астарынан елдік мүдденің бәрінен жоғары екенін таныса, автордың аңсаған әдемі өткенінде Отандық рухтың сұлулығын аңсағанын таныса, өзінің өмір безбенінде қай таңдауының басым түсетінін айтуға түрткі болатын сұрақтар қойылса, проблемалық жағдаяттың шешілетіні анық.

Проблемалық сұрақты оқушылардың жеке көзқарастарының таласына айналдырып алмау керек. Проблемалық сұрақ оқушыны өзіндік пікір мен дәйектемелерге, әдебиеттану ғылымының бастауларын түсуіне,

аналитикалық, дивергентті ой белсенділігінің артуына, өзіндік көзқарасының дамуына көмектессе, мақсаттың орындалғаны. С.Торайғыровтың «Кім жазықты?» поэмасындағы «Әжібай болмысының осылай қалыптасуына кім жазықты?» деген сұрақ немесе О.Бөкейдің «Тортай мінген ақ боз ат» әңгімесінің соңында Ораштың іс-әрекетіне байланысты «Неліктен Тортай амандаса келгенде Ораш орнынан тұрмады?» деген сауалдар проблемалық жағдаят туғызуға жәрдемдеседі. Біздіңше, проблемалық сұрақ шығармадағы өзекті мәселе төңірегінен өрбіп, оқушының жеке көзқарастарына, қоғамдық мәселелерге ұласуы керек.

Әдістемелік әдебиеттерді сараптау барысында байқағанымыз, дәстүрлі оқыту жүйесінде көркем мәтінді талдау бағытындағы қалыптасқан әдіс-тәсілдер, жұмыс түрлері бір жақты. Олардың көбінде сұрақ-жауап әдісі, әңгіме әдісі, диспут, баяндау, түсіндіру әдістері аталады. Талдау көбіне жаппай сынып оқушыларымен жүргізілетіндіктен оқшыларды жан-жақты қамтымайтынын да аңғаруға болады. Әрі оқушының дербес жұмысын есепке алуда қиындықтар туындайды. Бұл әдістер сабақ тізгінін тікелей мұғалімнің өзі алып жүруімен іске асады әрі оқушының белсенділігін қажетті дәрежеге көтеруге әлсіз.

Біздіңше, талдау оқушылардың дербес жұмысы ретінде де топтық немесе ұжымдық жұмыс ретінде де қатар өрбуі керек. Талдауда шығарманың жеке бөліктерін, белгілерін, ерекшеліктерін тарату, саралау бар. Сонымен қатар осы таратылған белгілерді жинақтау әрекеті де басым. Сондықтан талдау жұмыстарында интербелсенді әдістерді пайдаланған тиімді. Сынып оқушыларын топқа жіктей отырып, топ мүшелерінің қызметін анықтап, бекіту қажет.

Оқушылардың топтық жұмысын ұйымдастырудың өзіндік талап, ережелері бар. Топтағы жұмыста оқушылар дербес жұмысқа да топтық жұмысқа да тартылуы маңызды. Ол үшін топ мүшелерінің міндеттері алдынала анықталып берілуі қажет.

Топ мүшелерінің міндеттерінің бір үлгісі:

- Топ мүшелерінің шешімдерін қағазға түсіруші тіркеуші.
- Топ шешімін қорғайтын, топ атынан сөйлейтін спикер.
- Оқу іс-ірекетін жүзеге асыратын атқарушы.
- Топ мүшелерінің оқу іс-әрекетін бағалайтын оқушы (бағалаушы).
- Әр мүшенің міндеттерін бөлетін, уақытты және әр мүшенің іс-әрекетін қадағалайтын ұйымдастырушы тағайындау керек.

Көркем мәтінді қандай талдау түрінде жүргізсе де, басты ұстаным оқушылардың қызметін дұрыс ұйымдастыра білу, әрі оқушылардың дербес орындайтын тапсырмалары тұтас құрылымның бір бөлігі ретінде талдануы шарт. Себебі талдауды жинақтаған кезде жалпы мозайканың жарқын бөлігі ретінде қызмет арқарғанын көру әр оқушыға талдау жұмысынан қанағат сезімдерін ұялатады.

Талдау жұмысында кластер түзу, кубизм әдісі, қос жазбалы күнделік, методологиялық карта, жады картасы т.б. жұмыс түрлерін жүргізуге болады.

Өз мәнінде жүргізілген талдау оқушылардың белсенді әрекетін, терең тынымы мен талғамын қалыптастыруға оңтайлы жағдай туғызады.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Талдауға жататын құрамды элементтерді атаңыз.
2. Әдебиетті оқыту әдістемесі оқулықтарында сипатталған талдау түрлері қандай?
3. Талдаудың әдіс-амалдарын атаңыз, өзіндік ерекшеліктерін саралаңыз.
4. Әдебиеттану саласындағы қолданылып жүрген қандай талдау түрлерін білесіз, өзіндік белгілерін атаңыз?
5. Әдеби мәтінді талдау жұмыстарында интербелсенді әдістерді қолдану мүмкіндіктерін баяндаңыз?

Әдебиеттер тізімі:

1. Голубков В. В. Методика преподавания литературы. – М., 1962. – С. 69.
2. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. – А., Мектеп, 1985.
3. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. – А., Мектеп, 1969.
4. Жұмажанова Т.Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. –А., Білім, 2009
5. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі.– А., Рауан,1997

Қосымша:

1. Богданов О.Ю., Леонова С.А., Чертова В.Ф. Методика преподавания литературы Москва, 1999
2. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасының очерктері. Алматы, 1962.
3. Рез З.Я. Методика преподавания литературы. М., Просвещение, 1985.
4. Ақшولاқов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту /әдістемелік құрал/ А., Рауан, 1994

II. 5. КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

1. Білім беру жүйесіндегі жаңа технологияларды әдебиет пәнінде тиімділікпен пайдалану.
2. Педагогикалық технологиялар ұғымы.
3. Оқытудың жаңа технологияларының философиялық негізі.
4. Әдебиет пәнінде «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» (RWCT) жобасын қолдану арқылы оқушылардың ой белсенділігін арттыру жолдары.

Білім беру жүйесіндегі жаңа технологияларды әдебиет пәнінде тиімділікпен пайдалану.– Бүгінде білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Білім мазмұнын жаңалау, құзырлылыққа бағытталған, ұлттық құндылықтар негізінде білім, тәрбие бере отырып, тұлға қалыптастыру ұстаздар қауымына үлкен жауапкершілік пен міндеттер жүктеп отыр.

Мұғалімдер қауымын бүгінде педагогикалық технологияларды пайдалану жолдары көбірек мазалайды. Бұл заңды да. Себебі бүгінгі күні білім беру үдерісінде пайдаланылып жүрген технологиялардың өзіндік философиясын зерделеп, әр пәнге лайықты бейімдеу, оқу материалдарының жүйелі кешенін әзірлеу, оны сараптамадан өткізу ісі қажетті дәрежеде жүргізіле бермейді. Сондықтан да мұғалімдер қауымына белгілі бір технологияны кешенді пайдалану қиындықтар туғызады. Себебі әдістеме ғылымының өзінде педагогикалық технологиялар әр пәннің өзіндік ерекшелігіне қарай қолданудағы тиімділік толық зерделенді деуге келе бермейді. Мәселен, модульді оқыту технологиялары көп пәндерге қатысты қолданылып жүр. Қазақ тілі пәніне біршама ыңғайлылық танытатын аталған технология әдебиет пәніне пайдалануда қиындықтар туындатады. 5-9 әдебиеттік оқу сыныптарында оқу материалы әдеби жанрларға қатысты да шығарманың көлемі мен формасы жағынан да әралуан болып келеді. Оның үстіне бұл сыныптарда көп автордың шығармалары қамтылып, оқылатын шығарманы терең қабылдату мақсатында автор туралы шағын мәлімет беріледі. Сонда оқу бағдарламасы бойынша бір сыныптың өзінде оқу материалы 2-3 сағаттан бірнеше бөліктерге бөлінген. Сондықтан оқу материалын модульдеуге еш мұқтаждық тумайды. Ал модульді технологияны қайткенде де әдебиет пәніне қолданамыз деген мақсат қояр болсақ оқу бағдарламасын орта буын сыныптар бойынша қайта сұрыптау қажет болады. Модульді технологияның өзі белгілі бір ғылым саласына байланыста жүйеленген білімді тиімділікпен меңгертуді көздейді. Ал оқу материалын жүйелеу бағдарламадан, тіпті білім стандартынан басталуы керек. Бұл жерде айтылмақ ой білім стандарты мен бағдарламаның сапасына қатысты емес. Әрине, көп жылғы білім берудің тәжірибесі сапалы маман даярлауға бағытталып келе жатқаны анық. Айтпағымыз – білім стандарты мен бағдарламасындағы мазмұнды ішкі үйлесімділікпен топтастыра отырып модульдеу қажеттігі туралы. Сондықтан әдебиет пәнінің қолданыстағы бағдарламасымен модульді технологияны кез келген уақытта пайдалана қою оңайға түспейді. Мәселен, М.М.Жанпейісованың авторлығымен жарық көрген «Модульді оқыту технологиясы оқушыны дамыта оқыту құралы ретінде» атты әдістемелік кітабында (Алматы, 2002) «Қазақ әдебиеті» бойынша оқу модульдері (5-сынып) Ж.Төлегенова, Г.Қожанова, О.Шатанова әзірлеген әдістемелік нұсқаудан делініп, 7 сағатқа жіктелген оқу модулі берілген.¹

Бұл ұсынылып отырған модуль өз тұсындағы оқу бағдарламасына сәйкес жасалғаны белгілі. Одан беріде бағдарламада өзгерістер болды. Әйтсе де оқу материалына қарай орта буын сыныптарға, соның ішінде 5-сынып бағдарламасына сәйкес жасалған оқу модулінің бірнеше олқылықтары байқалады. Біріншіден, аталған сыныптардағы білім мазмұны мен мақсаты тарихи кезеңді, оның ерекшеліктері туралы білім беруді мақсат етпейді. Әдебиеттің тарихи курсы арнайы 9-11 сыныптарды қамтиды. Төменде берілген кестеге назар аударып көрелік:

Бөлімі	Сабақ саны	Сабақтың мазмұны	Уақыты
КІРІСПЕ	1-сабақ	1. XX ғ. Басындағы әдебиет туралы түсінік 2. С.Торайғыров. «Шілде» өлеңі. 3. С.Дөнентаев. «Көркемтай» әңгімесі. 4. XX ғасыр әдебиеті туралы. 5. М.Жұмабаев. «Жазғытұры». 6. Н.Т.С. жұмыстары 7. Дәптер-кітаппен жұмыс	13 минут 4 минут 10 минут 3 минут 5 минут 5 минут 5 минут
	2-сабақ	1. С.Сейфуллин. «Ақсақ киік» поэмасы. 2. Б.Майлин. «Қанды кек». 3. І.Жансүгіров. «Көктемде» өлеңі. «Күй» поэмасы. 4. Кейіптеу, монолог, диалог туралы 5. Н.Т.С. жұмыс. 6. Дәптермен жұмыс	10 минут 10 минут 10 минут 5 минут 5 минут 5 минут
СӨЙ- ЛЕСУ БӨЛІМІ	3-сабақ	«Әдебиет лотосы» ойыны	45 минут
	4-сабақ	«Мені түсін» ойыны	45 минут
	5-сабақ	«Өрмекші» ойыны	45 минут
ҚОРЫ- ТЫН- ДЫ	6-сабақ	Мазмұндама («Күй» поэмасы бойынша)	45 минут
	7-сабақ	Сынақ	45 минут

Ал, 5-сыныптағы әдебиет пәнінің мақсаты алғашқы әдеби білім беруді көздейді. Шындық болмыс пен көркем шығарма арақатысы, кейіпкер ұғымы, сөз өнері туралы алғашқы түсінік, образды сөз, т.б. әдебиеттану ғылымының алғашқы әліппесі басталады десе де болады. Оқу материалын модульдеуде авторлар мұны ескермеген. Екіншіден, бір сабақ, нақтырақ айтсақ 45 минут ішінде авторы да, жанры да бір-бірінен ерекшеленетін 7 түрлі оқу материалына оқушы назарын аударып, алғашқы білім қалыптастыра қою қаншалықты шеберлікті қажет ететіні беймәлім. 3 минут, 5 минут деп көрсетілген уақыт мөлшері де сенімді бекіте қоймасы анық.

Білім берудегі басты мақсат қайткенде де оқу технологиясын қолдану емес, пәнді игеруде ұтқырлық пен ұтымдылықты жүзеге асыру болмақ. Педагогикалық технологиялар жүйелі ойлау тәсілдерін тәжірибеге ендіруді көздейді. Кез келген педагогикалық технологияны алып өз тәжірибеңе ендіру мүмкін бе? Оқушы мен пәннің ерекшелігі, технологияның ерекшелігінен, күтілетін нәтижені, үйлестіру мен жүйелеуді жан-жақты кесіп-пішпей, сол технологияның философиялық негізін анықтап алмай қолдану мүмкін емес.

XX ғасырдың басында Ж.Аймауытов: «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен. Ендеше педагогикалық технологияларды қолдануда да шеберлік қажет.

Әдебиет пәнін оқытуда жаңа технологиялардың қайсысы тиімді. Қай технология әдебиет пәнінің мақсат, мазмұнына сәйкес келеді дегеннің жауабын іздеу аса маңызды.

Қазіргі технологияларда «миға шабуыл», дебат, модель, жоба жасату, оны қорғату, оқу, жазу арқылы оқушылардың сыни көзқарасын қалыптастыру жиі қолданылып келеді. «Сын тұрғысынан ойлау», «Дамыта оқыту», «Саралап деңгейлеп оқытудың педагогикалық технологиясы» т.б. көптеген технологияларды пайдаланып жүр.

Бүгінгі білім беру жүйесінде кез-келген жаңа әдіс-тәсілдер жиынтығы педагогикалық технология деген статусты ала алмайды. Педагогикалық технология көптеген факторларға қатысты анықталады.

Дайын рецептті ешкім бере алмайды. Ол рецепт пән иесінің тынымсыз еңбегі мен талғамының, үйлестіре, үндестіре білім шеберлігінің, пәнге деген ынтасы мен сүйіспеншілігінің өтеуінде табылады. Әсіресе әдебиет пәнін оқыту мақсаты мен міндеттері ерекше. Поэзияны сүйіп, тұшынып оқымай, сөз астарын түсінбей, көркем шығарма оқуды жанына серік етпей, әдебиетті тиімді оқыту мүмкін емес. Әр әдіс өз тиімділігімен бағалы. Бабалар тарихында бір ғана баяндау әдісімен-ақ әдебиетке ұрпағын құлшындыру басым болған. Сөздің қадір-қасиетін таныта алған. Кейде әдебиет сабағында мұғалімнің сүйсіне оқыған бір өлеңі-ақ көп міндетті атқаруы мүмкін. «Жүректен шыққан сөз ғана жүрекке жетеді». Әдебиет пәнінің басты мақсаты жүректегі сезімді жүректерге жеткізе білу амалдарын іздеу.

Әдебиет сабағындағы ән де, жыр да, ойналып тұрған күй де маңызды. Олардың бәрі оқушы сезіміне, түйсігіне әсер ететін детальдар. Мәселен, жырдың әуенін тыңдатпай «Батырлар жырын», «лиро-эпостық» жырларды оқыту мүмкін емес. Егер оқушы жырау мақамын естігенде күлер болса, жырау шығармасын тұшынып оқуы екіталай. «Ғасырларды көктей өтіп» жеткен асыл сөз маржандарының ішкі астарына үнілту, тілдік қорды құнарландыру да соншалықты қиынға соғар еді. Тіл – ұлттық құндылықтардың бірі. Тілді тану әдебиеттен тысқары бола алмайды. Тілді білмеу, бағаламау, әдебиетті оқымауға, ұлтты қадірлемеуге әкеліп соқтырады. Ендеше әдебиет сабағында ұлттық құндылықтарға аса көңіл бөліп, әнді, күйді, жырды тыңдату ұсақ-түйек нәрсе деп қабылдау ағаттық болған болар еді.

Көркем шығарманы оқытканда да ұсақ-түйек нәрсе дейтін ештеңе жоқ. Әр детальдың өз қызметі бар. Көркем шығарма авторы қаншалықты маңызды болса, кейіпкер де соншалықты маңызды. Себебі олар бір тұтастықтың бөлшектері.

Әдебиетті оқытудың басты мақсаты – оқушыларды сөз өнерінің сырымен таныстыру, халық даналығы, халық өсиеттерінен нәр алғызу, кітапқа деген ынтасын ояту, халықтың рухани байлығы - әдебиетін жан-жақты игерту, сол арқылы имандылыққа, инабаттылыққа, парасаттылыққа, талғамға, сұлулыққа, отандық, азаматтық рухта тәрбиелеу.

Мемлекеттік білім стандарты оқыту үрдісінің сапа мен нәтижеге бағытталғанын талап етеді. Демек, әр сабақ шәкірттің нақты мақсаттарға

бағытталған жүйелі танымдық әрекетін ұйымдастыруға құрылады деген сөз. Сабақтың әр кезеңінде танымдық әрекетті қалайша іс жүзіне асыруға болады? Сабақты дамыта оқыту технологиясының ұстанымдарына үйлестіре жүргізу үшін мұғалім нені білуі керек? Әдебиетті жаңаша оқыту технологиясын меңгеруде пәннің ішкі мазмұнына сай келетін жақтарына назар аударып, мына мәселеге көңіл бөлу керек.

- Білім мазмұнының ерекшелігіне қарай әдіс-тәсілдердің нәтиже беретін жүйесін дұрыс таңдау.
- Мазмұнға байланысты нақты мақсаттар мен міндеттерді қоя білу.
- Оқу технологияларын мазмұнға сәйкес тиімділігіне қарай іріктеп, синтездеу.
- Оқушылардың әрекетін алдын-ала жобалаған нәтижеге бағыттай ұйымдастыру.

«Оқу» кең мағынада шәкірттің жаңа білімді меншіктеу үдерісі болып табылады. Бірақ кез келген оқу білімді меңгеру емес. Егер оқушы білім жинақтаса және ол өз бетінше алдына қойған оқу міндетін шешуге бағытталса әрі өзінің әрекетін бақылау, бағалау амалдарын игерсе ғана оқу әрекеті болып табылады. Оқу белсенді әрекет түрінде ұйымдастырылса ғана оқушының оған деген қарым-қатынасы, қызығушылығы артады.

Педагогикалық технологиялар ұғымы.

«Педагогикалық технология» дегенді қалай түсінеміз? Бұл туралы ғылымда әртүрлі түсініктемелер бар. Технология — белгілі бір істе немесе шеберлікте өнерде қолданылатын тәсілдердің жиынтығы.

«Педагогикалық технология — оқыту әдіс-тәсілдерінің, формалық, әдістемелік, амалдық, тәрбиелік амалдардың арнайы алынғанын және үйлестірілгенін білдіретін психо-педагогикалық нұсқаулардың жиынтығы»,— деп түсіндіреді Б.Т.Лихачев. Ал, В.П.Беспалько: «Педагогикалық технология — оқу процесін жүзеге асырудың мазмұнды техникасы» - дейді. И.П.Волковтың пікірінше: «Педагогикалық технология — оқытудың жоспарланған нәтижесіне жету процесін сипаттау». В.М.Шепель: «Технология — өнер, шеберлік, іскерлік, іріктеліп-тексерілген әдістердің жиынтығы, өзгертілген жағдайы», — деп түсіндіреді. М.Чошановтың айтуынша: «Педагогикалық технология — дидактикалық жүйенің іске асырылған қалпы». В.М.Монахов: «Педагогикалық технология — әр бөлшегіне дейін ойластырылған педагогикалық әрекетті жобалау моделі, оқу процесін қалайда оқушы мен мұғалімге ыңғайлы жағдайда ұйымдастырып өткізу», — дейді. Байқап отырғанымыздай педагогикалық технологияны сипаттауда педагог-психолог ғалымдардың пікірі алуан түрлі.

Педагогикалық технологиялар — бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің, оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдарымен байланысқан міндеттер мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері. Мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды.

Бүгінгі таңда П.М.Эрдниев дидактикалық бірліктерді шоғырландыру (УДЕ) технологиясы, Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы, Ш.А.Амоновтың ізгілікті-тұлғалық технологиясы, В.Ф.Шаталовтың оқу материалдарының белгі және сызба үлгілері негізінде қарқынды оқыту технологиясы, М.Чошановтың проблемалық модульді оқыту технологиясы, П.И.Третьяковтың, К.Вазинаның модульді оқыту технологиясы, Е.Н.Ильиннің «Әдебиетті адам қалыптастырушы пән ретінде оқыту» жүйесі, В.М.Монаховтың, В.П.Беспальконың және басқа да көптеген ғалымдардың технологиялары кеңінен танымал.

Қазақстанда «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» жобасы белсенді түрде қолдануда. Модульді оқыту технологияларын, дамыта оқыту технологияларын, саралап, деңгейлеп оқыту, жобалау технологияларын республика аймағында дамыта қолданудың ғылыми-әдістемелік негізін қалыптастырған (А.Қараевтың, С.Мирсейтова, А.Әлімов, Ә.Жүнісбек, А.Сатбекова) әдіскер-ғалымдар бар. «Сатылы-кешенді талдау» технологиясын қазақ мектептерінде әуелі қазақ тілі пәніне, кейінірек басқа пәндер бойынша оқыту тәжірибесін жүргізуші Н.Оразақынова сияқты әдіскер ғалымдар бар.

Оқытудың жаңа технологияларының философиялық негізі.

Қазіргі таңда Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге бағытталған жаңа білім жүйесінің құрылысы жүріп жатыр. Білім парадигмасының ауысуы өзге педагогикалық әлеует, өзге қарым-қатынас, өзге құқықтар мен әдіс-тәсілдер, басқа мазмұн ұсынары белгілі.

Білім беру жүйесі мазмұн жағынан өзгеріп келеді. Олар:

- Оқушылардың ақпараттарды игеру, талдау қабілетін дамыту, қажетті ақпаратты тауып, тиісті мүддеде қолдана алу құзіретін дамыту;
- Ақпараттарды игерудің дәстүрлі тәсілдеріне (ауызша және жазбаша сөйлеу, аудио құралдар) компьютерлік оқыту құралдары, E-Learning жүйесі қосылуы;
- Педагогикалық үдерістің маңызды құрамы - оқытушы мен оқушының жеке-бағытталған байланысын орнату;
- Жеке тұлғаның рухани тәрбиесіне, адамгершілік қасиетке бай тұлға қалыптастыруға баса көңіл бөлу;
- Білім факторларының әрі қарай интеграциялануы көзделеді: мектеп, отбасы, микро және макросоциумға бағытталу;
- Ғылымның қоғамдық білімге пара-пар боларлық педагогикалық технологияны құрудағы рөліне басымдық берілуде.

Дәстүрлі білім жүйесіне елеулі өзгеріс енуде. Білім беру ұстанымдарын жақсарту бағытында білім жүйесіне жаңа сипат берілуде. Атап айтар болсақ:

– Есте сақтау функциясы ретінде оқытудан алған білімді қолдануға мүмкіндік беретін ойды дамытатын үдеріс ретінде оқыту. Яғни бұрынғы білім-ақпарат деп танып, оқушылардың жаттап алу, түсінігін айтып беру сияқты оқу-қызметінен гөрі алған білімді қолдана алу қабілеттеріне басымдық берілуде;

– Білімнің таза ассоциативтік моделінен ой әрекеттерінің динамикалық-құрылымдық жүйесіне алмастырылып келеді;

– Білім беруді орташа деңгейдегі оқушыға бағыттаудан сараланған және жекелеген оқыту бағдарламасына ауыстыру көзделуде;

– Оқушының сыртқы мотивациясынан оның ішкі адамгершілік, қажыр, қайрат қабілетіне бағыттау қажеттігін тудыру.

Қазіргі оқыту үдерісінде түрлі модель бойынша, оның ішінде авторлық модельдер бойынша, құруға мейлінше мүмкіндік беру көзделуде. Осы бағытта білімнің дамуы алға басып келеді: түрлі жүйелерді әзірлеу, білім құрылысының тиімділігін көтеру, қазіргі заман талабына сай дидактикалық талаптарды қолдану мүмкіндігі, ғылыми жаңалықтар, сонымен қатар жаңа идеялар мен технологиялардың практикалық жолмен негізделуі талап етілуде.

Жоғарыда айтылғандармен қатар түрлі педагогикалық жүйелер мен оқыту технологияларының ұйымдастырылуы маңызды деуге әбден болады. Яғни қазіргі заман жағдайында өткен педагогикалық жүйелердің орнына түрлі жаңа оқыту формаларын тәжірибеден өткізу практикада қолдану қажеттілігі туындауда.

Дәстүрлі білім беру жүйесінде оқушыға объект ролі берілетін де мұғалім өз тәжірибесін ұсынатын. Ендігі оқу философиясында оқушыға өзін-өзі іске асыруға бағыт алған оқыту қызметінің субъектісі ретінде қарайды. *«Осы тұрғыдан бала толық жеке тұлға ретінде нені білдіреді?» «Оны субъектілік тұрғыдан қандай құрылымдар анықтайды? Қандай қасиеттерін дамыту қажет» деген сұрақтарға жауап беру қажеттігі туындауда.*

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы тұлғалық дамуын қойып отыр.

«Жеке тұлға» - адамның психикалық, рухани мәні, ол әртүрлі жинақталған қасиеттер жүйесіне тән:

– Адамның әлеуметтік маңызды қасиеттерінің жиынтығы;

– Өзіне және өзімен-өзінің, дүниеге және дүниемен қатынастарының жүйесі;

– Іс жүзіне асырылып жүрген әлеуметтік рөлдер қызметінің жүйесі, мінез-құлық әрекеттерінің жиынтығы;

– Айналадағы қоршаған әлемді және өзін-өзі жете түсінуі;

– Қажеттілік жүйесі;

– шығармашылық мүмкіншілігі мен қабілеттерінің жиынтығы;

– сыртқы жағдайларға әсерінің жиынтығы және т.б.¹

Білім берудің жаңа жүйесінде осы аталғандар аса маңызды. Сондықтан соңғы жылдардағы педагогика ғылымында баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын дамытуға ұмтылыс күшейіп келеді.

¹ Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. М., 1998.

Педагогикалық жаңа технологиялар Б.Блумның **таксономиясын** негізге алады. Америкалық ғалым Бенджамин Блум бір топ әріптестерімен бірге 1956 жылы «таксономияның» танымдық саладағы мақсаттарды сипаттайтын бірінші бөлімін жарыққа шығарады. «Таксономия» ұғымы биологиядан алынған. **Таксономия** – (taxis- грек сөзінен шыққан, «тәртіп, орналастыру, құру» және homos – «заң» дегенді білдіреді). Өсу бағытында бірінен соң бірі орналастырылған және өзара тығыз байланыстағы нысандарды жіктеу және жүйелеуді білдіреді.

Б.Блум таксономиясы – танымдық саладағы мақсаттарды сипаттайтын жүйе.

Таксономия идеяларды бүкіл әлем педагогикалық жұртшылығында таным және ойлау әрекеттерінің деңгейлерін, оқу мақсаттарын айқындауда кеңінен қолданыс тапты.

1.**Білім** – ақпаратты, оқу материалын (қажетті деректерді, нақты фактілерді немесе бүтін теорияларды) есте сақтау мен қайталау (репродукция).

2.**Түсіну** – оқу материалын бір формадан екінші формадан, бір белгі жүйесінен басқа жүйеге түрлендіру (интерпретация), ауыстыру, оқу мәліметін өздігінше игеру, салдары мен нәтижелерінің қандай болатындығы туралы алдын-ала болжау, жорамалдау.

3.**Қолдану** – оқу материалын жаңа жағдайлар мен ситуацияларда қолдану. Мәселен, ережелерді, түсініктерді, заңдарды, қағидаларды қолдана отырып қандай да бір жағдаятты шешу.

4.**Талдау** (анализ) – оқу материалын құрамдас бөліктерге жіктеп олардың арасындағы байланыстарды анықтау, бүтіннің қалайша құралатындығын түсіну және түсіндіре білу.

5.**Синтез** – оқу материалын пайдалана отырып, шығармашылық тұрғыдан жаңа мазмұн құрастыру. Мәселен, баяндама немесе эссе жазу, жоспар немесе схема құрастыру.

6.**Бағалау** – оқу материалының маңызын бағалау: салыстыру және айырмашылықтарын айқындау, дәлелдеу арқылы шешім қабылдау.

Дәстүрлі білім беру жүйесінде оқу-танымдық әрекеттер көбіне білім, түсіну, талдау деңгейінде жүргізілгені белгілі. Ендігі жерде білімді талдау мен жинақтаудың, түсіну мен қолдана алудың, өзінің және өзгенің білім деңгейін бағалай алу қабілеттерінің маңыздылығы танылады. Енді Б.Блум таксономиясының алты деңгейіндегі оқушының оқу-танымдық әрекетін сипаттап көрейік:

1) Білім дайын күйінде көшірілмей, тұжырымдар нақты талаптар тұрғысынан болуы, талап оқушының өмірлік тәжірибесі мен ұстанған көзқарастарына негізделетін немесе мұғалімнің ұсынысынан туындайтын болуы қажет етілуде.

Білімнің категориялық мәні кеңейе түсті. Мәселен, білім - қайталау немесе тану арқылы мәліметтердің есте қалай сақталғанын тексеру, мағлұмат пен деректерді еске түсіру арқылы жүзеге асырылатын категория. Білім деңгейінде тестілеу, қалдырып кеткен белгілерді орнына қою, анықтамалар мен атауларды жаттау немесе қайталау, процестердің өрбу немесе орын алу

тәртібін қайталау сияқты тапсырмалар орындалады. Оқушылардың басты мақсаты – ақпаратты жадында сақтау және іздеу болып табылады.

«Білім» деңгейі – таным мен ойлаудың басқа деңгейлерінің негізін құрайды, өйткені онсыз қалғандарының жүзеге асуы мүмкін емес. Абайдың өлеңін жатқа білмей оның көркемдік ерекшеліктері мен оқырманның ішкі жан дүниесінде қандай сезімдер тудыратындығы туралы ой толғап немесе шығарма жазу мүмкін емес.

Алайда мұғалімдер бұл деңгейге қатты назар аударып, оны оқу үдерісінің, оның ішінде сабақтың негізінде айналдырады. Сабақтың өту барысын орташа есеппен алғанда 80 % есте сақтау мен жаттау, қайталау мен тану тапсырмалары құрайды екен. Ал бұл жағдай мынандай жағдаяттарға алып келеді.

– Қайталау немесе жаттау тапсырмалары негізінен оқушылардан белсенді әрекеттерді талап етпей, олардың сабақтағы бәсеңдігіне жол береді.

– Оқушылар сабақ тақырыбына ынта мен қызығушылық танытпайды, демек олар сабақтың нәтижелеріне де құлықсыз болады. Сол арқылы олар өз біліміне, өздерінің парасаттық дамуына деген жауапкершілікті көрсетпейді.

–Бұл деңгейдегі сұрақтардың бір ғана дұрыс жауабы болғандықтан, олар оқушылардың ой толғауы мен пікірталастығын қажет етпейді.

– Бұл деңгейде берілген тапсырмаларды орындау қайталауға негізделгендіктен, оқушылар өзіндік ой мен идея, пікір мен көзқарас, тұжырым мен дәлелдерді ізденуге ұмтылмайды. Ал өз кезегінде бұл жағдай дербес тұлғаның ретінде дамуына септігін тигізбейді.

2) Б. Блум таксономиясының екінші деңгейін «түсіну категориясы» құрайды. Түсіну дегеніміз – мәліметті таныс, анық күйге ауыстыру арқылы өзіндік түсінік қалыптастыру. Бұл деңгейде оқушылар мағлұматты тек есте сақтамайды, олар оның ауқымы мен көлемін ұлғайтпаса да, сол берілген мөлшерде басқаша қылып көрсетеді. Олар есте сақтаған мәліметтерді басқа жүйеге түрлендіреді. Оқушылар есте сақтаған мәліметтерді басқаға жеткізу жолдарын айқындайды, ұқсастықтар пен айырмашылықтарды анықтайды, салыстырады, нәтижелерді суреттейді.

Бұл деңгейдегі тапсырмалар «Білім» деңгейімен салыстырғанда, оқушылардан белсенділікті талап етеді. Олар ақпаратты өздеріне таныс жүйеге көшіріп, түрлендіреді де, сол арқылы оны есте сақтауды жақсартады.

Түсіну категориясын төрт топқа бөлуге болады.

1.Түсіндірме (интерпретация) – оқушылардың қарым– қатынас барысында негізгі идеяларды анықтауы және олардың өзара байланыстарын келтіруі. Әдетте екі нысанның ерекшеліктерін салыстырғанда, ұқсастырғанда немесе бір-біріне қарсы қойғанда, оқушылар оларға белгілі бір мағына беру арқылы өздерінің түсінігін көрсетеді.

Түсіндірме әдетте «Қалай?», «Неліктен?» сұрақтарына жауап беру мен «Салыстырыңыздар», «Айырмашылығын көрсетіңіздер» тапсырмалары арқылы жүзеге асады.

2.Аударма (трансформация) - мағынасын сақтай отырып, оқушылардың идеяларды қандай да бір белгілеу жүйесінен өздеріне таныс жүйеге немесе қалыпқа ауыстыру.

Мұнда мынандай тапсырмаларды келтірсе болады: мәліметті өз сөзімен мазмұндау немесе қысқаша келтіру, сөзбен берілген тапсырманы кесте, график, диаграмма түрінде көрсету.

3.Мысалдар – мәліметті, ойды дұрыс түсінгендікті көрсету үшін практикадан алынған фактілерге жүгіну, соларды келтіру.

Әрине, оқушылар мысалдар келтіргенде, сабақта мұғалім айтқан мәліметтер мен оқулықтарда көрсетілгендерден басқаларын айтқаны дұрыс, өйтпеген жағдайда олар қайтадан «Білім» деңгейіне оралады.

4.Анықтамалар – атау немесе түсініктің мағынасын өз сөзімен жеткізу, таныс және түсінікті сөздермен анықтама түрінде тұжырымдау.

Мұнда да оқушылар оқулықта немесе сөздікте берілген анықтаманы жатқа айтпай, өзіндік тұрғыдан ұғым немесе құбылыстың анықтамасын өздеріне таныс әрі түсінікті сөздермен құрастырады.

3) Қолдану – қандай да бір жағдаятты шешу үшін мәліметті іс жүзінде қолдану, жүзеге асыру. Бұл деңгейде оқушылар мұғалімнің көмегінсіз таныс емес жағдаятты өздігінше шешу керек. Мұнда қорытынды маңызды мәселе болып қалмай, сонымен бірге шешім іздеу үдерісінің өзі де маңызды болып танылады: оқушылардың шешім іздегені шешімнің өзінен де маңызды болуы мүмкін.

Қолдануда оқушылар тарапынан мынадай әрекеттер атқарылады:

- Жағдаятпен танысады.
- Жағдаят мүлдем таныс болмағандықтан, ол жан-жақты қарастырылады.
- Бұл жағдай «Білім» деңгейіне сәйкес келеді.
- Жағдаяттың ерекшеліктерін анықтайды.
- Жағдаят басқа да ұқсас мәселелермен салыстырылып, сол арқылы оның ерекшеліктері айқындалады. Бұл әрекет «Түсіну» деңгейіндегі әрекеттерге ұқсайды.
- Шешім қабылдайды.
- «Қалай жасаймын?», «Не істеу керек?» деген сұрақтарға жауап береді.
- Шешімді жүзеге асырады, қолданысқа түсіреді.
- Бұл шешім анықтама, ереже күйінде келтіріледі.

Мысалы, оқушылар қандай да бір мәліметті жатқа біледі. Олар, мәліметті өз сөзімен түсіндіріп немесе басқаша көрсетіп беріп, оның басқалардан айырмашылығы мен ұқсастықтарын айқындайды.

Енді оқушылар осы мәліметті нақты бір қолданыста көрсетеді: ереже немесе анықтаманы қолданып жаттығу орындайды, жағдаятты шешеді.

Бұл деңгейге мынадай тапсырмалар мен сұрақтар жатады:

- Қалай қолдануға болады?
- Өздеріңіз жасап көріңіздер.
- Не білгіңіз келеді?
- Қалай жасау керек?
- Кесте, график жасаңыздар.

4) Талдау.

Мәселен «қолдану» деңгейі шешім қабылдау үшін құрамдас бөліктерді біріктірсе, «талдау» деңгейі, керісінше, бүтін, тұтас нәрсені оның қалайша құрылғандығын түсіндіру мақсатында құрамдас бөліктерге бөлуді нұсқайды. Әдебиет сабағында мәтін талдау, образдық талдаулардың барлығында дерлік пайдаланылады. Бұл деңгейде зерттеу нысаны белгілі бір нәтижеге жету үшін қалайша бірге жұмыс жасайды. Оқушылар жауап беру үшін ой қозғап, өз жауаптарының логикалық тұрғыдан мінсіз болуын қадағалау керек.

«Талдау» деңгейінің «түсіну» деңгейіне ұқсастықтары бар. Түсінік – нәтижені суреттеу, сипаттау, ал талдау – нәтижеге қалайша жеткендігін түсіндіру.

Талдау сұрақтары мен тапсырмалары:

– Негізін тану – ауқымды әрі бүтін құрылымды құрамдас бөліктерге жіктеу, сол арқылы берілген мәліметті әрі қарай дамыту. Мұнда мәліметтің негізгі бөлімдері арасындағы қатынастарды көрсету үшін оның берілген ауқымынан, шеңберінен тыс шығуға болады. Бұл үшін мәліметті құрамдас бөліктерге жіктеп, оларды бір-бірімен салыстырып, айырмашылығын ажырату керек. Осыдан кейін әрбір бөліктің ерекшелігі, мақсаты мен міндеті анықталып, оларды белгілі бір сипаттар не талаптар бойынша ажыратады.

Талдаудың бұл түріне мынадай тапсырмалар жатады:

– Үдерістің қай кезеңдері нәтиже тұрғысынан маңызды болғандығын көрсетіп, дәлелденіздер.

– Өз әрекеттеріңізді тағы да сараптап, қай жерлерде ұтымды болғандығын анықтаңыздар.

– Өз қателеріңізді тауып, оларды түзетіңіздер.

– Құрамдас бөліктердің өзара қатынасын сипаттап, олардың әрқайсының алатын орны мен маңызын анықтаңыздар.

– Құрамдас бөліктерді сипаттап, олардың қалайша бүтін құрастырып, қорытынды нәтиже сомдайтындығын дәлелденіздер.

– Астарлы мағына ажырату – екі тұжырымның өзара қатынасын көрсету. Бұл қатынастар тура көрсетілмеген немесе айтылмаған тұжырымдарды, ассоциацияларды, нәтижелер мен салдарды келтіру арқылы көрсетіледі. Мұнда мәліметтің жасырын, астарлы ұғымы мен мағынасын айқындау керек.

– Мотивация – «Неліктен? Не себепті?» деген сұрақтарға жан-жақты жауап беру арқылы қозғаушы күштер мен себептерді айқындау.

– Оқушылар оқиғалар мен әрекеттер туралы өздері пайымдаған қосымша мағыналарды пайдалана отырып, олардың тура және астарлы мағыналарын таниды, өз ойларын дәлелдер арқылы қорғайды.

5) Синтез – жаңа мазмұн мен бүтін ұғым тудыру мақсатында жеке бөліктерді шығармашылықпен біріктіру деп түсінуге болады. Әдебиетті оқытуда талдау мен жинақтау әдістері оқу үдерісінде бұрыннан қолданылып жүргені белгілі. Талдау үдерісі қаншалықты маңызды болса, жинақтау да соншалықты маңызды. Оқушылардың білімін саралай, жинақтай алу қабілеттерін дамыту оқу үдерісінің маңызды деңгейі болып есептеледі.

Синтез шығармашылық үдерістің бірі. Мұндағы зерттеу жұмыстары «Қолдану» деңгейінен де, синтезге де жатуы мүмкін. Бірақ «қолдану» жаңа ұғымды құрастыруды талап етпейді, ал синтез оқушылардың жеке тәжірибе негізінде жаңалық енгізеді, жаңа шешім шығарады. Синтез - болжау, шарттылық, мүмкіндік ұғымдарында қолданылып, құрамдас бөліктердің қалайша бірігіп, жаңа мазмұн, құрылым, модель құрайтындығын көрсетеді.

Синтездің мынадай түрлері болады:

– Шығармашылық жанрлар – эссе, өлең, жоба, баяндама, шығарма, шешендік сөз, сценарий, компьютерлік бағдарлама, т.б.

– Жоспар құрастыру, кластер түзу, жады картасын түзу, методологиялық карта жасау, әрекеттердің тәртібін келтіру немесе тәжірибе өткізу.

– Абстрактылы қатынастармен көрсетілетін нәтижелер.

Мәселен, әртүрлі құбылыстарды бақылау нәтижелерінің негізінде жаңа модельдер құрастыру: бұл қандай да бір ғылыми болжам келтіретін гипотеза болады.

6) Б.Блум таксономиясының алтыншы деңгейі – бағалау. Бағалау – күмәнді, даулы және пікірталас туғызатын мәселелер бойынша шешім қабылдап, оны нанымды дәлелдер арқылы айғақтау. Мұнда да шығармашылық әрекеттердің маңызы зор.

Бұл деңгейде оқушылар өз жауаптарында дәлдік, нақтылық, логикалық жүйе, дәйектілік секілді талаптарды қолданады, сөйтіп олар өздерінің таңдау жасап, шешім қабылдай алатындығын көрсетеді.

Бағалауда оқушылар алдымен өз ойлары, идеяларды пайымдаулары қандай талаптар негізінде құрастырылатындығын анықтап, содан кейін осы талаптарды қолдана отырып, өз ойларын ортаға салады. Бұл талаптар оқушылардың біріншіден, қандай мәдени және әлеуметтік құндылықтар таңдағанына, екіншіден, діни-рухани және тарихи идеалдарына, үшіншіден, жеке басының тұлғалық ерекшеліктері мен құндылықтарына негізделеді.

Оқушы «бағалау» тапсырмаларын орындауда мынандай әрекеттер атқарады:

– Өз ұстанымының (идея, пікір, түсінік) дұрыс-бұрыстығын анықтап, оны жан-жақты пысықтайды.

– Өзінің дербес көзқарасын қалыптастырып, тұжырым ретінде келтіреді.

– Өз пікірін дәйектейді, негіз келтіреді, жақтайды: дәлел келтіреді, сілтеме жасайды, қорғайды.

Бағалау «Сіздің ойыңызша қалай?» деген пікірталас пен дау туғызатын сұрақтар арқылы жүзеге асады. Оқылған мәтінді түсіну деңгейі төрт деңгей бойынша бағаланады:

1) фрагментарлық түсіну;


2) жалпы түсіну;

3) толық түсіну;

4) терең сыни түсіну.

Бүгінде білім беру жүйесінде бағалаудың формативті, суммативті түрлері оқу үдерісіне енгізіле бастады. Бағалау оқу үдерісіндегі ең маңызды деңгей ретінде танылып келеді.

Жаңа технологиямен оқыту үшін бірінші кезекте жағымды психологиялық ахуал құрылады, яғни оқушылардың топ ішінде оқушылардың жан-жақты дамуы, бірлескен өнімді әрі тиімді жұмыс жасауына қолайлы тұлға аралық қатынастар мен жағдайлар жасалады. Төмендегі сызбадан оқытудың дәстүрлі, белсенді және интербелсенді түріндегі оқушы мен мұғалім арасындағы қарам-қатынасты көруге болады.



Әдебиет пәнінде «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» (RWCT) жобасын қолдану арқылы оқушылардың ой белсенділігін арттыру жолдары.

Қазақстанда сын тұрғысынан ойлауды дамыту жобасы 1997 жылдары енді. RWCT жобасының мазмұны бірнеше әдістемелік құралдарда да жарияланды. Сыни ойлау (RWCT) жобасының басты ерекшелігінің бірі оқушының белсенділігін арттыруға бағытталған. Әр сабақтан кейін мұғалім «Сабақта оқушыларым қандай белсенді іс-әрекеттер атқарды», «Бүгін мен көп сөйледім бе, жоқ әлде оқушылар ма», «Әр оқушы бүгін өз мүмкіншілігін жүзеге асыра алды ма және ол қандай дәрежеде дамыды» деген сұрақтарды қойып саралаған абзал. Сол себепті сабақтың деңгейі мен оқушыларды бағалау осы сұрақтарға тікелей байланысты.

Интербелсенді оқуда оқушылардың ауқымды нәтижелерге өзара қарым-қатынас пен әрекеттесу, бірлесіп әрекет ету арқылы үйренудің нәтижесіне деген өз жауапкершіліктерін сезіну басты ұстанымның бірі. Интербелсенді оқытуда мұғалімнің бұрынғыдай барлық күш-жігерін үйретуге

жұмсамай, үйренушілер бірлесе отырып, өздігімен білім алуына тиімді жағдай жасайды.

RWCT жоба үлгісінің алғашқы құрылымын үйретудің 3 фазасы анықталды. Үлгінің 3 фазасы жоба қызметіне байланысты аталды. Олар:

- Қызығушылықты ояту;
- Мағынаны тану;
- Ой толғаныс немесе қызығушылық – мағына – ой.

Бұл құрылым жұмыстың нұсқау бағыты ретінде қызмет атқарып, басқа оқыту әдістеріне түсінік пен толықтырулар беретіндігі көрсетілген. Алғашқы фазада – қызығушылықты ояту көзделеді. Оқушылардың білімдері мен әсерлеріне, жаңа білім арқылы мазмұн қалап, болашақта зерттеу жүргізуге ықпал етеді. Дербес және топтық түсініктерді қалыптастыруға көмектеседі. Осы алғашқы фазада оқушылар болашаққа көз жүгіртіп, ұғынып, жаңадан таныстырылған тақырыптарға зерттеу жүргізу үшін мақсат қояды.

Қызығушылықты ояту – оқушылар үшін сабаққа қатысудағы алғашқы қадам болып табылады. Олар өз еркімен саналы түрде тақырыпқа енеді. Сонымен бірге оқушылардың жаңа идея мен мәліметтерді үйренуге және оны өзіндегі білім негізімен ұштастыруда іштей немесе сырттай белсенді болатын – болмайтындықтарын шешуі де алғашқы фазада іске қосылады.

Дәстүрлі оқытуда қызығушылықты ояту фазасына көп көңіл бөлінбейтін, сондықтан оқушылардың жаңа білім қалыптастыруға деген мотивациясы төмен болатын. Мұғалімдер оқушылар мектепке дайындалып келеді деп ойлаулары мүмкін. Кейде солай болады, бірақ көп жағдайларда ең алдымен не күтілетінін анықтап, оқушылардың қызығушылығын оятып, бұрынғы құрылым мен білімді санасына сіңіріп, тек сосын ғана үйренетіндей орта құру керек. Тіпті үйренуге дайындықпен келгендер үшін де қызығушылықты ояту фазасы ұзақ, әрі мағыналы оқудың қажетті психологиялық негізін қалайды. Қызығушылық – мағына – ой құрылымының алғашқы фазасы үйрену үдерісін алға жылжытуға бағытталған.

Ал мағынаны тану фазасы болса, оқушылар жаңа мәліметпен, идеямен немесе жаңа мазмұнмен ұшырасқанда іске асады. Дәрісте басқаратын талқылау, кітап оқу, видеокассета, өнер қойылымдары немесе басқа да әдістердің қай-қайсысы болсын, осы екінші фазада оқушыларды ақпараттар мен мазмұнмен қауыштырады. Бұл фазада оқушының негізгі міндеті – мазмұнмен айналысып, жаңа идеяның бұрынғы білім мен сенімдермен байланысқандығы жөнінде хабардар болады. Тиімді түрде білім алу үшін оқушылардың сабаққа мақсатпен, ойлампаздықпен, өзінің түсінгенін бақылай алатын, жаңа ақпараттарға дұрыс жауап қайтара отырып және оны белсенді басқарумен қатысуы қажет.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» жобасының авторларының бірі ғалым С.Мирсеитова «Егер сыныптағы ортада оқушылар арасында еркін қарым-қатынас, өзара әрекеттесу мен ынтымақтастық қуатталып, оқушыларға өзіндік идеяларды ұсыну мүмкіншілігі берілсе, онда олар еш нәрседен қаймықпай, берілген тапсырмаларды ынтымақтастықпен орындайды.

Мұндай сыныпта оқытушы қуаттаушы болып, таным процесін бағыттады, олар өздерін үйренуші деп таниды, әрі оқушының жеке тәжірибесі, әлеуметтік қарым-қатынас пен ізденуге негізделген орта құрады»,– деп түсіндіреді.

Әдебиет пәнінде RWCT жобасын қолдану, басқа оқыту технологияларынан да белсенділікпен жүргізіліп келеді. Оның белгілі себептері де жоқ емес. Әдебиет сабағының басты міндеттерінің бірі – көркем мәтінді оқу екендігі белгілі. Ал әдебиет пәнінің мақсаты мен міндеттерінде оқушының ойлау белсенділігін дамыту, жазба тілі мен сөйлеу тілін дамыту, өзіндік дүниетаным мен пікір қалыптастыру ең басты орынға шығады. Аталған жобаның негізінде де осы талап-мақсаттар бар. Әрі үнемі «оқу» мен «жазу» арқылы жүзеге асырылатын оқу-танымдық әрекеттер әдебиет пәнінің мазмұнымен қабысып жатыр. Сондықтан да әдебиет сабағында «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» жобасын қолдану тиімділік танытады.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы бірнеше әдіс-тәсілдердің үйлесімді жүйесін құрайды. Оларға INSERT, РАФТ, ЖИГСО, кубизм, кластер, аялдай отырып оқу т.б. әдістерін атауға болады. Жобадағы бірнеше әдістерге (стратегияларға) тоқталайық.

INSERT-ұтымды құрал, өйткені ол оқушыларға өзі оқыған әңгіме түсінігін тексеруге, өз ойын айтуға басшылық етеді. Бір әңгіменің соңына тез жету және оқығанды еске сақтау, еске түсіріп отыру – әрбір оқушыға белгілі жайт. Әңгімені түсінбей, мәселені өз өмірімен байланыстырмай, түсінуге тырыспай, қалай болса солай оқу – ең жиі кездесетін оқудың түрі. Оқушылар көбінесе оқығанда, басқа да тәжірибеде өз өмірімен жақсы ұштастыра білмейді. Мағынаны тани білу-үйрену деңгейінде ең қиын сатының бірі. Егер оқушы ешқандай мақсатсыз оқыса, үйрену мүмкіншілігі босқа кетуі мүмкін.

INSERT – мәтінді түсіну үшін керек бірден-бір әдіс. Негізгі мақсаты – біріншіден, тақырыпқа байланысты оқушы ойын ояту кезінде мәтінмен жұмыс жасауға көмектесу, қызығушылық деңгейін көтеруге жұмыс жасау. Екіншісі, оқушының өзі түсінген, қабылдаған білімді басшылыққа алып жұмыс жасауына көмектесу. Көркем мәтінді терең игерген, нағыз оқырман жаңа ақпараттар деңгейінде өз білімін басшылыққа ала алады. Әңгімені оқу барысында жақсы оқырман түсінбеген жерлерін қайта оқып отырады.

Оқушыларға ұсынылған мәтінді оқу барысында «түртіп алу», яғни өзіне қажетті мәліметті белгілей отырып оқу әрекеті болады. Келесі кезекте «түртіп алу» кестесін толтырады да, сол кестелерді жұп болып талқылайды. Жұптық талқылаудан кейін топ болып талқылауға ойысады. Соңында тұтас сынып оқушылары мәтін бойынша жалпы кесте толтырады. Пікір -талас тудырған даулы тұстары талкыланады. Мұғалім пікір -талас тудыруы үшін сұрақтарды алдын – ала даярлайды. Сол сұрақтарды анықтау барысында жалаң түрдегі сұрақ-жауап алынбай, әр сұрақтан кейін оқушыларға ойлануға, пікірін жазуға уақыт беріліп отыруы керек. Басты мақсат – пікір-таласта белгілі бір ақпаратты анықтау ғана емес, оқушылардың өзіндік көзқарастары мен өз ойын ашық білдіруге жағдай туғызу.

КУБИЗМ – тақырыпты жан - жақты қамтуға мүмкіндік туғызатын оқыту стратегиясы. Кубизм стратегиясы бойынша ойлау мен жазуға көмектесу үшін кубикті және оның жан-жағындағы сөздерді қолданады. Ол кубикті қағаздан 15 тен 20 см көлемінде жасау керек. Кубиктің әр жағына 6 көмекші сөздер мен сөз тіркестерін жазу керек.

- Суреттеңіз;
- Салыстырыңыз;
- Ойға байланыстырыңыз;
- Саралаңыз;
- Қолданыңыз;
- Талқылаңыз немесе қарсы болыңыз.

Мұғалім берілген тақырып бойынша осы үдерісте оқушыларға 3-4 минуттай еркін жаздырады. Әдіс мынандай іс-әрекеттермен жүзеге асады: біріншіден, тақырып беріледі. Содан соң оқушыларды сол тақырып туралы ойлауға және оны суреттеуге бағыттайды, басқаша айтқанда пәнге тақырыпқа еніп, өздерінің түсінгендерін суреттеу керек. Берілген бағыт бойынша, бірақ еркін түрде тақырып туралы оқушылар өз ойын жазуы керек. Бұл іс-әрекет кубик алты жағындағы көмекші сөздерді түгел қамтып біткенге дейін жалғасады.

- *Суреттеңіз:* тақырып бойынша түсінгеніңізді суреттеңіз, түсі, көлемі және т.б.
- *Салыстырыңыз:* Неге ұқсас? Басқалардан қандай айырмашылығы бар?
- *Ойыңызды жүйелеңіз:* Нені еске салады? Ұқсас заттар бар ма, әлде бөлек заттар ма? Ойыңызбен шолып өтіңіз, осы мәселеге байланысты қандай нәрселер бар, біліңіз.
- *Саралаңыз:* қалай жасалғандығын айтыңыз (өзіңіз жасаңыз, соны айтыңыз).
- *Қолданыңыз:* онымен не істеуге болатындығын айтыңыз. Қалай қолданылатынын айтыңыз.
- *Талқылаңыз немесе қарсы пікір, уәж айтыңыз:*

Өз ойыңызда қалуға табандылық жасаңыз. Өзіңіздің дәлеліңізді – логикалық, дұрыс емес немесе дұрыс ой мен бұрыс ойдың ортасынан туындаған бір пікірді айтыңыз. Жазған кезде оқушылар кубтың 6 жағындағы сөйлемдерге жауап беруі керек. Алғашқыда өз көршісімен ой алмасып, өз ойын ортаға салады. Әр адам кубтың 3 жағын таңдап алып, сол туралы жазғанын өз серігіне оқып береді.

Өз ойын ортаға салған кезде, бір ғана мақсат, ол – аса ұтымды талқылап, ой алмасу керек. Бір жұптың біреуі оқып болғаннан соң екіншісі сөйлеп «мадақтайды» және «сұрақ» қояды. Біз, әсіресе, бізге қатысты арнайы ойларды ерекше етіп көрсетіп жауап береміз және оларды «жақсы болды» деп қана айтқызып қоймай, олардың нені ұнатқанын және неге ұнатқанын тыңдап қолдау көрсету керек. Мысалы мынандай сұрақтар арқылы: «Сіздің өз танымыңызды суреттегеніңіз ұнайды, менің оның бұрын сондай екендігін бұрын сонды білген емеспін», немесе «Мен түсінбедім...», немесе «Бұл туралы көбірек білгім келеді».

Топ мүшелеріне суретте, салыстыр және т.б. оқығысы келетіндерге топ алдында өз жазғанын оқуға мүмкіндік беру керек. Жұптың біреуі екіншісін

қолдап «Жарайсың, өз жазғаныңды оқы, сенікі жақсы екен» деп құлшындыру керек. Осы әдісті қанша рет мұғалімдер мен оқушылар қолданса да, идеялар мен пікірлер әртүрлі болады.

Келесі бір тиімді әдіс – «Аялдай отырып оқу». Бұл әдісті көбіне орта буын сыныптарда қолданған тиімді. Әсіресе 45 минут ішінде оқып, мәтін бойынша жұмыс жүргізуге мүмкін болатындай көлемдегі шығармаларды тандап алған жөн. Әдетте орта буын сыныптарда әдеби мәтін үйде оқытылады. Әдебиет пәні бағдарламасына енген прозалық мәтіндер көбіне 2-3 сағат көлемінде оқытылады. Солай бола тұра кейбір прозалық шығармаларды үйде оқығаннан гөрі сыныпта оқытқан тиімді. Себебі мектеп бағдарламасындағы мәтіндердің ішінде тілі жағынан, композициялық құрылымы жағынан күрделі болып, оқушының өздігінен оқығанда мағынасын бірден түсініп, мазмұнды игере алмайтын мәтіндер де бар. Ондай шығармалар қатарына 7-сыныптағы Ғ.Мүсіреповтің «Ананың анасы», Ә.Кекілбаевтың «Шыңырау», М.Әуезовтің «Көксерек» сияқты шығармаларын жатқызуға болады.

«Аялдай отырып оқу» әдісінің тиімділігі оқушыға мәтінді мағыналық бөліктерге бөле отырып оқытып, әр бөлік сынып бойынша оқылғаннан кейін талқылау, мағынаны айқындай түсу тәсілдері жүргізіліп отыратындығында. Сонда мәтінді оқығанда жете түсіне алмайтын оқушылар талқылау кезеңінде шығарма мазмұнын игере түседі. Мәтінді бөліктерге бөлуде мұғалім шығарманың композициялық құрылымын ескерген орынды. Мысалы: Ғ.Мүсіреповтің «Ананың анасы» әңімесін келтірейік: Әңгімені оқиға желісі мен композициялық құрылымына қарай төрт бөлікке бөлген тиімді. Бірінші бөлік шығарманың басынан *«Жылқының денін бөліп әкеттік-ау, деймін. Төңкеріліп айдаптай келеді. Анда-санда енесінің бауырында шұрқыраған құлын-тай қақтығып құлап, қалып та келеді...»* деген тұсқа дейін белгіленіп алынды.

«Бірінші аялдамада» талқылауға бірнеше сұрақ ұсынылады. Бірінші бөлік оқылғаннан кейін сыныпқа мәтін мазмұнын меңгергенін анықтау мақсатында төмендегідей сұрақ-тапсырмалар қойылады:

1.Әңгімені баяндаушылар кімдер?

2.Жалпақ балуан жорыққа қандай мақсатпен аттанды?

3.«Жігіттер, төс айылды бос, артқы айылды аямай тартыңдар...» деген сөздің мәні қандай?

4. «Манадан оты өзегіме өтіп келе жатқан қыз, содан кейін арқама жабысқан көлбақаға ұқсап сұп-суық болып сала берді...» дегенді қалай түсіндіңдер?

Сұрақ бойынша талқылау аяқталған соң оқушылар екінші бөлікті оқуға ойысады. Екінші бөлік: *«...Жылқының жатқан жерінен жарты көш шыққан кезде артымыздан жұлғындай боп қара көрінді. Аққан жұлдыз ба дерсің, көзді ашып-жұмғанша келіп араласып та қалды...»* деп басталып, – *«...Өмірінде әйелден мұндай сөз естімеген әумесер Кейкі былай депті сонда:*

- Әйел еркекке қатындыққа жаралған. Біздің далада одан басқа не бітіреді олар? Қызды сатып алсаң да қатын, тартып алсаң да қатын...

Жігіттер, мына қатынның сөзін қойдырып, өзін де ала жүрейік. Теретін тезек біздің елде де бар! – дейді...» деген тұсқа дейін оқылады.

«Екінші аялдамада» да сұрақ-тапсырмалармен жұмыс жүргізіледі. Мақсат – мәтіннің ішкі мазмұнын терең меңгерту. Оқушының назарынан тыс қалған кейбір детальдарға көңіл аударту.

1. Барымташылардың соңына түскен қуғыншылар кімдер?

2. Екінші қуғыншының іс-әрекетінен не аңғарылады?

3. Әйел неше қолдан өтеді?

4. «Қызды сатып алсаң да қатын, тартып алсаң да қатын...» Әйелдің сол қоғамдағы рөлі қандай?

Үшінші бөлік: «... Манадан ойға көміліп, тұнжырап отырған Жалпақ таудан құлағандай құлап отыр екен...» деген тұстан басталып, «Жалпақтың соңғы сөзін естуі-ақ мұң екен, бірі сары атқа, бірі торы бестіге мініп, екі әйел ойнап шыға берді...» деген сөйлеммен аяқталады.

«Үшінші аялдамада» қойылатын сұрақтар:

1. «Манадан ойға көміліп, тұнжырап отырған Жалпақ таудан құлағандай құлап отыр екен» деген сөздің мәнін аш.

2. «Сені батыр деп жұмсайды да, мені қатын деп жұмсайды: айырмасы осы-ақ» деген сөздің мәнін түсіндір?

3. «Сен көзімнің оқырасын алып, шымылдығын аштың» деген сөздің мәні қандай?

4. Әйелдің портретінен не байқалады?

5. «Түйілген қабағынан, от жанған көзінен жаның шошырлық. Жалынған жоқ, сасқан жоқ, қырық жігітті билеп әкетті».

«Үшінші аялдамада» мәтіннің мазмұны толық дерлік игеріледі. Тек оқиғаның шешімі ғана құпия. Әңгіме шешімінің тосын арнаға бұрылуы оқушы шығарманы дербес оқығанда аңғарылмай, көмескі қалатын кездері болуы себепті әңгіме шешімін алдын-ала сыныптың талқылауына ұсынамыз. Яғни, «шығарма қалай аяқталады деп ойлайсыңдар?», «Өздерің жазушы ретінде шығарманы қалай аяқтар едіңдер?» деген сауал төңірегінде әңгіме-сұхбат жүргіземіз. Сыныптан бірнеше пікір туындауы заңды. Содан кейін ғана жазушының шешімін оқуға төртінші аялдамаға аяқ басамыз.

Әңгіме соңы: «...Бір кезде әйел, сар қасқа атты қалт тоқтатып, артына бұрылып:

- Керей деген ел көрсеңдер, сәлем айт, Жалпақ деген батыр көрсеңдер, сәлем айт! – деді де жөнеле береді. Әйелді аттандырған бойы тұра кеп тұрған Жалпақ балуан гүрс етіп құлап түсті. Біз де сонда ғана есімізді жинаппыз. Айтып-айтып не керек, жылқы да қалып, Жалпақты сүйеп елге әрең жеткіздік, - деді.

- Шіркін, әйелдің де әйелі екен, - деп Жанай балуан ылғи айтатын еді, - деп Әйтілес қарт сақалын тағы бір салалап қоятын еді...»

Төртінші аялдамада оқушылар шығарманың аяқталу тұсынан күтпеген жазушы шешімін оқи отырып, әңгімені басынан тағы бір саралауға көшеді. Бұл үдеріске мұғалім қатыспай-ақ, оқушылар өзді-өзі қызу талқылап кетеді.

«Аялдай отырып оқыту» әдісі арқылы шығарма мазмұнының терең меңгерілетіні бұл әдістің тиімділігін байқатады.

Әңгімені сыныпта оқытудың тиімділігі бірнеше қырынан байқалады. Біріншіден, аталған әңгіменің тілінің күрделілігі, кейбір тұрақты тіркестер мен фразалық оралымдардың көптігі терең қабылдауына біршама қиындық тудырады. Мәселен мәтінде *«іркіт сабасындай іркілген молда», мен саудагерлер Рамазанға соқыр Әйтілес ескі күндердің әңгімесін шертіп отыр; «Тот басқан әңгімені жанып-жанып жаңартып, жалт-жұлт еткізеді»; «Ескі күндерді тымақтай бұлғап, төңкеріп-төңкеріп алады», «Жігіттер, төс айылды бос, артқы айылды аямай тартыңдар...», «Манадан оты өзегіме өтіп келе жатқан қыз, содан кейін арқама жабысқан көлбақаға ұқсап сұп-суық болып сала берді...», «Шолпан маңдайға келіп, үркер жамбасқа таянғанда»* т.б. арнайы тоқталып анықтайтын сөз қолданыстары молынан ұшырасады. «Аялдай отырып оқыту» әдісі бойынша мәтіндегі осындай күрделі сөз оралымдары мен тіркестердің мән-мағынасы анықталады.

Екіншіден, әңгіменің композициялық құрылымы да көп қабатты болып келеді. Себебі шығарманың ішінде бірнеше уақыт кеңістігі байқалады. Әңгімешінің шегініс жасауы, келесі бір кейіпкердің бастан кешкенін әңгімелеуі, баяндауы кездеседі. Оқырманның оқиға желісін, ішкі құрылымының аражігін дұрыс анықтауы үшін де аялдай отырып оқу арқылы жүргізілетін сұрақ-тапсырмалардың көмегі мол.

Үшіншіден, шығарманың тұтас композициялық құрылымына талдау, шығарма мазмұнын терең меңгеріп, келесі сағаттарда образдық талдаулар жүргізу үшін көмектеседі.

Тұжырымдай айтқанда, «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» жобасының әдебиетті оқытуда тиімділігі мол. Білім алудың басты тетіктерінің бірі оқу мен жазу екендігі белгілі. Әдебиетті оқыту да оқу мен жазу әрекеттерімен тығыз байланысты. «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» білім қабылдаудың осы екі ізденіс көзін топтық іс-әрекеттер негізінде даму бағытына ұштастыруды көздейді. Тұлғаның өзіндік ойлауы мен шығармашылық мүмкіндіктеріне үлкен жол ашады.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» жобасы әсіресе қазақ әдебиетін оқытуда тиімді технология ретінде мол мүмкіндіктерге жол ашады. Әдебиет пәнінің өнер пәні ретіндегі табиғаты ерекше. Оқушылардың өзіндік пікірі мен көзқарасын қалыптастыруда адам танымы мен талғамын қалыптастыруда үлкен рөл атқаратын пән. Әдебиет пәнін оқытудың басты міндеттерінің бірі – мәтінді оқыту, таныту, шығармашылық жұмыстар ұйымдастыруда «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» жобасының құрылымы, әдіс-тәсілдер кешені әдебиетті терең меңгертуге тиімді. Шәкірттердің әдебиет пәніне деген қызығушылығын арттырады, тұлғаның өзін дамытуына, ішкі шығармашылық қуатын еркін падалануына, терең білім алуына жағдай жасайды. Бұл жоба білім берудің жаңа философиясына, жүйесіне сәйкес келеді.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» жобасы арқылы білім беру ұғымының өзіндік көзқарасы ауқымы кеңейе түседі.

«Сын тұрғысынан ойлау» деген сөздің өзі кең, ойлау, ауқымды ойлау т.б. жалпы алғанда оқушының ой-өрісін дамытатын әрекеттер құрылымы екендігін түсіндіреді.

1. Оқушылармен жұмыс істеуде ұстазды жаңа деңгейге биіктетеді;

2. Оқушының ой белсенділігін артыру ұғымын кеңейтеді. Барлық оқу іс-әрекеттерін тиімді арнаға бағыттайды;

3. Бүгінгі білім беру жүйесінде оқушының оқу мен жазу арқылы дамуына жол ашады;

4. Оқушыларды шығармашылыққа бағыттау барлық сабақтарда, үздіксіз жүргізілетін міндеттер екендігін айқындайды.

5. Оқушыларды үздіксіз білім алуға бағыттау жолдарын танытады т.б. оқу үдерісінің тиімді жолдарын нұсқайды.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Білім беру жүйесіндегі қандай жаңа технологиялар қолданылып жүр?
2. Әдебиет пәнінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану үшін қандай оқу ұсытанымдарын ескерген орынды;
3. Педагогикалық технологиялар жөніндегі анықтамалардың методологиялық картасын түзіңіз;
4. Оқытудың жаңа технологияларының философиялық негізін түсіндіріңіз;
5. Әдебиет пәнінде сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдаланудың тиімділігін дәлелдеңіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Жұмажанова Т.Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А., Білім, 2009. -287 б.
2. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А., Рауан, 1997 -283 б.

Қосымша:

2. Мирсеитова С., Іргебаева Ә. Әрекеттегі RWCT философиясы мен әдістері.- Алматы: Атамұра, 2004.
1. Әлімов А., Мирсеитова С. Мектеп және жоғары оқу орындары: ой қозғағыштар, ізденістер, табыстар.- Алматы: Верена, 2005.
2. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану.- Алматы: Жедел басу баспаханасы, 2009.
3. Жанпейісова М.М. Модульді оқыту технологиясы оқышыны дамыта оқыту құралы ретінде. Алматы, 2002. -180 б.
4. Бабанский Ю.К. Оптимизация процесса обучения. – Москва, 1977.
5. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. Москва, 1995.
6. Давыдов В.В. Теория развивающего обучения. Москва. 1996.
7. Кларин М.В. Инновации в мировой педагогике. Рига, 1995.
8. Кларин М.В. Педагогическая технология. Москва, 1989.

ІІІ БӨЛІМ

МЕКТЕПТЕГІ ӘДЕБИЕТ КУРСЫНЫҢ НЕГІЗІ – КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ОҚЫТУ

ІІІ. 1. КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ОҚЫП-ҮЙРЕНУ

1.Әдеби жанр ұғымын қалыптастырудың дидактикалық мақсат, міндеттері.
2.Әдебиеттің тектері мен түрлері, оның мектептегі әдеби білім мазмұнына қатысы.

3.Жалпы білім беретін мектептердегі әдеби-теориялық білім мазмұны.

4.Әдеби-теориялық білімнің сыныптар бойынша жіктелісі.

5.Жылпы білім беретін қазақ мектептерінде жыр жанрын оқыту.

Әдеби жанр ұғымын қалыптастырудың дидактикалық мақсат, міндеттері. Жалпы білім беретін мектептерде әдебиетті оқытудың ең маңызды мәселелерінің бірі – көркем туындының тегі мен жанрлық ерекшелігін таныта оқыту. Әдебиеттану саласындағы зерттеулердің біразында көркем шығарманың эстетикалық қызметін таныту мәселесін мейлінше жетілдіру қажеттілігі көтерілген.

Әдебиетті оқыту әдістемесінде әдебиетті жанрлық ерекшеліктеріне қатысты оқыту мәселесі жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Себебі мектепте әдеби-теориялық білім қалыптастыру мәселесі арнайы зерттеу нысанына алынбаған. Дегенмен әдіскер-ғалымдар тарапынан аталған мәселе әдістемелік еңбектерде сөз етіледі. Ә.Қоңыратбаев «Жоғары кластарда оқушылардың әдеби-теориялық ұғымдарын қалыптастыру» жөнінде жазған.¹ Шығарманың көркем компоненттерін таныту мәселесінен әдістемелік нұсқаулық жазған әдіскер – Т.Ақшولاқов.² Әдіскердің еңбегінде мектеп оқулығында қамтылған поэзиялық, прозалық шығармаларға талдау жасалған. Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту – жазушы стилін таныту мәселелері қарастырылған. Ал Қ.Мырзағалиев әдебиеттік оқу сыныптарында әдеби-теориялық ұғымдарды оқытуға қатысты мұғалімдерге әдістемелік көмекші құрал жазды.³ Әдіскер орта буын сыныптарда шығарманың композициясы мен сюжетін, жанр түрлерін таныту, көркем бейнелеуші сөздер туралы ұғымды қалыптастыру жолдарын сол тұстағы мектептегі әдеби білім мазмұнына, бағдарламада ұсынылған шығармалар мысалында талдайды. Одан беріде мектеп бағдарламасы әлденеше өзгеріп, әдеби-теориялық білім мазмұны да толығымен түскені белгілі. Бүгінгі мектеп бағдарламаларында қамтылған әдеби білім мен оқу материалдары бойынша

¹ Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы А., Мектеп, 1966. -94.

² Ақшولاқов Т. Шығарманың көркем ашықтарын таныту. А., Рауан, 1998. - 283 б.

³ Мырзағалиев. Қ. Әдебиет сабағында әдеби-теориялық ұғымдарды оқыту. А., Мектеп, 1973. -115 б.

әдеби-теориялық білім мазмұнын игерту жолдарын қарастыру әдебиетті оқыту әдістемесі саласындағы өзекті мәселенің бірі.

Шығарманың көркемдік қуатын тану, одан эстетикалық ләззат алу белгілі бір дәрежеде оқушының әдеби теориялық біліміне, шығарманың тегі мен түрін тани білу қабілетіне де қатысты екендігі даусыз. Жалпы білім беретін мектептердің алдына оқушыларды бәсекеге қабілетті тұлға етумен қатар, оларды құзыретті азамат болуға бейімдеу талабы бар. Оған қол жеткізуде әдеби туындыны талдап-оқытудың бала өміріне тигізетін пайдасы мен баға жетпес маңызын зерттеуші ғалымдар, әдіскерлер өз еңбектерінде жан-жақты дәлелдеген. Бүгінгі таңдағы білім беру саласының басты міндеті – оқытудың сапасын арттыру, сабақтың тиімділігін көтеру. Осы ретте орта мектепте көркем шығарманы оқыту арқылы әдеби-теориялық білім берудің әдістемелік жолдарын, оқытудың дәстүрлі әдістері мен тәсілдері, жаңа технологияларды ұтымды пайдалану жақсы нәтиже беретіндігі айқын.

Орта мектепте көркем шығарманы түр мен мазмұн бірлігінде оқытудың тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі шарттар, оқушылардың әдеби-теориялық білімі мен сол білімді іс жүзінде қолдана білу білігі мен дағдыларын қалыптастыру аса маңызды. Көркем туындыны оқытуды тұтастықта жүргізу, әрбір көркем бейнені шығарманың бүкіл кейіпкерлер жүйесімен, қоршаған ортамен, қоғаммен, жазушы ойы, авторлық ұстаныммен байланыстыра, шығарманың идеялық-саяси бағытымен қабыстыра қарастыру білім алудың нәтижесін қамтамасыз етеді.

Мектепте әдебиет теориясынан мәлімет беруде көзделетін мақсат пен кезекте тұрған міндет – оқушының әдеби-теориялық мәселелер жайындағы ұғымдарын қалыптастырып, соның нәтижесінде оларға әдебиеттану ғылымының негізінен білім беру. Бұл міндетті тек жалаң әдебиет теориясын оқыту мен орындап шығу мүмкін емес. Демек, әдеби-теориялық мәселелер көркем әдебиетті, соның ішінде әдеби шығармаларды оқып үйрену негізінде жүзеге асады. Нәтижесінде әдеби білім мен тәрбиелік үдеріс бірінен-бірі ажырамай, окшауланбай өзара жымдасып бір тұтас жүйемен жүргізіліп отырады. Мұның өзі әдебиет теориясы мектепте дербес пән ретінде оқылмай, бағдарламада қамтылған оқу материалы негізінде жүргізіледі. Әрине, кейбір күрделірек әдеби-теориялық ұғымдар кейде, өтілген және өтіліп отырған әдеби материалдың негізінде өз алдына дербес сабақ ретінде оқылуы да мүмкін. Бұдан әдебиет теориясын оқытудың негізгі принципіне келетін зиян жоқ, қайта оқушылардың оқу материалдарын толық түсінуіне жағдай туғызады.

Негізінде мектеп бағдарламасында әдеби жанрдың барлық түрі дерлік оқытылады. Әйтсе де, бүгінде мектеп практикасында әдеби-теориялық білім жеңілдетіліп беріліп жүр. Оның бір себебі мектептегі әдеби білімнің мақсат-міндеттерін жете түсінбеуден туындайды. Мәселен, жалпы білім стандарты мен оқу бағдарламасында¹ орта білім деңгейінің өзінде «...оқылған

¹ Қазақ әдебиеті пәні бойынша қазақ мектептеріне арналған бағдарлама. V – IX, X – XI сыныптар, - А., 2013.


шығарманың ой қазығы, сюжеті, композициясы, жанрлық сипаты, кейіпкерлері, ондағы халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер көрінісі, табиғат суреті шығармадағы адамгершілік мәселелер, сөз қолданыстар зерделеніп, оқушыны қызықтыратын оқиғалар жайлы пікір алмасуға кең орын беріледі» делінген.

«Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің міндеттері ретінде де «оқушыларға төл әдебиеттің ұлттық сипатын, ондағы халықтың әдет-ғұрып, салт-санасының көрінісін, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, көркем туындының идеялық-адамгершілік мәнін түсіндіру; көркем шығармадағы мазмұн мен форма тұтастығын, тарихи-әдеби мәліметтердің негізін және әдебиет теориясын меңгерту; әдеби-теориялық білімін сауатты қолдана алу, ауызша және жазбаша тілін дамыту»¹ деген мәселелер қойылған.

Әдебиеттің тарихи курсы жаратылыстану бағыты мен гуманитарлық бағытқа жіктелуіне байланысты базалық деңгейдің 10-11 сыныптарына арналған оқу бағдарламасында «қазақ әдебиеті туралы жалпы ұғымдары бар, оқырмандық мәдениетінің негіздері қалыптасқан, көркем туындыны рационалды және эмоционалды меңгере алатын, *әдеби теориялық білім – дағдыларын* қолдана білетін оқушыларға арналып жасалынды» деп арнайы ескерте ұсынады. Бағдарламада көрсетілгеніндей әдеби-теориялық білім мазмұнының негізі орта буын сыныптарға қалыптасатыны, әдеби-теориялық білім беру салмағы 5-9 сыныптарға түсетіні аңғарылады. Ал жоғары 10-11 сыныптарда «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің білім мазмұнына: әдебиеттің теориялық мәселелері, құрамдас бөліктері, әдеби ағымдар мен бағыттар, әдеби көркем шығармаларды тұтас талдау жүйесі, әдеби шығарма және болмыс, ұлттық мәдениет, әдебиет және ұлттық рух, әдебиет және ғаламның шындық бейнесі, әдебиеттің өзге ғылымдармен байланысы, қазіргі әдебиеттегі заманауи мәселелер, әдеби оқырмандық мәдениет, сөз өнері және шығармашылық даму, көркем шығарманың стильдік ерекшеліктері өзек етіліп, әдебиет туралы біртұтас ұғым қалыптастыру көзделген.

Әдебиеттің тектері мен түрлері, оның мектептегі әдеби білім мазмұнына қатысы. Әдебиеттану ғылымында әдебиеттің тектері мен түрлері туралы қалыптасқан, орныққан ұғым бар. Әдетте көркем шығарма үш үлкен текке жіктеледі. Олар: эпикалық тек, лирикалық шығарма тегі, драмалық тек. Эпикалық тектер көркем қара сөзбен де, өлеңмен де жазылады. Эпикалық немесе эпостың түрлеріне: миф, аңыз, ертегі, мысал, очерк, новелла, әңгіме, дастандар, батырлар жыры, лиро-эпостық жырлар, баллада, поэма, повесть, роман, роман-эпопея жатады.

¹ Қазақ әдебиеті пәні бойынша қазақ мектептеріне арналған бағдарлама. V – IX, X – XI сыныптар, - А., 2013.



Қазақ әдебиетінде лирикалық тектің жанрларын атауда бірізділік сақталмаған. Көне грек дәуірінен басталып, Еуропа әдебиетінде қалыптасқан ода, элегия, романс, сонет, мадригал, дифирамб, дума, нозль, кантата, канциона, эпиграмма, т.б. сияқты жанрлық атаулармен қоса шығыс әдебиетіндегі өлеңмен жазылатын қасида, ғазал, рубаи, маснауи, қита, муфрэд, т.б. атаулар да ішінара қазақ поэзиясында кездеседі. Бұл құбылыстың бір себебі, шығыс әдебиеті мен батыс әдебиетінің төл әдебиеттегі сабақтастығы мен ықпалына байланысты десек, екінші бір себебін қазақ әдебиетінде осы жанрлардың әрқилы дамуынан іздеуге болады. Ода немесе қасида делінген мадақ жырлары жыраулар поэзиясынан белгілі. Оның жарқын дәлелі – әйгілі Қазтуған жыраудың «Мадақ» жыры. Оқушылар шағын көлемді мадақ өлеңдерін төменгі сыныптан бастап, кейін Қазтуған жыраудың «Мадақ» жырымен 8 сыныпта, кейін басқа авторлар шығармашылығында да танысады.

Элегия, романс, эпиграмма, сатиралық өлеңдер, төрттағандар, ғазал өлеңдер атаулары қазақ әдебиетінде де жиі ұшырасады. Қазақ поэзиясында

хандық дәуір әдебиетінен қалыптасқан жанрлардың төл атаулары: арнау, толғау өлеңдері, кейінірек ән, әзіл т.б. өлеңдер көп. Көбіне қазақ әдебиетінде лирикалық тектің жанрлық атауларынан гөрі, шығарманың көтерген тақырыбын меже ету, лирикалық шығарманың мазмұнын айқындау мақсаты басым келеді. З.Қабдолов: «Лириканы тақырыбына қарай топтап талдау оны жазған ақынның творчестволық бітімін пайымдау үшін айрықша мәні бар нәрсе: әр түрінен ақынның әр қырын тануға болады»¹, -деген пікір білдіреді. Мектеп бағдарламасында табиғат лирикасы, көңіл-күй лирикасы, саяси-әлеуметтік лирика т.б деп бөлу басымдығы, оны оқытуда да осы бөлінісіне сүйену әдебиеттану ғылымындағы ой-пікірлерге де қатысты болса керек.

Ал драмалық шығармалар мектеп бағдарламасында өте аз қамтылған. Орта буында бір ғана шығарма Ш.Мұртазаның «Бесеудің хаты» (8-сыныпта) драмалық шығармасы, әдебиеттің тарихи курсы қамтитын 10-11 сыныптарда монографиялы оқылатын қаламгерлер шығармашылығы ауқымында ғана қарастырылады.

Мектеп бағдарламасында әдеби жанрдың барлық түрі оқытылады. 5-сыныпта эпостық шығармалардан басталып, орта және жоғары сыныптарда лирикалық, драмалық шығармалар беріледі. Оқушылар мектеп қабырғасында жанр туралы мағлұмат алып, эпикалық, лирикалық және драмалық шығармаларды оқып талдайды. Әдеби жанр түрлерін оқыту арқылы оқушылардың білім деңгейін арттырып, шығарманың көркем қырларын таныту, талғамын қалыптастыру мақсаты көзделеді.

Әдеби теориялық ұғымдарды қалыптастырудың маңызды саласы – жанр түрлерін таныту. Ортаңғы сыныптардың бағдарламалық материалы әр жанрлы ауыз әдебиеті түрлерінен, жеке авторлар шығармаларынан тұрады. Мұғалім көркем мәтіндердің тақырыбы мен кейіпкерлерін, идеялық мазмұнын талдап қана қоймайды. Сол мәтіннің түрін де атап, қай жанрға жататынын, сол жанрдың өзіндік ерекшелігін таныстырып отырады. Жанрлық ерекшелік деген – көркем мәтіннің өзге шығармалардан өзін айырып, танытатын ерекшелік. Ол – тақырыбы мен идеялық мазмұны жағынан ғана емес, өзіндік табиғатынан, баяндалу, бейнелену түрінен де шығарманың образы, композициясы, тілі, көлемі жағынан да танылады.

Әдебиетті оқытудағы методикалық жұмыс түрлері көркем мәтіннің жанрлық ерекшелігіне де байланысты өзгеріп, алмасып отырады. Жанр табиғаты сабақта қандай әдіс-амалдар қолдануды күні бұрын айқындауды керек етеді.

Оқушылардың әдебиет теориясынан алатын білім көлемі әр сыныптың бағдарламасында мөлшерлі түрде көрсетілген және оқулық-хрестоматиясына енгізілген. Алайда бұл мәселе әлі тиянақты шешілмей келеді.

5-7 сынып бағдарламасында әдебиет теориясынан берілетін білім жиынтығын мөлшерлеп белгілегенде, алдымен оқушылардың жас ерекшелігі, білім көлемі, әр сыныпта өтілетін әдеби материалдық ерекшеліктері ескеріледі.

¹ Қабдолов З. Сөз өнері, А., Жазушы 1985. -271 б.

Жалпы білім беретін мектептердегі әдеби-теориялық білім мазмұны. Егер де әдебиет теориясынан қазіргі қолданып жүрген әдебиет бағдарламасында келтірілген білім жиынтығын талдап қарағанда, онда көркем әдебиет, әдеби шығарма, әдеби үдеріс туралы білімнің әрқайсысынан мағлұмат берілген. Бұл әдеби-теориялық мағлұматтарды әр сала бойынша әр сыныпқа мөлшерлеп бөлгенде, төмендегідей 6 жүйемен жүргізіледі:

Біріншіден, ауыз әдебиет пен жазба әдебиетінің ерекшеліктері қарастырылады. Әуелі әдебиеттің өнердің бір саласы және оқу пәні ретінде сипатынан басталып, халық ауыз әдебиеті туралы түсінік 5,6 сыныптан бастап беріле бастайды. Халық ауыз әдебиетінің түрлері: тұрмыс-салт жырлары, олардың түрлері, ерекшелігі; жан-жануарларға және наурызға байланысты жырлар; мақал-мәтелдер, мақал-мәтелдердің ерекшеліктерін аңарту; жұмбақтар; ертегілер, оның жанрлық ерекшелігі; әдеби ертегілер, олардың халық ертегілерінен айырмашылығы аңыз-әңгімелер, шешендік сөздер; әпсаналар (діни мифтік әңгімелер) батырлар жыры, лиро-эпостық жырлар, айтыс туралы ұғым түсінік 5-сыныптан басталып, 9-сыныпта кеңейтіле оқытылады.

Екіншіден, әдеби жанр туралы білім қалыптастыру көзделеді. Әдебиеттің тегі мен жанрлары: *лирикалық жанр бойынша:* өлең тілі туралы мәлімет, өлең пафосы, өлең ұйқасы; лирикалық қаһарман туралы түсініктерін дамыту; философиялық лирика туралы, азаматтық лирика туралы ұғымды кеңейту, лиризм, ақындық тіл; әдебиеттегі сопылық поэзия; жыр жанры туралы түсінік; жыр, толғау, терме, жыршы ұғымдары; тұрмыс-салт өлеңдерінің жанрлық ерекшеліктері.

эпикалық тек бойынша: мысал өлеңдер, мысал өлеңдердің ерекшелігі туралы; мысал жанры туралы ұғымды кеңейту, әңгіме жанры, әңгіме туралы ұғымды кеңейту; батырлар жыры туралы түсінік; лиро-эпостық жырлар туралы түсінік; ертегілердің жанрлық ерекшелігі; аңыз туралы; миф туралы; баллада туралы ұғым; хикаят туралы, хикаят туралы ұғымды кеңейту; серкесөз туралы ұғым; поэма туралы ұғымды тереңдету, тарихи поэма туралы ұғымды тереңдету; повесть туралы; деректі шығармалар туралы алғашқы түсінік; фантастикалық шығармалардың табиғаты туралы алғашқы ұғым; тарихи роман; роман туралы ұғымды тереңдету; роман-эпопея туралы ұғым т.б.

Драмалық тек бойынша: драмалық шығармалар туралы, драмалық тартыс туралы, трагедиялық образ туралы алғашқы қарапайым түсінік қалыптастыру көзделген.

Үшіншіден, өлең сөз және қазақ өлең құрылысы туралы ұғым қалыптастырылады. Өлең құрылысы: өлеңдегі буын, бунақ, тармақ, шумақ, өлең ұйқасы; кара өлең ұйқасы туралы білім беріледі.

Төртіншіден, шығарманың құрамды элементтері (көркемдік компоненттері туралы), троп пен фигураның түрлерін таныту мақсат етіледі: а) шығарманың көркемдегіш құралдары: метафора туралы ұғым, метафоралық шендестірулер; эпитет, тенеу туралы ұғымдар; кейіптеу туралы; гипербола туралы ұғым, антитеза, аллегория; құбылту, дыбыс қайталау (ассонанс, аллитерация). ә) образ, образдылық ұғымы: типтік образ; романти-

калық образ; кейіпкер туралы; лирикалық кейіпкер, кейіпкерге мінездеме; типтік бейне, портрет туралы ұғымды дамыту т.б. қамтылады.

Бесіншіден, шығарманың тіл көркемдігі мен сөйлем, стиль ерекшеліктері туралы ұғым беріледі: шығарманың тілі, портреттік, мінеземелік суреттер; шығармадағы суреттеу, баяндау, мінездеу, сипаттау тәсілдері, портреттік суреттеу, психологиялық параллелизм, пейзаж, риторикалық сұраулы сөйлем; ирония, сатира туралы ұғым, ішкі монолог. т.б. қарастырылады.

Алтыншыдан, көркем шығарма ерекшелігі, шығарманың сюжеті мен композициялық құрылысын таныту көзделеді: шығармадағы суреттеу, баяндау, сипаттау түрлері; көркем шығарманың тақырыбы мен идеясы; шығарма құрылысы, сюжет туралы, шығарма композициясы; көркем шығарма және тарихи дерек, көркем шығармадағы характер мен ортаның, жағдайдың өзара байланысы; әдебиеттің өмірмен, тарихпен байланысы; мотив; өмір және көркемдік шындық; сыншыл реализм т.б. мәселелер қарастырылады.

Байқап отырғанымыздай, жалпы білім беретін мектептердің 5-11 сыныптарында қамтылатын әдеби-теориялық білім мазмұны осы. Әдеби білім қалыптастыруға мүмкіндік мол, әдеби-теориялық ұғымдар еркін қамтылғанын байқауға болады. Әдеби білім мазмұны сыныптар бойынша жіктеліп, әдеби материалмен сабақтастырыла берілген.

Әдеби-теориялық білімнің сыныптар бойынша жіктелісі. Шығарма және ақын, жазушы туралы 5-сыныпта жазба әдеби шығармамен қатар қазақтың халықтық ауыз әдебиетінің нұсқалары да өтіледі (мақал-мәтел, жұмбақ, ертегі, айтыс үлгілері). Осыларды оқып үйренумен байланысты халықтың ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің арасында қандай түбегейлі айырмашылық барлығын айыра білуге алғашқы бақылаулар жасалады. Ал ақын-жазушылардың шығармаларын өткенде, олардың идеялық мағынасын аңғара білуге баулиды.

6-сыныпта оқушылардың бұл жөніндегі алған ұғымдары кеңейтіледі, шығармадағы суреттелетін кейіпкерге авторлық қарым-қатынаты аңғарту көзделеді. Сонымен бірге, олардың өмір-тіршілік жағдайына автордың көзқарасы қандай екеніне бақылау жасалады. Сондай-ақ әдеби шығарманың жарық көруіне негіз болған тарихи фактілерді де түсіне білуге үйренеді.

7-сыныпта ақын, жазушылардың өмірбаяны. Оның дүниетанымы, көзқарасы туралы ұғым беріледі. Өмір шындығы юморлық және сатиралық тәсілмен қалай суреттелетінін аңғарады. Оқушылардың көркем әдебиет, әдеби шығарма және ақын, жазушы жоғарыда өткен сыныптарда алған білім, дағдылары дамытылып тереңдей түседі, жинақталып тұжырымдалады. Мысалы, бұл сыныпта оқушылар көркем әдебиет сөз өнері екені, онда өмір құбылысын көркемдеп суреттеудің шыншылдығы, типтілігі, әдебиеттің халықтығы, идеялылығы сияқты мәселелермен танысады. Әдебиеттегі жағымды образ туралы ұғым алып, жазушының шығармасында қолданылатын ирония мен сарказм сияқты көркемдік тәсілдерін байқап біледі.

Оқушыларға әдебиет теориясынан берілетін білімнің 2 саласына көркем шығарманың құрамды элементтері жатады. 5-сыныпта лайықты әдеби шығарманы оқып үйрену негізінде оқушылар баяндау мен суреттеу туралы жалпы ұғым алады; шығармадағы кейіпкерлер мен оқиғаларды тауып ажырата білуге үйренеді.

6-сыныпта оқушылардың суреттеу туралы ұғымдары кеңейтіліп, портрет, пейзаж, авторлық мінездеу туралы түсінік беріледі. Баяндау мен суреттеудің үстіне диалогпен танысып, оның шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқын ашудың бір құралы, тетігі екендігін таниды.

7-сыныпта бұлармен қатар лирикалық монологтың белгісіне бақылау жүргізіледі. Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясы туралы, зат-жағдай бейнеленген суреттеу туралы ұғым беріледі. Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясы туралы ұғым қалыптасады. 7-сыныпта көркем шығарманың құрамды элементтері жөнінде ұғым қалыптасады.

Келесі сала – шығарманың сюжеті мен композициялық құрылымына байланысты мәселелер. Бұлар да жоғарыда айтылған шығарманың құрамды элементіне жатады. Бірақ композиция мен сюжет шығарманы талдаудағы күнделікті мәселелердің қатарына жататындығын, оқушылардың бұл жөніндегі ұғымдарын бірте-бірте сатылап қалыптастыру жолы айқын көрінуі үшін, өз алдына жеке алып қарастырылады. Мысалы 5-сынып оқушыларына шығарманың композициясы деген термин айтылмайды, яғни қолданылмайды. Оқушы шығарманың композициялық құрылысын оның жай және күрделі жоспарын тізу арқылы танысады. Осының нәтижесінде шығармаға тұтастық сипат беріп тұрған негізгі бөлімнің арасындағы байланысын айырып біледі. Ол үшін бағдарламадағы өлең сөз түріндегі және прозалық шығарма таңдап алынады. Мектеп тәжірибесінде көбіне прозалық шығармалардың композициялық құрылымы қарастырылып жүр. Ал, лирикалық шығарманың ішкі бөліктерін шумақтар арқылы ажырту жиірек ұшырасады. Айта кетерлік мәселе, композициялық құрылым барлық шығармаларға табиғи, тән дүние. Сондықтан мектеп қабырғасынан-ақ шығарманың композициялық құрылымын ажыратып білген жөн.

6-сыныпта шығарманың композициялық құрылысына байланысты ұғым кеңейтіле түседі. Шығарманың құрылысымен танысу барысында, ондағы табиғат суретінен (пейзаждың) және басқа да көркемдік композицияның (элементтерінің) қандай рөл атқарып тұрғанын айырып біледі. Өйткені шығармадағы оқиғаға кейіпкердің күйініш-сүйінішіне байланысты пейзаждың атқаратын рөлі алуан түрлі және ол шығармалардың идеялық-тақырыптық мазмұнына бағынышты болады, яғни соған лайықты болып келеді. Сондай-ақ оқушылар шығарманың қорытынды бөлімі композицияның құрамында қандай рөл атқарып тұрғанымен де танысады. Қорытынды бөлімге баяндау түрінде жазылған көлемді шығармада кейде эпилог, драмалық шығармада немесе спектакльде апофеоз, яғни пьесаның соңғы суреті жатады. Мұндай сурет оқиғаның салтанатты түрде аяқталатын мадақтау, оның қаһармандарын мақтаумен аяқталады. Лирикалық өлеңдерде ойдың түйіні көбіне соңына беріледі. Алайда өзгеше келетін құрылымды өлеңдер де бар.

Мысалы, «Шығамын тірі болсам адам болып» өлеңінде негізгі ой мен соңғы байлам алғашқы тармақта берілген.

Мысал өлеңдерде бұған қорытылған түйінді пікір, ақыл-өсиет сөз жатады. Абайдың «Есек пен бұлбұл» мысал өлеңіндегі:

Демеймін мені мақтасын,

Я жақсын, я жақпасын.

Сонда да мұндай сыншыдан

Құдайым бізді сақтасын¹, – деген соңғы сөз, авторлық қорытынды ой көрінеді. Кейде шығарманың қорытынды бөлімінің рөлін қайталаудың бір түрі эпифора да атқарады. Мұндай өлең тармақтарының соңында ылғи бір сөз қайталанады. Бұл көркемдік тәсіл поэтикалық тілдің әуезділігін, өрнектілігін күшейту мақсатында қолданады.

5-7 сыныптарда пейзаждың бірнеше түрі кездеседі. Оқушылар Абайдың пейзаждық өлеңдерімен танысады. Солардың ішінде лирикалық пейзажға тоқталайық.

Ы.Алтынсариннің «Өзен» деген өлеңі лирикалық пейзажға жатады. «Өзен» өлеңінде таудан аққан өзеннің көрінісі, ағысы, тоғай, көк шалғын шөп т.б. мал шаруашылығымен кәсіп еткен көшпелі елдің өмір тіршілігінде өзеннің қандай пайдасы, маңызы барлығын көрсету болса, екіншіден, ақынның туған өлкесінің табиғатын жылы леппен сүйсіне жырлаған сезімін, көңіл-күйін білдіреді.

Оқушылар әдебиеттік шығармадағы пейзаж, затты, жағдайды суреттеу сияқты компоненттерді шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнын айқындауда, ұғынуда да маңызды рөл атқаратынын түсінуі қажет.

Сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастар жаңа қағидаларға негізделеді, ол нәтижелі тәлім-тәрбие алуға, азаматтыққа, отансүйгіштікке, зиялылыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға, өзінің және қоғамның, болашақ ұрпақтың алдындағы әлеуметтік, табиғи және мәдени ортадағы өз іс-әрекетіне жауапкершілігін сезінуге, гуманистік дүниетанымды қалыптастыруға бағытталады. Бұл – қоғамымыздың қазіргі кезеңдегі басты талабы.

Мектепте әдебиет теориясынан берілетін білім мазмұны сыныптардағы көркем шығарма мазмұнымен қабысып жатады. Оны жалпы білім беретін мектептерге арналған әдебиет оқу бағдарламасынан да көруге болады. Бағдарламада қамтылған әр тақырып бойынша әдебиет теориясынан берілетін білім арнайы көрсетілген. Мысалға 5 сыныпқа арналған бағдарламадағы бір тақырыпты алайық:

«Сұлтанмахмұт Торайғыров. «Шілде». (1 сағат).

«Шілде» өлеңіндегі жеке көрініс суреттері. Ақынның табиғаты жандандыра, адамиландыра суреттеулерінің Абай өлеңдеріне ұқсастығы. Өлең тіліне байқаулар жасау.

¹ Абай. Шығармаларының толық жинағы 2 том. А., Жазушы, 67 б.

Әдебиет теориясы: Кейіптеу туралы»¹. Бағдарламада көрсетілгеніндей осы тақырып аясында өлең тіліне назар аударту, кейіптеу ұғымын қалыптастыру міндеттелген.

Әр сынып бойынша оқылатын көркем шығармалардың оқушы ұғымында терең із қалдыруы әдебиет теориясынан қалыптастырылатын білім мазмұнына да қатысты. Әдебиет пәні адамтану құралы ретінде оқушының дүниетанымын қалыптастырып, өзіндік пікірі мен танымын молайтуға зор үлес қосады. Сонымен қатар әдебиет өнер пәні ретінде оқушының эстетикалық танымы мен талғамын қалыптастырады, сезімін тәрбиелейді. Осы міндетті жүзеге асыруда әдебиет пәнінің иек артар бірден-бір көмекшісі — әдебиет теориясынан берілетін әдеби жанр ерекшелігін таныту.

Жылпы білім беретін қазақ мектептерінде жыр жанрын оқыту.

Жалпы білім беретін мектептердің әдебиет пәні бағдарламасында қамтылған әдеби жанрлардың бірі – жыр. Жыр (көне түркі тілінде - иыр) кең мағынада, поэзиялық шығармалардың жалпы атауы. Көне түркі тіліндегі «иырә сөзі де қазіргі «поэзия» терминінің мағынасында қолданылған. Бұл атау дәл осы мағынада қазіргі қарақалпақ, қырғыз, ноғай, татар, қарашай, башқұрт, тағы басқа түркі тілдерінде әлі күнге дейін қолданылады.

Кез-келген жанрдың туып қалыптасуына уақыт керек. Сонымен қатар әдеби жанрдың халық арасындағы өміршеңдігі сол халықтың әлеуметтік жағдайы мен этникалық ерекшелігіне, тұрмыс жайына икемді келіп, сол халықтың рухани дүниесіне біте қайнасып кету қасиетті де себепкер болады. Жыр қазақ халқының жанына жақын жанр. Поэтикалық тіл мен табиғаты әнге жақын қазақтай халық дүние есігін ашқаннан бастап жырмен жетілген. Бесік жыры, әңгіме-жырлар, әдет-ғұрып жырлары: ау-жар, беташар, тойбастар, жоқтау т.б. өлең-жырлар халық өмірінің туғаннан жер қойнына енгенге дейінгі бар ғұмырындағы рухани серігі. Ел батырын мадақтаса батырлар жырын жырлап, махаббатты дәріптесе ғашықтық жырлардан азық алған өткен кезеңде жыр жанрын өзінің айнымас серігі еткені де жанрдың халық жадына жайлылығы мен қажеттілігінен туындаса керек.

Жырдың қазақ халқындағы жанрлық табиғанын тарата айтар болсақ, ол – қазақ халық поэзиясындағы 7 - 8 буынды өлең өлшемі, поэзиялық шығарма. Қазақ ауыз әдебиетіндегі батырлар жыры, лиро-эпостық жырлар, тарихи жырлар, жыраулар поэзиясы, толғаулар, термелер, т.б. түгелдерлік поэзияның осы өлшемдегі үлгісіне құрылған. Қазақ жазба поэзиясында жыр үлгісі кеңінен қолданылады. Өлең өлшемінде жыр үлгісі қара өлеңмен қатар жарыса жүреді. Жыраулар поэзиясынан бастап қазіргі ақындар шығармаларында жыр үлгісі молынан ұшырасады. Абай да жыр үлгісін еркін қолданған. Буын санын тұрақтандыра қолданған. «Патша құдай сыйындым», «Интернатта оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба», «Жаздыкүн шілде болғанда», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Бөтен елде бар болса», «Ішім өлген,

¹ Қазақ әдебиеті пәні бойынша қазақ мектептеріне арналған бағдарлама. V – IX, X – XI сыныптар, - А., 2013.

сыртым сау», «Болыс болдым, мінеки», «Сәулең болса кеуденде», «Өзгеге көңілім тоярсын» т.б шағын өлеңдер мен аудармаларында жыр үлгісін қолданады. Абайда да жыр үлгісінің өлшемі түрленіп қолданылады. Абайдан бергі жазба әдебиетінде де жыр үлгісінің байырғы өлшеміне өзгерістер енген. Ауыз әдебиетіндегі жыр өлшеміне аралас буын тән болған. Мұндай өлшем қазақ халқының толғауларында, ноғай халқының йырларында, башқұрт халқының қобайырларында, қырғыз халқының санатында сақталған. Тармақтарындағы буын саны 7-ден 15-ке дейін ұшырайтын болған. Аралас буынды үлгілер батырлар жырында да кездеседі. Тыңдаушысына ауызша жететін жырда аралас буын санын қолдану мақсатты түрде болатын сыңайлы. Бұл да бір тыңдарманды еліту, жалық-тырмау мүддесінен туындайтын болар.

Поэзияда өлең жолдары тұтасып келіп, шумақ құрайды, ал жыр тармақтары тирада түрінде шоғырланады. Ғалымдардың пікірінше тарихи генетикалық тұрғыдан тирада үлгісі шумақтан бұрын қалыптасқан. Яғни жыр өрнегі өзге өлшемдерге қарағанда әлдеқайда ерте туған. Жырдағы тирада үлгісіндегі тармақ пен ұйқас мөлшері және олардың арақатынасы қатаң сақталмай, жиі өзгеріп, құбылып отыратын болған.

Мәселен, «Алпамыс батыр» жырында:

Кеуделері кепедей,
Мұрындары төбедей,
Күрек тісі кетпендей,
Кеңірдегі перғауынның көріндей,
Отырған орны алты қанат үйдің төріндей,
Құлақтары қалқандай
Мұрындар сығымдалған талқандай,
Көздері терең зындандай,
Басқан ізі от орнындай,
Аузы ошақтай,
Мұрын тесігі үнгірдей,

Иегі сеңгірдей болды.¹ Бұл мысалда барлық тармақтағы ұйқас теңеу бір тәсілімен жасалған, ал буын саны өзгеріп келіп отыр. Тағы бір мысал Байсары байға Көкеманның айтқанынан:

Лағлы маржан садақты,
Дұшпанға еттік әдепті.
Арада жаушы жүрмектік –
Кет – құдалардан қалған әдеп-ті.

Қарағайдан найза ту байлап,
Тігіп бәйге келгенмін,
Ақ кіреуке көз ойнап,
Сәлемдікке келгенмін...

¹ Батырлар жыры. Алматы: Жазушы, 1986.

Сізде қыз бар, бізде – ұл,
Қызыңа келген жаушымын.
Біреуге жалын өресің,
Қоңыраттан шыққан төресің.
Тайшадан келген тоғызбыз...
Патша десең – Тайшаға,
Батыр десең – Қаражанға
Ықтиярың Байсары,

Баршыныңды бересің...¹ Аталған тираданың ішінде ырғақ бірнеше рет құбылып өзгертіліп келіп отыр. Бұл – тирада пішініне тән өзгешелік. «Жырдың ұйқасы дара ұйқас (монорифма) және аралас ұйқас (полирифма) болып бөлінеді. Аралас ұйқас негізгі ұйқас пен қосымша ұйқастардан тұрады».²

Жыр жанрының осындай өзіндік ерекшеліктері аталған жанрды оқытуда да басты назарға тұтатын мәселелер. Жалпы білім беретін қазақ мектептерінің 6-сыныбынан бастап батырлар жыры оқытыла бастайды. 5-сыныпта ауыз әдебиетінің тұрмыс-салт жырлары, аңыз, ертегілерінен бастап әдебиеттің барлық дерлік жанрын қамтитын жалпы білім бағдарламасы бойынша лиро-эпостық жырлар 7 сыныпта, жыраулар поэзиясы 8 сыныпта оқытылады. Демек, жырды орта буын сыныптарда 10-14 жас аралығындағы оқушыларға оқыту жоспарланып отыр. Оқушының таным деңгейінен қарағанда да физиологиялық ерекшелігінен де аталған сыныптар дұрыс таңдалған. Себебі қазақтың құнарлы тілін, мол сөздік қорын қамтитын жырлар оқушыларға дер кезінде сіңіріліп, тілдік қоры мен таным деңгейін, рухани болмысын қалыптастырады деген ізгі мүддеден туындайды.

Ата-бабамыздың дәстүрінде немесе аға буын ұрпақтың тәжірибесінде жырды сағаттап тыңдау, жадында тұту, сол арқылы рухани жетілу болғандығы мәлім. Бүгінгідей арнаулы мектеп, оқулық техникалық құралдардың болмаған кезеңінің өзінде жырды меңгеру дәрежесі бүгінгіден артық болған сияктанады. Оған дәлел ауыздан-ауызға таралып бүгінге жетуі әрі бір ғана жырдың өзінің бірнеше нұсқаға түрленуі молаюы деуге болады. Мәселен, «Айман-Шолпан» жырындағы Айманның Көтібарға айтқан уәждері, батырлардың алдынан шыққан Теңгеге айтқан ұтқыр сөздері шешендік пен шеберлік үлгісіндей. Сүйсіне тыңдап, жадқа тұту қазақ қауымы үшін әдеттегі жай.

Ал бүгінде жырды жаттаған оқушы, тіпті батырлар жырының сюжетін білетіндері де сирек. Бұл – жырға деген қызығушылықтың төмендеуі. Ал, қызығушылықтың төмендеуін бірнеше мәселе төңірегінен іздеуге болады. Жалпы көркем әдебиетке оқырмандықтың төмендеуі, ақпарат ағымының молдығы, интернет желісінің дәстүрлі білім көзін ығыстыруы т.т.

Дегенмен, жырға оқушы қызығушылығының төмендігін тікелей оқу үдерісінен іздеген абзал. Бүгінгі мектепте жыр жанры қалай оқытылып жүр деген заңды сұрақ туындайды. Біріншіден, мектеп бағдарламасына сәйкес

¹ Батырлар жыры. Алматы: Жазушы, 1986.

² Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: Аруана, ЖШС, 2010.

жазылған оқулықтарда жырдың қысқаша үзінділері берілген. Жырдың сюжетінің ширегі қамтылған үзінділерді ұсынуда шығарманың желісінің сақталуы, бірізділік айтарлықтай сәтті емес. Онсыз да қызығушылығы төмен оқушы ондай шығарманы оқуға құлықты емес. Екіншіден, тұрмыс, тіршілік, әлеуметтік жағдай, өміртанымдық дүние бүгінгі мен кешегіне салыстырғанның өзінде өте алшақ. Бұл да өз кезегінде қызығушылықты төмендетеді. Үшіншіден, жырдағы тілдік қабат қою, сөздік қор аса салмақты. Ұстаз тарапынан көп ізденіс пен іс-тәжірибені қажет етеді. Оқушының тілдік қорын молайту үздіксіз, сатылы шеңбер түріндегі оқыту ұстанымын талап етеді. Яғни, 5 сыныптағы ертегідегі оқыған ұғымдар, тұрмыс-салт жырларында қайталанып, батырлар жыры мен лиро-эпостық жырларда дамыта қайталануы қажет-ақ. Сонымен қатар рухани әлемге тарту, қызықтырудың басқа да әдістерін (рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, оқытудың замануи әдістерін) пайдалануды барлық мұғалім бірдей атқара бермейтінін ескермекке тағы болмайды.

Осындайда оқытудың ең қарапайым жолын еске алмайтынымыз таңдандырады. Мәселен, ата-бабамыз жырды қандай жолдармен меңгерді деген заңды сұрақ туындаса керек-ті. Өткен ғасырда жырды қазіргідей қағаз бетіне түсіріп оқыды десек, адам иланбас еді. Ондай мүмкіндік те, қажеттілік те болған жоқ. Жыр – ол музыкалық шығарма. Жыр жанры өз кезегінде жыршыны, жырауды туғызды. Жыршы жырды әуезбен, көркем мақаммен қобыз, домбыра сияқты аспаппен жеткізген. Ал музыкалық шығарманы аспаппен, үнмен қабылдау заңдылық. Сонда ғана ол әсер туғызады. Ал ХХІ ғасырда жырды сол компоненттерінен жалаңаштап, қағаз арқылы қабылдануға талаптану жақсы нәтижеге жеткізбейді.

Қабылдаудың үш тетігі бары мәлім, олар: тыңдау арқылы, көру және ұстау арқылы. Барлық поэзиялық шығармаларда тыңдау қабылдаудың алғашқы сатысы болуы шарт. Себебі поэзия – сезімдік шығарма. Ол тыңдалуы, үн арқылы сезімге ықпал етуі керек. Ал жыр онсыз да музыкалық шығарма болуы себепті жырды ең әуелі тыңдату бұлтартпай орындалатын әрекет-тәсіл болуы керек. Өкінішке орай, оқулық құрастырушы авторлар осы бір қарапайым нәрсені ескермеген. Себебі, 6-сыныптың да, 7-сыныптың да әдебиет оқулығында жырдың ұнтаспасы оқулыққа қосымша ретінде ұсынылмайды. Қолында құралы жоқ мұғалімнен нәтиже талап ету ретсіз. Яғни мектепте жыр жанрын оқыту кезеңінде жыр тыңдалмайды деген сөз. Жыр әуені оқушы құлағына сіңірілмейді. Өз уақытында, оқушы жасының дер кезінде тыңдалмаған жыр есейген тұста құлаққа жаттық етеді. Бүлдіршін шағында естімеген жырға бала құлағы тосырқап, өз төл мәдениеті мен музыкасына да өгейлік жасауға итермелейді. Сондықтан болар, жыр, термелерге, кейіндеп халықтың дәстүрлі ән-жырларына деген де қызығушылық төмендеген.

Сонымен, мектепте батырлар жырын оқытуда ең әуелі жырды тыңдатудың қаншалықты маңызды екенін баса айтқымыз келеді. Жырдың мазмұнын меңгертуге арналған алғашқы сағаттағы сыныптық жұмыс,

сыныптан тыс үйге берілетін тапсырманың да денін жырды тыңдатуға арнау керек. Жырдың тирадалық түйдектері де тыңдау кезінде айқын танылады.

Жыр сюжетті шығармалар қатарына жатады. Оны оқыту мен талдау, саралау жұмыстарында тақырып пен идеяға, образдар жүйесіне, тілдік ерекшеліктеріне, жанрлық ерекшеліктеріне баса көңіл бөлінеді. Шығарманы оқу мен талдау үдерісінде басты нысан жырдың мазмұндық, жанрлық, көркемдік сипаты болып, ол оқушы мен мұғалімнің ынтымактасқан шығармашылық жұмысының өзегіне айналса, қазақтың әдеби-музыкалық құндылығы болып саналатын жырды тану, бағалау дәрежесі де көтерілер еді.

Көркем шығарманы оқытуда әдеби теориялық білімдерді сабақтың негізгі өзегіне айналдыру әдебиеттің сырын ұғынуға, оқу бағдарламасының талаптарына сай қазақ және туысқан халықтар, әлем әдебиетінің кейбір озық үлгілерінен терең білім қалыптастыруға жол басшы бола алады. Өзіндік ойтұжырымдар, дұрыс пайымдаулар, тың қорытындылар жасауға мүмкіндік жасайды. Алайда, бұл оңайшылықпен іске аспайтыны белгілі, оқушылардың білім алу көзі оқулық болғандықтан, әдебиет пәнінде берілген акын-жазушылардың еңбектерін, халық ауыз әдебиеті үлгілерін, ежелгі дәуір әдебиетін жан-жақты терең меңгеруде талдаудың рөлі ерекше екені үнемі назарда болғаны орынды. Қазіргі заман талаптарына сәйкес әдеби білім мазмұны оқушының жас ерекшеліктеріне лайықты құрылып, ұлттық құндылықтары басым танымдық оқу материалдарының іріктеп берілуі ұлтжанды азамат, жеке тұлғаны қалыптастыруда маңызы зор.

Әдебиеттану ғылымына алғашқы баспалдақ мектептегі әдебиет пәнінен басталады десек, орта буын сыныптарда оқылатын әдебиет пәні сөз өнерінің өзіндік ерекшеліктерін танытумен қатар әдебиет танудың алғашқы ұғымдарын да қалыптастырады. Әдебиет теориясынан берілетін алғашқы ұғым, түсінік оқушы үшін әдебиетті түсінудің, көркем шығарма табиғатын танудың кілті болып саналады. Мектепте әдебиет теориясынан берілетін білімнің дені әрі маңыздысы осы орта буын сыныптарды қамтиды. Сондықтан аталған сыныптарда әдеби жанр ұғымдарды қалыптастыру біршама күрделі. Әдебиет теориясынан берілетін білім мазмұнын орта буын сыныптарда танытып, бірте-бірте әдебиеттану ғылымының негізгі ұстынымдары мен қағидаларын ұғына беруге дейін жетелеп отыру керек. Әдебиет теориясынан берілетін білім үнемі материалмен бірлікте түсіндірілуі қажет. Орта буын сыныптардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, сабақ үдерісінде жалаң теорияны түсіндірмей, практикалық жұмыстармен қатар алып отыру маңызды. Яғни, теориядан мәтінге, практикалық жұмысқа бағытталмай, керісінше мәтін арқылы теориялық ұғымға жетелеу қажет. Мәтін талдау кезінде теориялық қағиданы өзі шығара алатындай жағдай туғызу керек. Әр ғылымның негізі оның теориясында. Әдебиетті терең тану үшін, оқушылар теориялық ұғымдарды жақсы білуі әдеби білімге жолбастаушы. Сол себепті де теориядан берілетін ұғымдар мектеп бағдарламасында нақты әр тақырыптарға жіктеп берілген.

Орта мектепте көркем шығарманы талдау мәселесін зерттеудің мақсат-міндеттерін дәйектеу педагогикалық-психологиялық ұстанымдарға негіздел-

ген біртұтас жүйе арқылы жүргізілгенде ұтымды болатындығы байқалады. Өйткені, көркем шығарманы орта мектеп қабырғасында талдау мәселесін, ғылыми-әдістемелік негізде қарастыру сабақтың танымдық, тәрбиелік, дамытушылық мәнін жүзеге асырады. Соның нәтижесінде шәкірттерге қоршаған орта, өмір, адамдар жайлы әдебиеттен білім, білік, дағды берумен бірге, олардың жеке тұлға ретіндегі өмірлік танымдарын, жалпы түсініктерін толықтыра түсеміз. Осы ретпен жалпы білім беретін орта мектептегі жас жеткіншектердің дүниеге көзқарасын, сана-сезімін қалыптастырамыз.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары мен тапсырмалары:

- 1.Әдеби жанр ұғымын қалыптастырудың дидактикалық мақсат, міндеттерін саралаңыз.
- 2.Әдебиеттану ғылымында белгілі әдебиеттің тектері мен түрлерінің жіктемесін түзіңіз.
- 3.Жалпы білім беретін мектептердегі әдеби-теориялық білім мазмұнын сипаттап жазыңыз.
- 4.Әдеби-теориялық білімнің сыныптар бойынша жіктелісі қандай?
- 5.Әр сынып бойынша берілетін әдеби-теориялық білім беру жолдарын түсіндіріңіз.
- 6.Жыр жанрының өзіндік ерекшелігін сипаттаңыз, оны оқытудағы негізгі әдіс-тәсілдерді саралаңыз.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Мырзағалиев. Қ. Әдебиет сабағында әдеби-теориялық ұғымдарды оқыту. А., Мектеп, 1973. -115 б.
- 2.Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. – А., Мектеп, 1985.
- 3.Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасының очерктері. Алматы, 1962.
- 4.Қазақ әдебиеті пәні бойынша қазақ мектептеріне арналған бағдарлама. V – IX, X – XI сыныптар, - А., 2013.
- 5.Ақшолоақов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту /әдістемелік нұсқаудық/ А., Рауан, 1998.

Қосымша:

- 1.Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі А., Рауан,1997.
- 2.Беленький Г.И. Приобщение к искусству слова. Москва:Прос.,1990. –192.
- 3.Алпысбаев Қ. Көркем шығарманы жанрлық жағынан талдау // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1991. - № 1.

III. 2. ЛИРИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

1. Жалпы білім беретін мектептерде лирикалық шығарманы оқытудың дидактикалық мақсат, міндеттері.

2. Лирикалық шығармалардың өзіндік ерекшелігі, оны талдауда оқушының таным белсенділігін аттыру жолдары.

3. Мектепте оқылатын шығармалардың тақырыптық кырлары.

4. Лирикалық шығармадағы пейзаж жанры.

5. Лирикалық шығармаларды оқытуда кіріспе жұмыстардың маңызы.

Жалпы білім беретін мектептерде лирикалық шығарманы оқытудың дидактикалық мақсат, міндеттері. Жалпы білім беретін қазақ мектептерінің бастауыш сыныптарынан бастап жоғарғы сыныптарына дейін қазақ әдебиетінен берілетін білім мазмұнының төрттен бірін лирикалық шығармалар құрайды. Яғни, мектепте әліппеден әдебиеттің тарихи курсына дейін жалғасатын әдеби білім беру сатысында лирикалық шығармалар кеңінен оқытылады. Дегенмен осы тектес шығармаларды оқытудың мақсат, мүддесі, әдіс-тәсілдері әр сыныпта әртүрлі. Бастауыш сыныпта оқытылатын өлең шумақтары оқушыларға көркем сөзбен жасалатын өмір көріністерін түсінуге, сол арқылы қоршаған орта ерекшеліктерін жете тануға көмектеседі. Жылдың төрт мезгілі, олардың өзіндік ерекшеліктері, табиғат сырлары түсіндіріледі. Өлеңді түсініп оқуға, жүргізіп оқуға, жаттауға бейімделеді. Сондықтан бастауыш сыныптардағы берілетін лирикалық шығармалардың дені жаттауға лайықталады да баланың есте сақтау қабілетін шыңдап, зейіні мен есінің ұзақтығын, беріктігін қалыптастыруға да өзіндік үлесін қосады.

Орта буын сыныптарда өлеңнің, өнердің сиқырлы күшін, көркемдік ерекшелігін, кең дүниетанымын байқатуға бағытталады. Сол арқылы оқушыларға эмоциялық ықпал етуге, сезім-күйін тәрбиелеуге, шығармашылыққа жол ашуға күш салынады. Айтушының сезім-күйіне оранған өлең үлгілері арқылы қарасөзбен жазылған шығарма мен өлең туралы алғашқы ұғымдары қалыптасады. Өлең мазмұнындағы сыртқы әлем, қоршаған орта сырларын түсіне бастайды.

Жоғарғы сыныпта лирикалық шығармалар белгілі бір тұлғаның әдеби мұрасына қатысты оқытылады. Аталған сыныпта оқушылар өлең мағынасы мен мәнін, тақырыбы мен идеясын, лирикалық қаһарманның сезім толқынын ұғынуға, өзінше ой толғап, пікір пайымдауға, салыстырулар мен сыни көзқарастарға көбірек назар салады. Лирикалық жанрдың ерекшелігіне қатысты нақты тұжырымдар көп. В. Г. Белинский: «Лирика – поэзияның жаны», – деп түйеді. «Лирика қандай болса идеяны, ішкі сезімді қамти алады. Лирика мылқау түйсікке тіл бітіріп, образ береді, оларды ыстық кеуденің қысымынан көркем өмірдің тың ауасына шығарып, өзгеше өмір сүргізеді»¹ – деп, лирикалық шығарма табиғатын айқындай түседі.

¹ Белинский В.Г. Избранное. Эстетика и литературная критика М., 1950, 473 с.

Әдіскер-ғалым Ә.Қоңыратбаев: «Лирикалық өлең- жырлардың тағы бір ерекшелігі – көлемі шағын келіп, ой тұжырымдалып айтылатындықтан, сөздің мәндік және мағыналық қасиеті, салмағы арта түседі», - дейді¹.

Лирика көне жанр ретінде әдебиеттану ғылымында көп зерттелгені мәлім. Ал мектепте лирикалық шығармаларды оқыту мәселесін зерттеген әдістемелік еңбектерден айтар болсақ, негізінде әдебиетті оқыту әдістемесінен жазылған зерттеу еңбектерінде лирикалық жанр сырт қалған емес. Аталған жанрды оқыту мәселесін қарастырған арнайы зерттеулер де бар. М.А.Рыбникова,² В.В.Голубков,³ Н.И.Кудрящев,⁴ В.А.Никольский,⁵ З.Я.Рез⁶ т.б. еңбектерінде лирикалық шығармаларды оқыту мәселелерін жан-жақты қарастырады. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі аясында да әдістемелік еңбектер, зерттеу еңбектері жарық көрді. Атап айтсақ: Ж.Нұрмаханов, Ә.Дайыровалардың «Орта мектепте лириканы оқыту»⁷ атты оқу құралы жарияланған. Оқу құралында лирикалық шығармаларды оқытудың кейбір әдіс-амалдары көрсетіліп, лирикалық шығармаларды оқытуға байланысты сабақ үлгілері берілген. Бұдан өзге Д.С.Аңсабаевтың «Орта мектептің 5-9 сыныптарында лирикалық шығармаларды оқыту»⁸ атты ғылыми-зерттеу еңбегі жарияланды. Әдістемелік зерттеу еңбегінде лирикалық шығармалардың ерекшелігі сипатталып, оны оқытудың әдіс-амалдары қарастырылған. Еңбекте көбіне дәстүрлі оқыту жүйесі негізге алынады.

Әдебиетті оқыту әдістемесі ғылымында жеке қаламгер шығармашылығын оқыту әдістемесінен жарық көрген ғылыми зерттеу еңбектерінің бір қатарында лирикалық шығармаларды оқыту әдіс-тәсілдері сөз етіледі. Атап айтар болсақ: Ә.Дайырова. «Орта мектепте І. Жансүгіровтің творчествосын оқыту»; (1969)⁹ Б.Д. Жұмақаева «Абай Құнанбаев шығармаларын қазақ мектептерінің 5-8 сыныптарында оқыту әдістемесі» (2003);¹⁰ Н.Дөкенова «М.Жұмабаев шығармашылығын оқыту әдістемесі» (2006)¹¹ сияқты ғылыми-зерттеу еңбектерінде зерттеу нысанына алынған қаламгер

¹ Қоңыратбаев Ә. 4-7 кластарда әдебиетті оқыту методикасы. А., Мектеп, 1987. 4-5 б.

² Рыбникова М.Н. Очерки по методике литературного чтения М., 1971 -72 б.

³ Голубков В.В. Методика преподавание литературы. М., 1962. 81-82 с.

⁴ Кудрящев Н.И. Взаимосвязь методов обучения на уроках литературы. М.,1977 -39 с.

⁵ Никольский В.А. Методика преподавания литературы в средней школе. М., 1971 - 48-49 с.

⁶ Рез З.Я. Изучения лирики в школе IV-VII классы. М., 1968. -21-23 с.

⁷ Нұрмаханов Ж., Дайырова Ә. Орта мектепте лириканы оқыту. А., Рауан. 1991.

⁸ Аңсабаев Д.С. Орта мектептің 5-9 сыныптарында лирикалық шығармаларды оқыту. пед. ғыл. кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. А., 2003.

⁹ Дайырова Ә. Орта мектепте І. Жансүгіровтің творчествосын оқыту. –А.,1969.

¹⁰ Жұмақаева Б.Д. Абай Құнанбаев шығармаларын қазақ мектептерінің 5-8 сыныптарында оқыту әдістемесі. Пед. ғыл. кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. А., 2003.

¹¹ Дөкенова Н. М. Жұмабаев шығармашылығын оқыту әдістемесі. Пед. ғыл. кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.– А., 2006;

шығармашылығын оқыту әдіс-тәсілдері ұсынылып, оқытудың дидактикалық мақсат, міндеттері, ғылыми негізі сараланған.

Мектеп практикасында әдеби мәтіндердің ішінде лирикалық шығармаларды талдау мен тану күрделі. V-IX сыныптарда жүз қырықтан аса лирикалық шығарма оқытылады. Олай болса, мектепте қалыптастырылатын әдеби білім мазмұны лирикалық шығармаларға да тиесілі. Лирикалық шығармалар жанры мен тақырыптары жағынан алуан түрлі. Әйтсе де лирикалық шығармаларды талдап танудың, оқытудың жалпыға ортақ заңдылықтары мен белгілі бір әдістемелік жүйесі болуы керек.

«Лириканы оқытуда әлі де мазмұнын жалаң хабарлау, өнер тілін түсініктілік тіліне айналдыру сияқты бір жақтылық басым. Информациялық материал өнер өрнегімен қабыстыра берілмейді, демек өнердегі мазмұны мен форма бірлігі, ой мен сұлулық тұтастығы сақталмайды. Шығарманың көкемдігі мазмұн мен форманың бірлігінен тұратыны мәлім»¹ деп түйеді зерттеу еңбегінде Д.Аңсабаев.

Лирикалық шығарма табиғаты эпикалық, драмалық шығармалардан өзгеше. Лирикалық шығармалардың жанрлық ерекшелігін сипаттайтын еңбектер көп (М.Бахтин, Л.Тимофеев, Д.С.Лихачев, Г.Поспелов, Н.А.Гуляев, З.Қабдолов, З.Ахметов т.б.). Лирикалық шығарма көлемі жағынан шағын болып келеді де эмоцияға, сезім күйге құрылады. Лирикалық шығармада ақынның дүниетанымы, сыртқы ортаны, өмір құбылыстарын елестетуі мен сезінуі, өзіндік ой жүйесі образды сөздің қуатымен өрнектеледі.

Лирикалық шығармалардың өзіне тән ерекшеліктері мен олардың жанрлары туралы ұғым-түсінікті оқушыларға мектеп қабырғасында қалыптастыру көзделеді. Аталған ерекшеліктеріне байланысты лирикалық шығармаларды оқыту әдіс-тәсілдері де түрліше болмақ.

Лириканың жанрлық ерекшелігіне байланысты оқытудағы кездесетін қиындықтар мен кемшіліктер туралы әдіскер-ғалым Г.Құрманбаева «Сырлы да нұрлы жыр әлемі» мақаласында: «Мектепте өлеңді өту ондай сияқты. Прозалық, не драмалық шығарма емес, оқуға жеңіл» – деп ойлаймыз. Ал шын мәнінде поэзияны, яғни өлеңді оқыту қиынның-қиыны, оның себебі: біріншіден, кей мұғалім өлеңді өзі сүймейді, оқушыны өлең өмірге ендіре алмайды, екіншіден өлеңдер бір сарында өтіледі, үшіншіден, өлеңді сауатты талдай алмаймыз, міне, осыдан өлең оқылмайды. Бала өлеңге қызықпайды, әдебиетші мұғалімге поэзиялық шығармаларды оқыту едәуір қиынға соғады. Тұтас 45 минут бойы, өлеңнің әр тармағындағы, шумағындағы ойды жеткізуде, талдауда ұтымды әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, оқушыны ой тереңіне бойлата білу керек»² – дейді.

¹ Аңсабаев Д.С. Орта мектептің 5-9 сыныптарында лирикалық шығармаларды оқыту. Пед. ғыл. кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.– А., 2003. - 33 б.

² Құрманбаева Г. Сырлы да нұрлы жыр әлемі // Жасымда ғылым бар деп ескермедім. А., 1995, -114-115 б.

Лирикалық шығармалардың өзіндік ерекшелігі, оны талдауда оқушының таным белсенділігін арттыру жолдары. Лирикалық шығармаға поэтикалық тіл қызмет етеді. Поэтикалық тіл ақынның жан тебіренісін, биік сезімін жарыққа шығарады. Образды ой мен поэтикалық тілдің тереңіне үңіліп, лирикалық қаһарман арқылы жарыққа шығатын авторлық толғанысты, дүниетанымды, ақындық мақсат, мүддені, сезім-күйді тану, оқушыларға ғана емес, ересектер үшін де біршама күрделі. Авторды жете түсіну үшін дүниетанымдық, тілдік әлеуеттің де жоғары болуы қажет. Ал, оқушыларда бұл әлі қалыптасу үстіндегі үдеріс.

Көркем шығарманың тууы мен оқырман санасында сәулеленуінде үштік одақтың бірлігі болуы керектігі кейінгі зерттеулерде жиі айтылып жүр. Сонда таным, дискурс автор → көркем шығарма → оқушы арасында қалыптасады. Автор өмір сүрген уақыт, орта, кезең, таным-түсінік, құндылықтың көркем шығармадағы бейнесін оқушының қабылдауы, түсінуі, зерделеуі, бағалауы көптеген факторларға қатысты. Мәселен, жыраулық поэзияның дүниеге келген тұсы мен бүгінгі уақытты немесе XVIII –XIX ғасыр туындыларын, тіпті кешегі кеңес кезеңіндегі шығармалардағы уақыт, кезең, құндылық бүгінгі ұрпақ санасында қалай жаңғырады? Белгілі бір дәрежеде түсіну болғанымен, түйсіну қаншалықты жүзеге асады? Бүгінгі уақыт пен құндылық қандай, оның арақатысы қаншалықты деген мәселелер туындайды.

Поэтикалық мәтінді зерттеген көптеген ғалымдар поэтикалық тілдің табиғатын жан-жақты қарастырады. Көркем мәтінге филологиялық талдау жасаған Ю.В.Казарин. Поэтикалық мәтінде ой өрнегі бірнеше формада көрініс табатынынын айтады.

- Өлеңдегі графикалық форма (тармақ, шумақ, шрифт, тіпті мәтіннің жазылу қалпы мен түсі де енеді);
- Өлеңнің дискурстық формасы (екпін, қарқын, ырғақ, әуенділік белгілері);
- Өлеңнің фонетикалық (фондық) формасы (мәтіннің мағыналық фонының құрылымы);
- Өлеңнің тілдік формасы (поэтикалық мәтіндегі тіл бірліктері өрнегінің жиынтық жоспары).

Көркем шығарманы талдаудағы басты ұстаным мазмұн мен пішінді (форманы) бірлікте қарастыру екендігі белгілі. Көркем мәтінмен алғашқы ұшырасуда көзге көрінетіні оның формасы. В.Г.Белинскийдің айтқанындай «Сөз - ойдың көрінісі», яғни ойдың киімі - сөз. Автор толғанысы мен ой түйінін қандай сөзге орады, қандай сөзді таңдап, талғап алды? Ойды қалай өреді? Бұл өлеңнің алғашқы қалпында көзге ұшырасады. *Өлеңнің графикалық формасы* көркем шығарманың бейтарап қалпы сияқтанғанымен, мәтінді визуалды қабылдауда, белгілі бір дәрежеде, алғашқы әсерді қалыптастырады. Сондықтан көркем шығарманы талдаудағы көрнекі құралдың бірі көркем мәтіннің өзі болуы заңды.

Өлеңнің дискурстық формасы оқушының көркем шығарманы көркем қабылдауын ұйымдастыру міндетіне қызмет етеді. Әдіскер-ғалым Ә.Қоңыратбаев: ... «Я. А. Коменский әсерді, адамның қабылдауын сезімінен

бастайды. Бала қай затты болса да әуелі бес сезім арқылы (көру, есту, қол, тіл, сипау) танып біледі. Балаға керегі сөз, ереже емес, көркем сөздің өзін төтелеп оқып, содан білім, әсер, қоғамдық таным алу. Соның көбін бала мәтіннің өзінен ғана алады. Алғашқы жинақтау – кіріспе сөз емес, тексті оқудан өткізіп, соның нақты мазмұнын игеру. Оқудан соң шығарманың тақырыбын тапқызсақ – бұл тексті оқудан туатын алғашқы жинақтау болмақ. Екінші саты – сол шығарманың формасын таныту. Бұл – арқылы категориясына құрылған жұмыс, танымның ғылыми сатысы. Оның шығарма идеясын тапқызу арқылы жинақтаймыз. Соңғы жинақтау тұсында болса сол екі оқудан алған білімі мен әсерін өздігінше игеріп байытады. Бұл үш сатының үшеуі де жүйелі түрде жатығу арқылы іске асады. Ол тез саналы оқуға (қол), есте қалдыруға негізделеді. Жүйелі түрде жүргізілген жаттығулар білімді дағдыға айналдырады. Бізде де нақты тексті сабақтан алшақтатып, немесе соның мазмұнын кіріспе сөзбен қабаттастырып өзі айтып беріп, жүрдек, саналы оқуға, шығарма мазмұнын игеруге мән берілмейтін жайттар бар. Ондайда мұғалім негізгі объект болған көркем мәтіннен де, оқушыдан да қол үзеді. Сөйтіп, бос сөзге әуес мұғалімдер текістің өзін оқудан туатын алғашқы сезімдік қабылдауды елемейді»¹ – дейді.

Ендеше көркем қабылдауды ұйымдастыруда өлеңді мәнерлеп оқуға басымдық береміз. Мәнерлеп оқу көркем мәтінді аудиалды қабылдаудың тетігі. Автордың ой-пайымымен көркем шығарманы сөйлету күрделі әрекеттің бірі. Көркем мәтіннің болмысына терең бойлап, жете меңгермейінше оны сөйлету қиын. Өлеңдегі әр сөз, бунақ белгілі ой ағымын ұсынады. Оны дәл сол мәнінде тиісті ырғағымен оқу үлкен шеберлікті талап етеді. Т.Ф.Курдюшева орта мектеп іс-тәжірибесіндегі көркем шығармаларды қабылдаудың тиімділік әсерін 4 кезеңге бөліп қарастырады. 1 кезең – қабылдауға дайындық; 2 кезең – мәтінді оқытудан кейін қалыптасатын қабылдау, 3 кезең – талдау кезіндегі тереңірек қабылдау, 4 кезеңі – қабылдаудағы жинақтау, қортынды².

Әдебиетті оқыту әдістемесі ғылымында классикалық әдістердің бірі саналатын шығармашылық оқыту әдісінің бір тәсілі – көркем мәтінді мәнерлеп оқу. Әдіскер-ғалым З.Я.Рез шығармашылық әдістің бірнеше тәсілдерін ұсынады. Көркем мәтінді мәнерлеп оқу, сахна шеберлерінің оқуы т.б. Көркем мәтінді мәнерлеп оқуда дауыс ырғағы, әуезі, қарқыны, екпіні – барлығы да өлеңді қабылдауда жағымды жағдай туғызушы компоненттер болып есептеледі. Өлеңдегі ой кідірістері, психологиялық кідірістердің де өзіндік ықпалы болады.

Мәтіннің мағыналық фонының құрылымы - көркем мәтіннің пішінінен мазмұнына қадам жасауды нұсқайтын нысан. Егер әр сөзді таңба деп қарастыратын болсақ, әр таңба бір ойдың бейнесі. Поэтикалық өлең мәтіні

¹ Қоңыратбаев Ә. 4-7 кластарда әдебиетті оқыту методикасы. А., Мектеп, 1987. -33 б.

² Проблемы преподавания литературы в средней школе / Под ред. Т. Ф Курдюмовой. – М., 1985.

тарихи-мәдени, рухани болмыстың, автордың шығармашылық әлемінің құрылымы мен жүйесін танытатын көптеген таңбалардың құрылымы болып есептеледі. 5-сыныпта оқылатын М.Мақатаевтың «Мен таулықпын» өлеңінің мәтініне назар аударалық:

*Тау - алып жүрек Ана туған
Мен – таулықпын!
Таудан мен жаратылғам.
Киіктің сүтін еміп ержеткенмін,
Қуат алып қыранның қанатынан.*

*Мен таулықпын!
Таудан мен жаратылғам.
Бұлт бүркеніп, жай отын ала туғам.
Күн алғашқы сәулесін маған шашып,
Маған келіп түнейді қара тұман.*

*Тау ұлымын,
Тау – менің дәу бесігім,
Мен оның әуресімін, сәулесімін.
Асқар шыңдар желпиді бесігімді,
Бір орамын ағытып сәлдесінің.*

*Мен – таулықпын!
Таудан мен жаратылғам.
Тау деген Ана туған, дара тұлғам,
...Тауға барып,
Көкке ұшып кетсем бе екен,
Ұстап алып қыранның қанатынан...¹*

Өлеңде тау заттық ұғымнан символдық белгіге айналған. Тау – өрліктің биіктіктің, тазалықтың, даралықтың белгісі. Өлеңдегі мағыналық фонды құрайтын заттық ұғымдарда «тау», «бұлт», «қыран», «жай оғы», «асқар шың» – таудың символдық бейнесін айқындайтын бірліктер. «Тау – дәу бесік» - қолданысы ұлттық болмысқа қатысты концепт. Ал, «Асқар шыңдар желпиді бесігімді, Бір орамын ағытып сәлдесінің» - деген тармақтардан таудың көркем бейнесінің ақын қиялымен астасып, көркем образды қолданыс тапқанын көреміз. Бұл қолданыста «тау» — «асқар шың» — «бұлт» образдары айқындалады. Сонда ақын қиялында «тау — бесігін» асқар шыңдар ағытқан «бұлт — сәлдесімен» желпиді. Өлеңде мекеншақты танытатын «Күн алғашқы сәулесін маған шашып, Маған келіп түнейді қара тұман» сияқты тармақтар бар. Екі тармақта антитезалық қолданыстар арқылы күн мен түн, ақ пен қара, жарық сәуле мен қараңғы түнек ұғымдарын туындата отырып, уақытты да, кеңістікті де қамтыған.

¹ Әдебиет. Жалпы білім беретін мектептердің 5 сыныбына арналған оқулық. –А., Атамұра, 2013.

Өлеңде тау сияқты басқа да табиғат перзенттері: «киік» пен «қыран» таңбаланады. «Киіктің сүтін еміп ер жетуі» ақынның табиғаттың киелі кәусарынан сусындап, арман-қиялының асқақтығына «қыранның қанатынан қуат алуы» жеткізгені өрнектеледі. Мұнда да жер мен көк мекеншак ұғымын тудырады. Табиғат – биологиялық, рухани қуат көзі ретінде таңбаланады.

Ақын да тау кейіптес, тау мінездес, «бұлт бүркенеді», «жай отын ала туады». Ақынның «мені» мәтінде тау ұғымымен қабаттасады («Күн алғашқы саулесін маған шашып, Маған келіп түнейді қара тұман»). Өлеңде ақынның эмоциялық күйін танытатын пофосты сөз қолданыстары – «таудан мен жаратылғам», «Тауға барып, *Көкке ұшып кетсем бе екен, Ұстап алып қыранның қанатынан...*» ұшырасады. Биіктен биікке өрлеу, қиялдың қанат қағып, өрге самғауы осы шумақтарда еркін танылады. Өлеңнің ассоциативті-мағыналық фоны «Тау деген Ана туған, дара тұлғам» тармағында бейнеленген. Ана → Тау → дара → тұлға немесе тау - дара, тау - алып жүрек, тау- тұлға, тау дәу бесік. Сонымен қатар табиғат – Ана – тау–перзент ұғымдары өріледі.

Автордың ассоциативті-психологиялық күйі өлең мәтінінде еркін танылады. Мәселен, ақын таулық, тау мен ол бір-бірінің иелігінде. Ақын мен тау егіз ұғым ретінде ұсынылады, яғни тау – мекен, тау – жаратылыс негізі. Ой қайталана отырып өрбиді.

Адам жаратылысында табиғатқа тәуелді. Барлық күш-қуатын, несібесін қоршаған ортадан алады. Адамның рухани күшінің қайнар көзі де табиғатта. Табиғат тылсымын жүреппен болжап, бағамдайтын ақынның қай-қайсы да мұны жырмен өрнектейді.

Мұқағали шығармаларында символдық қолданыстар көптеп кездеседі. Мәселен, тау, тау өзені, түн, қыран, дала, жел сияқты ұғымдардың адам жаратылысына әсер-ықпалы, одан туындайтын шабыт-күй ақын шығармаларында өзгеше өрнек құрайды. Адам да табиғат перзенті ретінде рухани қуат пен шабытты туған жер, өскен орта, қоршаған табиғи дүниелерден алатынын аңғартады. Ақын шығармашылығында өскен өлкеге деген шексіз сүйіспеншілігін, ынтықтығын сездіріп отырады. Аспан таулар аясында дүниеге келген Мұқағали бір шоғыр өлеңінде тауды жырлайды: «Хантәңірі», «Жігіттер, демалайық тауға барып», «Біздің таулар кемедей шұбатылған», «Таудай болғым келеді», «Тауда өстім», «Ілініп түн тұр тауларға», «Тау бір аңыз», «Түсіме тау кіреді», «Ығысыңдар, ей таулар, ығысыңдар», «Мен таулықпын» т.б. Осындай көркем суретті, сыршыл өлеңі «Мен таулықпында» ақын табиғаттың әсемдігін жырлай отырып, сол табиғатқа деген өзінің ынтызар көңілі мен ой-толғамын білдіреді. Өлеңнің басты тақырыбы – өрлік, биіктік, асқақтық. Ақын табиғат перзенті – таудың қасиетін айта отырып, адам баласының жан дүниесіне бойлайды. Адам табиғатындағы, іс-әрекетіндегі өрлік, биіктік, асқақтық, ірілікті дәріптейді.

Өлеңнің тілдік формасын (поэтикалық мәтіндегі тіл бірліктері өрнегінің жиынтық жоспарын) зерделеу жекелеген тіл бірліктерінің жүйесін, өлеңнің композициялық құрылымын тануға жол ашады.

Өлеңдегі тіл бірліктерінің семантикалық мәнін айқындағаннан кейін олардың өлеңдегі құрылымы мен жүйесін аңғаруға болады. Өлеңнің композициялық құрылымы қайталаулар арқылы шеңбер түзеді. Курсивпен берілген сөздер әр шумақтағы мағыналық фонды, экспрессивті-эмоциялық күүді танытады.

Әрине, 5-сыныптың оқушысына өлең мәтінін дәл осы теориялық ұғымдар арқылы түсіндіру немесе сипаттату орынсыз. Тиімді әдіс-тәсілдерді, бағыттаушы сұрақ-тапсырмаларды пайдалана отырып сөздің мәнін ашу, кей сөздердің символдық белгі екендігін таныту қажет. *Өлең мағынасының таянышы болып тұрған сөздерді белгілеу, олардың мәнін әркімнің өз ұғым-түсінігі бойынша пайымдату, өлеңдегі ерекше мәнді танытатын сөздерді саралау, жүйелеу, кластер түздіру, өлең құрылымын таныту оқушылардың ой белсенділігін арттыратын тапсырмалар болып есептеледі.* Бұндай тапсырмалар оқушылардың танымдық белсенділігімен қатар, шығармашылық мүмкіндігін дамыта түседі. Сонда ғана оқушы білімді түсіну арқылы талдау, қорыту, өз білімін бағалау кезеңдеріне өте алады.

Лирикалық шығармалардың әрқайсысы жеке құрылымдық жүйе екендігін белгілі. Оларды оқытуда қолданатын әдістерді жинақтап айту күрделі. Солай бола тұра біздің тарапымыздан, лирикалық шығармаларды талдауда, оқытуда жүйеленген жұмыс түрін ұсынамыз:

1. Шығарманың басты және қосалқы тақырыптарын табу;
2. Шығармадағы күрделі сөздер мен күрделі ұғымдарды анықтау, сөздік жұмысын жүргізу;
3. Өлеңнің құрылысын талдау;
4. Өлеңдегі көркем сөз айшықтарын (троп, фигураның түрлері) табу, мәтіндегі қызметін айқындау;
5. Шығарманың композициялық құрылымын анықтау, жоспар құру;
6. Шығарманың синтаксистік құрылым жүйесіндегі ой ағынын, тірек ұғымдар арқылы айқындау;
7. Шығарма идеясын тану;
8. Авторлық ұстанымды аңғарту.

Я.А.Коменский оқу үдерісіндегі оқушыға білім мен тәрбие беру жұмысын мынадай төрт кезеңге бөледі:

1. Сыртқы сезімді тәрбиелейтін жаттығулар. Бұл мақсаттағы жаттығулар арқылы бала өзін қоршаған ортаны, өмірді танып, олармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйренеді.
2. Ішкі сезімді ой-қиял арқылы елестету мен есту, қол мен тілді тәрбиелейтін жаттығулар.
3. Нақты зат пен нәрселердің көлемі мен барлық заттық нәрселерді, құбылыстарды сезіну, осы сезіну арқылы жиналған материалдар негізінде ой-пікір мен түйсікті дамыту.
4. Ерікке қатысты; ұстамдылық, еңбек құмарлық, қабілетті дамытуға бағытталған жұмыстар. Осы бағыттағы жаттығулардың барлығын да лирикалық шығармаларды оқытқанда қолану маңызды.

«Мен таулықпын» өлең мәтініндегі ойды айқындау, жинақтау, жүйелеу, қорыту үшін төмендегідей тапсырмалар ұсындық:

1.Өлеңдегі тауды сипаттайтын сөздерді белгіле, сол сөздерді теріп жазып жүйеле.

2.«Асқар шыңдар желпиді бесігімді,

Бір орамын ағытып сәлдесінің» деген тармақтарды қайталап оқы, көз алдарыңа қандай бейне елестейді? «Сәлде» сөзі қай заттық ұғымның орнына жұмсалып тұр? Асқар шыңның түсі қандай? Сөз образын, көріністі, бейнені сипаттап айтып көр.

3.«Күн алғашқы *сәулесін* маған шашып,

Маған келіп түнейді *қара тұман*» деу арқылы ақын нені меңзейді? Осы тармақтарда уақытқа қатысты сөз қолданыстары бар ма? Тауып белгіле, өз түсінігіңді айт.

4.Мәтіндегі Ана сөзінің қолданысына назар аудар. Өлеңде ақын Ана сөзін қандай ұғымда қолданған деп ойлайсыңдар?

5.Өлеңде табиғаттың тағы қандай перзенттері аталады.

6.Өлеңді тұтас қайталап оқи отырып, тауға деген ақынның қарым-қатынасы мен сезімін түсінуге талпынып көр.

7.Таудың қай қасиетін ақын ерекше қастарлейді?

8.«Тау ұлы» тақырыбына ой толғау жаз.

Мектеп оқулығында осы өлең мәтініне қатысты мынадай тапсырма берілген екен: «Өлеңді мәнерлеп оқы, жаттап ал» «Ақынның ой-арманын әсірелеп, ақын қиялын қалықтататын бейнелі сөздерді дәптерлеріңе жазып алып, есіңе сақтауға тырыс». «Өлеңнен тау ұлында болуға тиіс қандай қасиеттерді аңғаруға болады». ¹Бұл тапсырмалар дәстүрлі талдауларда мақсат етіліп жүрген мәтіннің тақырыбы мен өзекті ойын танытуға да жеткіліксіз. Оның үстіне ақын тау ұлының қасиеттерін сипаттауды басты мақсат етпейді. Тау ұлына қатысты сындық ұғымдағы сөздер, эпитеттер мәтінде жоқтың қасы. Бұндай дидактикалық жағынан кемшіл сұрақ-тапсырмалар оқушыны мейлінше тығырыққа тіреп, ой-қиялын шектейді.

Мектеп бағдарламасына енген М.Мақатаевтың өлеңдерін оқытуда белгілі бір дәрежеде қиындықтар бары рас. Оның бір себебі мектеп бағдарламасына енген ақын шығармаларындағы пафостың басымдығында. Оқушыларға өлең мәтінінен мағыналық танымға жетуден гөрі сезімдік танымға жету, түйсіну әлдеқайда күрделі болатыны рас. Ақынның бұдан өзге «Фантазия», «Барлығы да сендердікі» өлеңдері енген. «Фантазия» өлеңінде ақынның халықтың кешегісі мен болашағы туралы ой толғамдары танылады. Адамзат әлеміндегі қиял барша ғылым-білімнің, ғажайыптардың түрткісі. Қазақта «Жеті қат жер», «жеті қат аспан» деген ертеден айтылып келе жатқан ұғымдар. Аспан мен жер қабатының ғылымдағы атауы мен ерекшеліктері зерттелмей тұрып-ақ, халық табиғат ерекшеліктерін зерделей алғандығын ақын халқымыздың ұшқыр қиялы мен даналығына жориды. Ата-

¹ Әдебиет. Жалпы білім беретін мектептердің 5 сыныбына арналған оқулық. А., Атамұра 2013. -213 б.

бабамыздың «ертеңін ергегісінде» болжаған парасат, пайымына сүйсінген ақын, халықтың ғылым мен өркениет жолындағы қарым-қабілетінің молдығына сенеді.


«Барлығы да сендердікі» өлеңі ақынның кейінгі ұрпаққа қалдырған өсиет-аманаты деуге болады. Өлеңде ақынның айтпақ ойы ашық, бүкпесіз тура мағынасында берілген. «Өмір, қоғам, заман, дала, қала» – ата ұрпақтың болашаққа қалдырған мұрасы. Ақын өлеңінің өзегінде «жаңа атқан таң нұры» – болашаққа сүйіспеншілігі сезіледі, сонымен бірге сенім жүктейтіні де аңғарылады. «Болашақты жалғау үшін болашақ» үлкен жауапкершілік керектігін танытады. Ақынның айтпақ ой алғашқы тармақта-ақ ашық ұсынылған.

Мектепте оқылатын шығармалардың тақырыптық қырлары. Өр шығарма өзіндік даралығымен ерекшеленеді дедік. Аталған сыныптың өзінде оқытылатын өлең мәтіні бір-біріне ұқсамайды. Жанры, тақырыбы жағынан ұқсас шығарманың өзі айтпақ ойы, құрылымы, тілдік ерекшеліктері жағынан алуан түрлі болып келеді. Мәселен, 5-сыныпта М.Жұмабаевтың бірнеше өлеңі берілген. Автордың әр өлеңі өзіндік болмысымен дара. Ақынның «Қысқы жолда» атты өлеңі сыртқы формасына қарағанда табиғат лирикасына жататын сияктанғанымен, ішкі мазмұны мен құрылымы біршама күрделі. Авторлық ұстаным айқын көрінбейді.

Өлеңнің композициялық құрылымына талдау жасай отырып, тақырыбы мен идеясын айқындауға болады. Өлеңнің алдыңғы фонына *мекени* ақ ұғымы шығады:

«Қараңғы түн» → «сары дала» → «Жолды басқан құр соран».

Келесі кезекте *желдің* образы іс-әрекет түрінде айқындалады.



Келесі кезекте *жолаушының жай күйі* сипатталады:

Астымдағы жануар
Құлағын қайшыландырып,
Зорға борт-борт желеді...
Боранын тәңір ашпады,
Жол білінбей бастады,
Көрінген бір жарық жоқ,
Босаңсыды Қаракөк...
Сар далада адасып,
Суық кебін жамылып.
Қаларын кім біледі?..¹

Өлеңде қаһарлы қыстың сипатын ашатын «боран», «ызғарлы жел», «суық кебін» сияқты тіл бірліктері кездеседі. Өлеңде авторлық ұстанымды меңзейтін «сары дала» тіркесі ерекшеленеді. Қыс пейзажына сәйкеспейтін сияктанған «сары дала» ұғымын оқушының өз түсініктеріне салып көру автордың ойын тануға жетелейді. Қазақ ұғымында «қоңыр», «қара», «ақ», «сары», «сұр» сөздерінің концептуалды мағынасы мен қызметі ескерілуі керек. М.Жұмабаевтың «Сағындым» өлеңіндегі оймен сабақтастыру тиімді болмақ.

М.Жұмабаевтың 6-сыныпта оқылатын «Қазақ тілі» өлеңінің мәтінін талдауда қабылдаушыны, яғни оқушыны алдын ала даярлау қажеттігі танылады.

Күш кеміді, айбынды ту құлады,
Кеше батыр – бүгін қорқақ бұғады.
Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде,
Қан суынған, жүрек солғын соғады.

Қыран құстың қос қанаты қайрылды,
Күндей күшті, күркіреген ел тынды.
Асқар Алтай – алтын ана есте жоқ,
Батыр, хандар – асқақ жандар ұмытылды!

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...
Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!

Жарық көрмей жатса да ұзақ, кең тілім,
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім.
Тарап кеткен балаларыңды баурыңа
Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім!¹

¹ Әдебиет. Жалпы білім беретін мектептердің 5 сыныбына арналған оқулық. А., Атамұра 2013. -147 б.

1913 жылы жазылған ақынның бұл өлеңінде Ресей империясының отарлық билік жүйесіне наразылығы айқын танылады. Қазақ жерінің орыс мемлекетінің меншігі етіп жариялануы, қазақ жерінің талан-таражға түсуі, Ресейлік әскери монархияның басқару жүйесі қазақ елінің еркіндігі мен өзіндік билігінен айырып келе жатқандығы ақынның көкірегіндегі шердің ұлғайып, жан айғайы мен ащы зарының шығуына себеп болады. Азаттық идеясы Мағжан Жұмабаев шығармаларының басты өзегін құрайды. Жоғары сыныпта оқытылатын ақынның «Батыр Баян» поэмасының идеясы бұл өлеңмен тікелей қабысып жатыр. Әрине, 6-сыныптың оқушыларына бір өлең көлемінде ақынның азаматтық толғанысын танып, шығарма астарындағы азаттық идеяны жете түсіне алады деу қиын. Мағжан шығармашылығы монографиялы оқылатын жоғары сыныптың өзінде ақын шығармаларының табиғаты мен қайраткер азаматтың болмысын тану оңайға соқпайды. Өлеңдегі жекелеген сөздерді таңба ретінде танып, оған герменевтикалық талдаудың тәсілдерін пайдаланғанда ғана аталған өлең өз ойын оқушы санасында сәулелендіре алады.

Өлең мәтінінің алғашқы үш шумағында бірнеше ұғымдарға оқушы зейінін аударып, өз таным, түсінігін айқындау қажеттігі туындайды. Мәселен, «Күш кеміді, айбынды ту құлады» деген тармақта ақын нені меңзейді? Қандай күш туралы сөз етіліп отыр, ақын қай туды айтып отыр?

Келесі тармақтағы ойға нысан болып отырған кім? «Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде деген тармақтағы ақын ойын қалай түсінесің?» деген сауалдар арқылы оқушы ойын түсіну өлеңнің идеясын айқындауға жәрдем етеді. Көркем шығарманы тану мен қабылдауда оқушының дүниетанымы, ұстанымдары мен көзқарастары ерекше рөл атқаратыны белгілі. Негізінен көркем мәтінді талдап танудағы іс-әрекет те осы мәселеге төңірегіне шоғырланады. 20-жылдарда жазылған шығармаларда жиірек ұшырасатын ерекшелік мәтін астарына ой бүкпелеу, астарлай айту, оқырман танымына жүгіну тәсілдері болып есептеледі. Бұндай ерекшелік М.Әуезовтің осы жылдардағы шығармаларында да молынан ұшырасады. Автордың дүниетанымы мен дәуірі, құндылығы мен бүгінгі оқырманның әлеміндегі байланысты зерделеу амал-тәсілдері болғанда ғана мәтінді ұғыну мүмкіндіктері туады. Өлеңнің алғашқы шумағындағы ой келесі тармақтарда да ұласады. «Қыран құстың қос қанаты қайрылды» мен «Күндей күшті, күркіреген ел тынды» деген тармақтарды алғашқы шумақтағы ойдың дамуы ретінде қабылдауға болады. Ал, «Асқар Алтай – алтын ана» метафоралық қолданысы ақын дүниетанымын көрсетеді.

Көптеген аңыздарда Алтай Түркі әлемінің кіндігі саналатыны белгілі. Алтайдан тараған ел бүгінде басқа құрлықтарға да қоныстанған деседі. Бұл түркі тілдер тобына жататын елдерге қатысты, жан-жаққа тарап кеткен елдердің ортақ белгілеріне қатысты айтылғаны байқалады. Келесі «Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп, Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!»

¹ Әдебиет. Жалпы білім беретін мектептердің 6 сыныбына арналған оқулық. А., Атамұра 2013. -91 б.

немесе «Тарап кеткен балаларыңды баурыңа», «Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім!» деген тармақтардағы ой да ақынның мақсат-мүддесін айқындай түседі.

Өлеңнің тақырыбы туған тілге қатысты деп қана тану ақын ойын терең түсінбеуге соқтырады. Мағжан Жұмабаев шығармаларында кең ауқымда кездесетін азаттық, азаматтық мүдде, елдік арман идеялары бірнеше шығармасын қатар алып, сабақтастыра отырып талдауды қажет етеді. Өлеңдегі «жауыз тағдырдың» талайына жұтылып отырған «Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ар» сияқты концептуалдық ұғымдар да өлең шумағында кездейсоқ аталып өтуі біздің осы көзқарасымызды дәлелдей түседі. Сондықтан өлеңді оқушы жете түсініп, өзінің таным, түсінік деңгейінде қабылдай алсын десек, оқулыққа ұсынылатын әрбір шығармаға жіті көңіл бөліп, мұғалімнің өзі өлең мәтінін алдын ала талдау қажет. Оқушы дүниетанымына сай келер, келмесін бағдарламай, бүгінгі күні өзекті болып отырған қазақ тілі мәселесі көтерілген екен деп қана аталған өлеңді оқулыққа енгізу ағаттық болған болар еді.

Мағжан Жұмабаевтың «*Сүйемін*» өлеңінде атамекен, туған жерге деген ыстық сезімі, елжанды жүрегі, танылады. Туған жерге, асыл жарға, ата-анаға деген сүйіспеншілік сезімді бар шынайы болмысымен жеткізу өлеңнің асқан шебері Мағжанға тән құбылыс. Өлеңдегі негізгі көркемдік тәсілдің бірі – синтаксистік қайталаулар. «Неге екенін білмеймін – сол (анамды, жарымды, елімді, Аркамды)» сүйемін деу арқылы ақын оқырманына «адамзат өз мекенін, туған жерін, ата-анасын, жарын не үшін сүйеді?» деген түйінді ой тастайды. Сүйу үшін ең бастысы өзінің етене жақының болу, туған, төл дүниең (елің, жерің, тілің) болуының өзі жеткілікті екендігін меңзейді. Жұлдыздай жарқын, жалынды ғұмырында бар мақсат-мұраты елінің азаттығы мен өркениетін көру болған Мағжан ұлтының болмысы мен тұрмыс-тіршілігіне толғанады. «Ұйқы басқан қабағын», «жүрген ескі заңымен», «жалқаулықты жар көрген» қазақтың бейқам тірлігі мен мінез-кұлқы елінің ертеңін ойлаған азаматты туған халқының мүддесі жолындағы күрестерге жетелейді. Мағжан өлеңдеріндегі Отанға ғашық сезім, тасқынды, тегеурінді азаттық үн көпшілікке арналады. Өлеңде «сары дала», «мәңгі өлік сахарасы», «сұп-сұр көр» тәрізді көркем сөз образдары өлеңнің идеялық астарын айқындай түседі.

Ал осы 7-сыныпта оқылатын ақынның «*Толқын*» өлеңі табиғат лирикасынан алшақ. Толқын сөзінің негізгі мағынасы табиғаттағы су бетінің ырғалысынан пайда болатын тербелісті білдіретіні белгілі. Жалпы толқын ол ауа толқыны болсын, шаш толқыны болсын, дыбыс толқыны болсын, ырғақты, қозғалысты білдірсе керек. Мағжан табиғаттың осы бір құбылысын ала отырып, терең ой толғайды. «Толқын» – қозғалыс перзенті, ал өмірдің өзі қозғалыстан тұрады. Ақын өлеңде «Толқыннан толқын туады» деп бастап, өмір заңдылықтары: уақыт, қозғалыс, өмірдің өзгермелігін, өмір жолындағы жарыс пен тартысты, ұрпақ жалғастығын, жылайтын, күлетін адамның болмысы мен сезім-күйін өлеңнің мағыналық астарын әдіптейді. Алдыңғы толқынның өмірден озуы, кейінгі толқынның орнын басуы – заңдылық.

Өлеңнің идеялық өзегінде өмір философиясы бой көрсетеді. Өлеңнің композициялық құрылымы ерекше. Ақын өмірдің бар болмысын толқынның тууы мен өлуі арасына тізбектей отырып көркем безендірген. Өлең композициясында ақын үн үйлесімін аллелерациялық тәсіл арқылы шебер берсе, өлең ырғақ, өлшем, ұйқас арқылы да сазды, әуезді құрылым түзген. Анафоралық қайталаулар мен параллелизм ақынның салмақ түсіретін ойын ерекшелей түскен. Осылайша ақын «Толқын» өлеңінде терең толғанысты, *әуезді әсем сурет жасаған*.

Осы орайда мектеп бағдарламасына енген бірнеше өлең мәтініне түсінік беріп көрейік. 6-сыныпта оқылатын С.Сейфуллиннің «Дала» өлеңі жаңа өмір жастарына арнау ретінде жазылған. Дала – қазақтың киелі құт мекені. Дала халық ұғымында кеңдіктің, ырыс, несібенің, еркіндіктің символы. Сәкен Сейфуллин «Далада» өлеңінде «алты жасар асауды ұстап мініп» ой қиялымен даланы дүбірлетеді. Көсілген дала еркіндіктің бейнесі болса, асау тұлпар еркін де қайсар рухтың бейнесін сипаттайды. Ақын өлеңіндегі ой үш детальға (ұғымға) тоғысады. Олар: *дала, асау тұлпар* және ақынның *лирикалық қаһарманы*. Ақын өлеңде дала «жаңғырады», «дүбірлеп күңіренеді», асауды «орғыды», «осқырды», «зымырап құлашын керді», «көздері оттай» деген сөздермен бейнелейді. Ақынның лирикалық қаһарманы еркіндікке құлшына құлаш сермеген жалынды жас. Ол кең даланы күңіретіп ән салады. Әніне барлық дала «Аққу қазды шалқар көл,

Қамысты-құрақты көк өзен күңіренеді, үнге қосылады.

Өлең астарлы оймен жазылған. Ақынның даласы – еркіндіктің бейнесі, асауы – еркін рухтың, жалынды күрестің бейнесі, ал ақын әні – жаңа заман үні. Жаңа заман үні «әділдік, теңдік іздеген», «еркіндік, кеңдік іздеген» «көкірегі жанып, бақыт іздеген» жастарға: іні, қарындастарға арналады. Ақын бақыт жолының бұралаңын, күрделі де қиын жол екенін білдіре тұра, сол қиындықты қайратты ер жастардың ғана жеңіп шығатынына қалтқысыз сенеді. Ерік, махаббат, бақыт жолындағы жастарды бірлікке шақырады.

6-сыныпта Қасым Аманжоловтың «Алатау» өлеңі берілген. Ақын шығармашылығында туған жер тақырыбы ерекше мәнге ие. Туған жердің қасиетін тану, тебірене жырлау Қасымдай еліне шексіз беріліп, қалтқысыз қызмет еткен тұлғаға тән қасиет. Өр тұлғаның асқар тауды жырлауы да тосын емес. «Хантәңірі», «Алатау» өлеңдерінде ақын өрлікті, асқақтықты, табиғаттың еңселі ерек болмысын ардақтайды. «Алатау» өлеңінде ақын табиғаттың сұлу перзенті Алатаудың қадыр-қасиетін туған елмен байланыстыра суреттейді. Алатау көркімен көз сүйсіндіріп қана қоймай, елдің аспаны мен жеріне сән беріп, Қазақстандай кең құлашты мекеннің төрінде көркем шаңырағы болып тұрғандығын елестетеді. «Алатау – айдын дала қариясы, Көтерген төбесіне өз баласын» деп табиғаттың оқшау жаратылған перзентін көпті көрген көнекөз қария ретінде ерекшелейді. Өр тұлғалы, тұқапар келбетті Алатау-қария елге қазыналы «дастарханын» жайып ырзық несібе беріп отырғанын аңғартады. Өлеңде көркемдік айшықтаулар мен алмастыра қолданылған сөздер кездеседі.

Бұдан өзге Қасым Аманжоловтың 8 сыныпта оқылатын «Өзім туралы» өлеңі – көп қырлы, терең мағыналы шығарма. Ақын бұл өлеңді шығармашылығының кемелденген тұсында жазған. Белгілі сыншы-ғалым Бекен Ыбырайым өлеңнің 1948 жылдардан бастап жазылғанын, оған дейін ақын үнемі өз шығармашылық жолына сын көзімен қарап, жетілдіру үстінде болғандығын жазады. Көрнекті әдебиетші Есмағамбет Ысмайловтың «Өзім туралы» аяқталмаған өлең, ақынның философиялық поэма жазу мақсатынан туған шығарма екендігі туралы ойларын келтіреді.

«Өзім туралы» өлеңі автордың өз тағдыры туралы ойларынан басталып, кең арналы тақырыптарды көтереді. Олар: аға ұрпақ аманаты, келер ұрпақ парызы, адам тіршілігінің мәні, адамгершілік жайы, адамзат тіршілігіндегі жеке тұлғаның мән-мұраты, адамның болмыстағы орны, өткінші өмір, уақыт мәселесі, өшпес өнер табиғаты, ұрпақ пен дәстүр жалғастығы, ақынның келер ұрпаққа аманаты терең философиялық толғамдарда көркем сөз образдарымен шебер өрілген.

Ал Фариза Оңғарсынованың «*Оюлар*» өлеңінің табиғаты өзгеше. Оқушыларды көбірек ұлттық өнерге бағыттайды. Қазақ халқының рухани-эстетикалық танымымен біте қайнасып кеткен қол өнері, ою-өрнегі ұлттық құндылықтың бірі. «Әжелер мектебінің» өрнекті, зерлі сабағы болып ұрпақтан ұрпаққа жалғасты болған түскиіз, сырмақ, текемет сияқты бұйымдардың күнделік тұрмысымыздан алшақтауына бүгінгі тұрмыс-тіршіліктің тынысы да себепкер.

Ұлт мәдениетін айқындайтын қазақтың осындай қолөнері ақын шығармасына өзек болған. Өлеңнің өн бойынан ұлттық өнерге деген құрмет пен ақынның әжесіне деген ыстық сезімі, махаббаты да айқын танылады. Әр ғасырдағы сан түрлі талап, талғамдардан сүрінбей өткен қазақы асыл өрнектің астарына ақын үлкен мән береді. «Сүрінбей өте алар ма ғасырлардан, Әжемнің оюындай жыр-өрнегім!» – деп нағыз асыл ғана уақыт сынынан сүрінбей өте алатынын мойындайды, ақын өз шығармашылығына биік талап қояды. Ақынның қиялына қанат бітіретін, шабыт сыйлайтын бабалар жолы, ұлттық құндылықтар. Ақын өлеңінде нағыз ұлттық нақышты жыр, халқын, елін сүйген жаннан ғана туады деген де астарлы мағына бар. Алты шумақты, қара өлең ұйқасымен жазылған өлеңнің тілі жеңіл, ақын ойы көркем айшықты.

Орта мектеп бағдарламасында өнер тақырыбын, соның ішінде қазақтың ұлттық қол өнері, саят өнерін қамтыған шығармалар енген. Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңі де өнер тақырыбына арналған.

Оқу-білім, өнер тақырыбы қай ғасырда болсын өзектілігін жоймайтын мәңгілік дүниелер екені белгілі. Мектеп бағдарламасында кең орын алған тақырыптың бірі оқу-білім мен өнер тақырыбы. Әсіресе Абай шығармалары арқылы аталған тақырып кең қамтылған. Оның өзіндік себебі де жоқ емес. Абай өмір сүрген кезеңде оқу-білім, өнер тақырыбын қозғау аса маңызды еді. Қоғамдық сананы ояту Хакім Абайдың ең биік мақсатының бірі болды. Абай «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Әсемпаз болма әрнеге», «Өкінішті көп өмір кеткен өтіп»,

«Біреуден, біреу артылса», «Білімдіден шыққан сөз», «Өлең – сөздің патшасы», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Өзгеге көңілім тоярсың», «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа», «Құр айқай бақырған», «Құлақтан кіріп, бойды алар» сияқты өлеңдерінде оқу-білім, өнер тақырыбын тереңнен қозғады.

Абай көптеген шығармаларында ғылымның мәнін ашып көрсетеді, яғни «Ғылымсыз дүние жоқтығын», ғылымның «дүние де өзі, мал да өзі» екендігін баса айта отырып, оған жетудің жолдарын да ұсынады. Ғылымға жетудің бір жолы — талап, еңбек екендігін

«Еждиһатсыз, михнатсыз,

Табылмас ғылым сарасы» немесе:

«Пайда ойлама, ар ойла,

Талап қыл артық білуге» — деп баса айта отырып, мақсатқа бағытталған еңбектің ғана жеміс беретінін айқындай түседі. Ғылымға жетудегі мақсат — алған білімді өзіне ғана жарату емес, сол үйренгенінді басқаға да үйрету, яғни Абай сөзімен айтқанда: «Біреу білмей, сен білсең, Білгеніңнің бәрі — тұл» — немесе — «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың...», «Әкесінің баласы — адамның дұшпаны, адамның баласы — бауырың» деп өнер, білімді үйренудің қоғамдық мәнін ашып, оны келешек ұрпақ мүддесі тұрғысынан түсіндіреді. «Ғылымды ақиқат мақсатпен білмек үшін үренбек керектігін» баса айтады. Абай «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде адамгершілік қасиеттерді:

«Өсек, өтірік, мақтаншақ,

Еріншек, бекер мал шашпақ —

Бес дұшпаның, білсеңіз.

Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым ойлап қой —

Бес асыл іс, көнсеңіз» — деп екі жікке бөле отырып, саралап көрсетеді. Бұлар адамшылықтың екі жағы, адам қасиеттерінің екі қыры іспетті. «Адамшылықтың алды — махаббат, ғаділет, сезім. Бұл ғаділет, махаббат, сезім кімде көбірек болса, ол кісі — ғалым» — деп, ақын ғылым жолында да адамшылықтың жетекші екендігін аңғартады.

Адам жаратылысында жақсылықтың да жамандықтың да дәні бар. Адамның өзін сынға алуы, бойын билеуі — жақсылыққа жетудің де кепілі. Сондықтан да Абай:

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек» — дейді. Ақын үшін ар, иман, әділет маңызды. Абай оқу-білім, өнер үйрену өмір атты құрылыста «кетігін тауып қаланудың» бірден-бір жолы деп біледі.

Түбінде баянды еңбек егін салған,

Жасынан оқу оқып, білім алған.

Би болған, болыс болған өнер емес,

Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған, — деп, жастарға өнегелі жол сілтейді. Абай өнер түрлерінің ішінде сөз өнерін ерекше қастерлейді.

Өлеңге қойылатын биік талап пен талғамды «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» дей отырып, алғаш өлеңнің «қиыннан қиысқан» үздік өнер екенін саралап көрсетеді. «Қазаққа өлең деген бір қадірсіз» деп, сол замандағы өнерді мал табудың амалына айналдырған топты сынайды.

«Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,

Ойлансаңшы, бос қақпай елең-селең», – деп ән құдіретін асқақтатады. «Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ, Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ» деген ақын, өнер-білім туралы терең таным мен тың ой-түсінік қалыптастырды, үлгілі өрнек қалдырды.

Абай Құнанбайұлының «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде оқу-білім тақырыбын кеңіте түседі. Абай ғылым, білімді адамшылықтың негізі ретінде таныта отырып, кемел адам болу (толық адам) идеясын ұсынады. Абай өзіне дейінгі шығыс ғылымында белгілі болған адам болудың философиялық негіздерін түсіндіреді. «Мұны жазған білген құл – Ғұламаһи Дауани» деп шығыс ғұламасына сілтеме жасайды.

«Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде ғылымның қоғам мен адам өміріндегі мәнін «дүние де өзі, мал да өзі» дей отырып, оған жетудің жолдарын ұсынады. Ғылым жолында мақсатқа бағыттылған еңбектің ғана жеміс беретінін айқындай түседі. Ғылымға жетудегі мақсат — алған білімді өзіңе ғана сіңіру емес, сол үйренгенінді басқаға да үйрету, яғни Абай сөзімен айтқанда: «Біреу білмей, сен білсең, Білгеніңнің бәрі — тұл» – деп өнер, білімді үйренудің қоғамдық мәнін ашып, оны келешек ұрпақ мүддесі тұрғысынан түсіндіреді.

Абай Құнанбайұлының «Адамның кейбір кездері» өлеңі – өнердің сиқырлы жаратылысы жайлы толғам. Абай – сөз өнерін терең зерттей айтқан ақын. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы...», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол» сияқты бір қатар өлеңдерінде ақын өнер құдіретін зерделейді. Өлең жылтыр сөзбен ғана шырайлы болмайтынын, әділет пен шынайылықты жеріне жеткізе айтқанда, құнарлы ой «сырты алтын, іші күміс сөз жақсысына» айналғанда ғана ел көкейіне қонатынын түсіндіреді. Абай «Адамның кейбір кездері...» өлеңін шабытының шырқау кезі 1886 жылдары жазған. Көркем сөз табиғатын түйсінген ақын шығармашылық тұлғаның бірнеше қасиетін бағалайды. Ақынның ар таразысы – әлілет пен ақылы. Ақын қоғам ісіне көкірек көзімен қарап, халықтың арман-тілегін, мұң-зарын жеткізе алуы керек. Ақын заман абызы сияқты. Арғы-бергіні болжау, дөп түсіп айту – тек ақындық шабыт қана емес, әділет пен ақыл жемісі. Ақынға жүректің кәусар тазалығы да қажет, рухтың алмас қылыштай өткірлігі де қажет деген ой түйеді. Ақын өлеңнің туу сәтін бойдан өткізіп, түйсіндіре сипаттай отырып, ақындықты «тәңірінің берген» кемел өнері деп таниды.

Мектеп бағдарламасында Абай шығармашылығынан қамтылған өлеңдердің біразы адамдық мұрат, «толық адам» тақырыптарын тереңдете түсетін сүйікті ұлы Әбдірахманға арналған жоқтау өлеңдері. Абай сүйікті ұлы

Әбдірахманға бірнеше өлең арнаған. «Я, құдай, бере көр...», «Алланың рахматын...», «Тілім саған айтайын...» өлеңдері айықпас дертке шалдыққан ұлына тағат таппай қиналғанда хат түрінде жазылған. Өлең өзегінде әкенің үміт, қайғы, зар үні қатар өріледі. Ал, «Кешегі өткен ер Әбіш...», «Тұла бойың ұят-ар едің...», «Талаптың мініп тұлпарын...», «Арғы атасы қажы еді...», «Жиырма жеті жасында...», «Орынсызды айтпаған...», «Бермеген құлға, қайтесің...» сияқты өлеңдері өмірден ерте үзілген сүйікті ұлының қазасына айтылған әке азасы, жоқтау өлеңдері деуге болады. Әбдірахманға арналған бұл өлеңдердің мағыналық ауқымы жоқтау өлеңдерінен әлдеқайда кең.

Автор өлеңде өз баласы дүниеден өткен сәттегі ауыр қайғысын, күйінішін ғана жеткізіп қоймайды, адам бойындағы асыл қасиеттерді барынша жарқырата көрсетеді. Білімге құштар, талапты жастың ерте қиылып, жарқын істердің, халық игілігіне қажет дүниелердің өліп бара жатқанын күйіне жырлайды. Ақын Әбдірахман бойынан «толық адам» қалпына сиятын барлық қасиеттерді көреді. Адам барлық қасиетімен кемел, толық болуы үшін «қайрат», «ақыл», «жүрек» бірлігінің болуы шарт деп түсіндіреді. Әбдірахманның «жүрегі жылы», «бойы құрыш», «туысы жаннан бөлек-ті», «ғылымға көңілі зерек-ті» дей отырып, ақын Әбіштің бар қасиетімен кемел екендігін танытады. Әбдірахман тұлғасының кең ашылуы, ақынның ішкі толғанысы мен қайғы қасіретінің терең екендігін айқындай түседі.

Абай Құнанбайұлының «Талаптың мініп тұлпарын» өлеңі Әбдірахман қазасына арналған өлеңдер топтамасына жатады. Автор өлеңде өз баласы дүниеден өткен сәттегі ауыр қайғысын, күйінішін ғана жеткізіп қоймайды, адам бойындағы асыл қасиеттерді барынша айқын көрсетеді. Білім жолындағы жастың жетекшісі – талап. Талапты жастың еңбекқорлығы қажыр-қайраттың беріктігінде болса, адами қасиеттері әділетті сүюінен, ақыл, парасатының кемелдігінен деген ой қорытындысына жетелейді. Ақын Әбдірахман бойынан «толық адам» қалпына жататын барлық қасиеттерді көрсетеді. Адам барлық қасиетімен кемел, толық болуы үшін «қайрат», «ақыл», «жүрек» бірлігінің болуы шарт деп түсіндіреді. Әбдірахманның «жалғандыққа ермеуі», «көкірегін кермеуі» жүректегі иманның бекемдігінде деген түсінік тудырады. Ақын Әбіштің бар қасиетімен кемел екендігін танытады. Әбдірахман тұлғасының кең ашылуы, ақынның ішкі толғанысы мен қайғы қасіретінің терең екендігін айқындай түседі.

Абайдың 1889 жылы жазылған «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңіндегі ой он жетінші қара сөзімен мазмұндас. «Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті» деп ақын үш қасиетті ерекшелей отырып өзіндік болмысын ашады. Әр қайсысының өзіндік қасиеттері бар. Мысалы ақылдың нұрлы болуы, қайраттың ыстық болуы, жүректің жылы болуы «толық адам» болудың кепілі. «Жеке-жеке біреуі жарытпайды», үш қасиеттің Абай айтқан нұсқасы кісіде қатар болуы кемелдікке жеткізеді. Абай «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» дей отырып, адамға шыдамдылықты, сабырлықты дарытатын қайрат және ыстық жүрек бірігіп тұтасқанда ғана ғылымға қол жеткізуге болады деп тұжырымдайды.

Алғашқы шумағы қара өлең ұйқасымен, кейінгі екеуі кезекті ұйқаспен жазылған үш шумақты шағын өлеңде терең мағына, философиялық тұжырым бар. Абай «толық адам» ілімін «Ғылым таппай мақтанба» сияқты білім, ғылым тақырыбындағы шығармаларында және Әбдрахманға арналған өлеңдерінде толықтыра түскен.

Мектеп бағдарламасында Абайдың махаббат лирикасынан бірнеше шығарма қамтылған. «Махаббатсыз дүние бос, Хайуанға оны қосындар» дегеніндей ақын махаббат тақырыбын тың өрнекпен, көркем айшықпен, өзгеше мағына бере жырлаған. Абайдың махаббат лирикасының жаңалығы мол. Ақын өлеңдерінде қазақ аруының көркем бейнесін, образын сомдайды. «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Білектей арқасында өрген бұрым» өлеңдерінде қазақ қызының көркем портретін, сын-сипатын, болмысын танытады. Абай махаббат тақырыбындағы өлеңдерінде адам басында болатын сезім-күйдің алуан белгісі мен көріністерін шынайы суреттейді. «Қыз сөзі», «Жігіт сөзі» өлеңдерінде махаббат ләззаты көбірек жырланса, «Қор болды жаным», «Сен мені не етесің?», «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Мен сәлем жазамын», «Көзімнің қарасы» өлеңдерінде махаббаттың азабы, тауқыметі, сағыныш пен күйініш сезімдері «қуатты ойда бас құраған» шебер тілмен кестеленеді. Махаббатқа адалдық, қазақ әйелінің жанының тазалығы, жігіттің саналы, тұрақты болуы ақын өлеңдерінің идеялық мазмұнында айқын көрінеді. «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат» өлеңдері арқылы жастарға үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие береді.

Абай лирикасында махаббат тақырыбы қазақ әдебиетінде өзіне дейін болмаған дәлдікпен, терең психологиялық күйде, тың сипатта жырланады. «Қызарып, сұрланып» өлеңінде құмарлы екі ғашықтың жай күйі қалтқысыз қаз-қалпында, бастан кешкендей терең түйсікпен, сезімталдықпен жеткізілген. Махаббат жүректің ерекше күйі, жан ләззаты деп түйетін ақын, адамның іс-әрекетін жүйелеп тұрған ақыл-ойдың да ұлы сезім – махаббаттың алдында дәрменсіздігін көрсетеді.

«Жүйрік тіл, терең ой,

Сол жерде қайда едің?

Ғашыққа мойын қой,

Жеңілдің, жеңілдің!... – дейді Абай. Абайдың махаббат тақырыбындағы өлеңдері құрылымы, құрылысы, ұйқас түрлері жағынан сан алуан болып келген.

«Ғашықтық, құмарлықпен ол екі жол» өлеңін Абай 1889 жылы жазған.

Абай махаббат тақырыбындағы өлеңдерінде адам басында болатын сезім-күйдің алуан белгісі мен көріністерін шынайы суреттейді. Адам жаратылысының құралмағы «екі нәрседен: бірі – тән, бірі – жан» деп түсіндіретін ақын «Ғашықтық, құмарлықпен ол екі жол» яғни ғашықтық сезім жүрек күйі, жан қажеті, «Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол» деп екіншісін көбірек тән қажетіне жатқызады. Ғашықтық «нұрына жан қуанатын», үміт үзілсе адамның тұла бойын түгел дерт меңдегендей күй кешетін, ақыл-сананы, жан мен тәнді түгел жаулайтын сиқырлы сезім екенін түйсіне жырлайды. Ақын

өлеңнің бастапқы, соңғы шумағын қара өлең ұйқасымен, екінші шумағын кезекті ұйқаспен жазған.

Байқап отырғанымыздай мектеп бағдарламасына енген лирикалық шығармалардың тақырыбы алуан түрлі. Тіпті бір тақырыптағы шығармалардың өзін тануда, танытуда терең пайым мен ізденіс керектігі байқалады.

Лирикалық шығармалардағы пейзаж жанры.

Мектеп бағдарламасына енген лирикалық шығармалардың ішінде бір ғана пейзаждық өлеңдердің өзінің табиғаты бір-біріне ұқсамайтындай алуан түрлі. Мәселен, 5-сыныптағы И.Байзақовтың «Жазғы кеш» өлеңі таза пейзаж¹. Кеш көрінісін тілдік бояумен салғаны айқын танылады. Шығарманың өн бойында пейзаж кірпіш ретінде қаланады.

Кеш еді жаздың сұлу нұр төгілген,
Жібектей жерге жасыл гүл себілген.
Көк шатыр, Қызғылт теңбіл тақталанып,
Жерге кеп алыс аспан төңкерілген.

Шымқаған көкжиекте қызыл арай,
Көтерген күн шапағын қызыл тудай.
Тарауы сан жамырап, көкке самғап,
Серпілген көк теңізі әрмен қарай.

Иса Байзақов «Жазғы кештің» шапақты тууын «жасыл», «көк», «қызғылт», «қызғылт теңбіл» сияқты бояу өңдерінің атауымен көз алдымызға керемет кештің бейнесін әкеледі. Мұнда пейзаждық бейне түрлі бояулармен, тұтас өлең мәтініне реңк беріп тұр. Оқушыларға пейзаждық элементтерді таныту, сөзбен салынған суреттің бояуын сездіру үшін «Өлеңде қандай түс кездеседі?» «Жиі ұшырасатын қай түс?», «Өлеңдегі бұлттың түсі қандай?» деген сұрақ қою арқылы анықтауға болады. Пейзажды нақты түстік реңкімен тани алған оқушы бұлттың түсі «қызғылт» екенін тап басып айтары анық. Ал дәл осы өлеңді сурет өнерімен ұштастырмауға болмайды. Дәл өлең мәтініндегі сөзбен салынғанды суретте тап басып таба білу, тіпті ұсынылған көп суреттің ішінен ажырата алу қабілетінің өзі оқушылардың өнерді түсіне, түйсіне алу қабілеттерін дамытқан болар еді.

Оылайша пейзаж ұлттық тілдің нәзік, мөлдір, терең сырларын, сөздің поэзиялық қасиеттерін жарқырата ашуға ұйытқы болса, екінші жағынан, шығарманың ішкі мазмұнын идеясын байытады.

Ал пейзаждық шығарма делінген Абайдың «Жазғытұры», «Жаздықүн шілде болғанда», С.Торайғыроватың «Шілде» өзіндік ерекшеліктерімен өзгеше. Осыған қарап-ақ пейзаж жанрының өзіне тән белгілерін тануымызға болады.

Пейзаж кейде жаратылыстың көрінісін суреттейді, кейде кейіпкердің басында болған күйініш-сүйінішімен байланысып келеді, кейде оқиға қандай жағдайда болғанын көрсету үшін қолданылады. Кейде оқиғаның тікелей

¹¹ Әдебиет. Жалпы білім беретін мектептердің 5 сыныбына арналған оқулық. А., Атамұра 2013. -102 б.

дамуымен қатынаста болады. Қандай пейзаж болсын бір нәрсеге негізделіп алынады. Пейзаж автордың негізгі мақсатына байланысты болады. Мысалы Абайдың «Жазды күн шілде болғанда» өлеңінде жаздың әдемі көрінісін суреттеумен қатар, адамдар әлемінің өмір тіршілігін қаз-қалпында көрсетеді. Кейде пейзаж оқиғаға қатысушы қаһармандардың басында болған жағдайын көрсету үшін де қолданылады.

Мұнар да, мұнар, мұнар күн,

Бұлттан шыққан шұбар күн,— деген үзіндіде Махамбеттің жай-күйін терең таныту үшін салыстырмалы түрде суреттейді.

Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» өлеңін алсақ, мұнда табиғат көрінісі мен адам сезімі сабақтастырыла өрілген:

«Желсіз түнде жарық ай,

Сәулесі суда дірілдеп...

...Келмеп пе едің жол тосып,

Жолығуға аулаққа.

Өлеңдегі алғашқы шумақты оқи отыра көз алдымызға табиғаттық әсем пейзажын елестетеміз.

Өлеңдегі көркем пейзажды құраушы элементтер: «Желсіз түн», «терең сай», «арналы өзен», «жарық ай», «қалың ағаш жапырағы» т.б. барлығы жанды әрекетте түн пейзажын көріктендіріп, адамның ішкі жан-дүниесімен астасып, табиғат пен адам бір тұтастықта бейнеленеді. Осылайша оқушының қабылдауына әсер етеді.

Көркем пейзажды беруде І.Жансүгіров шығармалары ерекше көзге түседі. Ақынның мектеп бағдарламасына енгізілген «Ағынды менің Ақсуым» өлеңінде ақынның туған жерге деген ыстық сезімі табиғаттың әсем бөлшегі болып отырған өзен суына да жан бітіре түскендей болады. Ақсу өзенінің табиғи ерекшелігі ақын жасаған кейіптеу арқылы еркін ашыла түседі¹.

...Тұнжыраған торғын *түн*

Төндім сұлу суына

Таңырқап *тау, тас* тамсанып,

Жымиды *жұлдыз* мұныма.

Сүмиген сүңгі сұрша тал

Шомылды таудың суына.

Таймаңдаған тайпақ ай

Желегі ме, туы ма!?

Шүйке шарбы бұлтты

Қалақай қалды қылмиа.

Аспанда, ай алтын құшағы,

Құсыра қайың құшады...

¹¹ Әдебиет. Жалпы білім беретін мектептердің 7 сыныбына арналған оқулық. А., Атамұра 2013. -72 б.

Итмұрыны мөлдіреп,
Қабағын түйіп қоңыр күз.
Қарағай, қайың қалтырап,
Талда аңырап әнші құс,
Таста суыр тантирап,
Жазыла есінеп жапан қыр,
Маужырап сұлап, балбырап,
Даладан, таудан көшті нұр,
Салбырап, сам жамырап...

Тауды тұман бөкселеп,
Өзен төлі жамырайды...

Бұл өлеңде шебердің назарына ілінген көркем детальдар «торғын түн», «тау-тас», «жұлдыз», «сүңгі тал», «тайпақ ай», «шарбы бұлт», «қалақай», «қайың», «итмұрын», «әнші құс», «суыр», «жапан қыр» т.б. «Жалғыз жазғы бір кеште жағалаған жағасын» ақынның назарына ілінген көркем бейне ақынның сезімімен жанды дүниеге айналады. Ақын көңіл-күйімен «жұлдызы жымияды», «қалақайы қылмиса», аспандағы ай алтын құшағымен сұлу «қайыңды құшады», қайың мен сәуле сүйіседі. Пейзажды жасауда суретші мен көркем сөз шеберінің нысанындағы заттық элементтер ортақ болғанымен, әр шебер оны өзінше түрлендіреді, өзінше бояумен әрлейді. Көркемсөз шеберінің бояуы көркем бейне, көркем деталь. Көркем пейзаждың фонында автордың ішкі әлемі, сезімі, ой-түсігі мен өзіндік құндылықтары бедерлене түседі.

Өз шығармаларында пейзажды нысан етпейтін ақын-жазушы сирек. Бірақ сол көркем бейнені беруде әр қаламгердің өзіндік ерекшелігі байқалады. Мәселен, 5-сыныпта ақынның «Шілде» өлеңінде.¹

Ән салды таңды мақтап сансыз торғай,
Бас иіп, бәйек болып, жерге қонбай.
Шайқалып таң желіне тербетілді.
Көкмайса көзі ілініп тұрған сондай.

Асыл шөп, жасық шықтың иісі аңқып,
Батқандай мелдегінен нұрға қалқып,
Күлімдеп көктің жүзі көңілі шат:
Жауһардай күн шығар деп бізге балқып..

Мақтанып қара түнде нұрын шашқан
Айдың да өлеусіреп түсі қашқан.
Шығарын сұлу күннің сезгеннен соң,
Бірі жоқ, тәмам жұлдыз бетін басқан...

¹ Әдебиет. Жалпы білім беретін мектептердің 5 сыныбына арналған оқулық. А., Атамұра 2013. -143 б.

Жайылып төрге қарай таңның ағы,
Көрінді ауыл – ауыл маңайдағы.
Қарайып, өрген сиыр түйеменен
Ауылдың малға толды әрбір жағы.

Ыңыранып қой қотанда таңды көріп,
Күн шыкса, жайылысқа кетпек өріп.
Төбеттер үй алдына жаңа жатты,
Түн бойы қой күзеткен, ұйқы бөліп...

Осы өлең шумақтарының әрқайсысында бір жанды қимыл-әрекет бар. Енді ғана «кел, шық» деп сібірлеп атып келе жатқан таң бейнесін беруде автор «торғайларға ән салдырып, бәйек қылса», «көзі ілініп тұрған көк майсаны тербеп оятып», «шығар күн үшін көктің жүзін күлімдетіп, көңіліне шаттық орнатса», «жердің буы мен көктің суының көкке қарай ұмтылуы», «қамыстар суда күйге билеп, құстар домбырамен ән салып» тұрса алғашқы шумақтарда, енді «шығарын сұлу күннің сезгеннен соң» «мақтаншақ айдың» түсі қашып, «тәмам жұлдыз бетін басқандығы» берілсе, келесі шумақтарда таң атқаннан кейінгі ауыл көрінісі беріледі: «өрген сиыр», «жайылысқа өруге дайын тұрған қотандағы қой» т.б.

Сонымен қатар пейзаждық бейнелерді беруде кез-келген өлеңде болсын не прозалық шығармаларда болсын этникалық дәстүрден ауытқымай, белгілі бір тұрмыс күйін суреттеуде ықпал етеді. Осы сөзіміздің дәлелі жоғарыдағы «Шілде» өлеңінің соңғы шумақтарында «таяқты, жалаң аяқ шалдардың тұрып, үйге сүйкенген қойларды ұруы», «бір молданың шәугім ұстап тысқа шығып, арба айналуы», «ауылдағы қисайған қос секілді кара және дара үйге» «Әптие» пен «Құрандарын» құшақтаған балалардың жиналуы тұтас бір ауыл тұрмысының таңертеңгілік қозғалысын, әрекетін көз алдымызға елестетіп отыр. Пейзажды құраушы заттық детальдарды көру бар да, оның өзіндік белгісін тану бар. Мәселен, «жасық шық» деген бір ғана заттық ұғымның өзінен терең мағынаны тануға болады. Неліктен басқа эпитетті емес, акын «жасық» сөзін қолданған? Бұл сөзді тағы қандай тіркесте қолдануға болады? Жаздың түніндегі, әсіресе таң алдындағы шықтың салқын болмай, жасық болуының өзі шілде айы түнінің қаншалықты жылы екенін байқата түседі.

Ал С.Сейфуллин өлеңдерінде табиғат көбінесе көтеріңкі көңіл-күй әсерімен суреттеледі:

Мен келем тау ішінде түнделетіп,
Аймақты күңіrentіп өлеңдетіп.
Астымда ақбоз атым сылаң қағып,
Жалтақтап құлақтарын елеңдетіп.

Акынның көтеріңкі көңіл-күйін өлеңнің ішіне өзі қосыла бойлай отырып, «түн ішіндегі тау» арқылы, сонымен қатар «астындағы ақ боз атының сылаң қағып, құлақтарын елеңдетуі» арқылы жеткізеді.

Лирик, кең құлашты ақынның 6-сыныптарға арналған оқулықта берілген «Далада» өлеңінде пейзаж бейнелерін алты жасар асаудың мінезін беруде салыстыра пайдаланған.

Ақырды асау-
Жаңғырды дала.
Тулады, орғыды асау-
Дүбірлеп, күңіренді дала,
Қиырсыз дала...
Орғыды асау айнала-
Дүбірледі айдала.

Асаудың жүйіткіген мінезін әрі қарай жалғастыра отырып, өлеңнің өн бойына автор өзі енеді:

Жаңғыртып кең даланы
Салдым күшті дауыспен ән.
Әніме қосылды: кең дала,
Аққулы-қазды шалқар көл,
Қамысты-құрақты көк өзен...

Өлеңнің құрылысында асау – кең дала, ақын – кең дала, яғни негізгі ойға оқырманды кең даланың ерке мінезін беру арқылы әкеліп отыр. «Жаңғырған дала», «күңіренген дала», «қиырсыз дала», «дүбірлеген дала» барлығы да бір даланың әрқилы бейнесі.

Сәкен Сейфуллин өз шығармаларында ерлікті, сұлулықты, адалдықты асқақтата жырлайды. Сондай-ақ ақынның «Ақсақ киік» атты өлеңінде «Арқаның Бетпақ деген даласы бар» деп бастап сол даланың «ел жоқ, күн жоқ» бейнесін, «өзенсіз, көлсіз» шөл дала келбетін көрсетеді¹.

Бетпақта қысы-жазы ел болмайды,
Ел жайлау, өзен яки көл болмайды.
Бұтасы қу баялыш, қара жусан,
Көгала бетегелі бел болмайды.

Енді еңсіз жатқан айдаланы суреттеп, сол далаға бойлай ішкі құрылысына тоқталып, сол даланы мекендеуші жан-жануарларға, атап айтсақ шөлдің тағылары құлан, киік жайлы өрбітеді:

Бетпақта елсіз-көлсіз өсіп-өнген,
Жалғыз-ақ құлан, киік шөлге көнген.
Келесі шумақтарда шөл даладағы шөптермен таныстырса,
Бетпақтың көкпек, жусан, шөбі сұйық,
Сол шөпті қорек қылған байғұс киік.

Әрі қарай киіктің «қап-қара екі көзі мөлдіреген, әдемі екі танау желбіреген» деп көріктілігін суреттейді де, өлеңнің соңына қарай кеудесіне мергеннің оғы тиген ақсақ киіктің бейнесі, яғни негізгі ой осымен қорытылады да, жапанда жалғыз келе жатқан ақсақ киіктің мүшкіл халі мына шумақ арқылы да аяныштылығын дәлелдей түседі:

¹ Әдебиет. Жалпы білім беретін мектептердің 5 сыныбына арналған оқулық. А., Атамұра 2013. -158 б.

Қиырсыз, Бетпақдала... қураған шөл...
Жалғыз-ақ сырғандайды қоңылтақ жел.
Меңіреу... тірі жан жоқ... жып-жылмағай...
Ел қайда? Ел алыста – шулаған ел!

Мағжанның да стиль ерекшелігіне сай табиғат тақырыбындағы өлеңдерінде өзіндік торығу, күйіну т.б. басымдығы назар аудартады. Атап айтсақ, «Жаралы жан» өлеңінде ақын даланы өлікке балайды:

Сар дала бейне өлік сұлап жатқан,
Кебіндей ақ селеулер бетін жапқан.
Тау да жоқ, орман да жоқ, өзенде жоқ,
Сәуле емес, қан шашып тұр күні батқан.

Зерттеуші С. Қирабаев: «Қазақ даласының табиғатын Мағжан таза, пәк күйінде көргісі келеді. Адам мен табиғатты ол тұтастықта таниды. Табиғатта адам сияқты кейде көңілді, кейде мұңды. Соған лайық ақын да оны әр күйде суреттейді. Бірде ол дала бетін жапқан жасыл шөптер мен асқар тау, балдан тәтті сулар көрсе, кейде сол даланы кебін оранған өлікке тенейді. ...Олар да ойда, сезім де еркін, сыршыл, нәзік, мұңды көңіл күйі аралас жүреді»,¹ - деп байқатады.

Күншығыстан таң келеді, мен келем,
Көк күңіренеді, мен де көктей күңіренем.
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған

Жер жүзіне нұр беремін, күн берем, – деп ақын өзін «таң», «күңіренген көк», «қараңғылық», «нұр беретін күн» болып шығады соңында.

Байқап отырғанымыздай көркем сөздегі пейзаждың атқаратын қызметі әралуан. Ол бірде көркем шығарма мәтініне бояулық реңк ғана үстеп тұрса, бірде алдағы орындалатын оқиғаларға оқырманын психологиялық тұрғыдан дайындап отырады. Енді бірде автордың шығармаға деген өзіндік көзқарасын беріп тұрады және мәтін идеясының тұтастай ашылуына арқау болады.

Сондықтан лирикалық шығармаларды оқытудың негізгі ұстанымдары мен бағыттарын айқындай отырып, әр мәтінді талдаудың өзіндік жүйесін жасау қажеттігі туындайды. Мұғалім мәтінді талдап тану арқылы автор ойына, болмысына жақындайды. Сол арқылы оқушыларды да дұрыс арнаға бағыттай алады.

Лирикалық шығармаларды оқытуда кіріспе жұмыстардың маңызы.

Лирикалық шығарманы оқыр алдындағы кіріспе жұмыстар әр тақырыптың өз ерекшелігіне қарай талданып алынады. Кіріспе жұмыстың мазмұны оның мақсатынан туындайды. Шығарманың ерекшелігі, өткен тақырыпқа байланыстылығы, оқушының дайындық дәрежесі — түгел ескеріледі. Кіріспе жұмыстардың формасы мен мазмұны да әрқалай болып келеді. Мысалы: Мұғалімнің кіріспе сөзі, сыныппен жүргізілетін әңгіме, тақырыпқа кіріспе әңгіме, тақырыпқа қатысты сұрақ-жауап, анкета, экскурсия, иллюстративті материалдар мен кинофильмдер көрсету, әдеби-шығармашылық ой-толғаулар жазу, аудио мәтін тыңдату, үн таспа тыңдау, сөздік жұмыстар жүргізу,

¹ Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. - А.: «Ғылым», 2001. -99 б.

шағын инсинировка жасау т.б. Мұғалімнің кіріспе сөзі көлемі жағынан тұжырымды, мазмұны, тілі жөнінен тартымды, түсінікті болуы тиіс. Кіріспе сөз оқылатын шығармамен тікелей қабысып, тығыз байланыстылық пен әсерлілікті сақтауы тиіс. Мысалы: Абайдың «Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай», «Қансонарда бүркітші шығады аңға» т.б. шығармаларды оқытар алдындағы кіріспе жұмыстар осы тақырыпқа қатысты оқушыны ой, қиял, ұғым-түсінік, эмоциялық әсер жағынан даярлауға бағытталады.

Кіріспе сөз бен кіріспе әңгімедегі айырмашылық кіріспе әңгіме сұрақ-жауап әдісімен жүргізіледі. Мұғалімнің кіріспе сөзінде шығармаға қатысты хабарлау, түсіндіру, жұмыстарын мұғалім атқарса, кіріспе әңгімеге оқушылар да қатысып, негізгі айқындайтын мәселелерді сұрақ-жауап әдісімен шешуге әрекет жасалады. Кіріспе әңгімеде қойылатын сұрақ оқушылардың бұрын жинақтаған білім қорына негізделіп құрылады да сол тақырыпқа қатысты оқушы білімін жаңғырту, кейбір мәселелерді айқындай түсу, ерекшелей отырып, назар аударту мақсатында жүргізіледі. Мәселен: белгілі бір шығармашылық тұлғаның өмірбаянын, шығармашылығын оқыр алдында оқушының бұрын жинақтаған білім деңгейін анықтау көзделеді.

Мысалы: 7-сынып оқушыларына Абайдан «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» деген өлеңдерін оқытуда мұғалімнің кіріспе әңгімесі жүргізілмесе сабақ мазмұнының түсінікті болуы, белгілі бір нәтижеге қол жеткізу екіталай. Бұл екі өлең де оқушы түсінігіне ауырлық әкеледі және өлең сөздері оларға жақсы таныс емес. Оған қоса қандай болмасын түсініксіз сөзді, құбылысты түсіндіру үшін баланың аздықөпті көрген тәжірибесіне сүйену қажет. Сол себепті өлеңдерді оқыр алдында оқушылармен шығарма мазмұнына қатысты әңгіме-сұхбат құрған өте орынды. Осы орайда сабақ алдында мәтінге қатысты мынадай сұрақтар беру керек. «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңіне мынадай кіріспе сұрақтар беруге болады:

1. Аңшылықтың қандай түрлері болады?
 2. Ел ішінде аңшылыққа қандай құстар үйретілетін болған?
 3. Аң аулау процесін көргендерің бар ма?
 4. Қансонар дегенді қалай түсінесіңдер?
 5. Аңшы құстардың жабдықтарын қалай атайды?
- Оларды баптау, аңға үйрету жөнінде естіп білгендерің бар ма?

Т а л д а у с ұ р а қ т а р ы:

1. Абай өлеңде аңшы адамға қажетті нелерді атап көрсетеді?
2. Өлеңде бүркіттің, түлкінің, аңшының іс-әрекеті қалай суреттелген?
3. “Қанат, құйрық суылдап, ысқырады”, “Жарқ-жұрқ етіп екеуі айқасады” деген тармақтардағы бірыңғай формадағы етістіктерді пайдалану арқылы ақын нені аңғартқысы келген?
4. Абай неліктен осы көріністерді «Жеке батыр майданына» теңейді?
5. Аңшылық адамға қандай көңіл-күй, әсер береді, оны ақын қалай көрсеткен?
6. «Көкіректе жамандық еш ниет жоқ,

Аң болады кеңесің құс салғанда...» деген тармақтарды қалай түсінесіңдер?

Осы тектес сұрақтар мен тапсырмалар бере отырып, оқушыларға Абай шығармаларынан кең ұғым қалыптастыру мүмкіндігі мол.

Оқушылардың өздік тапсырмалары:

1.«Сылаң ету», «сымпың қағу», «қанды көз», «қайқаң қағу», «қырық пышақпен қыржаңдау» деген сөз тіркестерінің мәнін қалай түсіндіңдер? Осы тіркестерді қатыстыра отырып сөйлем құрап көр.

2.Өлеңдегі көріктеу құралдарын тауып жаз. Троптың қай түріне жататынын анықта.

3.Өлең қандай үлгіде жазылғанына назар аудар (баяндау, суреттеу).

4.Абай өлеңдеріндегі аңшылық көрінісін сөзбен немесе суретпен бейнелеп көр.

Осы сұрақтар барысында мұғалім оқушылардың білім-білігін тексере отырып, жеткіліксіз жерінде өзі мәлімет беріп отырады. Мүмкін болған жағдайда осы туралы видео-фильм көрсеткен абзал.

«Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» өлеңін оқыр алдында да осы тектес сұрақ тапсырмалар, дайындық жұмыстары міндетті түрде жүргізілуі қажет. Аттың, тұлпардың көшпелі ел тірлігіндегі алатын орны туралы, тұрмыстық қажеттілігі мен сұлулық символы ретіндегі оған деген сүйіспеншілік, олардың ауыз әдебиетінде, ән, өлең-жырлардағы, көркем шығармалардағы көрінісі туралы айтқан абзал. Аттың дене мүшесі туралы алдын-ала мәлімет беру міндетті.

2010 жылғы «Атамұра» баспасынан жарық көрген 6-сыныпқа арналаған «Әдебиет» оқулығында ежелгі дәуір әдебиеті үлгісінен «Күлтегіннің жыры берілген. Оқулықтың авторлары (К.Ісләмжанұлы, С.Тілешова, Б.Әрінова, Р.Баттал) бағдарламаға сәйкес бұл жырды ала отырып, «Күлтегін» жыры туралы анықтама берген. Дегенмен жырды оқи келе оқушылар көптеген тарихи жер атаулары мен ежелгі ел атауларын ұшыратады. Сол себепті де бұл сабақ тарихи мағлұматтармен кеңейтіліп өтуі керек. Осы сыныптарда тарих сабақтарынан өткен білімдерін жаңғыртып, ежелгі түркі қағанатының мекен еткен ордасы, басқа елдермен көршілік жағдайын оқушылардың көмегімен картаға түсіру немесе ойша бағдар жасау жырдың да тақырыптық, идеялық мазмұнын ашуға көмектеседі. Ал Махамбет өлеңдерін оқытқанда тарихи-әлеуметтік мәселелер алдын ала түсіндірілмесе, акынның өлеңі де еркін ашылмайды.

Қорыта келгенде, лирикалық шығармаларды оқытудың негізгі ұстанымдары мен бағыттарын айқындай отырып, әр мәтінді талдаудың өзіндік жүйесін жасау қажеттігі туындайды. Ең бастысы - мұғалімнің автордың айтпақ ой мен сезімін түсініп түйсінуі. Мұғалім мәтінді талдап тану арқылы автор ойына, болмысына жақындайды. Сол арқылы оқушыларды да дұрыс арнаға бағыттай алады. Мәтін талдау мұғалім мен оқушының ынтымақтастығы мен ізденісін, танымы мен талғамын, өзіндік көзқарасы мен пікірін, танымға бағытталған түрлі іс-әрекеттерінің жетілуін қажет ететін күрделі үдеріс болып есептеледі.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Жалпы білім беретін мектептерде лирикалық шығарманы оқытудың дидактикалық мақсат, міндеттері қандай?
2. Лирикалық шығармаларды оқытуда қабылдау үдерісін ұйымдастыру жолдарын саралаңыз.
3. Лирикалық шығармаларды жанрлық ерекшелігіне қарай талдау дегенді қалай түсінесіз?
4. Лирикалық шығармалардың өзіндік ерекшелігіне қарай талдауда оқушының таным белсенділігін қалай аттыруға болады?
5. Лирикалық шығармадағы пейзаж, оны оқыту жолдарын қалай түсінесіз?
6. Лирикалық шығармаларды оқытуда кіріспе жұмыстардың маңызын мысалмен түсіндіріңіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қоңыратбаев Ө. Әдебиетті оқыту методикасы. – А., Мектеп, 1985.
2. Дайырова Ә. І. Жансүгіров поэмаларының әлеуметтік тарихи негіздері мен көркемдік ерекшеліктері. Пед. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 1964. – 324 б.
3. Рез З. Изучение лирики в школе. /У-УІІ классы/ -Ленинград: Прос., 1968. – 176 с.

Қосымша:

1. Ақшолоақов Т. Шығарманың көркем айшықтарын таныту /әдістемелік құрал/ А., Рауан, 1994.
2. Құрманбаева Г. Оқушыларды поэзия әлеміне қалай әкелуге болады? //Қазақ тілі мен әдебиеті. 1993. № 9. Б 24-27.
3. Мадер Р. Д. Анализ поэтического текста на уроках литературы. – М., 1979.
4. Поэтика художественного текста на уроках литературы / Отв. ред. Богданова О. Ю. – М., 1997.
5. Проблемы преподавания литературы в средней школе / Под ред. Т.Ф.Курдюмовой. – М., 1985.
6. Жұмақасева Б. Абай Құнанбаев шығармаларын қазақ мектептерінің 5-8 сыныптарында оқыту. А., 2003 ж.

III. 3. ЭПИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУ

1. Жалпы білім беретін мектептердің орта буынында оқылатын эпикалық шығармалар, олардың тақырыптық, идеялық қырлары.

2. Эпикалық шығармаларды талдап тану.

3. Прозалық шығармаларда талданатын құрамды элементтер.

Жалпы білім беретін мектептердің орта буынында оқылатын эпикалық шығармалар, олардың тақырыптық, идеялық қырлары. Жалпы білім беретін қазақ мектептеріндегі Әдебиет пәнінің ең ауқымды бөлігін эпикалық шығармалар құрайды. Эпикалық шығармалардың алғашқы легі ертегі, аңыздардан басталады. Оқушы жасына лайықты бұл жанрдағы шығармалар 5-сыныптан басталған. Ертегі, аңыздар бастауышта да оқылатыны белгілі. Әдеби білімнің алғашқы сатысында (5-7 сыныптарда) оқу міндеттері бастауыш сыныптардан өзгеше. Ертегі, аңыз ендігі жерде әдеби жанр ретінде оқылады әрі оқушы шығармашылығына мол мүмкіндік туғызады. Аталған сыныпта ертегілерді оқытуға берілген сағат саны да айтарлықтай мол. Мәселен: «Ер Төстік», «Керқұла атты Кендебай», «Қырық өтірік», «Аяз би», «Сырттандар» ертегісін оқуға 15 сағат ұсынылған. Бұл аталған тақырыптардың мазмұны, құрылымдық ерекшеліктері, образдар жүйесі, тілдік ерекшеліктерін меңгертуге, ертегінің жанрлық сипатын, ертегілерден көрінетін халықтың арман-тілегін танытуға үлкен жағдай туғызады.

Сонымен қатар осы сыныпта әдеби ертегілердің де оқытылуы аталған жанрды кең көлемде тануға мол мүмкіндік береді. Әдеби ертегілердің халық ертегілерінен айырмашылығын таниды. Осы орайда өз бетінше ертегі құрауға да бағыт-бағдар алады. 5-сыныпта берілетін Әбділда Тәжібаевтың «Толағай» ертегісі ерлік туралы аңыздан туындайды. Ертегіде Толағайдың ерекше сипаты, ерен іс-әрекеті танылады. Шығармадағы кейіпкердің патриоттық іс-әрекеті ұлы істерге деген оқушылардың көзқарастарына ықпал етеді. «Толағай» – ерлік жайлы аңызға негізделген әдеби ертегі. Ертегідегі романтикалық образ – Толағай. Толағайдың дүниеге келуі, күн санап өсуі, алып күш иесіне айналуы қазақ ертегілерінде кездесетін дәстүрлі мотивпен өрбиді. Шығарма сюжеті екі бөлімге топтастырылған. Алғашқысында Толағайдың дүниеге келуі мен қалыптан тыс өсуі сипатталса, екінші бөлімде ел басына түскен қиыншылықтағы Толағайдың ерлік ісі баяндалады. Автор Айсұлу мен Толағайдың образдарын жасауда ертегіге тән элементтер мен жазба әдебиет үлгісін қатар қолданады. Шығармада кездесетін көркем тәсілдің басым көпшілігі – теңеулер. Толағай мен Айсұлудың портретін жасауда автор «Туған айдай, ақ меруерттей, қос жұлдыздай, жанған өрттей», «ақ маралдай, Ақша беті айменен тең», «Айналады, толғанады, Көбелектей от айналған» деген теңеулерді қолданады. Шығарма сюжеті қарапайым, тілі жеңіл. Ертегіде ел мүддесі үшін жанын қиған ерен ерлік дәріптеледі. Халық үшін жанын қиған ердің ерлік ісі ел есінде мәңгілік сақталатынын айту арқылы жастарды ел мүддесіне қызмет етуге шақырады.

Бұдан өзге Асан қайғының Жерұйықты іздегені, «Ақсақ құлан», «Жошы хан», «Жиренше шешен мен Қарашаш сұлу», «Жиреншенің хан

сынағына түсуі». «Сұратқан хан ақымақ па, сұраған сен ақымақ па?», «Тайкелтірдің төрелігі», «Байдалы бидің көңіл айтуы», «Қазыбек би мен Бұқар жырау», «Сырым мен Малайсары», «Кет-Бұғаның естіртуі» сияқты аңыз-әңгімелер, шешендік сөздер ұсынылып, оны оқытуға 8 сағат берілген.

5-сынып бағдарламасында ертегі, аңыздардың молынан берілуі оқу-танымдық, әдістемелік мақсаттардан туындайды. Орта буын көшкен кешегі бастауыш сынып оқушыларын әдебиеттің көркем әлеміне тартуда өздерінің жасына, ұғым-түсініктеріне етене жақын жанрдан бастап әдеби-шығармашылыққа бірте-бірте үйретуге үлкен жағдай жасалған. Ертегі тілі жеңіл, оқиғалары қою, пейзаж, портреттік сипаттаулары жоқ болғандықтан оқушының түсінуіне үлкен қиындық туғызбайды.

Орта буын сыныптарда оқылатын мәтіндерді жанрына, тақырыбына топтастырып көрсетуге болады. Жалпы орта буын сыныптарда оқылатын шығармалар, шығармашылық тұлғалар өмір сүрген дәуіріне тәуелсіз таңдамалы түрде алынған. Орта білім стандарты бойынша 5-9 сыныптар әдеби білімнің негізін құрағандықтан қазақ әдебиеті классиктерінің ең таңдаулы шығармалары, қазақ әдебиетінің, соның ішінде ауыз әдебиетінен бастап қазіргі әдебиетке дейін оқушы ұғымына, танымына, тұлғалық дамуына қажетті эпикалық мәтіндер таңдап алынған.

5-сыныпта қазақ әдебиетінен берілетін білім мазмұнында оқылған шығармадағы ой қазығы, сюжеті, композициясы, жанрлық сипаты, кейіпкерлері, ондағы халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер көрінісі, табиғат суреті шығармадағы адамгершілік мәселелер, сөз қолданыстар зерделеніп, оқушыны қызықтыратын оқиғалар жайлы пікір алмасуға кең орын берілген. Сол арқылы оқушылардың өзіндік ой-толғамдарын айтуға, шығармашылық жұмысқа тартуға, жазба тілін дамытуға жол салынады.

Ауыз әдебиеті үлгілерін беруде жүйелік сақталған. Мәселен, 5-сыныпта ертегілерден басталып, жазба ертегілермен, аңыз әңгімелермен ұласады. 6-сыныпта батырлар жыры беріледі.

Орта буын сыныптардағы әдеби материалдарды жанрына қарай жіктеп айтар болсақ, 5-8 сынып аралығында қамтылатын шығармалар:

1.Ертегілер;

2.Аңыз әңгімелер,

3.Жырлар: батырлар жыры, лиро-эпостық жырлар, тарихи жыр (Күлтегін);

4.Мысал өлеңдер;

5.Әңгіме жанры (көбіне классик жазушылардың роман, повестерінен алынған үзінді әңгімелер)

6.Повестен үзінді;

7.Поэма;

8.Баллада ұсынылған.

Мысал өлеңдер әңгіме жанрынан бұрын берілген. Белгілі бір дәрежеде сюжетті шығармалардың ерекшелігін таныту үшін мысал өлеңнің бұрын оқылуы тиімді. Мысал – көбіне өлең түрінде жазылатын сюжетті, шағын жанр. Мысал өлеңді оқу барысында сюжет ұғымын қалыптастыру мүмкіндігі

мол. Мәселен, 5-сыныпта Ахмет Байтұрсынұлының «Өгіз бен бақа» мысал өлеңі берілген. Ахмет Байтұрсынұлы «Өгіз бен бақа» мысалын 36 жол өлең түрінде И.Крыловтан аударған. Қазақ әдебиетінде алғаш мысал жанрында жазған Абай «Өгіз бен бақаны» 40 жол өлең түрінде аударған болатын. Екі аударманың да тақырыптық, идеялық мазмұны жақын. Автор «Өгіз бен бақа» мысал өлеңінде адам бойындағы көрсеқызарлық, күншілдікті сынға алады. Мысалда күншіл бақаның әрекеті екінші кейіпкер (жолдасының) тарапынан да сынға алынады. Өлеңнің жеті шумағында көл басындағы өгізді күндеген бақаның іс-әрекетін оқиға желісінде өрбітіп, соңғы екі шумақта автор оқырманына қорытынды ғибраттық ой түйеді.

Мысалда мінез-құлық, қасиеттерді әжуа ету, астарлы сынға алу, дидактикалық өсиет айту қалыпты жайт. Мысал жанрында қолданылатын көркем тәсілдің бастысы аллегория (пернелеу). Аллегория – нысанға алынған құбылысты, не адам қасиетін тура суреттемей, өмірде өзіне ұқсас басқа бір нәрсемен, құбылыспен құпия теліп, бүкпелеп, ойды тұспалмен беру тәсілі. Мысалдың құрылысы әдетте екі бөліктен құралады: бейнелі әңгіме, оқиға-сурет және дидактикалық өсиет болып келеді. Аталған шығарманы оқыту барысында эпикалық тектің шағын көлемді түріне жататын мысал жанрының осындай ерекшелігін таныту мақсат етіледі.

5-8 сыныпта оқылатын шығармалардың келесі бір үлкен тобы – әңгімелер. Қысқа көлемді әңгімелер өте аз, көбі роман, повестен алынған үзінділер. Яғни әңгіме жанрының табиғатына ұқсас бір шағын бөлігі.

Әңгіме – оқиғаны қара сөзбен баяндайтын шағын көркемді шығарма жанры екені белгілі. Әңгіменің жанрлық ерекшелігі оқиғаны баяндау тәсілі, композициясы, сюжеттік құрылысы, көркемдік жүйесі арқылы айқындалады. Әңгіменің көлемі шағын, кейіпкерлер саны аз, сюжет ұйытқысын құрайтын оқиғаның басталуы, шарықтау шегі мен шешімі балады. Онда адам, оның өмірі мен тағдыры, аса маңызды деген оқиға жинақы беріледі. Әңгіме жанры туралы толық түсінік берілген соң, оның авторы туралы мәлімет беріледі. Әңгіме жанрын оқытқанда оқушылардың қабылдау, сезіну қабілеттерін дамытумен бірге оларға әңгімені ғылыми негізде талдай білу үйретіледі. Бұның өзі жазушының эстетикалық және тарихи көзқарасымен, өзіндік ерекшеліктерімен тығыз байланысты болып келеді.

Бағдарлама бойынша 5-8 сыныптарда оқылатын шығармалар алуан тықырыпты: өмір құбылыстарын әр қырынан танытарлықтай, кең тынысты шығармалар деуге толық негіз бар.

Атап айтқанда, Мұхтар Әуезовтің «Ақын қонақтар» әңгімесі берілген. «Ақын қонақтар» – XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі саналатын «Абай жолы» роман эпопеясынан алынған үзінді. Абай шығармашылығында ерекше орын алатын тақырыптың бірі – өнер. Өнер тақырыбына М.Әуезов те ерекше ден қояды. Абай өмірі мен өнерінің мән-мағынасын бар ынта-ықыласымен, асқан сүйіспеншілікпен терең зерттеген автор өз кейіпкері Абайдың өнер-білім арналарын саралап көрсетеді. Абайға халық мұрасының тиізген әсерін нанымды жеткізеді. Тумысынан зерделі баланың рухани алтын бұлағы – халықтың ауыз әдебиеті, бай әдеби мұрасы екендігін әңгіме

барысында айқын аңғаруға болады. Әңгіме сюжетінен жас Абайдың қонақтарына деген ықыласы, түптеп келгенде, халықтың сөз өнеріне деген өлшеусіз махаббаты екендігі байқалады. Абайдың қонақтарына жасаған тартуы қазақ өнеріне жасалған сый-құрмет екендігі анық. Жас баланың іс-әрекет, мінез-құлқынан ертеңгі кемел тұлғасын таныған қырағы көз Барлас ақын Абайға бата береді. Қазақ халқында бата – жақсылықтың жаршысы болып есептеледі. Ақын батасы Абай өмірінің ақ тілеу серіктесіндей болып, жолын шұғылалы еткендігін әңгіме барысынан түсіну де қиынға соқпайды.

Мәтіннің мақсаты: Зере мен Ұлжан сияқты аналардың рухани байлығынан сусындаған жас Абайдың қалыптасу жолын көрсету. Ақын қонақтардың жас Абайға әсерін, оның өнер адамдарымен достастығы астарынан танылатын халықтың сөз өнеріне деген ықылас, ниетін байқату. Болашақ ұлы ақын нәр алған арналарды бағалауға үйрету.

7 сыныпта оқылатын «Абай жолы» романынан алынған келесі бір мәтін «Біржан сал Абай ауылында» әңгімесі арқылы да өнер тақырыбын өрістете оқыту мақсат етілген.

Өнер тақырыбын, оның ішінде қазақтың саят өнерін таныту Сәбит Мұқановтың «Лашын» («Өмір мектебі» романынан үзінді) әңгімесін оқыту арқылы мақсат етіледі. «Лашын» әңгімесі «Өмір мектебі» романындағы автордың өмір сабағының бірі. Әңгімеде қазақ халқының саятшылық өнері байыпты баяндалады. Құсбегілік – қазақ халқының ертеден келе жатқан кәсібі. Кезінде күнкөріс көзі болған бұл өнер халық ішінде атадан балаға мирас болып сақталған. Құсбегіліктің кәсіптен өзге азаматтың ер болып қалыптасуына да зор ықпалы болған. Саятшылық өнер бір қатар таным мен білім, білікті қалыптастырады: құс баптау өнері, табиғат жағдайын, әр құстың мінез ерекшелігін тану, әр құбылыс, қимылдың сырын тану, ер баланы шыдамдылық пен төзімділікке, сән-салтанатқа баулу, сол арқылы өмір тәжірибесін жинауға мүмкіндік жасайды. Әңгімеде автор халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын көркем баяндайды. Әңгіме жазушының Балтабай ауылындағы мұғалімдік қызметінен басталады. Әңгімеде Ахметтің құс салу шеберлігі, құстардың ерекшелігі кең суреттелген. Шығарма тілі жеңіл. Соғыстан кейінгі жылдардың ауыртпалығын сипаттау, адамдардың бір-біріне деген мейір-шапағатын таныту автордың идеялық мақсатын айқындай түседі. Әңгіменің танымдық, тағылымдық мәні зор. Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» романынан алынған «Саятшы Ораз» әңгімесі саятшылық өнер тақырыбын кеңіте түседі.

Аталған тақырып бойынша таным, түсінік 7 сыныптағы Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңін оқыту арқылы да толығыады. Белгілі бір тақырыпты әр жанрда қамту арқылы сабақтастырып отыру бағдарламының ұтымды тұсы екенін атап өткен орынды.

5-сыныпта оқылатын Сапарғали Бегалиннің «Бала Шоқан» әңгімесі де өнердің қасиетін тануға ықпал етеді. Автор шығарма желісі арқылы өнерге деген үлкен құрмет пен Шоқан бойындағы адамгершілік қасиеттерді өнеге етуді көздеген. Жазушының «Бала Шоқан» повесі балалар әдебиетіне қосқан елеулі еңбегі болып есептеледі. Семейде оқып жүрген кезінен Шоқан өмірі

туралы естіп өскен қаламгер көптеген тарихи деректерді зерделейді. Жазушы өз естеліктерінің бірінде: «...Шоқан өміріне қатты құмарттым. Мен Шоқан өмірінің бір сәтін іздедім. Тапқан да сияқтымын. Ол – Шоқанның кеңсе күзетшісінің баласы Мысықтың балшықтан ойыншық мүсін жасағанын көріп, талабын танып, оны өзімен бірге оқуға алып кетуі. Әсіресе, осы оқиға маған қатты ұнап, хикаят жазуға жұмылдырды. «Бала Шоқанды» осылай жаздым» – дейді. «Бала Шоқан» повесінен алынған үзінді күзекке Шыңғыс ауылының келгеніне аса қуанған сары бала әрекетінен басталады. Кейіпкерлері: Шоқан, Мысық, Шоқанның анасы, әкесі, інісі Жақып. Әрқайсысының мінез ерекшеліктері әңгіме барысында олардың іс-әрекеті арқылы ашылып отырады. Автор бала Шоқанның барлық әрекетінен жасынан ақылды, мейірбан, байсалды болғанын аңғартады. Автор Мысықтың іс-әрекеті мен портретінен шағын ғана өз әлемінде жетіліп келе жатқан шебер баланың секемшіл, үркек мінез-құлқын нанымды жеткізеді. Шығарма тілі жеңіл, баяндау стилі басым.

Өнер тақырыбы 5-сыныптағы С.Жүнісовтің «Ақырғы бәйге» әңгімесімен де толыға түседі. Өмірі мен өнері өзінің көзі тірісінде аңызға айналған Ақан сері – 1843-1913 жылдары өмір сүрген ірі тұлға. Акынның өмірі мен шығармашылығы туралы алғаш сөз қозғаған Мағжан Жұмабаев: «Ақанның өмірі – ертегі өмір. Судай сұлу, желдей екпінді, жалпақ жұртқа жат, жұмбақ өмір» деп жазады. Ақан серінің қасіретті тағдыры жайлы Ілияс Жансүгіров «Құлагер» поэмасын жазды. Ақан серінің өмірі туралы жазылған ең көлемді шығарма Сәкен Жүнісовтің роман-дилогиясы. «Ақырғы бәйге» «Ақан сері» роман-дилогиясынан алынған.

Әңгімеде Ақан сері өмірінің бір кезеңі баяндалады. Ақан өнері мен өміріне жасалған үлкен опасыздық Құлагер трагедиясы еді. Әңгімеде Сағынайдың асының салтанаты, Құлагерге берген Күреңбай сыншының бағасы арқылы жүйрік аттың сұлу сипаты, Көкше өңірінің сұлу табиғаты көрінеді. Автор әңгімеде қазақтың ұлттық өнерінің бағасы, атбегілік өнердің сыры туралы сүйсіндіре сипаттайды. Шығарма идеялық мазмұнында өнерге деген халықтың құрметі мен сүйіспеншілігі танылады. Сонымен қатар оза шыққан жүйрікті аяғынан шалатын, өнерімен ерекшеленген жанға іштарлық жасайтын қиянатшыл топтың бейнесі айқын танылады. Автор Құлагер тағдыры арқылы жүйріктерін тұсаулаған кер заманның шындығын көрсетеді.

Сөздің көркемдік қуатын пайдалануда Сәкен Жүнісов қазақ әдебиетіндегі өзіне дейінгі үлгі, дәстүрді ұтымды қолдана отырып, өз тарапынан сөз мағынасын кеңейтіп, түрлендіріп, ерекше айшықтап қолданған. Шығармада қазақ тілінің сөздік қоры еркін пайдаланылған.

Қалмақан Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» әңгімесі де сол дәуірде өмір сүрген қазақтың белгілі тұлғасына арналған. Шығарма қазақ халқының тұңғыш кәсіпқой балуаны Қажымұқан Мұнайтпасовтың өмірінен жазылған автордың осы аттас повесінен алынған. Қажымұқан – қазақ топырағынан қуат алып, өзінің ерен күшін қажырлы еңбегі мен азаматтық намысына жаныған, жоқшылық өмірдің қазанында құрыштай қайнап шыныққан орасан күш иесі. Ол күрестің бірнеше түрінен әлем чемпионы атанған. Аты аңызға айналған

балуан 28 мемлекетте күреске түсіп, 56 медаль иеленген. Қалмақан Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» повесінде балуанның бала күннен күрескер кезіне дейінгі қалыптасу жолы танылады. Орыс саудагерінің шаруасына жалданған «Қар күреген баланың» тосын әрекетінен қазақ сахарасының тылсымындай жойқын күштің бала бойына даруы табиғат берген қуат пен қасиет екендігі байқалады. «Жаяу сүйреген шана» бөлімінде ауқатты ортаның әділетсіз, өзімшілдігі де қылаң береді. Әңгіменің келесі бөлімінде де Қажымұқанның еңбекқорлығы, төзімділігі, қажымас қайраты танылады. Әңгіме желісі тартымды әрі ғибратты, қызғылықты баяндалған. Әңгіме жанрында кең қамтылатын тақырыптың бірі адамгершілік мәселесі.

5-сыныпта классик жазушы Ғабит Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романынан «Жаңа достар» әңгімесі алынған. Роман 1945 жылы «Қазақ батыры» деген атаумен жарық көрген. Кейін өңделіп қайта жарияланады. Романда бас кейіпкер Қойрош Сарталиевтің түп тұлғасы Совет Одағының батыры Қайырғали Смағұловқа негізделіп жазылған. Ұлы Отан соғысына қатысқан мыңдаған қазақ азаматтарының жиынтық образын сомдау уақыт талабынан туындаған маңызды шешім саналатын. Қаламгер өз кейіпкерінің балалық шақтан бастау алатын өмір талқысын шығармада көркем бейнелейді. Адамның Отанға деген ыстық сезімі балғын шақтағы достықты қадірлеу, өз сеніміне мығым, сертке берік болудан басталатынын автор кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы аңғартады. Әңгіме басында жағалауда жолыққан үш кейіпкер арасындағы оқиға бірден дамып, тағдырлас балалардың бір-біріне деген ниет көңілдері шешіліп жүре береді. Бас кейіпкерді өз жағында сөйлету арқылы оқиға мен көңіл толқынысын жеткізетін автор кейіпкердің психологиялық жайын терең ашады. Кейіпкерлердің жанды бейнесі арқылы шығарманың идеялық астары танылады. Шығармада адамгершілік, достық тақырыбы еркін ашылады.

7-сыныпта Ғ.Мүсіреповтің мұнан өзге екі әңгімесі оқытылады. Ол «Ананың анасы» мен «Боранды түнде» әңгімелері.

Автордың «Ананың анасы» әңгімесі – ананың типтік образын сомдаған көркем туынды. Қазақтың жаугершілік заманының шежіресінде көркем өрілген ана махаббаты арқылы әлеуметтік теңсіздікті, қоғам бейнесін, адамдар тағдырын, адамзат өміріндегі ана рөлін автор мейлінше кең арнада танытады.

Әңгіме бірнеше адамның баяндауында өрбиді. Әңгімедегі уақыт пен кеңістік те бірнешеу. Әңгіменің алғашқы баяндаушы кейіпкері шәкірт-бала қарт Әйтілестің әңгімесіне құлақ түрсе, қазына кеуде қарт та кезінде «іргеде отырып ойына тоқи беретін» құйма құлақ бала болғанын әңгіме ауанында байқатады. Қазақта көркем дүниенің мираскерлік сипаты да аңғарылады. «Қызды сатып алсаң да қатын, тартып алсаң да қатын» дейтін қоғамның бет-бейнесін автор мейлінше риясыз ашық көрсетеді. Басы бәйгеге тігіліп, бес қолдан өткен байғұс әйелге мұқалмас күш беретін де бір-ақ дүние. Ол – перзент тағдырына деген ананың байыз таппас жүрегі мен шексіз махаббаты. Ана парасаты мен өр рухына кез-келген сұрапыл күш қарсы тұра алмайтыны оқиға барысында анықталады. Ана қай ғасырда, қай жағдайда болсын ең биік тұлға. Егер қоғамда әйелдің рөлі төмен болса, ол анаға берілген баға емес, ол

сол қоғамның әлеуметтік жағдайының төмендігін аңғартатынын автор ашық көрсетеді. Шығарма тілі көркем. Шығармада көркем образдар типтік сипатта көрінеді.

Жазушы «Боранды түнде» әңгімесінде ауыл үйі, ағайын арасында болатын өкпе-назды оқиғаның бастапқы түрткісі ретінде ала отырып, тосын жайлы, қызықты сюжет жасайды. Оқиға бірінші жақта баяндалады. Автор кейіпкерлер әлемін баяндаушы «боқмұрынның» сәби көңілі мен дүниетанымы шеңберіне сыйғызып, бала танымына лайық, шынайы суреттейді. Өзі қатарлы қыз қылығынан ұялып, үлкендерден тосылған баланың «көп жағасында кездессе, қоғажаймен ышқындырып-ышқындырып алатын қыздың өзі екен» деп кіжінуі балаға тән мінез-құлықты аша түседі. Шығармада бала мінезі, іс-әрекеті нанымды суреттеледі. Автор сомдаған Қайсар бейнесінде сал-серілерге тұлғалық ұқсастық бар. Қаламгер шағын шығарма желісінде барлық кейіпкерлерінің образын бермей, кей кейіпкерлерінің болмысын: «...қол іске бара алмайтын адам», «...шалқып сөйлейтін, есіп отыратын адам» деген сияқты бірер сөзбен-ақ мінездейді. Күреңтөбел ат пен құмай тазы Көкдауыл арқылы қазақ тұрмысындағы аңшылық кәсіптің бағасын танытады. Әңгімеде ұлттық салт-дәстүрдің көріністері қазақ ауылдарының тұрмысына сай көрсетілген. Әңгіме желісінен зілсіз, жеңіл юмор байқалады. Оқиғаның күтпеген арнаға бұрылуы, оқырманын қызықтырып, жетелеп отырады.

Достық, аламгершілік мәселелер Қабдеш Жұмаділовтің «Қозыкүрең» әңгімесінде де көркем өріледі. Әңгімеде халықтар достығы тақырыбы, туған жерге сүйіспеншілік мәселесі көтеріледі. Автордың «Сәйгүліктер» повесінен алынған үзіндіде көршілес қоныс тепкен қазақ пен қырғыз елінің достық қарым-қатынасы баяндалады. Екі елдің бір-біріне ықылас-пейілі айнымай, ынтымақ, бірлік әкеден балаға жалғасты салтанат құрғаны аға буын Ералы мен Жұманның, кейіндеп Ағыбай мен Төреқұлдың қарым-қатынасынан айқын көрінеді. Әңгімеде адамдар қарым-қатынасы үшін аса зәру жақсылықты бағалау, әке аманатына адал болу сияқты ізгі қасиеттерді дәріптейді, адамгершілік тұғырына көтереді. Автор адамзат ұрпағы үшін қастерлі ұғым Отан, ынтымақ екендігін шығарманың өн бойына өзек ете отырып, сыналап жеткізеді. Көршілес екі елдің түрі, тілі, салт-дәстүрі, ұлттық құндылықтары да бір-біріне өте жақын. Автор шығарма кейіпкері Ержанның пайымы арқылы шығарманың идеялық астарына жол салады.

Шығармада екі уақыт кеңістігі көрінеді: алғашқысы, Ағыбай отбасының қырғыз досының үйіне қонақ болып келуі болса, екінші уақыт кеңістігінде Төреқұлдың әңгімесі арқылы Қозыкүрең басындағы жайт баян етіледі. Жылқы – текті мал. «Айшылық жолды алты аттап, ... елсіз-сусыз шөлдерден, асу бермес белдерден өтіп, туған жерге» сүлдері жеткен Қозыкүреңнің әрекеті, елім, Отаным деген әр азаматқа өнеге екендігі анық. Туған жерге мал екеш малдың да шексіз махаббаты Саяқбай әңгімесіндегі Қозыкүреңнің іс-әрекеті арқылы әсерлі өріледі. Қазақ халқының жылқы малына деген сүйіспеншілігі танылады. Қозыкүреңнің жершілдігін, табиғат перзенті жылқы малына деген сүйіспеншілік көзқарасты талдау барысында

таныту көзделеді. Шығарманың тілі көркем, идеялық мазмұны терең, сюжеттік желісі қызғылықты.

5-сыныптағы Нәсіреддин Сералиевтің «Аңсау» әңгімесінде қоғамдағы ұрпақ тәрбиесі сөз етіледі. Ата мен немере арасындағы қарым-қатынастар, атасын аңсап жүрген бала сағынышы – бүгінгі өмір өзгерісінде таныс дүние. Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық дамудың қала өміріне өзгеріс әкеліп, ауыл мен қаланың ара жігін алшақтатқаны жасырын емес. Өмір-тірлігі ауылмен байланысты аға қауым ауылды жайлап, жас буынның қалаға тартылуы да заңдылық сияқты. Бұл екіге жарылу қазақ қауымының әкеден-балаға жалғасты болып келген үлгі-өнегесіне, тәрбиесіне де сызат түсірмей қоймағаны мәлім. Автор қоғамдағы осындай күрмеуі қиын күрделі мәселені шағын ғана әңгіме сюжеті арқылы шебер өрбітеді. Қалада туған баланың ауылмен байланысы сиреген сайын тағылым тамыры тартылып, ұлттық тәрбиенің солғын тартатынын қарияның немерелері жайлы ойлары арқылы байқатады. Ата мен немере арасындағы сүйіспеншілік, ұлттық құндылықтарды ұрпақ бойына дарытатын аға буынның тәрбие-тағылымдық, отбасылық орны деген мәселелер шығарманың идеялық өзегіне арқау болады. Сүйіспеншілігі мен махаббаты берік отбасында ғана ұлттық құндылықтар салтанат құратынын автор Ермектің атасына деген сезімі арқылы, келіншектің қария алдындағы ізет, құрметі арқылы шынайы жеткізеді. Әңгіме тілі жеңіл, кейіпкерлер әлемі шынайы. Үш кейіпкердің арасында өрбитін шағын сюжет арқылы автор үлкен қоғамдық-әлеуметтік ойларды туындатады. Шығармада автордың өзіне тән («балапан тал», «даланың жілік майындай таза ауа», «саяжол», «күлбіреу» сияқты) сөз қолданыстары мен диалект сөздер («қоналқы бөлме», «талмау», «зәңкиген») де кездеседі.

Дәл осындай қоғамдық-әлеуметтік мәселе Төлен Әбдіковтің «Қонақтар» әңгімесіне де арқау болған. Екі әңгімені сабақтастыра оқыту жас буынға аға ұрпақ тағылымы мен тәрбиесінің бағасын тануына септігін тиігізеді.

Лирикалық шығармаларда кең қамтылған оқу-білім тақырыбы әңгіме жанры арқылы ба берілген. Бұл тақырыпқа 2013 жылғы оқу бағдарламасына қайта оралған (аталған әңгіме 75-90 жылдардағы әдебиет бағдарламасында оқытылған) Б.Майлиннің «Түйебай» әңгімесін атауға болады. Б.Майлиннің ағартушылық көзқарасы «Алғашқы сабақ», «Ауыл мектебі», «Бақберген мектебі», «Түйебай» әңгіме, пьесаларында еркін танылады. Жазушы көбіне оқудың мән-мағынасын қарапайым сюжетпен адамдар тағдырының шынайы көрінісі арқылы шебер жеткізеді. «Түйебай» әңгімесі әлеуметтік жағдайға тәуелсіз балалықтың бал дәуренін еркін кешкен ауыл балаларының сол жылы молдаға оқуға баруынан басталады. Ескіше оқуының мағынасыздығын танытқысы келген автор молданың портретін беруде жағымсыз көңіл-күй қалыптастырса, іс-әрекеті арқылы әділетсіз қоғамның бет-бейнесін ашық көрсетеді. Өздері жалшылықта, жоқшылық тауқыметін тартып жүрсе де, ата-анасы Түйебайды молдаға оқуға береді. Қай заманда болмасын болсын оқуға деген көзқарас жоғары. Дегенмен, молда оқуының балаға берері аз, мағынасыз. Молданың қатал тәртібі мен талабының астарында әлеуметтік теңсіздік мәселесі бой көрсетеді. Автор «Сен бақыттысың ғой» деген сөзді

Түйебайдың «әлденеге телміріп, қызығып қараған» көзімен айтқызады. Сол арқылы Түйебайлардың тағдырының ауырлығын тереңдете түседі. Кейіпкерінің бірінші жақта баяндауы түрінде жазылған әңгіме оқырманның «аяушылық сезімін оятып, көзіне жас үйіреді».

Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа», М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі, Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Балықшылар» тақырыбымен «Қан мен тер» романынан үзіндісі, Шерхан Мұртазаның «Тұтқын бала» тақырыбымен «Қызыл жебе» романынан үзіндісі, Сәбит Мұқановтың «Есіл бойында», («Өмір мектебі» романынан) әңгімесі, Сайын Мұратбековтің «Жусан иісі», Қабдеш Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады», Оралхан Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімелері әңгіме жанрын тақырып, құрылым ерекшелігі жағынан да еркін ашуға мол мүмкіндік береді.

Эпикалық тектің орта көлемді түрінен мектеп бағдарламасында поэмалар берілген. Повестер қаламгер шығармашылығын монографиялы оқитын 11 сыныпта ұсынылған.

Поэма жанрында алдымен 5-сыныпта І.Жансүгіровтің «Күй» поэмасынан үзінді беріліп, 8-сыныпта Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қалқаман-Мамыр» поэмасы, Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы оқытылады. «Батыр Баян» поэмасын оқыту барысында әдебиет теориясынан поэма туралы түсінік қалыптастыру көзделеді. 8-сыныпта Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын оқыту арқылы поэма жанры туралы түсінік еркін ашыла түседі. Жалпы білім беретін қазақ мектептеріне аралған 2013 жылғы бағдарламада Иса Байқазовтың «Құралай сұлу» поэмасы ұсынылған. Көркем сөз зергері Иса Байзақовтың аталған поэмасы оқу бағдарламасына алғаш енгізіліп отыр.

«Құралай сұлу» поэмасы – ел аңызына құрылып, романтикалық сарында жазылған көркем туынды. Поэма ең алғаш «Қызыл Қазақстан» газетінде жарық көріп, бірден елдің зор ықыласына бөленеді. Поэманың идеялық құндылығы халық көкейіндегі мәселені көтеруінде. «Құралай сұлу» поэмасында бірнеше тақырып қатар өріледі. Отанға, туған жерге деген шексіз махаббат, қайсар рух Келден батыр мен Құралай образдары арқылы нанымды беріледі. Шығармадағы батырды: «Үш-ақ күн өмір сүрдім үш мың жылдық, Не керек жазылмайтын дертте қалдым» дегізген өксікті махаббаты оқырманына сезімнің асқақтығын байқатады. Поэмада жазба әдебиеті мен халық поэзиясының дәстүрі тоғыстырылған. Ол шығарманың сюжетінен де, суреттеу тәсілдерінен де айқын аңғарылады.

«Құралай сұлу» поэмасын саф алтындай асыл, жауһардай мөлдір ететін ерекшеліктің бірі – оның тілдік астарында. Ақын поэмада пейзаж, суреттеу құралдарын үлкен шеберлікпен өрген.

«... Ой өліп, өмір сөніп көп соғылған,
Суреті өткендердің алдымда тұр».
«Шаңқанда шағалалы құстар ұшып
Шуылдап сұқсыр қонған суға түсіп.
Қызғыш-қызық, шәуілдек жағын безеп,

Аққу, қаз сұңқылдайды үнін қосып» – дегендей сөзден көркем сурет жасайды. Ақынның суреткерлік шеберлігімен қатар сөз таңдаудағы өресі де өрісті. Бір поэманың өзінен ел ішінде афоризмге арналған: «Ер туып, жоқ елді бар қыла алмайды, Ел болса ер туғызбай тұра алмайды» немесе «Елден де ер арманы күшті» сияқты мол тіркестерді ұшыратуға болады. «Құралай сұлу» поэмасы – көркем сөздің қуаты мен ақындық шеберлікті танытатын бірегей туынды.

Поэма жанрын оқытуда шығарманың жанрлық ерекшелігін таныту, композициялық құрылым жүйесін талдату, образдар әлемін сараптаумен қатар көркемдік-эстетикалық сипатын танытуға да ерекше ден қойған абзал. Өлең үлгісінде жазылған шығарманы мәнерлеп оқу, рөлге бөліп оқу, сценарий жасау шығарманың көркемдік сипатын танытуға үлес қосады. Оқушыларға «авторға хат», «қос жазба күнделігі» «эссе», «рецензия» жазу т.б тапсырмалар беру оқушыларды шығармашылық жағынан дамыта түседі.

Жалпы 5-8 сынып аралығындағы мәтіндер оқушыға танымдық, тәрбиелік, дамытушылық мақсат-міндеттерді орындауға лайықты алынған. Мәтіндердің тынымдық дәрежесі жоғары. Оқушыларға адамгершілік-эстетикалық, мәдени-тарихи құндылықтарды, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді танытуға, оқушылардың тілдік қорын байытуға мол мүмкіндіктер туғызады.

Эпикалық тектің орта, кең көлемді түрлерінің басым бөлігі жоғары сыныптарда оқылады. Әдебиеттің қысқаша тарихи курсы оқытын 9-11 сыныптарға оқушылар белгілі бір дәрежеде әдеби жанр ұғымын қалыптастырып, кең көлемді әдеби түрлерді өздігінен игере алатындай дәрежеде келеді. Сондықтан болар, жоғары сынып оқушыларына әдебиетті оқытудың формасы көбіне шолу бағытын ұстанады.

Эпикалық шығармаларды талдап тану. Әдеби шығарманы талдаудың жалпы тақырыптық мәселелеріне байланысты: оның сюжетін, композициясын, әдеби кейіпкерді, әдеби туындының идеялық-көркемдік қуатын танытуды мақсат еткен зерделі зерттеу еңбектері әдебиеттану ғылымында да әдебиетті оқыту әдістемесі ғылымында да молынан жарияланған. М.А.Рыбникова, В.В.Голубков, Г.А.Гуковский, Л.И.Тимофеев, Г.Л.Абрамович, Д.С.Лихачев, В.И. Сорокин, А.И.Ревякин, Н.И.Кудряшев, В.Г.Маранцман, Н.О. Корст, Н.А.Демидова, Г.И.Беленький, Т.Ф.Курдюмова, З.Я.Рез, Л.С.Айзерман сияқты т.б. әдебиетші, әдіскер-ғалымдардың еңбектерінде көркем шығарманы талдап танудың ғылыми-әдістемелік жүйесі жасалған.

Бұл мәселе қазақ әдебиетінде де бір шама шешімін тауып келеді. Әдебиетті оқыту әдістемесінен жазылған оқулықтар мен оқу құралдарында көркем шығарманы талдау, оқыту мәселелері қарастырылған. Көркем шығарманы талдау түрлерінен әдіскерлердің ой-пікірлерін жоғарыда айтып өттік. Ал жеке қаламгердің шығармаларын оқыту әдістемесінен жазылған еңбектерде де прозалық шығармаларды оқыту қарастырылады. Атап айтар болсақ: Қ.Тасболатов М.Әуезов шығармашылығын оқыту мәселесінен

әдістемелік ғылыми-зерттеу еңбегін жазды¹. Ал Қ.Бітібаева М.Әуезов шығармашылығын оқыту әдістемесін практикалық жағынан жетілдіре түсті². С.Қалиев Ғ.Мүсірепов шығармаларын оқыту жолдарын қарастырған³. С.Мұқанов шығармашылығын оқыту әдістемесінен жазылған әдіскер-ғалым Б.Ө.Смановтың оқу-әдістемелік құралында эпикалық шығармаларды оқыту, соның ішінде «Ботагөз» романын оқыту әдіс-тәсілдері көрсетілген.⁴ Әдебиетті оқыту әдістемесінен жазылған бір қатар әдістемелік нұсқауларда прозалық шығармаларды оқыту мәселесі талданады. Бұл қатарда С.С.Қирабаевтың⁵, Қ.Мырағалиевтің⁶, К.Елікбаевтың⁷ құралдарын атауға болады.

Эпикалық шығармаларды оқытудың ұстанымдары әдеби тектің өзге түрлеріндегі оқу-әдістемелік жұмыстармен мазмұндас келеді. Көркем шығарманың тақырыбы, идеясы, көркемдік әлемі, тарихи-әлеуметтік ұстанымдар қай жанрды талдағанда болсын ортақ мәселелер екені белгілі. Дегенмен, прозалық шығармалардың көлемі, сюжеттік, композициялық құрылымы, образдар жүйесі, тілдік ерекшеліктері әдеби жанрдың өзге тектерінен гөрі эпикалық жанрды танытуда оқу-танымдық жұмыстың күрделілігін байқатады.

Шығарманың идеялық мазмұнын ғылыми тұрғыда талдап айқындауда жазушының эстетикалық талғамын, дүниетанымын, көзқарасын танып білудің мәні бар. Ал, ол жазушылардың өмірінен мәлімет беру арқылы жүзеге асырылады. Соған орай, мектептерде оқылатын шығармалардың идеялық, композициялық, жанрлық негізіне қарай жазушының өмір сүрген дәуірінің белгілі бір кезеңіне (қоғамдық көзқарасы) оқушылардың назарын аударып, ерекше мән беріліп оқытылады.

Жазушы өмірінен мәлімет берілген соң, шығарма мәтінінің меңгерілу дәрежесі анықталып, мәтінмен жұмыс жасалады. Эпикалық тектің жанры, оның өзіндік ерекшелігі, сюжет, композиция, тақырып, идея, кейіпкер, образ, портрет т. б. қатысты әдеби теориялық ұғымдар жайлы түсінік оқу бағдарламасы бойынша оқушының жас ерекшелігіне сай әр сыныпқа жіктеліп беріліп отырады. Оқушының есінде қалмаған немесе оларға әлі таныс емес ұғымдар болса, онда сабақ барысында қысқаша мағлұмат беріледі. Мәтінмен жүргізілетін жұмысты екіге бөліп қарастыруға болады:

¹ Тасболатов Қ. М.О.Әуезовтің творчествосын орта мектепте оқыту. пед.ғыл.канд. ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация А., 1972 -300 б.

² Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. (Мұғалімдерге арналған көмекші құрал) Алматы: Рауан, 1990. –200 б.

³ Қалиев С. Мектепте Ғ.Мүсірепов шығармаларын оқыту жолдары. - А. 1974.

⁴ Сманов Б. С.Мұқановтың “Ботагөз» романын оқыту /оқу-әдістемелік құрал/ - Алматы: Білім, 2000. – 87 б.

⁵ С.Қирабаев Мектеп және қазақ әдебиеті (Мұғалімдерге арналған көмекші құрал. – Алматы: Мектеп, 1979. –90 б.

⁶ «Қазақ әдебиеті» оқулығына әдістемелік нұсқау 10-сыныпқа арналған /Қирабаев С., Мырзағалиев Қ. - Толық. 2-ші басылуы. – А., Рауан, 1998. -224 б.

⁷ Елікбаев Қ. Ж.Аймауытов шығармашылығын оқыту жолдары А., Республикалық баспа кабинеті, 1997.-96 б.

1) Мәтін мазмұнын меңгеру;

2) Мәтінге талдау жасау.

Мәтіннің мазмұнын меңгертуде сөздікпен жұмыс, мәнерлеп оқу сияқты түрлі жұмыстар да сабақ үдерісінде назардан тыс қалмағаны орынды.

Прозалық шығармаларда талданатын құрамды элементтер. Жалпы прозалық шығармаларға нысан болатын талдау бағыттары ретінде мына мәселелерді атауға болады:

1.Шығармадағы басты және қосалқы тақырыптарын анықтау;

2.Шығармадағы күрделі сөздер мен сөз тіркестерін тауып, оларға түсіндірме сөздіктен анықтама жаздыру;

3.Шығарманың образдар жүйесіне талдау. Образдарды дербес талдау, салыстыра талдау, топтай талдау түрлерін жүргізу;

4.Шығарманың тілі бойынша жасалатын жұмыс түрлері (тұрақты сөз тіркестері, мақал-мәтелдер, көп мағыналы сөздерді, фразеологиялық сөз оралымдарын мәтінінен тауып жазып, оларға түсініктеме жасау);

5.Шығарманың композициялық құрылымына талдау:

а) Сюжеттік композиция;

ә)Образ композициясымен жұмыс;

б) Баяндау композициясы; пейзаж композициясы т.б.

6.Шығарма идеясын айқындау мақсатындағы жұмыс түрлері.

Эпикалық шығармалардың өзіндік ерекшелігінің бірі – композициясында дедік. Осы орайда сюжетті шығарманы композициясына қарай талдау жолы:

Композицияның өзі ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Композиция (латынша «composito» – құрастыру, қиыстыру) бір сөзбен айтқанда, көркем шығарманың құрылысы. Алайда бұл тек пішінге ғана байланысты ұғым емес. Композиция мазмұнмен тікелей байланысты. Ол – әдеби шығарманың сыртқы түрінің симметриясы, сонымен қатар ішкі сырының да гармониясы.

Композициялық шеберлік – шығармадағы барлық бөлшекті бір ғана бүтінге тұтастыру, бәрін бір ғана нәрсеге - негізгі идеяға бағындырудан танылады. Жалпы композицияны екіге бөледі:

•сыртқы композиция

•ішкі композиция

Сыртқы композиция компоненттері:

•тақырып

•эпиграф (дәйек сөз)

•арнау

•пролог (алғы сөз)

•эпилог(соңғы сөз)

•Ішкі композицияның деңгейлері:

•идеялық тақырыптық жүйенің композициясы;

•Образдар жүйесінің композициясы (әсіресе лирикалық өлеңдерде де көп болады);

•Сюжет композициясы;

- Баяндау композициясы;
- Уақыт пен кеңістік композициясы;

Композициялық тәсілдер:

•Қайталау (егер шығармада бір сөз, бір жол, бір сөйлем үнемі қайталанып отырса, ол ритмотивке айналады).

•Қарама –қарсы қою.

•Күшейту

•Ретроспекция – кері шегіну (Мысалы, Ғ.Мүсірепов «Ананың анасы», Т.Ахтанов «Боран»).

•Ритордация – баяулату (Мысалы, «Абай жолы» романындағы ақындардың Абай аулына келуі).

Тақырып – көркем шығармаға арқау болған өмір құбылыстарының тобы, өмір шындығы.

•Мәңгілік тақырыптар – адам болмысының рухани болмыстарын, жаны мен тәнінің ұмтылыстарын, өмір мен өлім, жақсы мен жаман, ақ пен қара т.б тақырыптарды қамтиды.

•Нақты тарихи тақырыптар – белгілі бір кезеңмен, дәуірмен сабақтас келеді.

Идея – тақырып туралы авторының бағасы, көз қарасы, ой-түйіні, позициясы, концепциясы. Идеяның өзін екі мәнде қарастыруға болады:

•Авторлық идея (субъективті).

•Объективтік идея – шығармадан туатын мақсатты идея.

Ал сюжет композициясы орта мектепте эпикалық шығармаларды оқыту барысында жиі талдау нысанына ілінеді.

«Сюжет (французша «sujet» - зат) – көркем шығарманың мазмұнын ашып, мазмұнды пішінге көшірудің негізгі түрі, жолы немесе тәсілі. «Сюжет дегеніміз – жалпы алғанда, адамдардың өзара қарым-қатынасы, байланысы, қайшылықтары, жек көру, жақсы көру, әр характердің, типтің өсу, жасалу тарихы» дейді М.Горький.¹

Пролог (грекше «prologos» – алғы сөз) – көркем шығармаға кіріспелердің бір түрі.

•Сюжеттің басталуы (экспозиция) – Көркем шығармадағы іс-әрекет, тартыс басталмай тұрып, оқиға болатын орынмен, ортамен, болашақ кейіпкермен, жағдайлармен таныстыру, алғашқы мәлімет беру. Экспозиция – шығармадағы оқиға желісіне, қақтығысқа тікелей әсер етпейді, тек мезгілдік-мекендік сипат береді.

•Сюжеттің байланысы – тартыстың басталуына түрткі болған адамдар арасындағы қимыл-әрекеттің басы. Сюжет желісіндегі тартыстың әуелгі туындау себебі.

•Сюжеттің дамуы – адамдардың өзара қарым-қатынасынан, қимыл-әрекетінен туатын түрлі жағдайларға байланысты өрбу.

¹ Қабдолов З. Сөз өнері. А., Жазушы. 1985 ж.

•Сюжеттің шарықтау шегі (кульминация—«биік шың») – оқиға дамуының ширығып, ең жоғарғы нүктеге жетуі. Адамдар арасындағы қимыл-әрекеттің мейлінше күшейіп, шыңына жеткен жері.

•Сюжеттің шешімі – шығармадағы оқиғаның бітуі, нәтижесі, соңғы түйіні. Сюжеттің шешімі – оның идеялық-көркемдік шешімі.

Эпилог (грекше «epilogos» – соңғы сөз) - көркем шығарманы қорытудың бір түрі. Пролог пен эпилог сюжет композициясына жатпайды, сыртқы композиция элементтері болып есептеледі.

Әдеби шығармада кейіпкер, оның өсу динамикасы, сюжеттік желі болмаса, тұтас құрылым – композиция болмайды. Сондықтан мұғалім мектеп қабырғасында көркем шығарманы оқып-үйрену барысында кейіпкерлерді әртүрлі жағдайларға байланысты өзге бейнелермен тығыз органикалық бірлікте, қарым-қатынаста қарастыруы қажет. Мұны өмірлік мәні бар құбылыстармен салыстыра танытуға, оған шәкірттердің өз пікірлерін білдіруіне назар аударуы керек.

Әдетте оқушы шығармадағы көркем ойды шындық түрінде ғана қабылдап, ондағы образдылық, типтілік, мазмұн мен форманың бірлігі секілді әдебиеттің теориялық астарларына назар аударма бермеуі мүмкін. Сол үшін мұғалім көркем мәтінмен жұмысты тереңдете отырып, оқушыларды әдеби-теориялық сауаттылыққа дағдыландыруы керек. Бұл көркем туындыны дәйекті түрде талдауға, білімді саналы меңгеруге үйретеді.

Осы орайда жалпы білім беретін қазақ мектептерінде оқылатын бірнеше шығармаға жасалған талдау үлгілерін ұсынамыз.

8-сыныпта оқылатын Қабдеш Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» әңгімесінің тақырыбы: қасиетті атамекенге сағыныш. Шығармада күрделі сөздер мен сөз тіркестері, сөз оралымдары кездеседі. Атап айтар болсақ:

«Қапсағай» – зор денелі, биік те жуан деген мағынадағы сөз; «өрттен қалған қу томардай болып қалды» – туыс-тамырсыз жалғыз қалуды білдіру; «төрт тағандап» – аяқ қолын еңбектегендей жерге тіреу; «шоқай» – иленген түйенің терісінен, қалың көннен тігілген аяқкиім. Бұл аяқ киімнің шәркей, шақай деген де атаулары бар. «Ұшқат» – ұшқаттар тұқымдасына жататын шырмалған бұта, кейде ағаш Қазақстанның тау беткейлерінде, кейде шыршалы ормандар арасында, тастақты жерлер мен өзен жағалауларындағы тоғайда өсетін өсімдік. «Қозы көш жер» – 10-15 шақырымдай болатын арақашықтық өлшемі.

Шығармадағы басты кейіпкер – қария. Қарт – реалистік образ. Қарттың бойынан, болмысынан туған жерін сағынып, аңсаған, оралуды арман еткен жырақтағы қандастарымыздың тұтастай бейнесі мен арманы көрінеді. Ақырғы тілегі отанына оралу болған қарттың туған жердің топырағын тұмар етуінен, тағдырдың тас толқындарына төтеп беріп, атамекеніне оралу сәтіндегі басынан өткен әр қиындыққа сыр бермей шыдауынан, аңсаған туған өлкесінің топырағын сүюінен сезімтал қайсар рух байқалады. Сонымен қатар, қайсарлық пен батыллықтың арасынан нәзік сағыныш пен махаббат қылаң береді. «Қарт кесімі айнитын емес... Бұл сапарға ол бақандай қырық жыл бойы дайындалмады ма? Мұның өзі – дөңбекшіп өткізген талай ұйқысыз

түндердің, санамен сарғайып, сарқыла, толғанған бүкіл өмірінің айнымас қорытындысы емес пе? Көп жыл бойы қозданып, іштей тұтанып тұрған өрттің алаулап жанған шағы, жанар таудың лақ етіп бір атылғаны. Қарт сезімі бұрауы жеткен домбырадай тырсылдап, шертіп тұр. Қол тигізсең болды, үзіледі» – деген жолдардан аңғарылатын сағынышпен тұтасқан нәзік сезім иірімдері қарттың болмысындағы ессіз махаббатты аңғартады. «Шал маңайында жатқан бірнеше үлкен тасты қасына әкеп алды. Сонан соң «келсең кел» дегендей тәуекелмен тас түйіліп, қас дұшпанын күтті де отырды» – жолдарындағы қарттың әрекетінен бойына біткен батылдық пен ептілік те танылады. «Я, Жасаған, – деді тіледі ол көкке қалтыраған қолын жайып тұрып, – маған енді үш күндік ғұмырыңды қия көр! Онан арғысын сұрамаймын да... Арғанатының аңғарына жеткесін, аманат жаныңды ала бер!» – деген қарт жалбарынуы мен «...Өйткені бұл – менің ақырғы тілегім ғой», – деген қарияның ойынан туған жер топырағын аңсаған іңкәр, мөлдір сезім қылы шертіледі. Оның басындағы күй, көкірегіндегі арман-тілек бір адамның ғана емес, мыңдаған жанның тағдырынан сыр ақтарып, мыңдаған жанның жүрегінде ұялаған асқақ та нәзік сағынышты сездіреді.

Шығарманың тілдік ерекшелігін танытатын тұрақты сөз тіркестер, мақал-мәтелдер, синоним, афоризм сөздер, табу, диффимизм т.б. кездеседі.

Тұрақты тіркестер: «Титығы құру» – әлі әбден құрыды, шамасы қалмады, күші бітті; «таңдай жібітіп, талшық қып келе жатқаны» – талғажау еткені; «көзі шырадай жану» – көзі нұр шашты; «қан қақсау» – жанға батып ауру, зар илеу; «бармағын шайнау» – өкіну; «тілі аузына сыймау» – шөлдеу; «жігері құм болу» – еңсесі түсу; «ет жүрегі езілу» – уайымдады, іші күйді, қайғырды; «жыртылып айрылады» – өте көп, мол мағынасында; «өзегі талу» – қарны ашты, тамақ жегісі келді сияқты сөз тіркестері кездеседі. Осы сөздердің мағынасын түсінуде оқушылардың топтық жұмыстарын ұйымдастырған тиімді. Басты мақсат аталған сөздердің мағынасын түсінумен шектелмейді, сол сөздерді қолданысқа түсіру меже болуы керек.

Бұдан өзге омоним сөздер (жал, шөл, жас, қара, жаз, жұт, шаш, сана, бастау, жақ, түр, ой, жат); полисемия (бас, көз, тұқым, бет, тіл, бой); диффимизм (сұмырай); архаизм сөздер (торсық, малта, қоржын, бердеңке мылтық, шекпен) кірме сөздер (минут, овчарка) жаңа сөздер (шекара, шекарашы) кездеседі. Топонимикалық атаулар да көп (Етікші асуы, Тарбағатай тауы, Күргейтас, Тентек-Халдай өзені, Қарасу, Сарышоқы, «Көкөзек» колхозы, Айнабұлақ, Арғанаты, Көкшілік өзені, Нұра өзені, Қабырға өзені).

Шығарма тілі бай, өзіндік стильдік даралығы байқалатын көркем шығарманың сюжеттік желісі де тартымды.

Шығарманың сюжеттік композициясы:

Шығарманың басталуы: жалғыз жортқан жолаушы, жолда көрген қиыншылықтар.

Байланысы: ойға оралған өткен күн немесе жалғыз немере Төлеутай.

Оқиганың дамуы: кінәсіз тағылған айып, күтпеген қасірет.

Шарықтау шегі: қырық жыл бойы көкірек түкпірінде жатқан ұзақ сыр.

Шешімі: тұмардағы бір уыс қиыршық тастың туған жер топырағына түсуі.

Шығарма идеясын мәтінмен тұтастықта қарастыра отырып талдаған орынды. Авторлық ұстанымды айқындайтын тұстарына оқушы назарын аудару керек.

«О, туған жер. О, қасиетті ата мекен. Торқадай топырағыңды қия гөр адасқан ұлыңа... Ел шетіне бір жеткізсең, екі дүниеде де арманым жоқ деген сертім бар еді. О, Алла, аманат жанымды бүгін алсаң да разымын», – деді тәңірге жалбарынып.

«Айналайын, туған жер, сені де көретін күн болады екен-ау!» – деп тұншыға күбірлейді. Қалтыраған қолымен көңірсіген дымқыл топырақтың бір уысын алып, бетіне басады, танауына апарып, қайта-қайта иіскей береді...

Қарт шекпенін асықпай шешіп, бір бұрышқа қойды. Сонан соң көйлегінің түймесін ағытып, жалаңаш етіне асып қойған бойтұмарын алды. Барқыттан тігілген кәдімгі үшбұрыш тұмар. Қарт тұмарды ерніне жақындатып тәуеп етті. Сонан кейін қалтасынан бәкісін алып, тұмарды сөкті де, төңкеріп сілікті. Тұмардың ішінен термен байланып қалған бір уыс қиыршық топырақ түсті жерге. Бұл – осыдан қырық жыл бұрын жат өлкеге аттанарда туған жерден түйіп алған топырақ еді» деген үзінділерде шығарманың идеялық мазмұны айқын танылады. Осы үзінділерді сыныпта қайталап оқыту арқылы шығарманың тақырыптық, идеялық мазмұнын айқындайтн сұрақтар қойған орынды.

Тахауи Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесінің тақырыбы – өнер күдіреті. Күйші Естемес тағдыры.

Шығарманың тілі жеңіл, оқиғасы қызғылықты. Шығарма оқылғанның кейін әңгімедегі кейбір түсініксіз қазақтың әлеуметтік тұрмыс-тіршілігіне, төрт түлік малға қатысты пассив қолданыстағы сөздермен жұмыс жүргізу керек.

Мағынасын айқындайтын сөздер: «тізгін» – аттың басын тежеу, игеру үшін пайдаланатын, ұштары жүгеннің ауыздық шығыршығына екі жағынан байланған қайыс; «шылбыр» – жүгеннің шығыршығына бір жағынан тағылған жіп; «түндік» – киіз үйдің шаңырағына жабылатын төрт баулы киіз; «қолқа салу» – дос, жолдас адамдардың бір-бірінен бір нәрсені қалауы; «тулақ» – үстіне жүн сабау үшін немесе төсеніш үшін жүні алынбай қатырылған шикі тері; «аңғырт» – аңғал, аңқау; «мүсәпір» – бейшара, байқұс; «әудем жер» – көз көрім жер, жақын ар; «сағақ» – жылқының сағалдырық тұратын тамағының астыңғы жағы; «шыңырау» – биік құз, таудың ұшар басы; «аруана» – екі өркешті, таза тұқымды түйенің ұрғашысы; «інген» – қос өркешті түйенің ұрғашысы; «мая» – жалғыз өркешті түйенің інгені; «нар» – бір өркешті түйе т.б.

Шығармада кездесетін көркемдік тәсілдер: эпитет – «*өткір қоңыр көзді*», «*мүсәпір бейнесі*», «*жұмсақ әуен бояуы*», «*жалаңаш тау*»; теңеулер – «*жібектей майысып*», «*балшықтан құйғандай*», «*сүйріктей саусақ*», «*балапандай*».

Тұрақты сөз тіркесі: *«Секем алды, төбе құйқаңды шымырлатып»*; ауыспалы мағынадағы сөздер: *«көзі шалып қалды»*, *«көзін қадап қалды»*, *«дүниенің табалдырығы»*, *«салшы өнеріңді»* т.б.

Шығарманың композициясы:

Оқиғаның басталуы: Екі салт аттының жолға шығуы. Күйшілердің әңгімесі.

Оқиға байланысы: Жапанда жалғыз нардың кезігуі, ботасы өлген аруананың зары. Естеместің домбырасына тіл бітіруі, жолаушылардың жалғыз қараша үйге келуі.

Оқиғаның шиеленісуі: Қыздың «екі күйші өнерлеріңді бірдей салыңдар», - деп қолқа салуы.

Оқиғаның шарықтау шегі: Естемес күйшінің өнері, «Нар идірген» күйінің дүниеге келуі.

Оқиғаның шешімі: Естеместің жолын жас жігітке беруі.

Шығармадағы образдар жүйесі: Естемес - *жасы елуді алқымдырған, әдемі, дөңгелек қара сақалды, кішілеу өткір қоңыр көзі биік қабағының астында терең ұялаған қағылез кісі*.

Оразымбет - *астында жалын өрген қылаң бесті, үстінде өңіріне зер ұстаған көк мақпал қамзол, талдырмаш белін қызыл үдері белбеумен қынай бұған, төбесін көк мақпалмен тыстаған құндыз бөрік киген жас жігіт*.

Жаңыл - *жасы он алты - он жетілер шамасында. Қою қара қасты, мөлдіреген қара көзді, дөңгелек жүзді, қара торының сұлуы*.

Кейіпкердің күйініші – *«...күйімді үлгі етсең де, өмірімді үлгі етпе. Жас елуге келді. Менің өмірім тұрлаусыз болып барады. Қаниша ел көрсем де, қайтып оралар бір қазығым жоқ. Жар сүймей, бала сүймей кетіп барам. Енді бір айналғаниша қарттық келеді. Нағыз от басының жылуын аңсайтын кез сонда болар»*.

Сүйініші - *«Естемес Жаңылдың көзіне ұзағырақ қарады. Қыз көзіне көзі түсіп кеткенде, жүрегі бүлк ете қалды. «Сақалды басыммен сабырдан айырылғаным қалай» деп кейіді өзіне. Бірақ көңілі құрғыры бір нәрсеге талпынып алып барады. Сонау бір жастық шағы қайта оралғандай елiре құмартады. Талайдан аңсағанын көргендей көз жазғысы келмейді»*.

Шығарманы оқыту барысында «Нар идірген» күйін тындату қажеттігі айқын.

Нысанға алынған шығармаларды талдауда ұсынатын ортақ модель:



Оқушылардың шығарманың көркем компоненттерімен жүргізетін жұмыстарын жүйелі танымдық үдеріске ұластыру әдеби білімді тереңдетуге бірден-бір септігін тиігізері анық. Шығарманың көркем компоненттерін топтық, жұптық жұмыстарға, оқушылардың өздік жұмыстарына бағыттау бірден бір тиімді жол екені тәжірибеден анықталып келеді.

Мектеп практикасында көбіне көркем туындыны түр мен мазмұн бірлігінде талдау жағы кемшін соғып жатады. Көркем шығарманы орта мектепте оқып-үйренудің ғылыми-әдістемелік жүйесін тұтастықта қарастырғанда ғана оқушылардың әдеби білім мазмұны байи түседі.

Жоғары сыныптарда әдеби шығарманы оқыту мәселелері әлі де толық шешімін таппай келеді. Оның өзіндік себебі де жоқ емес. Жоғары сыныптарда әдеби шығарманы проблемалық мәселелері жағынан талдау, әдеби деталь арқылы шығарманың идеялық өзегіне жол салу, әдеби туындыдағы образ, кейіпкерлер жүйесі, көркем бейнелердің мінез-құлық әлемі, сюжеттік оқиғалар желісі, композициялық құрылым секілді мәселелерін талдаудың әдістемелік жолдары арнайы зерттелмей келеді.

Оқушылардың ойлау белсенділігін арттыруға жетелеу, нәтижеге бағытталған іс-әрекеттер жасау тікелей талдаумен байланысты екені анық. Осыдан талдаудың әдістемелік жүйесін бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік сұраным-талаптарына сәйкес жетілдіру қажет екені туындайды. Сол себепті, мәселені тиімді шешу, талдаудың ұтымды да оңтайлы жаңа жолдарын табу айқын міндет. Сонда мұғалім шәкірттерін шығарма әлеміне еркін бойлатып, ізденушілік бағыт, бағдар бере алады. Пәннің оқытылу мақсат-міндеті орындалады, білімнің сапасы артады.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Жалпы білім беретін мектептердің орта буынында оқылатын эпикалық шығармаларды жанры жағынан топтастырыңыз.
2. 5-8 сыныптарда оқылатын прозалық шығармаларды тақырыптық жағынан жүйелеңіз.
3. Прозалық шығармаларды оқытудың өзіндік ерешелігі қандай?
4. Прозалық шығармаларды оқыту әдіс-тәсілдерін қарастырған әдіскер-ғалымдардың еңбектерінен методологиялық карта түзіңіз.
5. Орта буын сыныптарда оқылатын бір шығармаға талдау жұмысын жүргізіңіз.
6. Прозалық шығармаларда талданатын құрамды элементтерді саралап жазыңыз.

Әдебиеттер тізімі:

Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. – А., Мектеп, 1985.

1. Богданова О.Ю. Особенности изучения эпических произведений. В пособии: Методика преподавания литературы в средних специальных учебных заведениях / Под ред. А. Д. Жижиной. – М., 1987.
2. Голубков В. В. Методика преподавания литературы. – М., 1962.

Қосымша:

1. Тасболатов Қ. М.О.Әуезовтің творчествосын орта мектепте оқыту. пед.ғыл. канд.ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.– А., 1972 -300 б.
2. Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. (Мұғалімдерге арналған көмекші құрал) А., Рауан, 1990. –200 б.
3. Қалиев С. Мектепте Ғ.Мүсірепов шығармаларын оқыту жолдары.- А. 1974.
4. Сманов Б. С.Мұқановтың «Ботагөз» романын оқыту /оқу-әдістемелік құрал/ - А., Білім, 2000. – 87 б.
5. С.Қирабаев. Мектеп және қазақ әдебиеті (Мұғалімдерге арналған көмекші құрал. –А., Мектеп, 1979. –90 б.
6. «Қазақ әдебиеті» оқулығына әдістемелік нұсқау 10-сыныпқа арналған / Қирабаев С., Мырзағалиев Қ. - Толық. 2-ші басылуы.–А., Рауан, 1998. - 224 б.
7. Елікбаев Қ. Ж.Аймауытов шығармашылығын оқыту жолдары А., Республикалық баспа кабинеті, 1997.-96 б.

III.4. ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУ ЖОЛДАРЫ

1.Драмалық шығармалардың өзіндік ерекшелігі.

2.Драмалық шығармаларды оқытуға даярлық.

3.8-сыныпта Д.Исабековтің «Әпке» драмасын оқыту жолдары.

Драмалық шығармалардың өзіндік ерекшелігі. Орта білім бететін мектептерде эпикалық, лирикалық шығармалармен қатар драмалық шығармалар да оқытылады. Драмалық шығармалар басқа жанрдағы шығармалар сияқты әдебиет заңдылықтарына бағынады. Сондықтан драмалық шығармаларды оқыту принциптері эпикалық, лирикалық шығармаларды оқыту әдіс-тәсілдерімен сабақтас келеді. Дегенмен драмалық шығармаларды оқытудың өзіндік ерекшеліктері де болады.

Драма — әдебиеттің үлкен бір жанры. Ол өзінің қоғамдағы орны мен жазылу формасы арқылы эпостық және лирикалық шығармалардан дараланады. Драма бір жағынан әдебиет туындысы болса, екінші жағынан ол театр өнеріне негіз болады. Мектепте драмалық шығарманы оқытқанда оның осы екі жақтылығын ескеру керек.

Драма мазмұнына қарай үш түрге бөлінеді: комедия, драма, трагедия. Драмалық шығармаларда автор өмір болмыстарын көркем типтік жағдайларда тартыс үстінде көрсетіп, белгілі бір идеяны ұсынады. Драманың басты нысаны — адам, оның қоғамдағы орны, іс-әрекеті, жеке басының қасиеті, ізгілікке ұмтылуы, күресі. Театр өнерінің дамуына байланысты драмалық шығармалардың түрлері дами түсуде (оперетта, водовиль, либретто т.б.).

Драма мәтіні тек кейіпкерлердің сөзінен тұрады. Диалог, монолог түрінде жазылады. Драма шығармасы сахнаға айналғанда «пьеса» немесе «спектакль» деп аталады. Пьеса өз ретінде афишадан, акті, сурет, көріністерден тұрады, уақытпен шектеледі. Мұнда авторлық баяндаулар, суреттеулер болмайды. Кейде автор өз тарапынан оқиғаға, не декорацияға, не кейіпкерлерге қатысты сілтеме түсінік келтіреді. Бұл сілтемелер «ремарка» делінеді және жақшаға алып жазылады.

Қазақ әдебиетінде драма кейіндеп дамыған саланың бірі. Сондықтан қазақ әдебиетін оқытуда драманы оқыту әдістемесі дамымай келеді. Бұған тағы бір себеп мектеп қабырғасында оқытылатын драмалық шығармалардың аздығы және оны оқытудағы теориялық тіректің жоқтығына да байланысты. Орта буын сыныптарда драмалық шығармалардан Д.Исабековтің «Әпке» драмасы оқытылады. Жалпы білім беретін мектептердің орта буынында тек бір ғана шығарма оқытылып келеді. Оның өзі 8-сыныпта.

Шолу жасай келе анықталғаны — 8-сыныптағы драмалық шығарма алмастырылып отырған. 1997 жылы жасалған 5-9 сыныптарға арналған қазақ әдебиеті бағдарламасының жобасында, кейінірек 1999 жылы жоба негізінде жасалған бағдарламасы бойынша Ш.Мұртазаның «Бесеудің хаты» драмасы оқытылып келген. 2010 жылғы бағдарламада бұл шығарма Д.Исабековтың «Әпке» драмасымен алмастырылған. Екі шығарманың да танымдық-тәрбиелік жағынан оқушыға берері көп. Дегенмен, бір мәтін көлемінде драмалық шығарма табиғатын еркін таныту мүмкіндігі аз.

Әдебиеттің тарихи курсы оқытын жоғары сыныптарда қаламгер шығармашылығы аясында драмалық шығармалар да қамтылады. Мәселен, 11 сыныпта Ғ.Мүсірепов шығармашылығын оқығанда «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» трагедиясымен, М.Әуезов шығармашылығын монографиялы оқығанда «Еңлік — Кебек» пьесасымен, Б.Майлин шығармашылығынан «Майдан» пьесасымен танысады. Жоғары сыныптағы әдебиет пәні шолу бағытында болуы себепті аталған шығармаларды жеке талдауға мүмкіндік жасалмаған. Мәселен, Б.Майлинге «Азат әйел», «Көңіл айту» өлеңдері, «Майдан» пьесасын оқыту деп бар болғаны 2 сағат бөлінген. Екі сағат көлемінде драмалық шығарма өлеңдерімен қосарланып берілген соң, тек шолып қана айтуға мүмкіндік болады деген сөз. Ж.Аймауытовтың «Шернияз» пьесасын да «Ақбілек» романымен қосарлап бар болғаны 3 сағат берген. 11 сыныпта «1960 жылдардан осы кезге дейінгі әдебиетке жалпы шолу (2 сағат)»¹ деп көрсетілген тақырып бойынша да драмаға шолу жасау керектігін нұсқаған. Бағдарлама бойынша драмадағы тартыс, мінез-құлық, монолог пен диалогтар туралы мәлімет беру керектігі көрсетілген.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі мәселелері бойынша жазылған ғылыми еңбектер мен зерттеулерде драмалық шығармаларды оқыту жайлы көп айтыла бермейді. Аталған шығармалардың сахнаға арналып жазылатын ерекшелігі оны мектепте оқып талдауда белгілі бір қиындықтар туғызуы мүмкін. Бірақ қалай дегенде де, бұл туындылар мектепте оқыту мақсаты үшін оны талдау, игерту жолдары мен әдістері де тиімділік жағынан әдістемелік тұрғыдан қарастырылуы керек.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымында драмалық шығармаларды оқыту жолдарын қарастырған әдіскер-мұғалімдер мен әдіскер ғалымдар санаулы. Драмалық шығармаларды оқыту жолдарын қарастырып, әдістемелік көмекші құрал жазған — Сайлау Дүкенбаев. С.Х.Дүкенбаевтың «Мектепте драмалық шығармаларды оқыту» атты оқу әдістемелік көмекші құралы жарияланған.²

«Драмалық шығармаларды оқыту» тақырыбында кандидаттық диссертация жазылды³ (Рыскүл Байділдақызы Бораш, 2006). Әдістемелік басылымдарда мұғалімдер тәжірибесінен жарияланып жүретін мақалалар да көбіне поэзиялық, прозалық шығармаларға арналады. Драмалық шығармаларды оқыту тәжірибесінен мақалалардың көп жариялана бермейтіні аталған жанрды оқытудағы күрделілік пен әдістемелік сонылығына қатысты деп түсінеміз.

Сондықтан драмалық шығармаларды оқыту әдістемесі әлі де көп қарастыруды, зерттеуді қажет ететін тың тақырып болып есептеледі.

¹ Қазақ әдебиеті оқу бағдарламасы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11 сыныптарына арналған. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық ғылым академиясы, Астана, 2010.

² Дүкенбаев С.Х. Мектепте драмалық шығармаларды оқыту. А., Мектеп. 1985 -86 б.

³ Бораш Р.Б. Драмалық шығармаларды оқыту. Пед. ғыл. канд ғыл. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. А., 2006.

Драмалық шығарманы мектепте талдауда мұғалім алдында бірнеше мәселе тұрады. Бұл мәселелер драманың тақырыбы мен идеясына, сюжеті мен композициясына, кейіпкерлер мен әрекеттерге, тіліне, сахналық қойылымына т.б. қатысты.

Драмалық шығарманы талдау мәтінмен жұмыс істеу арқылы іске асады. Қашан да басты назар драманың тіліне аударылады. Тілдің қолданылу аясы, — адамдардың сөйлесуі — диалог. Диалог — тіл болмысы. Сондықтан оған үңілу шығарманың сырын ашады. Драма тілі кейіпкердің жай ғана сөйлеуі емес, автордың мақсатты түрде саралап салған сөздері болып есептеледі. Демек, драма тілі — көркем тіл. Әлемге әйгілі драматургтер Шекспир тілі шынайылығымен, дәлдігімен, ойнақылығымен, уытты-өткірлігімен ерекшеленеді. Драмада адамдар тілі іс-әрекеттер арқылы бейнеленеді. Олардың бар болмысы, сөйлеуі, киімі, жүріс-тұрысы, кейпі, мінезі — көруші назарында болды.

Эпикалық тек пен лирикалық тектің жанрларында танылатын кейіпкерлердің болмысынан драмалық кейіпкер болмысы өзгеше. Себебі драмалық кейіпкер нақты іс-әрекетімен жанды қимылда көрінеді. Сахнадағы рөлді сомдаушы актердің бет-бейнесінде, іс-әрекетінде, сөйлеуінде жанды кейіпте танылады. Драмалық шығарманы оқып қабылдау мен оны нақты сахналық қойылымда көріп қабылдаудың айырмашылығы көп. Оқушы үшін тиімдісі — сахналық қойылымды көріп тамашалау. Себебі мектепте оқылатын драмалық шығармалардың барлығы дерлік сахналанған. Дегенмен сахналық қойылымды көрсету мүмкіндіктері үнемі бола бермейді. Сондықтан драмалық шығарманы оқытқанда рөлге бөліп оқыту, мүмкіндігінше, оқушылардың шама-шарқынша сахналату, рөлмен оқыту аса маңызды. Бұл дайындық төменгі сыныптарда қалыптастырылуы керек.

Драмалық шығармаларды оқытуға даярлық. Бастауыш және орта буын сыныптарда оқытылатын шағын ертегі, мысал, әңгімелерге инсценировка жасау, рөлмен оқу, рөлдік ойындар жүргізу т.б. жұмыс түрлері — драмалық шығармаларды танып-білудің алғашқы бастамасы болып есептеледі.

Оқушылардың театрдан, сахнадан көрген түрлі қойылымдары олардың драма табиғатын тани түсуіне көмектеседі. Оқушылардың драмалық туындыларды оқып үйренуін күшейтуде мектептегі драма үйірмесінің тигізер әсері мол.

Бастауыш сыныптар мен орта буын сыныптарға оқытылатын мысал жанрындағы шығармалармен инсценировка жаздыру, оқушылардың өздеріне ойнатып көрсету көптеген шығармашылық жұмыстардың тууына жәрдемдеседі. Мәселен, И.А.Крыловтан Абай аударған мысал өлеңдер сюжетінің жеңілдігі мен композициялық құрылымының қарапайымдылығы жағынан төменгі сыныптардың өзіне инсценировка жаздыруға қолайлы шығармалар болып табылады. Бұл ретте «Шегіртке мен құмырсқа», «Қарға мен түлкі», «Емен мен шілік», «Есек пен бұлбұл», «Піл мен қанден»; А.Байтұрсынұлының «Егіннің бастары», «Қартайған арыстан», «Қайыршы мен қыдыр» сияқты мысал өлеңдеріне инсценировка жасатуға болады. Бастауыш сыныптарда инсценировканы қарапайым бір-екі оқиға төңірегінде

жасата отырып, оқушылардың өздеріне сахналық декорация мен рөлдік костюмдердің көмегімен рөлмен ойнатып көру оқушы қызығушылығын тудырады. Драмалық шығармалардың ерекшелігін тануға көмектеседі. Ал орта буын сыныптарда драмалық шығармалардағы тартыстың мазмұнын бірнеше түрде өзгерте отырып ойнату, салыстырту драма жанрын терең түсіндіруге мүмкіндік туғызады. Мәселен, бір шығарманы бірнеше топқа тапсыра отырып, тартыстың мазмұнына қарай комедия жанрында, трагедия, драма жанрында алмастыра отырып ойнату, салыстырту аса қызықты да тиімді нәтиже көрсетеді.

Инсценировка, киносценарий құрастыру оқушылардың көркем мәтінді терең әрі шығармашылық жолмен түсінуіне игі ықпалын тигізеді. Сонымен қатар кино, сахна өнеріне деген қызығушылығын да арттырады. Оны төменгі сыныптарда да, жоғары сыныптарда да орындатуға болады. Сынып ерекшелігіне қарай орындататаны жұмыс мазмұны да түрлі дәрежеде болып келеді. Төменгі сыныптарда мұғалім ондай жұмыстарды қалай орындаудың үлгісін өзі көрсетеді. Кинодан үзінді көрсету, оның құрылымдық элементтерін талдату, оқыға желісін саралату аса маңызды. Киносценарий, инсценировкалар жасату, сондай-ақ көркем мәтінді ықыласпен, оймен оқуға, көркем мәтінді көз алдына келтіріп, бейнелі түрде қабылдауына әсерін тигізеді. Киносценарий құрастыру үшін бір оқиға, бір көріністі ғана таңдап алуға болады. Шағын шығармаларды тұтастай алуға да болады.

Инсценировкалар негізгі бір оқиға айналасында құрастырылады. Ол үшін оның эпизодтары назарға алынады. Өздері құрастырылған инсценировкалар мәтіні бойынша оқушылар оны сахнаға әзірлейді. Кейде инсценировкалы сабақ өтеді. Инсценировкада кейіпкер сөздеріне ерекше көңіл бөлінеді. Ең маңыздысы шығармада ерекше орын алатындарын теріп алуға болады.

Балалардың театрдан, клубтан көрген түрлі спектакль, қойылымдары олардың драма табиғатын тани түсуіне көмектеседі. Оқушылардың драмалық туындыларды оқып үйренуін күшейтуде мектептегі драма үйірмесінің де тигізер көмегі аз емес. Айталық, мектеп сахнасында И.А.Крыловтың «Құмырсқа мен шегіртке» мысалына инсценировка жасау- оқушылар үшін қызықты шығармашылық іс әрі танымдық маңызы үлкен нәрсе. Мұндағы рөлдер: құмырсқа, шегіртке және автор. Жеңілтек шегіртке мен еңбекқор құмырсқаның іс-әрекеті балалар үшін әсерлі де тартымды. Бар оқиға автордың тұжырымына, идеясына (Еңбек етпеген - ішіп- жемейді) жауап болады.

Драмалық шығармаларды оқыту орта буын сыныптарда басталып, жоғары сыныптарда міндетті оқу бағдарламаларына сәйкес жалғастырыла жүргізіледі. Драмалық шығармаларды оқыту мен талдау жұмысы оқу пәніне және оның әдістемелік талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Әдістемелік талаптар пәннің және оқытылатын шығарма ерекшеліктері негізінде анықталады. Осы тұрғыдан алғанда драмалық шығарманың басты ерекшеліктерінің бірі – оның диалогты әрекетке құрылуы, театр сахнасында көрсетуге лайықталып жазылатындығы.

Драмадағы көркем тіл монологтан және кейіпкерлер арасында өрбитін диалогтан құралады. Диалог көбіне сахналық әрекетке айналады. К.С.Станиславский сахнада «сөйлеу дегеніміз әрекет ету» дейді¹. Өйткені пьеса кейіпкері өз ойын тек сөйлеумен ғана емес, үндемеу арқылы да аңғарта алады. Іштей сөйлеу, үзіліс жасау, ым, ишара, қимыл — осының бәрі қосыла келе драма ерекшелігін құрайды. Онда дауыс ырғағы, сөйлеу мәнері де шешуші рөл атқарады. Сондықтан драмалық шығарманы сыныпта дауыстап оқу да талдаудың алғашқы және басты кезеңі болып саналады. Дауыстап оқу драмалық оқиғаны, характерді, олардың арасындағы қақтығысты оқушының көз алдына әкеледі. Онсыз шығарма идеясын ашу, шығармадағы тартысты ұғыну мүмкін емес. Сол себепті драманы өнер туындысы ретінде терең түсіну де қиындық туғызады.

Әдіскер-мұғалім Т.С.Зепалованың “Уроки литературы и театр” атты еңбегінде драмалық шығарманы оқудың бірнеше түрін атап көрсетеді:

1. Мұғалімнің оқуы.
2. Рөлмен оқу.
3. Оқушының жекелеген сценаны оқуы².

Автор мұғалім күрделі драмалық шығарманы өзі оқығанда, оқушылар пьесаның идеялық көркемдік бітімін тұтас қабылдайды, ал бұл талдау үшін жеңілдік туғызады дейді. Әйтсе де, бұлардың ішінде рөлмен оқу кең тараған. Зерттеушілер драманы бірден рөлмен оқудың онша тиімділік көрсете бермейтінін айтады. Өйткені рөлмен оқығанда оқушылар назар мен күшті оқу техникасына ғана салады да, пьесаның «үні» көмескі қалады.

Мектеп практикасында автор көрсетіп отырған оқудың үшінші түрі — жеке көріністі оқу сирек кездеседі. Дегенмен оқудың бұл түрінің пайдасы мол. Оқушылар жеке көріністі оқуға даярланған, ондағы мінез-құлықты, оқиғаны, тартысты түсінуге күш салады. Сондықтан бұл оқушы білімін анықтауға қызмет етеді. Сондай-ақ көріністегі оқиғаның жалпы оқиғамен байланысын, композициялық мәнін бағалау үшін де пайдалы. Рөлмен оқу мәтіннің қысқаша мазмұны анықталып, ондағы кейіпкерлердің іс-әрекеті, ішкі дүниесі т.б. жағдайлар анықталғаннан кейін жүргізілсе, өз жемісін береді. Бұл мұғалімнің оқушыларды күні бұрын даярлауының нәтижесінде жүзеге асады.

Драмалық шығармаларды оқытудың дидактикалық мақсат, міндеттерін айқындау осы тектес шығармаларды оқыту жолдарын саналы түрде ұйымдастыруға жол ашады.

Мектептің бастауыш, орта, жоғары оқу орындарында берілетін білім мазмұндарының өзара сабақтастығын сақтау оқу ұстанымдарынан туындайды. Мектепте алған драмалық жанр жайлы білімдерін оқушылар келешек өмірде де кәдесіне жаратуы мүмкін.

¹ Станиславский К.С. Особенности драматических произведений. Москва. 1986.

² Зепалова Т.С. Уроки литературы и театр. Москва, «Просвещение». 1982.

Драмалық шығарманы оқыту әдістемесі жайлы әдіскерлердің көбі шығарманың сыныпта оқылғанын құптайды. Әрине, шығарманың көлеміне қарай жекелеген бөліктерін оқуға да болады.

Пьесаны сыныпта оқу ұжымдық еңбек болып саналады. Оқушылардың кейіпкерлерді оқу үстінде елестетуі — психологиялық акт. Сондықтан мұғалім елестету актісіне қиял қосқаны тиімді. Драма мәтінінде кейіпкер портреті болмайды. Дәл прозалық шығармалардағыдай кейіпкер портреті болмағанымен, афишада кейіпкердің жасы, ерекшелігі, қызметі, киімі, мінезі т.с.с. сілтемелер беріледі. Сондықтан кейіпкерді елестетудің өзі шығармашылықты, типтік образдарды білуді қажет етеді. Кейіпкерді елестете алған оқушы оның тіл мәнерін де ескере алады.

Сыныпта оқылмас бұрын сол шығарма жайлы шағын кіріспе әңгіме жүргізген жөн. Мұғалім пьеса жайлы тұжырымды анықтама беруі керек. Шығарманың тақырыбы, жазылу уақыты, тарихи фоны, құрылысы, әдебиеттегі мәні тетрадағы орны туралы мәлімет береді. Сол шығарманы қоюшы режиссерлер мен кейіпкерді сомдаған сахна шеберлері туралы да дерек берген орынды.

Бастауыш және орта буын сыныптарда шағын ертегі, мысал, әңгімелерге инсценировка жасау, рольмен оқу, ойнау т.б. сияқты жұмыста – драмалық шығарманы танып білудің бастамасы. Ал мектеп практикасында мұндай тәжірибелер жиі кездеседі. Әдебиет мұғалімі осыларға мән беріп, оларды көлемді драмалық шығармаларды оқытуға кірісер алдындағы даярлық жұмыстар ретінде бағалап, ескергені жөн.

Орта буынның 8-сыныбында Д.Исабековтің «Әпке» драмасы оқытылып келеді. Жоғары сыныптарда, яғни 11- сыныптарда драматургияны оқытуға сағаттар біршама көбірек бөлінеді. Бірақ оның өзі жекелеген жазушылардың өмірі мен шығармашылығына берілген жалпы сағат санының құрамына енгізгенін айтып өттік.

Мұның себебі жалпы бағдарламада әңгіме, повесть, роман, поэма, лириканы оқып, талдауға көп сағат бөлініп, драмалық шығармаларды оқытуға аз мөлшерде орын берілуімен байланысты.

Драмалық шығармалар — көркем әдеби шығармалардың ішінде өзіндік орнын белгілеген сала. Драмалық шығармалар көркем өнер туындысы болғандықтан эстетикалық циклды құраушылар қатарына жатады. 5-7-сыныптардағы әдебиет сабағы оқушыларды көркем өнер туындылар арқылы тәрбиелеуде, білім беруде сурет, музыка сияқты сабақтар көмекші бола алады. Ал жоғары сыныптарда оқушының көркемдік тәрбиесі тек әдебиет сабағына ғана жүктелген. Олай болса жоғары сыныпта білім беру үдерісінде драмалық шығармалардың алатын орны мен дүниетанымдық, дамытушылық қасиеттері, әдістері нақтылы түрде анықталып, жүйеленуі керек.

8-сыныпта Д.Исабековтің «Әпке» драмасын оқыту жолдары. Д.Исабековтың «Әпке» пьесасы Жазушылар одағы мен Мәдениет министрлігінің бәйгесінде бірінші сыйлыққа ие болған, сондай-ақ сахна сұранысына ие болған көркем дүние деуге болады. Пьеса автордың драматургия жанрындағы елеулі ізденісі. Онда жастардың өмірі суреттеліп,

бейнелері жасалған. Пьеса кейіпкерлері болашақ өмір жолындағы күрестің үстінде шыңдалып, ой-өрісі, түйсік-түсінігі кеңейеді, азаматтық келбеті қалыптасады. Отан алдындағы борышын айқындайды, жас адамға тән парасат биігінен көрінуге ұмтылады. Драматургтік пайымдар ой-түйіні де осыған саяды.

Шығарма оқиғасы ағайынды төрт баланың төңірегінен өрбіп, олардың тағдыры, азаматтық тұрпатының, өмірлік көзқарасының қалыптасуы драмалық тартыс үстінде өтеді. Анасы қайтыс болып кеткенде артында қалған інілері мен сіңілісінің тағдырын өз қолына алып, оларды бағып-қағып, тәрбиелеу ауыртпалығы Қамажайдың мойнына түседі. Қамажай — пьесаның темірқазығы. Шығарманың «Әпке» аталуы да осыдан. Пьесаның көркем-идеялық деңгейі мен бағыт-бағдары Қамажайдың әрекетіне тікелей байланысты. Ол — жаны нәзік, үлкен сезімнің адамы. Інілері мен сіңілісін тәрбиелеп, адам қатарына қосу жолында талай қиындықтар басынан кешіреді. Автор бейнелеген Қамажай — жеке басының қамы емес, бауырларын көбірек ойлайтын, жар сүю мен махаббат сезімін аналық сезімге құрбан еткен, соларды жеткізу жолына мүлде берілген, адамгершілік парасаты биік, қоғам алдындағы азаматтық борышын ақтаған замандастарымыздың жанды бейнесі.

Пьесадағы екінші қыз — Нәзиланың бейнесі де сәтті өрнектелген. Ол — еркелеу, тілі удай, бір адамға жетер мінезі бар, өмірге өзіндік түйсік-түсінігі қалыптасып қалған студент жас. Оның әпкесіне болысуы, кейде «мамуля» деп еркелеуі, Темірді ызаландыруы, Омардың қызға икемсіздігіне ренжуі, т.б. көріністердегі әрекеті нанымды шыққан.

Әпкесін көбірек «әбігерге» түсіріп, кейде уайымға салып жүретін — Темір. Темір — өмірдің күрделі мәселелерін көңілімен танып бағалай бермейтін, болмыс-бітімі жағынан еркін қалыптаспаған жан бейнесінде көрінеді. Әке-шешесіз кешкен тірліктің қыспағын арқалап, жұмыс істеп, үйге кіретін азды-көпті тиын-тебенді табатын да сол. Темір қанша бұлқанталқан болып жатса да кек тұтпайтын, борышына адал, сөзіне берік, досын сүйіндіретін, дұшпанын күйіндіретін кесек қимылдың адамы. Оның сүйген қызы Кәмиләмен өтетін көріністерде автор көркемдік Темірдің бойындағы әлі де толысып жетіле қоймаған қырлары барлығын көрсетуді мақсат етеді. Кәмиланың бейнесі арқылы бүгінгі өмірдің байыбына бара бермейтін, өмірдің барлық құбылыстарына атүсті қарайтын, жастық менмендігі мен өзімшілдігі басым түсіп жататын замандас жастардың бейнесін беруді мақсат етеді. Кәмиланың жұбайлық өмірге даярлығы жоқтығы, жұбайлық міндет, ата-аналық міндет дегендер төңірегінде ойлана бермейтіндігі баласын алдырып тастайтын әрекеттері арқылы танылады. Пьесада Кәмиланың бейнесі аяқталмаған, толық жетіліп піспеген сияқтанады. Темірдің еңбек істеу үшін басқа жерге кетуімен Кәмиланың бейнесі де сахнадан жоғалады. Оның ендігі өмірінде қай бағытты таңдағаны шығармада танылмайды.

«Әпке» — бүгінгі жас замандастарымыздың өмірін суреттейтін, жақындар арасында сырт көзге шалына бермейтін нәзік қарым-қатынас, бір-бірімен

сыйластық, отбасы мен қоғам алдындағы азаматтық борыш мәселелерін мезгілінде көтерген шығарма. «Әпке» драмасы арқылы оқушыларға адамдар арасындағы күрделі психологиялық мәселені, туысқандық қарым-қатынасты танытып, адамдық, отбасылық борыш, жеке бас мүддесі, өмірдің мәні сияқты күрделі мәселерді сөз етуге, проблема етіп көтеруге болады.

Драма негізінен екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім бес суреттен құралған.

Ең әуелі Қажайыттың ана орнына ана болып сіңілілері мен інілерінің қамқорлығын өз мойнына алып, үлкен міндетті атқаруға бел буғандығы байқалса, сонымен қатар Қажайыттың салмақтылығы, аңқаулығы байқалады. Інілерін оқытып, есейтіп адам қатарына қосуға бел буған мейірімді жан екені, Нәзіланың құрбысы Гауһар мен Темірбектің ең жақсы досы Сұлтан оның жанындағы екі құрбы қызы Сұлухан мен Кәмілалардың (кейіннен Темірдің әйелі) осы үйге қонаққа келіп, сол сәттерде біраз мәдениетсіздік танытқан Кәміланы көрсе де інісі үшін бәріне көз жұмып, тек қана қонақжайлылық танытқаны суреттеледі.

Драманы сынып оқушылары үйде оқып келеді. Сыныптағы сабақ мұғалімнің кіріспе әңгімесі мен кіріспе сұрақтарымен басталады. Мұндағы мақсат оқушылардың драмалық шығарманың өнердің бір түрі ретінде ерте туып қалыптасқандығы туралы ұғым-түсініктерін қалыптастыру. Қазақ драматургиясының тууы мен қалыптасуы туралы қысқаша түсінік беру.

Алдымен драмалық шығарманың табиғатын танытатын кіріспе әңгіме жүргізу сабақтың кіріспе кезеңіне тиесілі. Драмалық шығармалардың өзіндік ерекшелігін таныту үшін драмалық шығарманың өзіне ғана тән түсініктерін акт, көрініс, ремарка, перде, т.т. білгізу аса маңызды. Ең бірінші драмалық шығарма да басқа тектегі, жанрадағы шығармалар сияқты көркем мәтін болып есептеледі. Ендеше, драмалық шығармаларға да мәтін талдау жұмыстарының барлығы дерлік жүргізіледі. Шығарманың идеялық көркемдік ерекшеліктері, көтерген басты тақырыбы, көркемдік әлемі, кейіпкерлер жүйесі, шығармадағы тартыстық өрбуі, сюжеттік, композициялық құрылымы, кейіпкерлер тілі т.т.

Д.Исабековтің драматургия саласындағы ізденістері туралы қысқаша түсінік бере отырып, драмалық шығармалардың өзіндік ерекшеліктерін танытатын кіріспе сұрақтар қойылады:

1. Қазақ әдебиеті пәні бойынша осыған дейін оқыған шығармалардан бүгінгі оқып отырған шығарманың қандай айырмашылығын байқадыңдар?
2. Сахна, акт, сурет, шымылдық деген ұғымдарды қалай түсіндіңдер?
- 3.«Ремарка» деген ұғым нені білдіреді?
- 4.«Әпке» драмасына қатысушы кейіпкерлерді атап көріңдер.

Сыныптық сабақта оқиға желісін еске түсіріп, шығарманың сюжеттік композициялық құрылымын тұтас елестету үшін төмендегідей талдау сұрақтары беріледі:


- 1.Пьесаның оқиға желісі қандай кейіпкерлердің арасында өрбиді?
- 2.Шығармада барлық оқиғаның негізгі желісі кімнің төңірегіне топтастырылған?

3.Шығармаға қатысушы ағайындылар кімдер?

4. Әр топ өзі қатысатын оқиғаны сюжеттік желіге түсіріп көріңдер (мәтінмен жұмыс).

5.Әр кейіпкер драмада өзі қарам-қатынас пен пікір таласқа түсетін келесі топтағы кейіпкерге мінездеме берсін. Шығарманың сол тұсын диалог түрінде оқып сахналап көрсін.

Оқушылар әр кейіпкерге қысқаша мінездеме жасайды. Мәселен Қамажайға жасалған мінездеме:



8. Өздеріңіз жасаған мінездемені драма мәтінінен нақты мысалдар ала отырып дәйектеніз.

Н ә з и л а: Әпке деймін, ательеге маркизет түсіпті. Гауһарда азын-аулақ ақша бар екен, мен одан қарыз ала тұрмақ едім. Жете алмадық. Жете алмағанымыз да дұрыс болды. әйтпесе, кейін қайдан тауып берер едік.

Қ а м а ж а й: Неге?.. Тауып береміз... Тимур ертең айлық алады.

Н ә з и л а: Оның айлығы өзінен артылмайтын болды ғой. Өткен жолы мен оны паркте бір қызбен көргем. Меніңше, финанс жағын сол кісі басқаратын болуы керек. Ал, енді іске кіріселік.

Қ а м а ж а й: Ойбай-ау... Сендердің қарындарыңның аш екенін білмей қалдым ғой, тамақты мол жасайтын едім. Әлгі Темірбек бір жолдасымды ертіп келем деп еді. Сол екеуінің... Жарайды, сол екеуінің сыбағасын салып берейін.

Г а у һ а р: Жо-жоқ, ана, керек емес. Бізге осы да жетеді.

Қ а м а ж а й: Азаннан бері дым сызбасаңдар қайдан жетсін. Оларға... котлет қуырып бере салармын. Әкеліңдер ыдыстарыңды.

Н ә з и л а: Біздің әпкешка бала сияқты. Не айтсаң, соған сене береді.

Бұл үзіндіден Қамажайдың өз бауырларының барлық сұранысын қанағаттандырғысы келетін ақ көңілі, қамқорлығы танылады. Аңқаулығы да аңғарылады.

Қ а м а ж а й: (Темірбектің досы Сұлтанға қарап) Ал, туған күнің құтты болсын, інішек. Қуаныштымыз. Темірбекжанның досы болсаң, менің де туған інімсің. Ал, өздерің отыра тұрыңдар, мен барып котлет...ім...тамақ дайындап жіберейін.

Үзіндіден Қамажайдың қонақжайлылығы мен кең пейілділігі, бауырмалдығы танылады. Жасаған қамқорлығы мен жақсылығына өтеу тілемейтін дархан көңілі танылады. (осы сияқты мәтіннен келтірілген мысалдар негізінде Қамажайға толық мінездеме жасалып, кейіпкер тұлғасы ашылады).

Драмадағы басқа кейіпкерлердің де іс-әрекеті, болмыс-бітімі талданады.

Кейіпкерге берілетін мінездеме үлгісін әр топ өз қалауларына байланысты жасайды.



Шығармадағы кейіпкерлерге талдау жұмыстарын жасағаннан кейін, шығармадағы кейіпкерлер арасында көтерілетін проблемалар, шығарманың танымдық, тәрбиелік салмағын танытатын тұстарына басты назар аударамыз.

Д.Исабековтың «Әпке» драмасында ағалы-қарындасты Темірбек пен Нәзиләнің арасындағы сөз тартыс, достар арасындағы әңгімелер өрбиді. Жастар арасындағы тартыстың тақырыбы «объективті пікір», «жеке пікір деген не?» дегеннің төңірегінде болады. Шығармадағы «пікір» туралы көз-қарастарды айтпас бұрын оқушылардың өзіне сұрақ-жауап әдісімен осы ойды анықтатуға болады.

САУАЛНАМА

9. Шынайы пікір (объективті пікір) дегенді қалай түсінесің?

Өз пікіріңді үнемі ашық жариялайсың ба? _____

Досыңның пікірімен есептесесің бе? _____

Өзің түйінін шеше алмаған мәселе туралы елден пікір сұрайсың ба? _____

Шынайы пікір дегенді қалай түсінесің? _____

(Оқушының аты-жөні)

Оқушылардың сауалнамасын тыңдап болғаннан кейін драма кейіпкерлеріне кезек беріледі.

Кәмила: Қазіргі заманда жұрттың бәріне бірдей ұнай беру шарт емес. XX ғасыр ғылыми-техникалық прогресстің ғасыры ғана емес, субъективті пікірдің ғасыры. Біреуге ұнау үшін әрекет жасау бекершілік.

Сұлтан: Біреуге ұнамауды мақсат ету де адамды рухани тұйықтыққа итермей ме?

Кәмила: Сен мені түсінбей қалыпсың. Біреудің қабағына қарап, соның ақылымен өмір сүру, қайткен күнде де оған да өзің жайлы жаман пікір қалдырмауға тырысу — адамды ой бостандығынан айырады. Ал ой бостандығы болмаған жерде... айталық, сен қолыңа гитара ұстап, туған күніңді думандатып, маған қарсы дау айтып отырғаныңа қарамастан, тіпті он екі мүшесі сау, қаланың ортасынан үш бөлмелі пәтеріне, жергілікті комитеттің мүшесі екеніне де қарамастан, мына сен ... сыртын терімен қаптай салған тұлып болар едің.

Сұлтан: І-імм. С-солай де. Ашулануға тұрарлық сөз екен. Бірақ жақын досымның үйіне алғаш рет келіп отырғандықтан, шаңырақтың шырқын бұзғым келмей отыр. Дегенмен, айта қойшы, жұрттың бәріне бірдей ұнамауды мақсат еткен адам ғана ой бостандығының иесі санала ма? Объективті пікір деген бар ғой.

Светлана: Жоқ.

Сұлтан: Қалайша? Объективті пікірді жоққа шығарғың келе ме?

Светлана: Жоққа шығарғым келмейді. Өйткені ол болған емес. Объективті пікір деген-субъективті пікірлердің жиынтығы.

Сұлтан: Ал, әйтпесе, XX ғасырдың жойқын нигилисі арамызда жүр екен ғой. (Тауһарға қарап) Бұған сіз қалай қарайсыз, қарындас?

Тауһар: Мен бейтаныс адамдардың алдында пікір айтпаймын.

Сұлтан: Бұл да өзінше жаңалық екен. Қалыс қалудың сәті табыла кеткен түрі ғой.

Темірбек: Жолдастар, айтысты тоқтатуларыңды өтінемін.

Светлана: Жо-оқ, жалғастыра берсін. Мен үшін өте қызық. Меніңше, дастархан басында адамдардың сөзінен-ақ бүтін бір қоғам мәдениетінің даму деңгейі көрінеді. Білімді жастардың айтысы да, тартысы да әлеуметтік биіктен басталуы керек. Объективті және субъективті пікір дегенді мен күнде естіп, сол сөзді өзім қолданып жүрсем де, анығына жете алмаймын. Сұлтан, ол жөнінде сенің ойың қалай?

Сұлтан: Сен өз сұрағыңа өзің жауап беріп отырсың ғой. Мен өз пікірімді айтсам, демек ол субъективті пікірім, ал көпшілікке ұнайтын ойымды айтсам, ол объективті пікір.

Драмалық шығармада бақыт төңірегінде ой өрбиді. Шығарма кейіпкерлерінің бақыт туралы пікірлерін оқып, шығарманы түйіндегеннен кейін оқушылардың өз пікірлерін тыңдау, шағын ой толғау немесе эссе жаздыру өте тиімді. Эссе тақырыбы: **«Бақыт деген...»** Осы орайда бірнеше оқушының шығармасынан мысал:

1- оқушы: «Бақыт деген немене? Осы ойды біздің заманымызға дейінгі сан ғасырлар бойы әр адам өзіне пайымдап, өзіне түйін жасап келді. «Бақыт» ұғымы ақын, жазушыларды да аз толғандырған жоқ. Мен бақытты болудан, оны сезіну маңызды деп білемін. Себебі кейде адамдар қолдарында бар бақытты бағаламайды. Өздері бақытты бола тұра бақытты екендіктерін сезбейді. Адам үшін осы жарық дүниеде өмір сүрудің өзі бақыт. Ата-анасының, достарының қасында, алтын ұя мектебінен білім алып жатқан осынау уақыттардың бәрі — бақыт. М.Мақатаевтың «Бақыт туралы ой» деген өлеңінде бақыт туралы әр адамның пікірін қорыта келіп:

«Пікірлердің таласына осылай мен жолықтым,
Бақыт адам баласына келмес оңай соны ұқтым.
Безбеймін баладан да, байлықтан да, жардан да,
Мансап жетпес бар адамға үлестіріп алғанда,
Үміт үзбей іздейді олар таңдап сол бір жақұтты.

Оны алыстан іздемегін жүректен тап бақытты», – дейді. Мен де ақын ағамыздың пікірін дұрыс деп білемін. Мен үшін бақыт өз Отаныңда, өз ата-ананың жанында уайымсыз күн кешу. Бүгіннен ертеңгі күннің нұрлы болуы деп түсінемін.

2- оқушы: Бақыт деген...Бақыт деген, меніңше, өмірге келуіміздің өзі бақыт. Атқан таңды, батқан күнді көрудің өзі бақыт. Ананың ақ сүтін емген әрбір адам, әкенің аялы алақанын көрген адам бақытты. Балалық шақтың бақыты деп мен, достарыммен бірге доп ойнап, көбелек қуып, сыңғырлаған қоңырау үні естілетін білім ұямыз мектепті

айтар едім. Ал қазіргі кездегі бақытым, әке-шешемнің аман жүруімен, денсаулығымның күштілігі, сонымен қатар заманымыздың тыныштығы деп айтар едім.

Мен бақыттымын, себебі мен бейбіт, тыныш, тәуелсіз, өркениетті де мәдениетті елде өмір сүремін. Осы елімнің болашағы, ақ таңы үшін бейбіт елімді қорғауға әрдайым дайынмын.

Кейбіреулер ойлайды. Бақыт деген – ақша, байлық, мал-мүлік деп. Ол дұрыс емес, өйткені ақша да, байлық та қолдың кірі, бірде бар да бірде жоқ. Мен айтар едім, бақыт деген – білім, өнер, ақыл. Ол бақытты сенен ешкім де тартып ала алмайды.

З-оқушы: Бақыт деген... Адам баласы өмірге келгенде, әр адамның өзіне Алла тағала маңдайына бақыт жазады. «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ берсін» – дейді зой. Әр адамның өз бақыты болады және әртүрлі болады. Мысалы: анаң мен әкең қасыңда болса, соның өзі де бақыт, тілеген арманың орындалса, оның өзі де бақыт. Мектепті ойдағыдай аяқтап, жоғарғы оқу орнына түссем, оның өзі зор бақыт. Өзім ғана емес бүкіл жер жүзіндегі адамдарға бақыт тілеймін.

Әдебиетті оқыту негізінен эстетика мен мәдениеттану ілімдеріне арқа сүйенетіндіктен, драмалық шығармаларды оқытуда мақсатқа жетудің жолы — жаттығулар жүйесін жасау. Драмалық шығармаларды оқытуда әдеби ойындардың да алатын орны ерекше. Мәселен, Д.Исабековтің «Әпке» драмасындағы Тимур, Нәзила, Света, Кама сияқты жастардың адам, қоғам, заман адамы жайлы ойларын проза тіліне айналдыра отырып, шағын ой толғау жазу, эссе жазу; шығармада көтерілген проблемалық сұрақтар төңірегінде интервью, сауалнама алу т.т. жұмыстар оқушыларды шығармашылыққа жетелейді.

Қорыта айтқанда, драмалық шығармалар өзіндік күрделі құрылымға ие. Драмалық шығармаларды оқытудағы бір қиындық мектеп бағдарламасында драмалық шығармалардың санаулы болып келуінде. Өйткені, күні бүгінге дейін мектеп бағдарламасында драмалық шығармаларды оқытуға жете көңіл бөлінбей келеді.

Жас ұрпақтың дамуы туралы заңдылықтарға сай әдебиет бағдарламасының да мазмұны мен құрылымы өзгеріп отырады. Драмалық шығармаларды оқыту бастауыш сыныптарда рөлге бөліп оқытатын өлеңдерден, шығармалардан, шағын пьесалардан басталып, орта буын сыныптарда драмалық шығармалармен ұласқаны, бірте-бірте молая түскені абзал. Драмалық шығармаларды оқыту және талдау жолдарын әдіс-тәсілдерін әлі де жетілдіре түсу қажет.

Сыныптан тыс жұмыстарда, драмалық үйірмелерде драмалық шығармаларды оқыту, мүмкіндігінше сахналату оқушы үшін драмалық шығарма табиғаты мен күрделі кейіпкерлер жүйесін, адамдар әлемін танудың бірден-бір жолы болмақ.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары мен тапсырмалары:

- 1.Драмалық шығармалардың өзіне тән қандай ерекшелігі бар?
- 2.Драмалық шығармалардың мектеп бағдарламасындағы орны қандай? Оларды оқыту міндеті қандай?
- 3.Оқушылардың драмалық шығармаларды оқып қабылдау мүмкіндіктері қандай?
- 4.Драмалық шығарманы оқыту үшін 5-7 сыныптарда қандай даярлық жұмыстарын жүргізуге болады?
- 5.Драмалық шығармаларды оқыту әдіс-тәсілдерін саралаңыз.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Дүкенбаев С.Х. Драмалық шығармаларды оқыту. – А., Мектеп. 1987.
- 2.Бораш Р.Б. Драмалық шығармаларды оқытудың кейбір мәселелері // Қазақ тілі мен әдебиеті. 2006. № 3.
- 1.Майман Р.Р. Практикум по методике преподавания литературы.М., Прос.1985 -103-с.
- 2.Зепалова Т.С. Уроки литературы и театр. Москва, «Просвещение. 1982.

Қосымша әдебиеттер:

- 1.Желдербаева С. Мәнерлеп оқу. – А., Қазақ университеті. 1992.
- 2.Станиславский К.С. Особенности драматических произведений. М., 1986.
- 3.Никольский В.А. Методика преподавания литературы в средней школе. М., 1971, с 163.
- 4.Қазақ драматургиясының очерктері. А., 1964, 85 бет.
- 5.Әбдібекқызы Қ. Оқушылардың көркем шығармашылық қабілеттерін дамыту. А., Рауан. 1994.

IV БӨЛІМ

ӘДЕБИЕТТІ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ТІЛ ДАМУ ЖҰМЫСТАРЫ

IV. 1. ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМУ

- 1.Оқушылардың сөйлеу тілін дамыту – шығармашылық үдеріс.
2. Оқушылардың сөйлеу тілін дамытудағы жетекші ұстанымдар.
- 3.Сөйлеу тілін дамыту бағытындағы оқушы құзіреттеліктері.
- 4.Тіл дамыту тапсырмалары.

Оқушылардың сөйлеу тілін дамыту – шығармашылық үдеріс. Тіл дамыту жұмысы сөйлеу әрекетінен басталып, адамның саналы ғұмырына өзек болатын, рухани қалыптасуы мен кемелденуіне ықпал ететін психологиялық, философиялық, ғылыми –әдістемелік мәні бар мәселе.

Адам баласы қоғамық-әлеуметтік ортада өмір сүргеннен кейін оның қалыптасуы мен рухани әлемінің толығына, тілдік қатынастың ықпалы зор. Адамның ойлау, сөйлеу, қарым-қатынас жасау, ойын дәлелдеу немесе

дәйектеу, белгілі бір істерге жұмылдыру, иландыру, т.б. толып жатқан қарым-қатынас әлемі сөйлеу әрекетіне тікелей байланысты болады.

Дұрыс сөйлеу әрекеті адамның жеке тұлға ретіндегі қалыптасуының белгісі, қоғамдағы табысының да критерийі. Сөйлеу өмірдің барлық саласын қамтиды десек, сөйлеу әрекетінің жақсы дамуы – адамның рухани өсуінің, кемелденуінің, қоғамның әлеуметтік және экономикалық өсуінің де кілті бола алады. Тілдік қарым-қатынаста адамның білімі, өзін-өзі ұстау мәдениеті, тыңдау және сөйлеу мәдениеті шешуші рөл атқарады.

Тіл мен сөйлеудің адамдар қарам-қатынасындағы басты тірек екендігі айқын. Олай болса, сөз бен сөйлеу күнделікті өміріміздегі негізгі үдеріс. Осы үдерістің айналасында адамның өмір әрекеті соңына дейін жалғасып отырады. Сол өмір кезеңдерінде сөз бен сөйлеу коммуникативтік қызметтен өзге де функциялар атқарады. Ол адамның ана құрсағындағы кезеңінен, туғанынан бастап, өмірінің соңына дейін психологиялық күйіне, эмоциялық сезіміне, сеніміне, танымына, талғамына, түсінігіне, пайымдауына, күдігіне, күмәніне, рухына, күллі жан-дүниесіне әсер ете отырып, адамның да өзін өсіріп, дамытып, кемелдендіреді. Таным мен талғам биігіне көтереді. Логикалық ой жүйесінің дұрыс қалыптасуына әсер етеді. Эстетикалық ләззат береді. Тілдің, сөз бен сөйлеудің ең биік тұғыры — шешендік сөз деп танысақ, шешендіктің өзі дұрыс сөйлеу әрекетінен басталады. Яғни шешендіктің құралы — сөз, дұрыс үйлестірілген, қиоласқан сөз бен сөз жүйесі. Жүйелі сөз жүйелі ойдан ғана туындайды. Сөзін шашыратып жеткізе алмайтын адамның ойы да жүйесіз, ретсіз, шатасқан, ара жігі ажыратылмаған, толық логикалық үдеріс түзбеген деген ұғым бар. Себебі сөз адам ойының жарияланған формасы. Әр сөз бейтарап тұрып та басқа сөздермен бірлікте де үлкен мағына арқалап тұратынын жақсы білеміз. Сонымен қатар сөздің мағына жеткізуші қызметімен қатар адамның сана-сезіміне әсерлік күші де жоғары. К.Салықовтың «Бір ауыз сөз» өлеңінде:

*Бір ауыз сөз қасіретті тияды,
Бір ауыз сөз айықпас дерт жияды.
Бір ауыз сөз әлемге әйгі еткізсе,
Бір ауыз сөз жаманатқа қияды.
Бір ауыз сөз мұхиттарды жалғайды,
Бір ауыз сөз ұран болып самғайды.
Бір ауыз сөз ұһса бақыт құсы боп,
Бір ауыз сөз арсыз жанды алдайды.
Бір ауыз сөз таң шолпанын әперер.
Бір ауыз сөз анаңдай боп мәпелер.
Бір ауыз сөз ұл туды деп қуантса,
Бір ауыз сөз әке өлімін әкелер.
Бір ауыз сөз жан тетігін табады,
Бір ауыз сөз мың әуреге салады.
Қимас жандар көз жұмарда қоштасып,*

*Бір-ақ ауыз сөз айтысып қалады*¹ — деп сөздің адамның өміріндегі рөлін биік көрсетеді. Поэтикалық тілмен жазылған бұл өлең мәтіні бір ғана сөздің, бір ауыз сөздің әлеуметтік, эмоциялық мәнін түсіндіреді.

Адамның шебер сөйлеуі, алғашқы баспалдағы дұрыс сөйлеу, сөзді дұрыс таңдау, ойды тұжырып, ықшам жеткізе білу дағдысынан басталады. Айтатын ойыңның максатына қарай сөздерді дұрыс сұрыптап, өз орнымен реттеп, қиюластыру арқылы ғана өз ойыңды басқа жанға жеткізе аласың. Сөз — ойдың киімі. Сөз ойды жеткізудің ғана құралы десек, сөздің мәнін тарылтқан болар едік. Дұрыс ой жеткізудің ар жағында сөз арқылы басқа санаға ықпал ету, әсер ету әрекеті бой көтереді. Сөздің құдіретті күші ертеден танылған, бағаланған. Сөз мемлекеттің ірі істерінде мемлекет аралық қарым-қатынастарда, қоғамдағы әр деңгейдегі топтардың арасында күрес құралы болып келген. Қазақтың би-шешендері «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» тауып, үлкен дуалы мәселелерді сөзбен шешіп отырғаны осыған дәлел.

Оқушының сөйлеу тілін дамытатын, шебер сөйлеуге баулитын, ойды жүйелі баяндауға, сөзді әсерлі құруға үйрететін, шебер сөздік құрылымы мен техникасын танытатын – пән бар болса, ол – әдебиет пәні.

Адамның белсенді сөйлеу әрекеті әдебиетті оқу үдерісінде жүзеге асады. Сөйлеу әрекетін адамның моральдық-эстетикалық сенімі мен әрекетінен ажыратып қарауға болмайды.

Оқушылардың сөйлеу тілін дамыту мәселесіне қатысты жазылған әдістемелік еңбектерді саралағанда байқағанымыз – әдіскерлеріміз тіл дамыту жұмыстарын оқушылардың сөйлеу тілі мен жазба тілін дамыту бағытында бірлікте жүргізуді мақсат етеді. Әрі бұл мәселе қазақ тілін оқыту әдістемесі мен әдебиетті оқыту әдістемесіне ортақ зерттеу нысаны екен. Қазақ тілін оқыту әдістемесі саласында көбірек тіл мәдениетіне қатысты қарастырылған. Шешендік өнер нысанын зерттеушілер де аталған мәселені айналып өтпейді.

Жалпы оқушылардың сөйлеу тілін дамыту тек белгілі бір пәндер аясында ғана зерттеліп, қарастырылады десек, кателескен болар едік. Жоғарыда айтып өткендей сөйлеу адамның өмір бойғы әрекеті. Оқушының сөйлеу тілін дамытуға барлық пәндер атсалысады.

Оқушылардың ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру олардың интеллектуалдық әрі мәдени сапаларын дамытумен байланысты іске асырылады. Мұнда оқушылардың даралық қабілеттері, таным белсенділігі, талғамы, өзіндік көзқарасы, қабылдау дағдысы, ойлау дүниесі т.б. толық ескеріліп, соған қатысты жүргізілетін әртүрлі жұмыстардың нәтижесінде сөйлеу дағдылары дамып, қалыптасады.

Оқушылардың сөйлеу тілін дамыту үш тарапта жүргізілетін жұмыс. Оның бірі, психоллингвистік негіздегі сөйлеу қызметінің теориясына қатысты.

Екіншісі, ана тіл мен шеттілін оқып үйренудің заңдылықтарын зерттейтін лингводидактикалық бағыт.

¹ Салықов К. Шығармалар жинағы А., Жазушы. 1995. 145 б.

Үшіншісі, әдебиеттану мен сынның, шешендік өнер теориясын, көркем әдебиеттің мүмкіндіктерін қарастыратын әдеби-әдістемелік бағыт. Біздің тоқталмағымыз, әдебиет пәнінің оқушылардың сөйлеу тілін дамытудағы мүмкіндіктері жайлы болмақ.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінде оқушылардың сөйлеу тілін мен жазба тілін дамыту мәселелерін қарастырған әдіскерлер (Ә. Қоңыратбаев, А.Көшімбаев, Р.Құтхожина, Қ.Бітібаева, Т.Жұмажанова, т.б.) тіл дамыту жұмыстарының әдіс-тәсілдерін көрсететі.

А.Көшімбаев: «Мектепте оқылатын барлық пәндер сияқты әдебиет сабақтарында да оқушылардың ауызша сөйлеу тіліне талаптар қойылып отырады» дей келе, оқушылардың сөйлеу тілін дамыту әдіс-амалдарын сипаттайды¹. Әдіскердің ұсынған әдіс-амалдары:

1.Мәнерлеп оқу.

2.Мұғалімнің ауызша не жазбаша түрде берген сұрақтарына байыпты, дәл, толық жауап қайтара білуге дағдыландыру;

3.Оқылған шығарманың сюжетін баяндап айтып беру.

4.Әдебиеттік шығарма кейіпкерлерінің мінездемесін ауызша баяндап айтып беру.

5.Оқытудың мазмұнын ауызша әңгімелеп айтып беру.

6.Оқушының сабақ мазмұнын ауызша баяндап айтып беруі.

Байқап отырғанымыздай әдіскердің ұсынған әдіс-амалдарының денін ауызша мазмұндау жұмыстары құрайды. Ауызша мазмұндау жұмыстарының оқушының сөйлеу тілін дамытудағы тиімділігі жөнінде Ә.Қоңыратбаев та көп тоқталады. Әдіскер-ғалым ауызша мазмұндау жұмыстарындағы кейбір олқылықтарды айта отырып, мұғалімдер тарапынан ауызша мазмұндау жұмыстарын оқушыға қатысты өрістете жүргізу талаптарын қояды.

Р.Құтхожина тіл дамыту бағытындағы бірнеше жұмыс түрлерін көрсетеді²:

1.Сөздікпен жұмыс.

2.Мазмұндау: а) мәтінге жуық мазмұндау; ә) мәтін мазмұнын қысқартып (тезис түрінде) мазмұндау; б) мәтіндегі сөйлеуші жақсы өзгертіп (бірінші жақтағы баяндауды үшінші не екінші жақта) мазмұндау; в) мәтіннен қажетті үзінділерді бөліп мазмұндау; г) ауызша мазмұндау; д) сұрақ-жауап.

3.Көркем мәтінге жоспар құру: а) жай жоспар; ә) күрделі жоспар.

4.Шығарма жаздыру: а) белгілі бір әдеби тақырыпқа шығарма жаздыру; ә) сурет бойынша шығарма жаздыру; б) оқушылардың өзі байқаған, көрген-білгендері бойынша шығарма жаздыру; в) инсценировкалар құрастыру т.б.

Әдіскер Т.Жұмажанова да осы аталған әдіс-тәсілдерді атайды³.

Байқап отырғанымыздай оқушылардың сөйлеу тілін дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдердің біразы 60 жылдардағы әдістемелік еңбектерде аталып,

¹ Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. А., Мектеп, 1969. 202-203 б.

² Құтхожина Р. Қазақ әдебиетін оқыту/методикалық нұсқау/ 6 класс. А., Мектеп, 1984. 6-б.

³ Жұмажанова Т.Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А., Білім. 2009. 131-133бб.

жүргізіліп келе жатыр деп шамалауымызға болады. Әдістеме ғылымында дамыта оқыту технологиясы қарқын алып, әдіс-тәсілдер толығып келе жатқанымен, оқушылардың сөйлеу тілі мен жазба тілін дамыту мәселесі әлі де айқын шешімін таппай келеді. Оның көптеген себептері де бар. Бүгінгі технология заманында оқушылардың сөйлеу тілінің дамуына, кемелденуіне елеулі кедергілердің барын жоққа шығаруға болмайды. Олар:

1.Күнделікті коммуникативті қатынастағы вербалдық жүйені техника тілі ығыстырып келе жатқандығы.

2.Сабақ үдерісіндегі әдіс-тәсілдердің (ауызша-сөздік әдістерді басқа әдіс-тәсілдердің ығыстыра түсуі) түрленуі.

3.Оқушылардың білімін тексеру көбіне тестіге негізделуі.

4.Оқыту үдерісіне компьютерлік технологияның басымдық жасауы.

5.Оқушылардың көркем әдебиетті оқуғы қызығушылығының төмендеуі, содан келіп туындайтын сөздік қордың оқушыда өз дәрежесінде қалыптаспауы, сөйлеу тілінің жұтаңдануы т.б. себептерді атар едік.

Ендеше, оқушылардың сөйлеу тілін дамыту мәселесінің жаңа талаптарын, әдіс-амалдарын қарастыру керектігі айқын танылады.

Мектеп оқушыларының сөйлеу тілін дамыту жұмыстары бойынша көбірек тиімділігімен танылған табысты жолдың бірі коммуникативтік іс-әрекетке негізделеді десек қателеспейміз. Сондықтан тіл дамыту жүйесіне «сөйлеу қызметі» деген психоллингвистік термин енгізілген.

Сөйлеу дағдысы сөзге сүйенсе, сөз ойдың жарыққа шығу формасы бола отырып, адамдардың қарым-қатынасының негізін құрайды. Сонда қарым-қатынас адамның сөйлеу әрекетін тудырушы негізгі түрткі ретінде танылады.

Сондықтан әдебиет сабағында оқушылардың сөйлеу тілін дамыту жұмыстарын коммуникативті қызметке, қарым-қатынас үдерісіне сүйене жүргізудің мәні зор.

Оқушылардың сөйлеу тілін дамытудың лингводидактикалық бағыты сөйлеу қызметін стильдік жағынан жетілдіре отырып шығармашылық үдеріске айналдыруды көздейді. Бұл үдеріс белгілі бір жаттығулар нәтижесінде жүзеге асатыны белгілі.

Әдістемелік еңбектерді саралай отырып тіл дамыту мақсатындағы жаттығулардың негізгі бағытын анықтадық. Олардың бір тобына оқушылардың эстетикалық талғамы мен мәтінді көркемдік ерекшеліктеріне қарай талдау қабілеттерін дамыту бағытындағы жаттығу жұмыстарын жатқызуға болады.

Келесі бір тобын сөзді тиімді қажетіне қарай сұрыптап қолдана отырып, тыңдаушысына әсер ете алу қабілеттерін дамытуға бағытталған жаттығулар құрайды.

Енді бір бағыты сөзді рөлдік ойындарда тиімді қолдана білу, мақсатты түрде сөйлеу әрекетін дамытуға бағытталған жаттығулар.

Әдеби мәтіндерге өзіндік көзқарастары тұрғысынан қарап, сын-пікір айта білу қабілеттерін жетілдіру бағытындағы жаттығулар мен мәтіндегі сөздердің танымдық астарына үңіле алатын герменевтикалық талдау жасауға

бағытталған жаттығуларды да әдебиетті оқыту әдістемесі аясында жүргізуге әбден болады. Ендігі кезекте оқушылардың сөйлеу тілін дамытудың ұстанымдарын саралайық.

Оқушылардың сөйлеу тілін дамытудағы жетекші ұстанымдар.

Әдебиет пәнінде оқушылардың сөйлеу тілін дамыту белгілі бір ұстанымдарға негізделеді. Олар:

- оқушылардың сөйлеу тілін дамыту жұмыстарын әдебиеттің көркемдік-эстетикалық, интеллектуалды-танымдық, тәрбиелік қырларын тұтас қамти отырып жүргізу ұстанымы;

- тіл дамыту жұмыстарын әдебиетті оқыту кезеңдерінің барлық мақсат-міндеттерін өзара бірлікте, әдеби материалды терең танып қабылдауға бағытталған жұмыстармен кіріктіре жүргізу ұстанымы;

- оқушылардың сөйлеу қызметін әдебиетті оқыту үдерісінде әртүрлі әдіс-тәсілдермен түрлендіре жүргізу ұстанымы;

- оқушылардың сөйлеу тілін дамыту жұмыстарын бастауыш, орта және жоғары сыныптарда жеңілден күрделіге қарай дамыта, түрлендіре жүргізу ұстанымы;

- тіл дамыту жұмыстарын нақты, өмірлік жағдаятқа жақын жаттығулар мен өнер түрлеріне ұштастыратын практикалық жаттығуларға негіздей жүргізу ұстанымы;

- оқушының сөйлеу тілін дамыту жұмыстарын үздіксіз, жүйелі түрде жүргізілу ұстанымы;

- тіл дамыту жұмыстарын қазақ тілі сабақтарымен және өзге пәндермен өзара байланыста жүргізу ұстанымы.

Әдебиет пәні оқушылардың бір қатар шығармашылық еңбекті үйренуіне жағдай туғызады. Көркем шығарма өзегіндегі күрделі танымдық, адамгершілік мәселелерге оқушылардың өзіндік ой қорытып, сын-пікірін білдіруіне қатысты танымдық-зерттеушілік жұмыстарына, жоба жұмыстарына, ауызша, жазбаша әртүрлі жұмыс даярлауына ықпал етеді. Сондықтан оқушылардың шығармашылық еңбегінің көбі әдебиет пәнін оқу барысында қалыптасуы заңдылық.

Әдебиет пәні аясында оқушылардың тілін дамыту жұмыстарының негізгі бағыттарын былайша саралауға болады:

- 1.Көркем шығарма мәтінімен жүргізілетін фразеологиялық-сөздік жұмыстары.

- 2.Оқушыларды шығарманың жанрлық ерекшелігін танып, шығармадағы монологты баяндауды өзіндік-шығармашылық деңгейде қайта баяндау дағдысын қалыптастыру жұмыстары.

- 3.Оқушылардың диалогтік қарым-қатынас үдерісінде тілдік қызметін ұйымдастыру жұмыстары.

- 4.Тіл дамыту жұмыстарына ықпал ететін тілдік жағдаят туғызу.

- 5.Тіл дамыту жұмыстарына ықпал ететін пән аралық байланысты орнату.

Сөйлеу тілін дамыту бағытындағы оқушы құзіреттіліктері. Орта буын сыныптарда тіл дамыту жұмыстары барысында қалыптасатын оқушы құзіреттілігі:

Бірінші талап – *шығарманың көркем әлемі мен образдар жүйесінің болмыс-бітімін, қаламгердің шығармашылық өрісін танытатын лексикалық қорды игеру.* Әрине бұл үздіксіз жүргізілетін жұмыс. Әдебиет пәнінде көркем мәтінді талдау үдерісінің алғашқы кезеңі көркем шығарма тілінің қаншалықты түсінікті болғанын анықтауға арналады. Мұны әр мұғалім өз тәжірибесіне сүйене жүргізеді. Көбіне сөздік жұмыстары жүргізіледі.

Сөздік жұмыстарын жүргізудің де көптеген амал-тәсілдері бар. Күрделі сөздер, сөз оралымдары, тұрақты тіркестер, түсініксіз сөздерді (кірме сөздер, неологизмдер, архаизмдер) көпмағыналы сөздер т.б. оқушылардың өздеріне алдын-ала анықтатып, оларға мұғалімнің анақтама беруі немесе сынып бойынша сөздіктерге (түсіндірме сөздік, аударма сөздік, фразеологиялық сөздік т.б) сүйене отырып түсініктеме жазуы; жекелеген сөздерге синонимдік, антонимдік балама қоя отырып анықтау, кейбір сөздерге мақал-мәтел келтіру, фразеологиялық тіркес жазу т.б. тапсырмалар, амал-тәсілдер белгілі. Әрине, лексикалық, фразеологиялық сөздік жұмысы сөздердің мағынасын танумен шешілмейді.

Оқушының сөздік қорының молаюы, сөйлеу тілінің дамуы сол сөздердің тілдік айналымға енуімен тікелей байланысты. Ал ол жұмысты өрістете жүргізу мұғалімнің шығармашылығын талап етеді. Кейбір мұғалімдер әдебиет пәнінде арнайы сөздік жұмыс-дәптерін қоса жүргізе жүріп, әр сабақта оқушыларды шығармашылық тапсырмалармен дамытуды көздейді. Үздіксіз жүргізілген жұмыс тиісті жемісін де береді.

Екіншіден, *баяндау түрлері мен үлгілерін білу:* аналитикалық баяндау түрі, әдеби-баяндау, хабарлама түрінде, сұрақтарға байыпты жауап түрінде, әдеби-өмірбаяндық әңгіме, қаламгердің шығармашылық келбетін танытатын әңгіме түрінде ойын көркем жеткізе білу дағдыларын қалыптастыру.

Үшіншіден, жазушының дүниетанымы мен шығармашылығын, белгілі бір кезеңнің ерекшелігін танытатын қоғамдық-философиялық және ғылыми терминдерді, көркем мәтінді талдау үдерісінде, әдебиеттану мен сын саласында қолданылатын *әдеби-теориялық терминдерді меңгеру* теориялық қисындармен қарулану.

Төртіншіден, тілдің *көркемдік айшықтарын*, мақал-мәтелдер мен афоризмдерді, фразеологиялық тіркестерді сөйлеу қызметінде қолдана білу.

Бесіншіден, *сөйлеу тілінің нақты, тұжырымдылығы* және айтушы ойының композициясы *логикалық бірізділікке* құрылу талабы қойылады. Сөз сөйлеу — әсем, шебер орындаумен тамырлас. Ол ой әлемімен үйлесуі қажет.

Алтыншыдан, стильдік нормаларды білу, әдеби нормада сөйлеу (қателерді болдырмай, тілге варваризм сөздерді қоспай, белгілі бір сөздерді қайталамай сөйлеу) дағдыларын қалыптастыру.

Жетіншіден, сөйлеу кезінде тыңдаушысын өз ойына ерте білу, коммуникативті қатынас орната білу, әсер ету қабілетін дамыту.

Сегізіншіден, баяндама, хабарлама т.б. сөйлеу қызметіне өз бетінше даярлана алу қабілетін қалыптастыру талаптары қойылады.

Оқушылар әдеби тіл нормаларын көркем шығарманы оқу барысында мұғалімнің түрлі әдіс-тәсілдері нәтижесінде қалыптастыра алады. Мұғалім оқушылардың сөйлеу тіліне қойылатын негізгі талаптарды үнемі назарда ұстағандары жөн. Оқушылардың баяндауға, баяндама жасауға не өз ойына дәйектемелер дайындауда кейбір сөйлеу қызметінің құрылымдарын ұсынуға болады.



1. Кіріспеде негізгі мәселенің мәнін түсіндіру, тыңдаушылардың ынта-зейінін аудару, көңіл-күйін бөлісу қарастырылады.

2. Мазмұндауда айтатын мәселе туралы сатылап әңгімелеу, мазмұнға анықтық пен нақтылықты, қысқалықты, шындыққа сәйкестікті үйлестіру.

3. Көркем тіл сатысында а) тақырыпты айқындау, ә) тілдің грамматикалық және лексикалық нормасын мұқият дұрыс сақтау, б) сөзді жалпыхалықтық мәнде, табиғи тіркесімді сақтай қолдану, г) көркем тілдің әуезділігі мен суреттілігін сақтау.

Сөйлеушінің ойды шебер жеткізе білу табысы ойдың жүйелілігі мен композициялық құрылымына қатысты екендігін алғаш Аристотель атап көрсетеді. Ол ұсынға сөйлеу үдерісінің композициясы:

1. Алғы сөз;
2. Тақырыбын дәлелдеу;
3. Әңгімелеу, сөзді ретімен баяндау;
4. Сипаттау;
5. Дәлелдеу;

6. Жокқа шығару не полемика, эвристика;
7. Үндеу тастау-тыңдаушының жүрегіне тіл қату;
8. Сөзді әсерлі аяқтау.

Тіл дамыту мақсатында ауызша мазмұндату, жазба жұмыстарын орындату сөйлеу тілін дамытудағы елеулі саты болып табылады. Оны әр сынып бойынша бірнеше түрге бөліп өткізуге болады. Мысалы: мәтінге жуық мазмұндау 5-7 сынып оқушыларында белсенді жүргізіледі. Оқылатын көркем шығарманың өзінен баяндау үлгісіндегі мәтінді өзгертіп қолдануға үйрету, кейбір кейіпкерлер образын беретін портрет, мінездеулерді ауызша сипаттату, пейзаж үлгілерін ауызша суреттету, кейбір суретке сүйене отырып мазмұндау, суреттеу, баяндау, мінездеу үлгілерін қолдануды тапсыру оқушылардың сөйлеу тілін біршама дамытады. Оқушылар мәтіннің мұндай (баяндау, мінездеу, суреттеу) үлгілерін бастауыш сыныптан ажыратып біледі, сондықтан тапсырмалар оқушыларға еш қиындық туғызбасы анық.

Оқушы ойын жүйелі айтуға жаттықтыруда суреттің мәні ерекше. Бүгінде әдістемеде суретке қарап баяндау бастауыш сыныптарға ғана тән деген жаңсақ ұғым қалыптасқан сияқты. Шындығында интерактивті тақтаның көмегімен сурет, видео т.б. өнер түрлерін әдеби мәтіннің мазмұндық танымын терең меңгеру мақсатында, сөйлеу тілін дамыту мақсатында қолдану тиімді. Көркем бейне бойынша мазмұндау, әңгімелеу сөйлеу барысында өрнекті ойды табуға, оны орынды қолдана білуге дағдыландырады. Жазба тілдің ауызекі сөйлеумен бірлікте болатыны белгілі. Дұрыс сөйлей білу сауатты жазуға да үйретеді. Ауызша тіл дамыту жұмысының сапасы жазба жұмыстарын орындауда анық көрінеді. Сондықтан мұғалім айтылған, жазылған сөздің мәнді, мағынасы мазмұнды болуы, ойларының дәлелді, айқын берілуі, құлаққа жағымды, тыңдауға әсерлі, оқуға тартымды болуын үнемі қадағалап отыруы керек.

Тілді дамытудың күшті құралы - көрнекілік бүгінде мектеп тәжірибесінде көрнекіліктің түрлері интерактивті тақта, компьютерлік, мультимедиялық бағдарламалар т.т. көптеп қолданылуда. Бұлардың қай-қайсысы болсын сабақ сапасын арттырып, түрлендіруге өз үлестерін қосады. Ең бастысы оқушылардың назарын өзіне тез аударады, қызықтырады, ынтасын арттырады, есте сақтауына көмектеседі, әңгімелеп айта білуге, сөйлеуге жағдай жасайды.

Оқушылардың сөйлеу тілін дамытуда ең биік меже –шешендік өнерге баулу екені белгілі. Ф.Ларошфуко: «Көсіліп жақсы сөйлеу — тапқыр ақылдың сыйы, тұжырымды жақсы сөйлеу — даналықтың белгісі» дейді¹. М.Әуезов «Абай жолы» эпопеясында жас Абайдың әке тапсырмасымен Құлыншақ, аулына барған тұсындағы сөйлеу мәнерін «...Қысылған да, іркілген де жоқ. Баппен, үлкен кісідей айтып шықты»² десе Сүйіндік ауылына барғандағы сұхбатын да әсерлі суреттейді. Автор көбіне Абайдың өз

¹ Негимов С. Шешендік өнер. А., Ана тілі, 1997. 25 б.

² Әуезов М. Шығармаларының толық жинағы. 3 том. А., Жазушы 1979. 154 б.

сөзін созбай, тұжырып, ойын ықшам жеткізетінін баяндайды. Сол арқылы шешен сөйлеу тілінің басты талаптарын еске салады.

Шешен сөйлеу қағидасына қатысты Цицерон: «Сөйлеу сөз болатын нәрсені білуден туындап, дамуға тиіс. Егер шешен оны тұтас қамтып, зерттеп алмаған болса, онда шешендік атаулы бекершілік, балалық тырбаныс» десе¹, Платон: «Шешендік — сөзбен жүзеге асыратын әрі сөзбен барша жетістіктерге жеткізетін өнердің саласы. Демек, барлығының тізгінін өз қолына алған, барша өнердің қасиет-күшін жинақтаған деуге болады» деп тұжырымдайды². Ал қытай елінің шешендік қағидаларында шешендік нормаларын «анықтық, тұжырымдылық, ойлылық; эмоциалы ынталылық; ұстамдылық; әрбір сөзге жауапкершілік» деп береді³.

Оқушылардың сөйлеу тілін дамыту, шешендікке баулу бағытындағы әдіс-тәсілдер мен жаттығу түрлерін саралай келіп, жалпы әдістемелік жүйені дамыта қолдану керектігін байқадық. Оқушылардың сөйлеу тілін дамытуға бағытталған дәстүрлі әдіс-тәсілдер болғанымен, практикада оқытудың басты ұстанымдары (жоғарыда атап өткен жүйелілік, бірізділік, дамытушылық т.б.) сақталмауына байланысты тиісті нәтижеге қол жеткізе бермейтініміз, бүгінгі білім беру үдерісіне кері ықпал ететін факторлардың салдарынан оқушылардың көркем мәтін оқуға қызығушылығының төмендеуі, оқушы тілінің қажетті лексикалық қоры қалыптаспауы, тілдік нормалардың сақталмауы т.б. олқылықтарға жол берілуде.

Тіл дамыту тапсырмалары. Осы орайда әдебиет сабағында тіл дамыту мақсатында жүргізілетін бірнеше тапсырма түрлерін ұсынамыз.

Аналитикалық тапсырмалар:

1-тапсырма: Берілген сөздермен тіркесетін ортақ сөз табыңыз.

1) Жарық, биік, кең, балконды; 2. Шебер, өнімді, талантты, профессионалды;

2) Биік, қалың, үнсіз, күңгірт, сиқырлы, салқын, қарағайлы; 4. Биік, өрнекті, ағаш, шым, қалың; 5. Қырын, қандыкөз, қара, қомданған; 6. Ұзақ, ыстық, қапырық, жауынды, бақытты; 7. Әділ..., қатал..., ...сағат, өткір..., ...есім.

2-тапсырма: «Абылай аспас асу», «ағаш атқа отырғызу», «ағынан жарылу», «ақсақты тыңдай, өтірікті шындай қылу», «арасынан қыл өтпеу», «ат қойып, айдар тағу», «аузымен құс тістеген», «ауыз жаласу», «ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеу», «аяғынан тік тұрғызу», «аяқтан шалу», «әліптің артын бағу», «әркімнің қолы өз аузына жуық», «бармақ басты, көз қысты», «бармағынан бал тамған», «бүйректен сирақ шығару», «бір тарының қауызына сыйғызу», «жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты», «жоқтық жомарттың қолын байлайды», «иненің көзінен өткенде», «иненің жасуындай», «ит мініп, ирек қамшылау». Берілген фразалық тіркестердің

¹ Цицерон. Три трактата об ораторском искусстве. М.: Наука, 1972.

² Об ораторском искусстве. (Сборник изречений и афоризмов). М.: Знание, 1980.

³ Санда

мағынасын түсіндіріңіз. Берілген фразаны пайдалана отырып, сөйлем құраңыз.

3-тапсырма: Бас, көз, жүрек, ниет, тілек, сөз, жол, қол сөздерін пайдалана отырып, фразалық тіркес құраңыз. Осы сөздерді бірнеше (көп) мағынада қолданып көріңіз.

4-тапсырма: Бір күні Абылай хан ақылы асқан билермен кеңес құрып отырғанда:

— Дүниеде тозбайтын нәрсе бола ма? Өлмейтін жан бола ма? Осыны тауып беріндер де, менен қалағандарыңды алыңдар, — депті хан.

Сонда отырғандардың біреуі:

— Тас тозбайды, темір тозбайды, асқар тау өлмейді, аққан су өлмейді деп, біреуі оны, біреуі мұны айтыпты. Бұл сөздер Абылай ханның көңіліне қона қоймапты. Сонда түптегі Қыпшақ, Таймас Жұдас деген бір кісі тәмам билер гуілдесіп отырғанда ләм-лим деп тіл қатпай, сөз тыңдапты. Сонан бір орайы келгенде орнынан ұшып тұрып Абылай ханның алдына шарт жүгініп былай депті:

— Алдияр тақсыр! Бұлардың айтып отырғандары тозатын нәрселер, өлетін нәрселер. «Тозбасты ұста соқпаған, өлместі құдай жаратпаған» демей ме? Міне, мен не тозбайтынын, не өлмейтінін айтып берейін. Құдай дескен құда болады, құшақтасқан дос болады. Дос болғанда бірінен бірі жүйрік ат алады, қыран құс алады, түзу мылтық алады. Жүйрік ат өледі, қыран құс ұшады. Түзу мылтық қисаяды. Достық сондаймен тозады. Төсекте бас қосылсын, төскейде мал қосылсын деп құда болады. Кит саларда бір дау, мал берерде екі дау, үйге енгізерде үш дау, ұзатарда төрт дау болар. Осы даулардың бәрі де тозады. Бірімен бірінің құдалығы да тозады. Құдай қосқан құда емес, құшақтасқан дос емес. Бірінен бірі жан аямайтын, көрмесе сағынып тұратын екі тату болады. Тозбайтын сол екі татудың достығы.

Қара жердің өлгені

Асқар таудың өлгені... ..

Ағын судың өлгені... ..

Ай мен күннің өлгені... ..

Өлмегенде не өлмейді?

Мәтіннен сөйлеуші сөзінің әсеріне қарай, сөз лексикасына байланысты мәтіннің астарлы ойын қорытыңыз. Жұмбақтың шешуін тауып көріңіз.

5-тапсырма:

Жақсымен жолдас болған,

Ел ұстанған тілектей болады,

Қыз ұстаған жібектей болады.

Жадыраған жаздай болады,

Айдын көлдегі қаздай болады.

Отау ортасындағы оттай болады.

От ортасындағы шоқтай болады,

Тұрағы алтын шырақтай болады,

Тұяғы асыл пырақтай болады. (Бөлтірік шешен).

Өлең мәтінен теңеулерді айшықты сөз оралымдарын теріп жазыңыз. Оларды тақырыпқа қарай топтаңыз.

6-тапсырма: Төмендегі ұсыныс-пікірге бағдар жасай отырып, өзіңіздің сөйлеген кездегі дауыс ырғағыңыздың кемшілігін ажыратыңыз. Топ алдында сөз сөйлеуге жоспарлы түрде дайындалыңыз.

Егер тыңдаушылар сіз әлгінде ғана айтқан сөзіңізді қайталап айтуыңызды жиі өтінсе: өз сөзіңізді фонетикалық жағынан мүшелеп айтуға жаттығыңыз. Өз сөзіңіздің ырғағы мен бунағына назар аударыңыз. Сөйлем аяғындағы екпінге, фразалық тіркестің соңындағы екпінге мән беріңіз.

Егер жұрт алдында сөз сөйлеуге именсеңіз, сөз сөйлеу ролін ойнап көріңіз. Аудиторияда нақты әрі қатты дауыстап сұрақ қойыңыз. Пікірталастарға қатысыңыз.

Егер он минуттық сөзден кейін-ақ тамағыңыз қарлығып, ауырсынсаңыз, маңдайыңызға, ұртыңызға, сөйлеу мүшелеріне, кеудеге, ішке діріл тудызу арқылы массаж жасаңыз. Күнбе-күн сөйлейтін сөзіңіздің мөлшерін ұлғайту арқылы жаттығу жасаңыз.

Егер сөзіңізден тыңдаушыларыңыздың назары біраздан кейін ауытқи бастаса, сөзіңіздің ырғағын жоғары-төмен алмастырып отыруға, сөздің екпіндік құрылымын реттеуге күш салыңыз. Сөзіңізде сұрақ-жауап тәсілін қолданыңыз. Бір фразаны бірнеше рет әртүрлі логикалық мәнде, мағынада айтуға жаттығыңыз. Үнтаспаға басып бірнеше рет қайталап тыңдаңыз.

Егер сөзіңізде бір сөзді (не бір дыбысты) бірнеше рет қайталап қолдана беретін әдетке үйір болсаңыз, өз сөзіңізді жіті бақылаңыз, Сөзіңіздің қандай бөлігінде сол әдетіңіз қайталанатынына баса назар аударыңыз. Сөздің ырғағы мен екпінін алмастырыңыз. Әдет қылған дыбыстардың орнына ырғақтық ишара жасауға немесе үзіліс жасауға тырысып көріңіз. Үнтаспамен жаттығыңыз.

Болжалды түрде үлгіге ұқсату тапсырмалары:

1-тапсырма: Сөз айшығын құраңыз, аяқтаңыз. «Біз келешекке сенеміз, себебі...», «Біз білімді жастарға сенеміз, себебі...» «Мұғалім ұрпақ тәрбиесіндегі басты тұлға, өйткені... Сөз соңындағы ырғақ пен түйінді эмоциялық жағдайға қалыптастырыңыз.

2-тапсырма: Әдеби шығармадағы кейіпкерге берілген портретті үлгі ете отырып, өзіңіз қалаған кейіпкердің портретін ауызша жасап көріңіз.

3-тапсырма: Оқылған көркем шығармадағы кейіпкерге берілген мінездеу үлгісін ала отырып, өз сыныптасыңызды не құрбыңызды мінездеңіз.

Жағдаят құруға бағытталған риторикалық ойындар:

1-тапсырма: Ата-аналар жиналысында тәртібі қиын балаға мәселесі талқылануда (Ситуациялық жағдайды өзіңіз ойластырыңыз). Ата-аналар арасындағы таласты шебер сөзбен шешуге тырысып көріңіз.

2-тапсырма: Өз сыныптастарыңызды немесе құрбыларыңызды «бақыт» ұғымы туралы пікіріңізге иландырыңыз, сендіріңіз.

3-тапсырма: Сіз достар клубын ашқыңыз келді. Құрамына кіретін жандар «нағыз дос» ұғымына анықтама беру арқылы ғана өкілеттілік

қағазын ала алады. Әр адам өз анықтамасын өткізуге тарысады. Осы анықтамаларды топтап, саралаңыз да ерекше ұғым құрағандарын талқылаңыз, немесе жоққа шығарыңыз. Анализ, синтез арқылы «нағыз дос» деген ұғымның ортақ анықтамасы жасалуы керек.

4-тапсырма: Ерекше айшықты дәйексөз даярлаңыз. Тақырыптары: *«Адамзаттың сан ғасырғы асыл қазынасы кітаптарды электронды оқулықтар алмастыра ала ма?», «Ғасыр қойнауынан жеткен кітап қазынасы және электронды оқулықтар», «Кітап, оқырман, заман»* (берілген тақырыптың біреуін таңдай отырып ойыңызды дәлелденіз).

Шығармашылық тапсырмалар:

1-тапсырма: Досыңыздың туған күніне, кез-келген мейрамға, мектеп басшылығы ретінде құттықтау мәтінін даярлаңыз. Мәтіннің мазмұны құттықтау сөздің жанрына сәйкес келуі керек әрі құттықтаушы жақтың жеке қарым-қатынасы көрінетін болуы шарт.

2-тапсырма: Мектептегі әдеби бірлестіктің ұйымдастыруымен халықаралық конференция өтпекші. Сіздің міндетіңіз конференцияға шақыру хатының мәтінін документтік жанрдағы шарттармен жазу. Риторикалық мәтіннің тәсілдерін қолданыңыз.

3-тапсырма: Ғылыми жобаны сәтті қорғадыңыз. Жетекшіңізге алғыс хат жазыңыз. Мәтінді шешендік бағытта құрыңыз. Сіздің сөзіңізден жетекшіңізге деген құрмет сезімі, алғысыңыз бен риясыз көңіліңіз, қарым-қатынасыңыз айқын сезілетіндей болуы әрі жетекшіңізге де сондай ізгі көңіл-күй қалыптастыратындай болуы шарт.

4-тапсырма: «Ең ардақты жан», «Арулар – асыл жандар», т.б. тақырыптардың біріне эссе жазыңыз. Эмоциялық әсер туғызарлық сөз оралымын кірістіріңіз.

5-тапсырма: «Мен көксеген ұстаз тұлғасы», «Заман адамы» эссе жазыңыз. Дәлелдеулер мен жоққа шығару, иландыру тәсілдерін қолданыңыз.

6-тапсырма: «Ұстазым ұлағатым», «Анасыз бұлбұл құс та сайрамаған» осы тақырыптарға сөз даярлаңыз. «Мейірім» «шуақ», «аялы», «аяулы», «ардақты», «қамқоршы», «ұстам», «өнеге», «тәлім», «ұлағат» «жан шуағы» т.б. сөздерге эпитет құра, синонимдік қарар жасаңыз, антонимдер жазыңыз.

7-тапсырма: «Жаз», «қыс», «күз», «көктем» т.б. сөздерге метафоралық тіркес құраңыз. Метафоралық ой құраңыз.

8-тапсырма: Ерекше айшықты дәйексөз даярлаңыз. Тақырыптары: *«Кітап болмаса біз жабайыланар едік», «Ақыл мен сенімсіздік барлық зұлымдықтың бастауы», «Отан — иен дала емес, Отан — халық».*

9-тапсырма: Міндетіңіз — коммуникация, коммуникативті, коммуникант терминдерін тіл айналымына ендіру; а)толық мағынасын ашу; ә)нақты тарихи сөздік; б) синонимдер табу.

Ұсынылып отырған тапсырмаларды әдістеме ғылымында белгілі дәстүрлі әдіс-тәсілдерді толықтыру мақсатында сыныптық сағаттар мен қосымша тіл дамыту жұмыстарында жүргізуге болады.

Түйіндей айтқанда, жеке тұлғаның интеллектуалдық ойлау белсенділігін арттыру, сөйлеу тілін дамыту, шығармашылық қабілеттерін шыңдау

әдебиет сабағының негізгі ұстанымы ретінде жүйелі де бағдарлы жұмыс пен кешенді тапсырмалар негізінде жүргізілген жағдайда оқушының тұлғалық қасиеттерін дамытуға болады, дарынды тұлға қалыптастыру мүмкіндіктері молаяды. Оқушының сөз өнеріне деген танымы мен талғамы өседі, қызығушылығы артады.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Оқушылардың сөйлеу тілін дамытудың маңыздылығын түсіндіріңіз.
2. Оқушылардың сөйлеу тілін дамытудағы жетекші ұстанымдарды атаңыз.
3. Сөйлеу тілін дамыту бағытында оқушылардың қандай құзіреттіліктерін қалыптастыру көзделеді?
4. Оқушылардың сөйлеу тілін дамытуға ықпал ететін сұрақ-тапсырмалар даярлаңыз.

Әдебиеттер тізмі:

1. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы, -А., Мектеп, 1966, -217б.
2. Көшімбаев А., Қазақ әдебиетін оқыту методикасы, -А., Мектеп, 1969, -217бет.
3. Құтхожина Р. Қазақ әдебиетін оқыту/методикалық нұсқау/ 6 класс. А., Мектеп, 1984. 6-б.
4. Жұмажанова Т.Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А., Білім. 2009. 131-133бб.

Қосымша әдебиеттер:

1. Голубков В. Методика преподавания литературы. М., 1962.
2. Никольский В. Методика преподавания литературы в средней школе. М., Просвещение, 1971.
3. Методика преподавания литературы (под ред. З.Я.Рез) М., 1985.

IV. 2. ӘДЕБИЕТТІ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ОҚУШЫНЫҢ ЖАЗБА ТІЛІН ДАМУ

1. Оқушылардың жазба тілін дамыту – шығармашылыққа бастар жол.
2. Оқушының жазба тілін дамыту мәселесінің зерттелу жайы.
3. Оқушылардың жазба тілін дамыту амалдары.

Оқушылардың жазба тілін дамыту – шығармашылыққа бастар жол. Оқушының жазба тілін дамыту - әдебиет пәнін оқытудың, білім мен тәрбие берудің ең маңызды да салмақты мәселесі. Ол арқылы жас өркенді тіл өнеріне баулу, көркем шығарманы терең меңгеру, ойын жатық та көркем етіп жеткізе білу, мәдениетті де сауатты жаза білу іс-әрекеттері жүзеге асады.

Оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде оқушының жазба тілін дамыту, шығармашылыққа баулу қоғам талабынан туындайды. Қоғам қашан да шығармашылық қабілеті дамыған, дарынды тұлғаларға зәру. Бүгінгі өзгерген заманға сай өзгеше қабілет-қасиетке ие жаңа адам, тұлға қалыптастыру қоғам алдындағы үлкен міндет. Қазіргі уақытта мамандықтың барлығы бейімділікті, ептілікті, шапшаңдықты, ерекше ой қызметін, мол шығармашылық мүмкіндікті, өзін қоршаған түрлі жағдайларға тез икемделіп қана қоймай, оларды керек бағытына қарай шығармашылықпен бұра білу

қабілеттілігін қажет етеді. Ол шығармашылық үдеріс үстінде қалыптасатын тұтас кешенді қабілеттер болып есептеледі.

Әдебиет пәні өнер пәні ретінде шығармашылыққа баулудың мол мүмкіндігін тудыра алатын қасиетімен ерекшеленеді. Әр оқушы табиғатында болмыстан қалыптасқан шығармашылық көзі болады. Әдебиет пәні арқылы оқушының шығармашылық мүмкіндігіне жол ашудың толып жатқан жолдары мен тәсілдері бар. Әдебиетті оқыту әдістемесінде оқушының жазба тілін дамыту мәселесін жазылған әдістемелік еңбектерде оқушылардың жазба тілін қалыптастыру жолдары арнайы зерттеу нысанына алынбай келеді. Ілгері, кейінді жазылған мақалаларда бұл арнайы зерттеуге нысан болатын үлкен мәселе ретінде сындарлы ойлар айтылғанымен, аталған тақырыпта әдістемелік зерттеулер жоқтың қасында.

Шығармашылық – дамудың көзі. Ол бүкіл болмыстың, қозғалыстың, дамудың, жалпы айтқанда, барлық ой-қиялдың нәтижесі. Табиғат, қоғам құбылыстарында, жеке адамның ақыл-санасында, іс-әрекетінде, ішкі жан дүниесінде шығармашылықтың табиғи үдерістері үздіксіз жүріп жатады. Ол үдеріс жүйесіз жүрмейді, белгілі бір табиғи заңдылықтармен, табиғи жүйемен дамиды.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушының жазба тілін дамыту, шығармашылық мүмкіндіктерін ұштау мәселесі жиі айтылып жүр. Оқушының жазба тілін дамыту мен шығармашылыққа баулу мәселесі бірін-бірі толықтыратын бір жүйе.

Әйтсе де шығармашылық дегенді көбіне дарынды оқушымен жұмыс ретінде ғана қарастыратын қате ұғым бар.

Шығармашылық әдебиетті оқыту үдерісінің ажырамас бір бөлігі. Ә.Қоңыратбаев мектептегі әдебиет пәнінің мақсат, міндеттеріне оқушылардың тіл мәдениетін жасауды жатқыза отырып, тіл мәдениеті сөйлеу тілі мен жазба тілдің дамуы нәтижесінде қалыптасатынын айтады: «Сөйлеу тілі мен жазба тілі бірін-бірі толықтырады, бір-бірімен тығыз байланысты. Бірақ бұлардың қызметі, табиғаты бірдей емес. Сөйлеу тілі тыңдаушыға арналса, жазу тілі оқушыға (анығырақ айтқанда оқырманға Б.Ж.) арналады. Бұлардың өзіндік мәнін, мақсатын білу қажет. Мысалы, тыңдаушыға арналған сөйлеу тілінде ой-сезім толқыны, интонация, пауза, дене қимылы, дауыс қарқыны, жанды сөйлеу формасында, құлаққа әсерлі түрде, ойды бірден сөз, сөйлемге құрып, төгіп айту элементі басым болады. Ол – көп ойланып жатпайтын ойдың дәлдігі, жүйелілігі, сөйлемнің дұрыс құрылуы, зор лексикалық байлығы керек. Жазу тілінің табиғаты одан біраз басқалау. Жазу тілі баланың текст бойынша үңіле жұмыс істеуіне жол ашады. Ойды жүйелеп, дәлелдеп жеткізе айтуға баулиды»¹, – дейді.

Оқушының сөйлеу тілі мен жазба тілі дамыған өзіндік ой-пікірі қалыптасқан, рухани шыңдалған тұлға болып қалыптасуына жағдай туғызу әдебиет пәнінің басты міндетіне жатады.

¹ Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту әдістемесінің очерктері. А., Мектеп. 1962.

Шығармашылықтың түрлері көп. Алайда сөз өнері – солардың барлығының ішіндегі ерекше саласы. Сөз өнері жеке адамның шексіз мүмкіндігін ашу қасиетімен де өзгеше. Сөз өнерінің осы қасиеті әрбір көркем шығарманы меңгерту, олардың стилін, поэтикалық тілін таныстыру, сөз орнын, оның көтеретін идеялық-эстетикалық жүгін таныту арқылы емес, нақты, жанды шығармашылық үдерісте ғана балаға сәулесін түсіреді.

Оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде оқушының жазба тілін дамыту қоғам талабынан туындайды. Ертеңгі қоғам азаматы өз-ой пікірін ауызша да, жазбаша да еркін жеткізе алатын өзіндік ой-пікірі бар тұлға болуы керек. Шығармашылық қабілеті дамыған оқушыдан кез-келген қоғамдық істе шығармашылық қабілет пен үлкен қажыр-қайрат көрсете алатын тұлға қалыптасады.

Ал психологтар шығармашылықпен айналысудың қажеттілігін шығармашылық үдеріс үстінде қалыптасатын тұтас кешенді қасиеттермен байланыстырады. В.С.Шубинский «Педагогика творчества учащихся» атты еңбегінде¹ шығармашылық үдерістің өту сатыларын жіктеп, әр сатыда оқушыда қалыптасатын шығармашылық қасиеттерді талдап көрсетеді. Шығармашылық қасиеттерді кешенді жүйе тұрғысында түсіндіреді.

Шығармашылық үдерістің бірінші сатысында (шығармашылық көңіл күйдің тууы) көрінетін қабілет-қасиеттер:

Бірінші саты – жаңаны, өзгеше тың дүниені сезе білу, қарама-қайшылықтарды түсіне білуде сезімталдық, сындарлылық, шығармашылық ой талдауға бейімділік, жан дүниесінде ішкі тартысты оята білу қабілеті, танымдық қызығушылық.

Екінші саты (оқиға, образ жасаудың бағыт-бағдар ұстанар кезеңі – эвристикалық саты) – интуиция, шығармашылық қиял, әдемілікті сезіне білу, сөз ұшқырлығы, қайшылықтарды түсіну, ой қызметінің ерекшелігі, батылдық, шығармашылыққа деген ішкі құштарлық; үшінші саты (сын, дәлелдеме сатысы) – өзіндік сын, бастаған ісін аяғына дейін жеткізу, дәлелдеме, дәйектемелер ұсына білу, оның формаларын табу.

Ендеше, қазіргі таңдағы әдебиет пәні мұғалімінің міндеті де – осы тың қасиеттерді оқушысының бойынан аша білу. Ертеңгі күні қазақ мектебін бітірген жас ұлан қоғам алдында дәрменсіздік көрсетпеуі үшін шаруашылықтың кез келген саласына қажетті ортақ білік-дағдыны мектептен алып шығуы тиіс.

Неліктен шығармашылыққа үйретудің бірден-бір мазмұн-формасы – көркем сөз деген ой туындайды.

«Оқушылардың көркем шығармашылық қабілетін дамыту» мәселесін зерттеген Қ.Әбдібекқызы бірнеше көркем мысал келтіреді: «Сөз өнерін меңгеру барлық адамға суреткер болу үшін емес, ешкімге, ешнәрсеге тәуелді болмау үшін керек» деген Д.Родаридің пікірін айта келіп, «Бұдан 2,5 мың жыл бұрын өмір сүрген қытай философы Конфуций, грек философы Платон (б.з.д. 427-347) дарынды балаларды патша сарайында арнайы тәрбиелегенде,

¹ Шубинский В.С. Педагогика творчества учащихся. М., Знамя. 1988. 36 б.

ең алдымен, оларды көркем өнер түрлеріне үйреткен. Олар, әрине, осылардан сарай ақындары, суретшілері шықсын дегенді мақсат тұтпаған. Өз ұлтын, мемлекетін өркендететін білімді, алғыр, болашақ данышпан шәкірттер тәрбиелеу үшін, бірінші кезекте балалардың сезімталдығын, ойын, тілін дамытуды қолға алған»¹ деген мәліметті айтады.

Шындығында бүгінгі қоғамның көркем әдебиетке салғырттығы, түптеп келгенде шығармашылықты шектеуге әкелетін болжауға болады. Бүгінде көптеген мектептерде жоғары сынып оқушыларын ұлттық бірыңғай тестіге дайындау салдарынан әдебиеттің тарихи курсы өз мәнінде оқытылмайтын тенденция етек жайып отырғанын мойындауымыз керек. Ал қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғалары, классик қаламгерлердің шығармаларының көбі әдебиеттің қысқаша тарихи курсын оқитын жоғары сыныптарда екенін еске салайық. Жалпы білім беретін мектептердің білімін қорытындылау тестісіне математика пәні жаппай міндетті саналады. Оның өзіндік бір себептері де бар болар. Ал неліктен оқушының шығармашылық қабілетін қалыптастырушы әдебиет пәнін оқытуға, білім стандарты нұсқаған оқытудың қалыпты міндетіне көңіл бөлінбейді?! Сонда ертеңгі қоғам тетігін қолына алатын жас буынға сезімталдық, шығармашылық, адамгершілік, ұлттық рух, өз ұстанымына беріктік, табандылық басқа да адамгершілік қасиеттер мен қабілеттер қалыптастыру маңызды болмағаны ма?!

Ендеше, оқушыға сөз өнерін меңгерту – білім беру саласының да алға қойған мақсаттарының қазығы болуға тиіс. Ол үшін оқытудың мазмұны мен әдістемесін оқушылардың жас ерекшелігін, қызығушылығын, бейімділігін ескере отырып түбірлі өзгерту, оқытудың шығармашылық сипатын күшейту, сөйтіп, баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, шығармашылық тұлға қалыптастыру міндеті туындайды.

Оқушының жазба тілін дамыту мәселесінің зерттелу жайы. Кеңес мектебі тәжірибесінде оқушылардың жазба тілін дамыту мәселесіне көңіл бөлініп, байыпты зерттеу жұмыстары жүргізілгеніне аз болған жоқ. Орта және жоғары буында оқушылардың жазба тілін дамыту жұмыстарының жүйесін, жазба жұмыс түрлерін, жазба жұмысына оқушыларды даярлау жолдарын, мазмұндама мен шығарма жұмыстарын талдау жолдарын қарастырған (В.В.Голубков, М.А.Рыбникова, С.А.Смирнов, Н.В.Колокольников) әдістемелік еңбектер көп. Әсіресе шығарма жаздырудың теориялық және практикалық жолдарын қарастырған еңбектер (Н.В.Колокольников, В.В.Литвинов, В.А.Никольский, А.П.Романовская, И.П.Павлов т.б., қазіргі әдіскер-ғалымдар: Ю.А.Озеров, Л.С.Айзерман, Н.П.Морозова, А.М.Гринина-Земскова, О.Ю.Богданова, Л.В.Овчинникова, Е.С.Романичева, Т.А.Калганова, т.б.) баршылық. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінде де бұл мәселе 60-жылдардан бастап сөз етіле бастаған. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінен оқушылардың жазба жұмысы жөнінде ғылыми еңбектерге талдау жасай отырып: әдебиет пәнін оқытуда жазба тілін дамыту мәселесі көбіне

¹ Әбдібекқызы Қ. Оқушылардың көркем шығармашылық қабілетін дамыту/көмекші құрал/ А., Рауан. 1994 -18 б.

оқушыларға жазба жұмыстарын (мазмұндама, шығарма) жазып үйретуге қатысты қарастырылғанын аңғардық. Сонымен қатар әдістемелік ізденістің көбі жазба жұмыстарының ішінде шығарма жаздыруға арналады.

Оқушының жазба тілін дамыту мәселесі жөнінен әдебиетті оқыту әдістемесі ғылымында Ш.Кәрібаев, Ә.Қоңыратбаев, А.Көшімбаев, Е.Дайрабаев, Т.Ақшопанов, Ә.Дайырова, С.Тілепова, Ә.Мұхтарова т.б. еңбектерінде жазбаша сөйлеуге баулу шығарма жазу жұмысы ретінде қарастырылады.

Жазба жұмыстарын әдебиет пәнін оқытуда шығарманы жазба жұмысының бірі ретінде қарастырған Ә.Қоңыратбаев жазба жұмыстарын пән бойынша жүргізу оқушылардың тілін дамытуға, көркем мәтінді жинақтап-саралауға және оларға өздігінен жұмыс жасатуға көмектесетінін көрсетеді. Ол орта буын мен жоғары сыныптарда жазылатын шығарма жұмыстарының өзіндік ерекшеліктеріне тоқталады. Әдіскер көркем мәтіннің танымдық рөлін жоғары қоя отырып, орта буында үш түрлі формада үйретілетінін айтады: а) оқылған мәтін бойынша мінездемелік (публицистикалық); ә) оқушылардың өзіндік тәжірибесіне негізделген еркін тақырыптағы шығармалар; б) оқиғаны суреттеп жазу үлгісіндегі шығармалар. Ал 8-11 сыныптардағы жазба жұмыстарын 1) тақырыптық (талдау), 2) публицистикалық, 3) әдеби-творчествалық деп топтайды, бұлай сараптауда әдіскер жазба жұмысын жалпылама қарастыра отырып, оқушылардың мәтінді оқи отырып, сол негізде өздігінен ой толғам пайда болатындығын айтады.

Ә.Қоңыратбаев сондай-ақ әдеби-шығармашылық мәтіннің көркем стильде жазылуына, бейнелі түрде суреттелуіне мән береді. Ол шығарма жазу алдындағы төмендегідей алғышартқа: 1) мәтіндегі белгілі бір эпизодты оқушының өзінше суреттеуі, 2) өлең; мазмұнын қара сөзге айналдыру, 3) тыңнан сюжет ойлап шығаруға тоқталып, оқушылардың осы мәселелерді тәжірибе жүргізуде іске асыруын мақсат етеді.¹

А.Көшімбаев оқушылардың жазба тілін дамытуға мазмұндама мен шығарманың тигізер пайдасын айта келіп, әрқайсысына сипаттама жасайды².

Әдіскер оқушылардың шығарма жазуда ескеретін кейбір жұмыс түрлерін айқындап, шығарма жазу үдерісінде оқушының мәтіндегі оқиғаға байланысты көзқарасы, дәлелі болуын, жоспар құра білуін, тақырыпты, мәтін мазмұнын толық меңгеруін назарға алады. Сондай-ақ, мұғалім әңгімесі, тезис жасату, қосымша материал жинастыру сияқты жұмыс түрлерін ұсынады. Ал шығарма жаза білу дағдысына төселдіру мақсатында төмендегідей жұмыстардың орындалуын міндеттейді:

1. шығармаға керекті материалды таңдап ала білу;
2. ойын тақырып бойынша да, тақырыпқа жасалған жоспар бойынша да реттеп жаза білу;
3. ойына қорытынды жасай білу;
4. керекті цитаталарды тауып, оларды орнымен пайдалана білу.

¹ Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы, А., Мектеп, 1966, - 111 б.

² Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. А., Мектеп, 1969 207-208 бб.

А.Көшімбаев жазу жұмысының алдына қойылатын міндеттердің ең бастысы оқушыны өз бетімен іздене алуға, кітаппен жұмыс істей білуге, өмірден көрген, тұшынған мәселелеріне байланысты пікір түйіп, ой тұжыруға үйрету екенін айта келіп, шәкірттерді шығарма жазуға үйретудің кейбір жолдарын ұсынады:

- тиісті мағлұматты оқушы үндемей отырып ойлап, іштей қайталап, кейін өзінше мазмұндап шығу;

- өмірмен байланысты жазу, оқушының мектептегі, жиналыстағы сөзі, баяндау хаты, іс қағаздарын жазу, экскурсия, саяхат есебі;

- кітапқа аннотация жазу¹.

Ал шығарма жазу әдістемесін арнайы зерттеген ғалым Е.Дайрабаев шығарманың оқушылардың шығармашылық ісі, төл еңбегі екенін басты назарда ұстап, жазба жұмысының белгілі бір тақырып бойынша ауызша не жазбаша құрастырылған өзіндік топшылау мен пікір екендігін дәлелдейді².

Жазба жұмысы, соның ішінде шығарма жаздыру мәселесі жөнінде Р.Сүлейменова, С.Тілешова, Р.Құтқожина, С.Рахметова, С.Мақырұлы, Ә.Мұхтарова т.б. әдіскер-ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады.

Жазба жұмыстарын оқу үдерісінде жүргізу мәселесін арнайы қарастырған С.Тілешова болды. Әдіскер негізінен көркем шығарманың мазмұны мен құрылымын меңгеруге байланысты жазу жұмыстарының әдістемесі ретінде қарастырды. С.Тілешова 8-10 сыныптарда жазылатын шығарма нысаны белгілі бір дәуірде өмір шындығына байланысты туған оқиға, көркем бейне болып есептелетінін, оқушы алған тақырыбын бүтіннің бөлшегі етіп көрсетуге талпынатынын айта келіп, оқушыларды шығарма жазуға төселдіру кезеңінде мәтіннің тақырыбы бойынша: сұрақ қойып, жауап алу, жоспар құру, кітаптан фактілерді іріктеп, өзіндік пікір білдіру сияқты жұмыстардың орындалуын ұсынады.³

С.Мақырұлы шығарма жазуда ескеретін басты талаптарды көрсетеді:

- 1.тақырыпты дұрыс таңдап алу;

- 2.оқушының өзі әңгімелеп, бағалап отырған көркем туындының тақырыбы мен идеялық мәнін дәл, айқын аша білу;

- 3.талдаудың жүйелі болуы;

4. шығарманың сауатты жазылуы (пунктуациялық, емлелік, стильдік қателердің болмауы).

С.Мақырұлы «Қазақ әдбиетінен шығарма жұмыстары» еңбегінде шығарма жұмысының жоспарын тиімді құру жолдарына біршама назар аударады. Автор «шығарма жұмысына жоспар міндетті» деген көзқарастың біржақтылығын айта келе, жоспар құруда кететін кемшіліктерге тоқталады. Ол еркін тақырыптағы шығарма тіл байлығын, «көңіл сергектігі мен қиял

¹ Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. А., Мектеп, 1969 217 б.

² Дайрабаев Е. Мектепке шығарма жаздыру методикасының кейбір мәселелері, - Алматы: 1963,-56 б.

³ Тілешова С. Әдебиет сабақтарында жүргізілетін жазу жұмыстары (4-8кл.), - Алмат: Мектеп, 1971,-66-68бет.

жүйріктігін», логикалық ойлау қабілетінің молдығын талап ететіндігін дәлелдейді. Мәселен, еркін тақырыптағы шығарманы талдаумен, хат түріндегі (эпистолярлық) жазба енгізу қырымен ерекшеленетіндігін айтады¹.

Әдістемелік еңбектерді талдай келе байқағанымыз: оқушылардың жазба тілін дамытудың негізгі түрі ретінде мазмұндама мен шығарма жұмыстары аталады әрі олардың түрлері сараланады. Мазмұндама мен шығарма жұмыстарын жаздыруға қойылатын талап-шарттар, жазба жұмысында кездесетін кемшіліктер, оны бағалау жолдары қарастырады. Жазба тілді дамытудың шағын көлемді түрлеріне, жаттығу түрлеріне көп көңіл бөлінбейді.

Әдістемелік еңбектерде шығарма жұмыстарының түрлерін (тақырыптық, публицистикалық, әдеби-шығармашылық) топтап, олардың өзіне тән белгілері аталғанымен, шығарманың түрлері, олардың бір-бірінен айырмашылығын ажыратып тану жағы әлі де жетімсіз екені байқалады. Мәселен, тақырыптық шығармалардың өзін бірнеше түрге жіктеуге болады. Мектеп практикасында оқу материалы бойынша ең көп берілетін шығарма түрі – белгілі бір кейіпкерді, образды ашуға арналады. Ал осы кейіпкерді автордың сомдауы қандай көркемдік тәсілдермен жүзеге асқан немесе кейіпкер тұлғасының жасалу жолдарын анықтап жазу жағы кемшін түседі. Оқушылар көбіне автор қолданған көркемдік тәсілдерге мән бермей, образды өзіндік топшылаумен (жақсы адам, жаман кейіпкер т.б.) жадағай жеткізеді, көбіне жалпылыққа, баяндауға ұрынып жатады. Оның бір себебі сыныптық сабақтарға талдау жұмыстарының жетімсіздігінен, оқушылардың әдеби-теориялық мәселелерге жете көңіл бөлмеуінен туындайды. Оқушыларды жазба жұмысына төселдіру жұмыстарының жеткіліксіздігінен.

Оқушылардың жазба тілін дамыту амалдары. Оқушылардың жазба тілін дамыту жұмыстарын бірнеше топқа жіктеуге болады:

- Репродуктивті: қысқаша мазмұндап жазу, толық мазмұндап жазу, ішінара мазмұндау, баяндаушы жақты алмастыра мазмұндап жазу, тапсырма түрлерімен күрделендіре мазмұндап жазу түрлері;

- Репродуктивті-бағалаушы: өзіндік түсініктемелер мен сараптамалық ой қосу талап етілетін шығарма элементтері кірістірілген мазмұндама-шығарма түрлері. Бұл қатарға рецензия, аннотацияларды да жатқызуға болады.

- Әртүрлі жанрға жазылатын шығарма түрлері: бір ғана мақал-мәтелге, жұмбаққа, суретке немесе бір құбылысты бақылау барысында жазылатын шағын көлемдегі шығарма түрлері. 5-6 сыныптарда (ауыз әдебиеті үлгілерін) өту барысында сабақтың шығармашылық кезеңіне берілетін тапсырма түрі ретінде жүзеге асыруға болады.

- Көркем шығармашылық элементтері бар шығарма мен мазмұндама: Шығарма кейіпкері туралы әңгіме, ертегі-шығарма, әңгіме-шығарма, аяқталмаған әңгіме желісіне, кейіпкерлер образына өзіндік болжам түрінде

¹ Мақпырұлы С. Қазына/Әдеби мақалалар, зерттеулер, әдістеме/А.,Арыс. 2004 258-287 бб.

жазылатын шығарма, ойтолғау, эссе, көркем суретке, сахналық қойылымға, сценарийге жазылатын шығарма түрлері.

Мектепте осы аталғандардың біразы қолданылып жүр. Кейінгі жылдары сабақтың қорытынды кезеңінде не сыныптан тыс уақытта ойтолғау жазу жиірек орындалып жүрген жазба түрі ретінде танылып келеді. Бұл құптарлық жұмыс түрі. Ойтолғауды белгілі бір тақырып аясында сыныпта жан-жақты талдау жұмысынан кейін орындаған тиімді. Ойтолғау оқушының шығарма талдау не белгілі бір мәселені талқылау кезінде алған әсерін суытпай ізінше жазылғаны жақсы. Ойтолғаудың көлемі шағын келеді, оқушының өзіндік пайымы мен әсері жазылады. Мұндай шағын көлемдегі жазба жұмыс түрі оқушыны жалықтырмайды әрі ойын шашыратпай ықшамдап жазуға үйретеді.

Соңғы жылдары мектептерде ішінара жазылып жүрген жазба жұмысының бірі – эссе. Эссе – белгілі бір мәселе төңірегінде субъективті көзқарасты танытатын, құрылым жағынан еркін жазылатын шағын көлемді жазба жұмысы. Эссе тілі образды келеді, афоризмдер көбірек ұшырасады. Эсседе оқушы көбірек өзіндік көзқарасы мен әсерін жазуға бейім болады. Эссені – ойтолғау деп түсіну басым. Негізі эссе әдебиетте белгілі бір жанр ретінде қалаптасқан. Эссе жанрында жазылған көркем дүниелер көп. Ал эссені ойтолғау деп қана тану жанрдың өзіндік ерекшеліктерін ескермеуге соқтырады. Оның үстіне ойтолғау жазуға қойылатын негізгі шарттар мен талаптар анықталмаған. Әзірге ойтолғау сабақтың мақсат-мүддесіне қарай еркін түрде жазылады. Жазба жұмысының бір түрі ретінде эссені мектеп практикасына енгізу тиімді әрі оқушылардың өзіндік көзқарастары мен таным дүниесін, шығармашылық әсерін түсінуге көп септігін тигізеді.

Рецензия – шығармаға, авторға қатысты жазылатын жазба жұмысының түрі. Көбіне қаламгер шығармасы оқылып, талданғаннан кейін оқушының өзіндік көзқарасын, жеке пікірін, бағасын білу үшін жазылады. Оқушының сыншылдық, сарапшылық, жазушылық қабілетін қалыптастыруға жәрдемдеседі. Оқушы шығарманың жетістігі мен кемшілігін сараптай отырып, кейде өзіндік ұсыныстарын да жазуына болады. Рецензия көлемі аз да, көп те болуы мүмкін. Кейбір рецензиялар әңгіме болып отырған шығарма мен оның авторы аясынан асып, әдебиеттану саласының кейбір мәселелерін, көркем әдебиет пен өнердің, т.б. саланың толып жатқан мәселерін қамтиды. Ондай рецензиялар ғылыми-зерттеу жұмысына ұласуы мүмкін. Рецензия ең алдымен ғылыми, объективті түрде, түсінікті тілде жазылуы керек. Оқушыны рецензияны көп шұбалтпай түйінді ойын жинақтап жаза білуге үйрету керек.

Аннотация негізінде кітапқа, топтама, жинаққа жазылады. Қысқаша мәлімет беру, оқырманға таныстыру мақсатында жазылатыны белгілі. Ал әдебиет пәнінде оқушылардың жазба жұмысының бір түрі ретінде де қолдануға болады. Мәселен, оқушыларға өзі сыныпта не сыныптан тыс оқыған кітаптарына, жекелеген шығармаларға аннотация жазуды тапсыра отырып, олардың оқыған шығарма туралы пікірлерін тұжырып, қысқаша жаза білуге үйретуге болады. Оқушылар өзі тоқталып отырған кітаптың жазылу тарихынан қысқаша мәлімет келтіруі, кейде басқа әдебиеттерге

сілтеме беруі мүмкін. Жазба жұмысының мұндай түрлерінің нұсқалары сыныпта оқушыларға таныстырылып, өзіндік белгілері мен ерекшеліктері көрсетілуі тиіс.

Хат жаздыру да жазба жұмысы ретінде әдебиет сабағында еркін қолданылатын жазба жұмысының бірі. Авторға, кейіпкерге, қоғамға т.б. сабақ мақсатына лайықты таңдалған адресентқа хат жаздыруға болады. Хат көптен белгілі жазу үлгісі болғанымен, оқушыларға өзіндік ойын, көзқарасын, кейбір ішкі сезімдерін еркін жеткізуге мүмкіндік туғызатын жазба түрі ретінде танылады.

Оқушылардың жазба тілін дамыту жұмыстарын күнделікті оқу үдерісінде жүргізу аса маңызды. Әдебиет – көркем өнер пәні болуы себепті сабақ үдерісінде мәнерлеп оқу, оқушыға лирикалық шығармаларды көркем қабылдату, мәтіннен үзінді оқу, сұрақ-жауап әдістері арқылы мәтінге жақын баяндату, эвристикалық әдіс арқылы мәтінмен жұмыс жүргізу күнделікті сабақ үлесіндегі іс-амалдар болып есептеледі. Сонымен қатар, әр сабақта мәтінге қатысты жазба жұмыс амалдарын жүргізіп отыру оқушылардың жазба тілін дамытуға бірден-бір көмектесетін іс-әрекет. Жасыратыны жоқ, әдебиет сабақтарында көбіне сұрақ-жауап әдісіне басымдық беріліп, оқушылар ауызша жауап берумен ғана шектелетін жағдайлар жиі ұшырасады. Сабақ кезеңінде оқушылардың топпен жазба жұмыстарын жүргізуі оқушылардың үлкен ықыласын тудырады. Мәтін төңірегіндегі берілген тапсырманы жеке орындай отырып жинақтау, өзі жазған дүниелерінің нәтижесін топта салмақтау оқушыға шығармашылық қанағат сезімдерін туғызады. Мұның өзі шығармашылықтың бастау көздері десе де болады. Ал, оқушыға жеке жазба тапсырмаларын орындату оқушының тиянақты білімін тексеруге көп мүмкіндік береді. Әдебиет сабақтарында жазба жұмыстары әр тақырыптың орайында үздіксіз жүргізіліп отыруы керек. Бір академиялық сағаттың өзінде әр сабақ сайын оқушыларды жазуға жұмылдыру (тіпті бес минут көлемінде болсын) міндетті саналса, оқушылардың жазба тілінің дамуына жәрдемі тиері анық.

Оқушылар арасында жазба тіл мен сөйлеу тілінің әр қилы дамуы байқалады. Өз ойын ауызша еркін жеткізіп тұрған оқушыдан «енді осы ойларыңды дәптерге түсір» деп тапсырсаңыз, өзі айтқан ойын жазып беруге келгенде қиналады.

Ойды сауатты жазба тілде жеткізу қарапайым сөйлем жазудан, ой құраудан басталады. Оқушыларға сабақ үстінде шағын тапсырмаларды берудің маңызы зор. Оқушы әуелі сауатты баяндап жазу тілін меңгеруі қажет. Сауатты жаза білу: орфографиялық, пунктуациялық (үтір, сызықша, қос нүкте, үтірлі сызықша, төл сөз бен автор сөзінде келетін тыныс белгілер) ережелерді сақтап жазуға дағдылану, стильдік қателерді жібермей өз ойын еркін жеткізуден басталады. Баяндау тіліне төселген оқушы, сипаттау, мінездеу, суреттеу тіліне де бірте-бірте дағдыланады.

Жазба жұмыстарын (мазмұндама, шығарма) тек тоқсанда бір, екі рет жүргізілетін жұмыс түрі ретінде қарап, жылына төрт-бес рет жаздыру еш нәтиже көрсетпесі анық. Сондықтан әр сабақта жазба жұмыстарын түрлендіре пайдалудың маңызы зор.

Тұжырымдай айтқанда, жазбаша сөйлеу – коммуникативті-шығармашылық әрекеттің бір түрі. Оқушылардың тұлғалық жетілуіне ықпал ететін, шығармашылық қалыптасуына жағдай жасайтын осы жазбаша сөйлеу әрекетін дамыту әдебиет пәнінің басты мақсат-міндеттерінің бірі. Оқушылардың жазба тілін дамыту олардың танымды қабілетін шыңдау барысында жүзеге асады. Жазба жұмысының бірі мазмұндама, шығармаға ойтолғау, эссе, рецензия, аннотация, мінездеме, хат үлгілерін, хабарлама, дәйектеме, жоба жұмыстарын жаздыру, әр сабақта үлкенді-кішілі баяндау мәтіндерін сипаттама, суреттеме, мінездеме түрлерін жаздыру оқушылардың жазбаша сөйлеу әрекетін дамытуға көмектеседі. Жазба жұмыстарын орта буын сыныптардан жүйелі қолға алып, жоғары сыныптарда дамыта жүргізу жәтиже береді.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Мектепте жүргізіліп жүрген мазмұндама мен шығарма түрлерін саралаңыз.
2. Әдістемелік еңбектердегі оқушылардың жазба тілін дамыту жолдарын нұсқайтын әдіс-тәсілдерді саралаңыз.
3. Шығарма жаздыру әдістемесінен жазылған еңбектердегі көзқарастарға сипаттама жазыңыз.
4. Бір тақырыпқа шығарма жазыңыз, сабақ үдерісінде оны талдауға дайында-лығыз. Қандай талаптарға сүйенгеніңізді материалмен түсіндіріңіз.
5. Оқушылардың жазба тілін дамыту мақсатында тапсырмалар жасаңыз.

Әдебиеттер тізімі:

- 1.Мақырұлы С. Қазына/Әдеби мақалалар, зерттеулер, әдістеме/А., Арыс. 2004 258-287 бб.
- 2.Крундышев А.А. Сочинение как вид самостоятельной работы. — М., 1987.
- 3.Леонов С.А. Развитие речи учащихся на уроках литературы. — М., 1988.
- 4.Литвинов В.В. Сочинения в старших классах средней школы. — М., 1975.
- 5.Павлов И.П. Уроки обучающего сочинения в старших классах. — М., 1960.
- 6.Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. А., Мектеп, 1969 217 б.
- 7.Дайрабаев Е. Мектепке шығарма жаздыру методикасының кейбір мәселелері, - А., 1963,-56 б.
- 8.Тілешова С. Әдебиет сабақтарында жүргізілетін жазу жұмыстары (4-8кл.),- А., Мектеп, 1971,-66-68бет.

Қосымша:

- 1.Рыбникова М.А. Очерки по методике литературного чтения. — М., 1985.
- 2.Озеров Ю.А. Экзаменационное сочинение на литературную тему. — М., 1995.
- 3.Развитие речи учащихся IV-X классов в процессе преподавания литературы в школе. — М., 1985.
- 4.Голубков В.В. Методика преподавания литературы. — М., 1962.
- 5.Калганова Т.А. Сочинения различных жанров в старших классах. — М., 1997.
- 6.Әбдібекқызы Қ. Оқушылардың көркем шығармашылық қабілетін дамыту/ көмекші құрал/ А., Рауан. 1994 -18 б.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2004.
3. Мемлекеттік білім стандарты. А., 1998.
4. Қазақ әдебиетін оқыту тұжырымдамасы. А., 1997.
5. Қазақ әдебиеті пәні бойынша қазақ мектептеріне арналған бағдарлама. V—IX, X—XI сыныптар. А., Рауан, 1999.
6. Қазақ әдебиеті пәні бойынша қазақ мектептеріне арналған бағдарлама. 5-9, 10-11 сыныптар. Астана Рауан, 2013.
7. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. А., Мектеп, 1985.
8. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. А., Мектеп. 1969.
9. Ақшопалов Т. Көркем шығармаға талдау жасау. А., Мектеп, 1993.
10. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А., Рауан, 1997.
11. Жұмажанова Т. Әдебиеттен кластан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері. А., 1995.
12. Голубков В. Методика преподавания литературы. М., 1962.
13. Никольский В. Методика преподавания литературы в средней школе. М., Просвещение, 1971.
14. Методика преподавания литературы (под ред. З.Я.Рез) М., 1985.

Қосымша әдебиеттер:

1. Нұрмаханов Ж. Лириканы оқыту. Алматы, 1992.
2. Маранцман Б., Чирковская Т. Проблемное изучение литературного произведения в школе. М., Просвещение, 1977.
3. Рез З. Изучение лирических произведений в школе М., 1968.
4. Кудряшев Н. Взаимосвязь методов обучения на уроках литературы. М., 1969.
5. Қирабаев С. Мектеп және қазақ әдебиеті. А., Мектеп, 1979.
6. Дайырова Ә. Орта мектепте І. Жансүгіров творчествосын оқыту. А., 1969.
7. Қалиев С. Мектепте Ғ. Мүсірепов шығармаларын оқыту. А., 1974.
8. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. А., 1981.
9. Мақыров С. Әдебиеттен шығарма жұмыстары. А., 1987.
10. Мәшһәр Жүсіп Қ. Көркем сөздің құдыреті (Мектепте қазақ әдебиетін оқыту). Павлодар, 2000.
11. Прессман Л. Кабинет литературы. М., 1975.
12. Бадырақов Қ. Жоғары кластарда қазақ әдебиетінен тапсырма жүйесі. А., 1977.
13. Рубинштейн С. Воспитание читательских интересов школьников. М., 1950.
14. Құрманбаева Г., Дүйсебаев С. Әдебиет сабақтарының үлгілері. А., 1999.
15. Мырзағалиев Қ. Қазақ әдебиетінен IX класта шолу тақырыбын оқытуға методикалық нұсқау. Орал, 1984.
16. Бітібаева Қ. Әдебиет сабағының түрлері мен үлгілері. А., 1994.
17. Жұматаева Е. Әдебиетті оқытудың кейбір мәселелері. А., 1999.

- 18.Карпов И.П., Н.Н.Старчина. Открытый урок по литературе (5-11 кл.) М., 2002.
- 19.Оберпихина Г.А. Сочинение на литературную тему (мет. пособие). М., 1999.
- 20.Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. М., 1998.
- 21.Мәшһүр Жүсіп Қ. І.Жансүгіровтің «Құлагер» дастанын оқыту. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журн. №8, 2002.
- 22.Жұмажанова Т.Қ. Қазақ әдебиетінен оқу-әдістемелік күнтізбелік жоспары, 6-7 сынып. Алматы, 2003.
- 23.Әрінова Б.А. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуы. Монография. Алматы. Жазушы, 2004.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
I. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі»	4
I.1. Әдебиетті оқыту әдістемесі пәнінің мазмұны, әдеби білім кезеңдері.....	4
I.2. Әдебиет пәнін оқытудың мақсат, міндеттері.....	9
I. 3. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылыми негіздері.....	15
I. 4. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің қалыптасу тарихы.....	24
I.5. Тәуелсіздік кезеңдегі қазақ әдебиетін оқыту бағдарламаларының мазмұндық ерекшеліктері.....	41
II. «Әдебиетті оқыту әдістемесінің» мазмұны мен құрылысы, әдебиет сабағы.....	46
II.1 Әдебиет сабағын жоспарлау: әдебиет пәнінен күнтізбелік жоспар және сабақ жоспарлары. Сабақ жіктелімі.....	46
II.2 Қазақ әдебиетін оқыту әдіс-тәсілдер жүйесі және әдістер жіктелімі.....	68
II.3. Әдеби шығарманы көркем қабылдау жолдарын ұйымдастыру.....	92
II. 4. Көркем шығарманы талдау — оқушының белсенді әрекеті.....	108
II. 5. Көркем шығармаларды оқытуда жаңа технологияларды қолдану.....	121
III. Мектептегі әдебиет курсының негізі – көркем шығарманы оқыту.....	141
III. 1. Көркем шығарманы жанрлық ерекшеліктеріне байланысты оқып-үйрену	141
III.2. Лирикалық шығармаларды оқыту жолдары.....	156
III.3. Эпикалық шығармаларды оқыту.....	184
III. 4. Драмалық шығармаларды оқыту жолдары.....	203
IV. Әдебиетті оқу үдерісінде тіл дамыту жұмыстары.....	216
IV.1. Оқушылардың сөйлеу тілін дамыту жолдары.....	216
IV. 2. Әдебиетті оқу үдерісінде оқушының жазба тілін дамыту.....	229

Жұмақасева Береке Дәулетханқызы

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі

Редакторы: О.Б.Кулумбаев

Компьютерлік қалыптаушы: С.Е.Смағұлова

Көркемдеуші: А.Қалибекұлы

Басуға 05.01.2015 ж. қол қойылды. Пішімі 60 x 84⁸.

Офсеттік қағаз. Компьютерлік терілім.

Әріп түрі «Times/New Roman» Riso басылымы.

Шартты баспа табағы 9,7

Таралымы 50 дана.

Тапсырыс № 294

«Қыздар университеті» баспасы .
050000, Алматы, Гоголь көшесі 116 үй